

ЕРИЕН  
БУКЕТОВ

# ТАМЫ КОМ



ЕВНЕЙ  
БУКЕТОВ  
Алты  
хат



ББК 84Қаз 7-44  
Б 83

**Букетов Е.**

**Б 83 Алты хат: Повесть.— Алматы: Жалын,**  
1996.—272 бет.

ISBN 5-610-00733-X

Белгіл ғалым, академик Е. Букетов оқырман қауымға әдеби-сын мақалалары мен аударма кітаптары арқылы да көптен таныс еді. Марқұмның мына «Алты хат» атты көлемді повесінде жаны таза, рухани дүниесі бай оқымысты-химик Мәжит Нұрбаевтың балалық шағынан бастап институт басшысына дейін көтерілгендегі еңбегі, ішкі толғаныстары мен тебіреністері терең психологиялық мәнерде шынайы суреттелген. Жазушы адамгершілік, этика, мораль мәселелеріне ерекше назар аударады. Кітаптың жас ұрпаққа берер тәрбие-тағлымы мол.

ББК 84Қаз7—44

Б  $\frac{4702250201-30}{408(05)\%}$  102—92

ISBN 5-610-00733—X

© Еяней Букетов 1996

*Даңқты болғым келіп пе ед...*


*А. С. ПУШКИН.*

*Егер есті кісілердің қатарында  
болғың келсе, күнінде бір мәртебе,  
болмаса жұмасында бір, ең болмаса  
айында бір, өзіңнен өзің есеп ал.  
Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі  
өміріңді қалай өткіздің екен, не  
білімге, не ақыретке, не дүниеге  
жарамды, күнінде өзің өкінбестей  
қылықпен өткізіппісің?*

*АБАЙ.*

*Ғылымға деген сүйіспеншілік ақиқат-  
қа деген сүйіспеншілік болып табы-  
лады, сондықтан ғалымның ең ардақты  
қасиеті адалдық екені анық.*

*Л. ФЕЙЕРБАХ.*



## *Бірінші хат*

### *АРДАҚТЫ ЖАЗУШЫ ІНІМ!*

Сіз маған «ғылымда қызмет істеген адамдардың өмірінің ішкі сырын, болмысының құпия астарын түсініп, білуіңізге көмектесем» деп, анада бір айтып қалғанымды анда-санда еске түсіріп қоясыз. Сіз оқымысты ғалым туралы жазыңыз келеді. Сіз менімен де, менің айналамдағы әріптестеріммен де көп сөйлесіп жүрсіз. Сондай-ақ басқа ғалымдармен де дидаласа сұхбаттасқаныңызды, ғылымның үлкен қайраткерлері жөнінде көп оқығаныңызды да мен жақсы білемін. Бірақ осыдан алған мәліметтеріңіз бен әдістеріңіз қанағаттандырмайтынын, мыңдаған кітаптардың жеткіліксіз екенін, тіпті кейбір жағдайда керексіз екенін маған ұқтырып баққан едіңіз. Сіздің мақсатыңыз ғылыми қызметкерлердің рухани болмысының ішкі құбылыстарын, ғылыми тілде айтсақ, динамикасын бергіңіз келеді. Сіздің осы күнге дейінгі білетіндеріңіздің жеткіліксіз екендігінің тағы бір себебін ескерткен едіңіз. Шынында да, қолдағы деректердің басым көпшілігі болған істің нәтижесін ғана баяндап жататын көрінеді, ал сіз сол нәтижеге жетудің қиын-қыстау, шым-шытырық жолдарын, тар жол, тайғақ өткелдерін білгіңіз келетінін, жазушыны қызықтыратын да сол соқпақ іздер мен ауыр асулар екенін әдемі дәлелдеп айтқан едіңіз. Сізге бір уәде беріп қойған соң, амалым қанша, мен де өз қызметіме сырттан сын көзбен қарауға кірістім. Шынын айтсам, еңбегімнің ешбір ерекшелігіне көңіл аудармаған екем, ал кейде көңіл аударып ойланатын болсам, ұлы ақын айтқандай, менің де еңбегім

басқа еңбектермен туыстас қой деп қана қоятын сияқтымын. Бірақ еңбегіме осылай қарауымның өзі жемісті көзқарас емес екенін, ғалымның қызметі ең әуелі адамның бар жан дүниесін, бар ойын билеп алатын бірден-бір ауыр жұмыс екенін ұғындырған едіңіз. Бұл жұмыстың өзі, еңбек уақытыңыз бен тыныстау уақытыңызды әлдеқалай алмастыра салып, күнделік характеріңізді заңымыз мөлшерлеп қойған тәуліктегі сегіз сағатқа сыйғызбай жататынын сыпаттай келіп, ғалымның ісіндегі осындай бір дамылсыз шақты шабыт деп атаған едіңіз. Осы шабыт арқылы, сол шабытқа байланысты көкірек пен мидың азабы арқылы ғана ғалымдар табиғат пен жаратылыс құпиясына жетеді деген едіңіз. Асылы, солай да шығар. Бірақ, шынымды айтайын, мен бұл жөнінде ойланып та көрген жоқ едім. Неге ойланбағанымды қазір түсіне де алмай отырмын. Тіпті шабыт деген тамаша сөздің мағынасы біздің еңбегімізге де байланысты екенін осы күнге дейін байқамаппын. Енді өз өмірімді, өз еңбегімді саралап келсем, осы бір шат-шабыт деген тартымды құбылыстың біздің еңбегімізге де тікелей байланыстылығы бар екенін ұғып отырмын. Бірақ та бұл жөнінде айта кетер тағы бір жағдай бар. Осы шабыт деген біздің жұмысымызда, біздің іс-әрекеттерімізде қалай іске асатынын білмеймін, өйткені біздің қазіргі ғылыми ізденістеріміздің басым көпшілігі коллективтік іске айналды ғой. Тіпті қазіргі ғылыми талпынысымыздың ерекшелігі сол коллективтік талпыныс екендігінде жатыр ғой. Бір әңгімемізде осы күні творчестволық қызметтегі жалғыздық тек құдай мен жазушыларға ғана жарасар деп күлген едіңіз. Шыныда да, өткен ғасырлардағы ғалымдардың көбіне тән жеке-даралық кейінгі кезде өнердің кейбір сирек салаларында ғана қалып отыр ғой. Міне, осыған байланысты біздің заманымыздың жалпыға бірдей үлкен ісінде, яки ғылыми-техникалық революция ісінде, ғылыми еңбекте Чеховтың күйінішті сезімдерін әсерлі айтып, күйіндіре күлдіріп отыратын ақылды Николай Степановичі сияқты, немесе, Франстың ғылымнан басқада ешбір жұмысы жоқ, кітап кемірген парасатты көртышқан Бонары сияқты, я болмаса, кейбір замандас жазушыларымыздың құдіреті арқылы кеудесін ашып тастап, найзағайға қарсы ұмтылған ғылыми найзагерлері сияқты ғалымдар кемде-кем екені ақиқат.

Қазіргі уақытта өзінің ақыл-ой мүмкіншілігін творчестволық коллектив деп атайтын ғылыми адамдардың то-

бында, сол топтағы әріптестерінің әрекетін өз ұмтылыстарына үйлестіріп қызмет істей алатын адамдар ғана нәтижелі жетістіктерге жетпек. Ғылыми табыстар коллективтің жемісі болуы жағдайында шынайы ғылыми қызметкерлерге жабысып, соларды жағалап күн көріп, тіпті солардың еңбегін, жақысылығын иемденуде мол олжалық болып жататындардың көбейетіні де, әрине, шындық.

Сіз бірде ғылыми қызметте жұмыс істеген адамның басын, өзара айқасқан, өзара арпалысқан ойлар мен идеялардың аренаcына, қиын-кескі сұрапыл күрестің майданына ұқсатуға болар еді деп қалған едіңіз. Бұл жөнінде маған Толстойдан да мысал келтіргенсіз. Толстой кейбір кейіпкерлерінің басындағы ойлардың күресін қарама-қарсы пікір таластырған екі адамның диалогы ретінде беретінін еске түсірген едіңіз. Бірақ ғылыми қызметте едәуір өмірін өткізіп, ойлану тәртібіне зердесін ықшамдап алған адамның басында бір мезеттің өзінде ішінара таласқан көптеген ойлар өтіп жатады. Осыған қарағанда бұл ойлардың өзара күресін тартымды бейнелеуде, тіпті, аса бір ұлы жазушының әдісі де ақиқатты маңайлатпайтын сияқты. Әрине, осы үлкен таластың арқасында көп ойдың ең бір көріктісі, ең бір мықтысы жеңіп шығып, ұзақ ойланудың қуанышты түйіні табылып жатса жақсы-ақ қой. Бірақ бүгінгі көрікті қуанышты түйініңіз, ертең қайтадан ойланып, әріптес жолдастарыңмен пікір таластырған кезде бекер болып шықса, кешегі қуаныштан бүгінгі күйіңіз асып түсіп жатқаны қандай қасірет десеңізші. Тіпті сол ойыңыз ақиқатқа тоғысып, кейін эксперимент жүргізген сәтте ойдағыдай іске асатынына көзіңіз жеткеннің өзінде ғалымның азабы тек осымен аяқталмақ емес қой. Ғалым сол тапқан жаңалығын көпке танытып, иландыра білуі қажет қой. Бірақ бұл да жеткіліксіз. Қазіргі ғылыми жаңалық дереу өндірістен орын алуымен аяқталуға тиісті. Бұл жөніндегі міндет те ғалымның мойнында. Міне, аңсаған мақсатқа ғалымның жету жолы осындай. Бұл даңғыл жол емес, сәттілігінен гөрі сәтсіздігі көп соқтықпалы жол. Тегі осындай азапты жолдың сирек кездесетін ләззатты мезеттері үшін өмірін қиған адамдарды ғана ғалым деп атайтын болармыз.

Ғылыми-зерттеу лабораторияларымызда, кафедраларымызда, институттарымызда істейтін ғылыми қызметкерлердің бойында осы айтылған қиыншылықтарға байланысты өзгешеліктер болуға тиісті шығар. Сіз оны жақсы

шамалайтын көрінесіз. Осыған орай ғылыми қызметтегі адамдардың өмірін ерекше болмыс деп атап өткеніңіз бар еді. Сіз сондай адамның қатарына мені де жатқызыңыз келеді, оныңызға рақмет. Бірақ, мен іргелі заңдылық пен жаңалық тапқан, сол табыстары арқылы оқулықтарда аталып жүретін ғалымдардың тобына жатпаймын. Демек, өзімді-өзім кішірейте де бермей-ақ қояйын. Өйткені ғылыми еңбектің сырын ашу жолында өзге ғалымдармен қатар маған да көңіл аударған болсаңыз, менің де ғылымда азды-көпті үлесім болғаны ғой. Техникаға менің атымнан ұсынылған елу шақты жаңа әдіс, бұрын байқалмаған бір заңдылық, бес ғылыми монография, екі жүздей ғылыми мақалалар, әрине, бұлар жалғыз менің ғана емес, коллективтің еңбегі, бірақ негізінен менің жетекшілігім арқылы істелген істер ғой. Бұл еңбектерім ғылыми әдебиеттің алтын қорына кірмей-ақ қояр. Бұл жөнінде өзімнің бағамды өзім білетін сияқтымын. Бірақ болашақтағы ғылыми қызметкерлер бұл жазбаларымның бетінен өз заманымның ғылыми мүмкіншілігін мейлінше пайдалану арқасында жеткен шынайы деректерді табатын болар.

Шынын айтсам, ғылыми еңбектің жегінінде қартайсам да, ғылымдағы қызметтің осындай ерекшеліктері бар екенін сізден естігеніме ұялып та қалып отырмын. Мольердің бір кейіпкері прозамен сөйлейтінін қырыққа келгенде бір-ақ білген екен. Менің де соған ұқсағаным ғой. Менің Данте жасынан өтіп кеткенімнің өзіне де біраз уақыт болып қалды. Сондықтан, қазір күндіз дем алмай, түнде ұйықтамай, дамылсыз ойлаумен, дамылсыз қызмет істеуменен тапқан жетістіктерім есіме түскенде, сол кезеңдерді бақытты күндер деп есептеймін. Сол бақытты жылдар мен күндер қандай тамаша қуаныштар мен ләззаттар әкелуші еді. Ондай күндер қазір жоқ. Бірақ осы күнгі жағдайымды ойлай келе, сол күндерге мен енді қайтып барғым да келмейді. Мұның өзі зердеге жүк артудағы физиологиялық мүмкіншіліктердің жылдан-жылға азая бастағанына да байланысты шығар. Осы бір бағытта айтайын дегенім мынадай еді:

Көпке дейін бойыма ұялауға айналған қолайсыз қасиетті енжарлық пен ерекшелікке артып, өзіме-өзім ренжіп, күйініп те жүрдім. Кейін табиғат берген ерекшеліктен асуға болмайтынын сезгенде ғана өзімді-өзім тоқтаттым. Енді жас әріптестерім ойына келген кейбір

болжауларын маған айтып келген кезде, сол тартымды болжауларға қызығуым онша ұзаққа созылмайды. Ерте-ректе болса ғой сол көрікті ойдың авторымен қайта-қайта айтысып, таласып, бір түйінге келмей тоқтамас ем. Қазіргі уақытта жастарды тыңдап алам да, бірден ойыма келген ақылмды айтумен аяқтаймын. Демек, ұзақ тәжірибеге не жетсін. Сол ақылдарымның көбі жастарға пайдалы болып та жатады. Осыны өзіме едәуір қанағат етемін. Әрине, бұдан ғалым болудан қалдым деген ұғым тумайтын болар. Мен әлі де ғылыммен көп айналысамын, көп оқимын. Оқығанымды, естігенімді, тыңдағанымды өзара салыстырған кезде әр түрлі ойлар да туады. Бірақ сол ойлардың соңына бұрынғыдай желіге түсіп беру әдетімнің қайтып келетін түрі жоқ. Осыған қарағанда, айналысқан ғылымның өзім маманданған саласында, сондай-ақ қызмет істеген коллективтің ішінде өзіме негізгі жүк артудың орнына жеңілдеу істерге, көмекшілік жағына ойысқандаймын. Шынында да, осы көмекшілік істің өзіне де мен сияқты тәжірибелі адам біздің коллектив үшін табылуы да қиын болар. Сөйтіп мен ғылымның осы бір күймесінде ортаға жегілген желісқой, кеудесі кең, еңселі, мықты арғымақ емеспін, шетке жегіліп, мойнымды қайырып, ауыздықты шайнап, ойнақтап та тұрғам жоқ. Мен жегуге жарамасам да күйменің соңына жетекке байлап бос ұстаса, кейде қиын өткелдер мен ауыр асулар келгенде, аз уақытта болса да өзімнің бұрынғы күшім мен қайратымды көрсете білетін, көпті көрген кәрі жылқының тегіне жатармын. Осы жағдайдың өзі мені қанағаттандыратын түрі бар, мұндай адамдар ғылымға керекті ғой деп те ойлаймын. Осыған қарағанда, мен кейбір бірге өскен әріптестерімнің, зердемізге әлі күнге дейін отыз бес-қырықтағыдай жүк артып, ұзақ ой азабына түсе аламыз дегеніне тым-ақ дұдамалданам. Өңі кеткен қыртыс-қыртыс бетте шабыт оты жанып тұр деудің өзі күлкілі-ақ қой.

Сізден естіген әдемі пікірлерді есіме түсірем деп отырып, өз көңілімде жүрген кейбір құпия сырларыма көше бастағанымды байқадыңыз ба? Дегенмен, сізге онша жаңалық болып естіле қоймас. Атам заманнан келе жатқан ақиқаттың жаңа болып естілуі қабылдаушының ілтипатына байланысты ғой. Жас адамға бәрі жаңа болып естіледі. Кезінде маған да бәрі жаңа, көрікті болып көрінетін. Мен сіздің біліміңізді кеміткім келіп отырғам жоқ, бірақ анада бір әңгімелескенімізде менің айтқан сөздерімнің көбі

жаңа болып естілген сияқты еді. Өйткені сіз әлі жассыз ғой. Сіздің басыңызда осы естілген ақиқаттың құнын кетіретін толып жатқан осыған ұқсас ақиқаттар мен шындықтар әлі жоққа жақын. Демек, алға қойған мақсатыңыз жолында менің көмегім қанша болатыны әлі белгісіз. Сіз оқырманға, жазушыға тән шеберлік арқылы, заманымыздың ғылымда қызмет ететін тартымды кейіпкерін ұсынғыңыз келеді. Әрине, бұл мақсатыңыз дұрыс мақсат. Өйткені біздің заманда ғылым — қоғамымыздың негізгі өндіргіш күшіне айналды, ғылымда қызмет істейтін адамдар заманымыздың басты кейіпкерінің бірі ғой. Бұл мақсатқа жетудің әр түрлі жолдары болар. Бірақ солардың бәрі де табиғи дарыныңыз бен біліміңізге байланысты ғой; және де алға қойған мақсаттың аяғына жетуді арман етпесе, қызмет істеп те керегі жоқ шығар. Мен сізді дұрыс түсінген болармын. Сіз творчестволық қызметтегі халықтық ерекшеліктерді ескерткен едіңіз. Бұны тұрмысымыз бен салтымыздағы кейбір тарихи дағдылар мен дәстүрлер деп түсіну аз болар. Менің ұғымымша, сіз халқымыздың тарихы кеше ғана басталғанын, сол тарихтың алдыңғы шебінде атақты академик-геолог пен аты әйгілі жазушы-ғалым тұрғанын, осы екі ғұламаның соңында аз ғана топ ергенін тамаша етіп айтқан едіңіз. Тіршіліктің біздің халқымызға тән hareketтеріне ешбір ұқсастығы жоқ осы бір жаңа саласына өз еңбегімен жол ашып беру үшін, осы екі ардақты адам өз қайраты мен күшін есепсіз жұмсап, соның салдарынан екеуі де дүниеден мезгілсіз кеткенін ескерткен едіңіз. Ал осы екі адамның қызмет кезеңінен әрірек қарасақ, кімді айтар едік? Айтарымыз жоққа жақын. Шоқан Уәлиханов па, ол қараңғы халықтың бұлыңғыр аспанында аққан жарық жұлдызы емес пе еді. Шоқан өз қызметімен, бір жағынан, біздің халқымыздың дарындылығы мен таланттылығын көрсетсе, екінші жағынан, біздің ата-бабамыздың бойындағы ұлы трагедияны дәлелдеп кеткен жоқ па? Осы трагедия болмаса, халықтық ғылымымыз Ломоносовтан, тіпті одан бергі Менделеевтен басталмас па еді. Бірақ зұлым күштер бізді Ломоносов пен Менделеев сияқты кемеңгерлердің ілтипатынан ажыратып тастап отырды ғой. Сіз анада, өзіңізге тән жазушылық юморыңызға салып, маған бір сауал қойып едіңіз. Жас жөнінен осы менің алдымда отырған академик үлкен болар ма екен, әлде біздің ғылымымыз үлкен болар ма екен дегеніңіз есіңізде ме? Бұл салыстыру менің пайдама аспаған-ды. Ағаңыздың

ересектігін ажуа еткеніңізді кешірдім. Несіне кешірмейін, аз уақытта Октябрь революциясы арқасында халқымыз бірден жержүзілік ғылымның арнасына түсіп кеткен жоқ па? Сөйтіп, өзіміздің дарындылығымыз бен талаптылығымызды, өзіміздің тез ер жеткендігімізді көрсете бастадық қой. Бірақ осы шұғыл өзгерістер, әрине, бәріміздің де психологиямызда, айналамыздағы дүниелік көзқарасымызда, дәстүрімізде, дағдымызда атам заманнан орын алған кейбір ерекшеліктерге қайшы келіп, қиыншылыққа соққызбай өткен жоқ. Бұған мысал ретінде, Октябрь революциясы туғызған жағдайдың нәтижесінде, ой мен зейін қызметінің нәрін татып, бір сусындап алған сол кездегі жас жігітті алайық та және мұндай зейінге байланысты қызметтің өзгешелігінен, одан алатын жемістің пайдасынан ешбір хабары жоқ, оның айналасындағы жақындарын, туыстарын алайықшы. Міне, осы жағдайда сол жігіт өз тағдырын қалай шешпекші!? Өзінің сүйікті ісіне қалай кіріспекші? Айналасындағы қарама-қарсы кедергілерді қалай жеңбекші? Оның үстіне ғылым салаларын өрбітуге арналған жердің өзінде бұрын түк болмағанын, бос екенін ескеру керек қой. Міне, осы жағдайда біздің халқымыздың ескіден келе жатқан табандылығы, ата тегінен бойына дарыған жақсыға, жаңаға, ақиқатқа деген ұмтылысы сол бір ардагер ұлдардың әрекеті арқылы білінуге тиісті ғой. Сіз маған осы жайды ескерткен боларсыз деп ойлаймын. Шынымды айтсам, сіз өз тақырыбыңызға мықты ие болып алған сияқтысыз. Енді тек жазуыңыз ғана қалған болар. Бірақ сіз әлі де білгеніңіздің аздығын айтып, әлі де ойлануыңыз керектігін, әлі де ғылымда жүрген адамдармен жақын, сырлас, сұхбаттас болуыңыз керектігін қайта-қайта айта бересіз. Сіздің өз жайыңызға менен гөрі қанықтыңызға күмәнім жоқ. Дегенмен, көп ойланып жаза алмай жүрген уақытыңыз кешелі-бүгін отыра қалып жазғаныңыздан гөрі, жемісті болғанын тілеймін. Бұл — шын жүректен шыққан тілек. Кемшілігім тек сізге қалай көмектесуім керектігін білмеуімде болып тұр ғой. Сіз істің теориясын жақсы-ақ біліп алғансыз. Енді сол теорияға менен мысалдар, тәжірибелер тілеп отырсыз ғой, бірақ шынымды айтайын, ғылымда азды-көпті нәтижелер алсам да, сол нәтижелерге қалай жеткенімді өзім де білмеймін. Тіпті кейде өзінен-өзі келіп, өзінен-өзі шыққан сияқты. Сіздің қойған сауалдарыңызға мен аз ойланған жоқпын. Бірақ ойыма, есіме түскен оқиға-

лардың бәрі өзекті, негізгі оқиға емес, әлдеқайдан жадымда қалып, елестей беретін уақ-түйек, сол негізгі оқиғаның маңайындағылар сияқты болады да тұрады. Негізгі, өзекті деп айтсам да, мен сол өзектінің өзі не екенін де білмеймін. Әрине, есіме түскендердің бәрі сол негізгі емес, негізгінің маңындағы болмашылар екенін кәміл білетін сияқтымын. Жобасы, мұнда біздің мамандығымыздың кейбір өзгешеліктерінің әсері де болар. Мен айналысатын ғылымның саласындағы негізгі құралы тәжірибе ғой. Ғылыми эксперимент жүргізгенде біздің ойлайтынымыз — қашанда аз беріп, көп алу. Мықты дайындықтар жасалса, көп мәліметтер алуға болады. Олай болса, бірде-бір көзге түскен құбылысты уақ-түйек санап, ұмытып кетуге болмайды. Себебі, сол уақ-түйектен кейде үлкен істер, үлкен ойлар, үлкен заңдылықтар туып қалуы мүмкін. Ұлы ақиқаттар мен жаңалықтардың өзі кейде бір әлдеқалай байқалып қалған құбылыстардан туып жататынын оқыған шығарсыз. Өйткені ғылымды дәріптеушілердің көбі жазбаларының басында осындай оқырманға қызғылықты оқиғаларды баяндамай өтпейді. Осыған қарағанда, сізге тым мардымсыз көмекші болам ба деп қорқамын. Сізге көмектесу үшін менің жалғыз-ақ жолым бар, мен, шамам келгенше, өткенімді баяндап жазып көремін, бірақ мұның өзі сізге пайдалы болады деп айта алмаймын, пайдалы-пайдасызын өзіңіз түбінде сынап байқарсыз. Мен бұл жөнінде сізге ешбір тілек қоймаймын, бірақ сол жазғанның ішінен пайдаланатын жері табылса, маған қуаныш болар еді. Сірә, сіз мен сияқтыларды алып, әрбіріміздің ұнамды-ұнамсыз қасиеттерімізден типтік бейне жасағыңыз келеді ғой. Біздің жаратылыстану ғылымымызда заңдылық шығарудың статистикалық әдісі болады. Бұл әдіс бойынша кейбір әрекеттің, яғни болмаса заттың қасиеттері туралы көптеген мәліметтен бір математикалық орталанған қасиет шығарылады. Көркем бейне жасаудың қиын-қыстау тәсілін статистикалық әдіспен салыстырған сізге тұрпайылау болып көрінер. Ойға келіп қалған соң, сізге айтып беруді ретті көрдім.

Сонымен, өткен өмірден есіме түкендерді жаза бастамақпын. Бірақ «Мен, Нұрбаев Мәжит Мұқанұлы, республикалық академияның академигі, ғылымдардың докторы, профессор, сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, бәлен ордендердің кавалері, бәленінші жылы, пәленінші айда тудым», — деп

бастайды деп ойламаңыз. Тегі, көптеген мемуар жазатындар осылай бастайды. Мен бұлай жаза алмаймын. Мемуар жазу үшін архивтік документтерге үңілу керек, өйткені мен еріншектігімнен күнделік жазып көргенім жоқ. Ойлану керек, салыстыру керек, Менің бұған уақытым да жоқ, ынтам да жоқ. Әсіресе, ынтам жоқ. Шынын айтсам, қазір кітап болып шығып жататын көптеген естеліктерге менің іштей наразылығым бар. Бұл наразылықтың себебі мынада: адам деген бір басы жұмыр пенде күйінде қалады ғой. Өмір деген қиын-қыстау өткел. Сол өткелден өткенде, кейбір жағдайларда денең мен тәнің жыртылмаса, киімің жыртылып жатады. Естелік жазушылар киімінің, денесінің жыртылғанын айта келіп, сол жыртылудың себебін көбіне біреуге артып қоятыны бар. Естелік жазушылардың да басы жұмыр ғой, өткен жағдайларды әрқайсысы сол жұмыр басына лайықтап, өлшеп, ыңғайлап, әдемілеп, қиыстырып бағады. Өткен оқиғаларды ойланып, сұрыптап жазатын болсам, нағыз сізге керек жағдайлар жоқ болар еді де, сізге керексізі ғана қалар еді. Өткенімді жаза берейін, бірақ менің жазбаларымнан тәртіптілікті, иә болмаса, бір жүйелілікті іздеп табамын деп ойламаңыз. Әдетте, өткендегілер менің көз алдыма таңертеңгілікте елестейді. Оның себебін айтайын, бірақ аздап алыстан бастауға тура келеді. Мен институтты жиырма жеті жасқа шыққанымда бітірдім. Сол институт бітіргенше, шынын айтсам, тоқ болған шағым есімде жоқ. Өмірдің өзі ол кезде солай қалыптасты ғой. Жоғары білім алғаннан кейін, өз қолым өз аузыма жетіп, ақыры тойына ішіп-жейтін жағдай туды. Бірден толығып кеттім. Менің осылай толыққаным анам әбден қуанған еді. Өйткені не біздің тұқымнан, не төркіні жағынан бірде-бір толық адам болып көрмеген. Менің толығымды армандаса керек. Адамның толықтығы оның беделі менен табысына байланысты деп ойлағаны ғой. Анамның осылай арман еткен қарынын мен, кітап оқып, жазу жазып, лабораторияның столының басында отырып, әбден шаршағаннан кейін, шамам келгенше толтырып-ақ жүрдім. Кейін кесепатты сол анам ұнатқан етжеңділіктен көрдім. Қырық жасқа келгенде, жүрегімнің осалданғанын біліп қалған дәрігерлер, сен бұрынғы мықты жүрегіңді қайтара алмассың, бірақ осы нашар, осал жүректі осы күйінде сақтауың керек, ол үшін мына қарынды кішірейтуге тиістісің деген ақыл айтты. Содан бері, таңертең құлқын сәріден тұрып алып, көшені бойлап, жорта жүгіруді әдетке айналдырдым.

Таңертеңгі алты мен жетінің арасында көшенің шетімен салбаңдап келе жатып, кейде өз-өзімнен күлетін де жайым бар. Күлуімнің себебі, соғыстан бұрынғы кезде, біздің үйде болған көк бие есіме түседі. Жануардың мол сүті өзімізге де, қонаққа да жететін. Басы да үлкен, өзі де үлкен, қарны кебежедей жылқы болатын. Кешкілікте інім екеуміз көк биені арбаға жегіп алып, түнделігіне шөп шауып әкелуге жөнелетінбіз. Көк бие орнынан қозғала сала, аяңдамай, тіке бұлкіл тепекке көшетін. Бұрынғыдай алшаң басуға жарамай қалған аяқтарының дәрмені сол болса керек. Жонына қамшы қанша бассаң да, көк бие құйырығын анда-санда бір шипаң еткізіп, сол тепеңінен айырылмайтын. Бір күні әдегім бойынша жортып келе жатыр едім, көк биенің сол бұлкілі есіме түсіп, өзімнен-өзім күліп жібердім. Ілгері шыққан қарным дірілдеп, қысқа адымымды жиі топылдатқан мен, сырттан қараған адамға көк бие жануардан аумайтын шығармын деп ойлап қалдым. Міне, сол көк бие сияқты, таңертеңгілікте сол жорға бұлкілмен келе жатқанымда, өткендегі оқиғалардың кейбір үзінділері көз алдымнан елестеп өтіп жатады. Ол үзінділердің еске түсуінде ешбір тәртіп болмайды. Жас ұлғайған сайын бойға жиналатын ұмытшақтық естегіні тәртіптеуге мүмкіншілікті азайта түсетін көрінеді. Енді сол еске түскенді ешбір әдемілемей, өңдеусіз жазса бермекпін. Бұл арада тағы бір жағдайды ескертіп кетуім керек. Менің таңертең жүгіретінімді естіген бір жолдасым маған: «Бұл жүгіруде демалу тәртібі мықты болу керек»,— деген ақыл айтты. Мен бұл жөнінде, шынымды айтсам, ойланған жоқ едім. Содан бері жүгіріп келе жатқанымда жолдасымның ақылы еске түссе, ауаны мұрныммен жұтып, аузымнан шығарып, демімді кітапта жазғандағыдай сиректеу алып, тәртіптей бастаймын. Бірақ одан бұрын демімді қалай алғанымды білмей әуре болам, тек қалай алсам да, дем алудан ешбір кедергі таппағанымды жақсы білем. Мен сізге арнаған хаттарымды жазғанда да, осындай жағдай билей ме деп ойлаймын. Еске түсіргенді жазу үшін стол басына отырғанның өзінде, әр қилы көлденең ойлар шырқын бұзып, естегінің өнін өзгертпей қоймас. Өзі туралы, өзінің басынан өткені туралы түбегейлі шындықты тек Робинзон жазар еді, онда да жанында Жұма болмаса, деген екен бір білгіш. Демек, бұған көнеміз де. Сонымен, мен бастамақпын. Бірақ бұл келесі хатта болсын.

## *Екінші хат*

### *АРДАҚТЫ ІНІМ!*

Мен осы қалай ғалым болдым? Бұл сұраққа бірден жауап берудің өзі қиын-ақ. Жастық шағымның көріністерін саралап байқасам, осы баладан ғалым адам шығады деп айтуға бірде-бір себеп болған жоқ сияқты. Жетіжылдықтың бесінші класында оқығанымда менің ең ұнатқан ұстазым тарих мұғалімі еді. Ол кісі сабақта ұққандарымызды үйде қағазға көшіріп әкел деп тапсыратын. Ол сол кезде оқулықтар болмағандықтан болар. Осы бір бойы ортадан жоғары, кең маңдайлы, мұрынды, сары шашы тікірейген орыс жігітінің айтқан сөздерін мен үйге бара сала бір керемет балалық шабытпенен қағазға көшіре бастаушы едім. Ол кезде он екі жасар менің қасымда, мысалы, Крыленко сияқты он тоғыз жасар жігіттер отыратын. Осы ересек жастардың ішінде сабақты тыңдамай, бұзақылыққа ойысып кететіндер көп-ақ. Бірақ тарих сабағын бәрі тыңдайттын. Соған қарағанда, тарих мұғалімінің бойында ұстаздық дарын күшті болған сияқты. Иван Антонович маймылды тек еңбек қана бірте-бірте асылдандырып адамға айналдырды, деп түсіндіретін. Сол кезде көзімді жұма қалсам, дамылсыз тырбандап жұмыс істеген маймыл атам елестейтін.

Менің маймылдан бергі атам әуелі петикантроп болған екен. Одан кейін менен санағанда он алтыншы буында Дәулетей деген мықты батыр бар. Осы Дәулетейдің ерлігінің, тапқырлығының, қайратының арқасында, мен дүниеге келіп отырмын. Әжемнің айтуы бойынша, менен санағанда он бесінші буындағы менің атамды, яки сол Дәулетейдің баласының бірін алып кетіп, жеп қоймақшы болған жезтырнақтан Дәулетей батыр айырып алып қалған екен. Адам баласының пайда болу тарихы, яки менің өзімнің дүниеде өмір сүруімнің түпкі себебі, осылай оп-оңай шешілетін. Мен мұны дәптеріме ешбір күмәнданбай жазатынмын. Тарихты осылай түсініп жүрген кездегі менің арманым мұғалім болу еді. Тек Иван Антонович сияқты тарих мұғалімі болғым келетін. Сүйікті ұстазымның әдеті бойынша, қолымды анда-санда бір бұлғап қойып, Александр Македонский мен Спартактың ерліктерін айтып тұрған

кезім көз алдыма елестеп, мені елітіп, тартып тұратын. Үстімде қара костюм, көк сәтен көйлек, резеңке табанында суреті бар бәтеңке. Сабаққа ұстазыма ұқсап киініп баруға тиістімін. Бірақ менің Иван Антоновичтің шашындай тікірейген шашым жоқ. Мен — қазақтың, шашымды қырып тастауға тиістімін. Ол кезде шаш қойған адамдар аз болатын. Ал үйде болған кезде мен ұлттық дәстүріме мықты болуым керек. Жаз болса: апам тіккен жұқа шапан, биік өкше шоңқайма етік, қыс болса: түлкі тымақ, саптама етік киюім керек. Қол босағанда жолаушылап қайтуға, көрші тұратын соттың орындаушысының аты сияқты, жүрдек атым бар. Жазда жүрдек торыны әдемі тоқылған қорабы бар тарантасқа, қыстыгүні баланың ойыншық шанасы сияқты жеп-жеңіл кәшауаға жегемін. Сөйтіп, құдандалы жегжатты аралап, өзімнің сыбағамды жеп, сайраңдап қайтып тұрамын. Оныншы класқа жеткенше бойымды билеген осы арман болды. Кейде ғана, мысалы, Чкаловпен Водопьяновтың ерлігіне қызыққан кезде ұшқыш болғың келе қалады, не болмаса, сөз ұйқастыру оңай екеніне көзім жеткенде, Пушкин мен Жамбыл сияқты ақын болғым бар. Осы армандарда бір ерекшелік бар еді. Менің мұғалімдерімнің бірде-бірінде ортадан жоғары білім болмайтын. Сондықтан, менің арманым не орта мектеп, не мұғалімдік техникумды бітіруден аспаушы еді. Адамға одан артық білім керек, одан артық оқу керек деп ұқпайтынмын. Әрине ертегілерді, қисса, дастандарды, Айвенго мен арыстан жүректі Ричардтың ерліктері туралы романдарды оқуға болады. Бұларды оқу тек уақыт өткізу үшін болмаса, білімді көбейту үшін оқу керек деп білгем жоқ. Алтыншы-жетінші кластарда оқыған кезде, мен өзімді едәуір оқымысты адаммын деп есептедім. Сол уақытта білімнің бұл сатысына біздің ауылда бірде-бір адам жетпегенді. Техникумды не орта мектепті бітіріп, өз ортамнан анағұрлым жоғары тұрсам, әрі қарай оқу несіне керек деп ойлаушы едім. Осыған қарағанда, мен жас кезімде тек өз құрбы-құрдастарымнан ілгері болуды ғана ойлаған менмендеу бала болдым ба деп ойлаймын. Мектепте, класта оқып білгендеріме азды-көпті қуансам-дағы, бірақ бұл білгендерім мені әрі қарай білім ізденуге ешбір ұмтылпаған сияқты. Әйтеуір елегізіп білім іздеушілікке салынған кезім есімде жоқ. Бір кезде орта мектеп не техникум бітірем деген көрікті арманымның өзі жайына қалды. Бұл мынаған байланысты еді. Жетінші класта Иван Антоно-

вич сабаққа келмеді. Оның орнына тілінде украинна акценті бар, көзі жасаураған тапал кісі оқытатын болды. Мен тоғызыншы класқа көшкенде Иван Антонович қайтып келді. Әбден қуандым. Ол өткен екі жыл ішінде қалада мұғалімдер институтын бітіріп келіпті. Оның біздің алдымыздағы беделі бұрынғыдан да асқақтай түсті. Менің ендігі арманым сол мұғалімдік институт бітіру. Бұл арман бойымда берік ұяламаса керек. Бір күні класымызға менімен сегізінші класқа дейін бірге болып, содан кейін оқуды тастап, мұғалімдікке кеткен Ковтун келді. Ковтун жетінші класты бітіргенше саусағын сорғаны үшін біздің мазағымыз болатын және нашар оқитын. Үстіне біздің қолымыз жетпейтін пальто мен бас киім, аяғына жаңа пима киіп келгенін көргенде, мен оқуды тастап, мұғалімдікке көшкім келді.

Менің оқуыма әкемнің көзқарсы қызық еді. Біздің тұқымда менен бұрын бірде-бір хат танытын адам болмаған. Ал әкем қолына өмірі кітап ұстап көрмесе де, мақал-мәтелдерді, қиссаларды, ақындардың өлеңін көп білетін. Мысалы, оқу мен білімнің керектігін, оқыған адамның алды жарық екендігін дәлелдеу үшін талай ұғалмалар мен білгіштердің сөздерін іркілмей айтып беретін. Совет өкіметі тұсында білім алуға бірден-бір жағдай жасалғаны оның үлкен қуаныштарының бірі еді. Кейде кітап дегеніңіз асайтын ет емес, жейтін нан емес, деп жолдастарының бірі не қалжың үшін, не надандығынан айтып қалса, әкем ыза болатын. Кейін ашаршылық зардабынан біздің ауыл ішке көшкен кезде, әкем мені оқуға беру үшін ауылдан көшіп, көрші селодағы бір үйдің ауыз бөлмесіне кірді. Совхоздың осы бөлімінде мектеп жоқ-тын. Орыс үйлерінің ауызғы бөлмесінде, не бір бұрышында пәтер жалдап тұрған менің әке-шешем, көп қиыншылықты бастарынан кешкен еді. Өйткені орыс тіліне әкем мүлдем шорқақ еді де, анам бірде-бір сөзін білмейтін. Мен бір-екі айдың ішінде орысша сөйлеп, оларға көп жеңілдік әкеліппін. Әкем өзінше табанды адам болған ба деп ойлаймын, орыс елінде жүрген үш жылда, етік тігіп күн көріп, ауылға жазда ғана қосылып, әйтеуір мені оқудан үзген жоқ. Оншақты құрбы-құрдасымның ішінде оқыған жалғыз мен ғана болдым. Ауылдың кейбір адамдары: «бұйырса Мұқанның баласы әкесінің басында құранды орысша оқитын болар», деп қалжың ететін. Мұны естігенде әкем сәл түнере қалатын да, наданның аузына

қақпақ болам ба дегендей, жауап бермейтін. Біздің үй туған жерге қайтып келіп, ағайындас бірнеше ауылдардан құралған колхозға енді. Колхозда ана тілінде төрт жылдық мектеп бар екен, мені мұғалім төртінші класқа алмақ болып еді, бірақ әкем ылғи орысша оқығандықтан ана тілінде үлгері алмайды деп ойлады ма екен, әйтеуір маған қабағын түйіңкіреп бір қарады да, аудан орталығында тұратын інісінің үйіне апарып тастады. Сөйтіп, мені орыс оқуынан бірде-бір үзбеген әкем, тек әрі қарай оқи бергенімді тілейді, деп ойлайтын едім. Әкеме ойымда басқа армандар бар екенін айтуға қорқатынмын. Бірақ әкемнің мен жөніндегі армандары өз ойларымнан онша алшақ емес екенін бір күні сезіп қалдым.

Соғыс алдындағы жылдың сентябрь еді. Оныншы клас-та оқып жүрген мен жексенбіде демалысқа келіп, әкеме ұра қазуға көмектестім. Бұл біздің ауылымыздағы бірінші ұра болатын. Ағайындар картоп өсіріп, оны сақтаумен бұдан бұрын айналысқан жоқ-ты. Әкем қалжыңдай осыны маған ескертіп қойды. Ақсақалдың көңілді екенін байқаған мен: «Өзіммен бірге оқыған бірнеше бала сегізінші, тоғызыншы класты бітіргеннен кейін мұғалім болып қызмет істеп, едәуір ақша тауып жүр»,— деп қалдым. Сәл кідіріп алдым да, осы мен үйге масыл бола берем бе деген ұйғарымымды айттым. Осыны айтуым-ақ мұң екен, әкем жерге батып кеткен күрегін сол қолымен суырып алды да, оң қолының сұқ саусағымен кең маңдайындағы терін бір сүртіп тастады. Қарасам, кішкентай көздерінің әдемі қарашығынан жаңағы көңілділік кетіп қалыпты. Бірақ жүзінде мұңаю бар да, мен сескенетін күйініш жоқ. Мен бұған таң қалдым. Әкем әлдебір нәрсеге қатты ренжіген кезде, сирек мұртының астындағы еріндері біріне-бірі жабысып, көлденең сызатқа айналып көзінің қарашығы құп-күрең болып кететін. Шықшыты тұсында жайылыңқы қасы жиналып, әдемі қоңқақ мұрынының үстінен төне қалатын. Ұзын бойлы әкем бізге қараған кезде, шыдамаушы едік. Бізге, ол кісінің ұнатпаған ісін істемеу үшін, осылай бір қарағаны жететін-ді. Бүгінгі мына қарасы бұрынғыдан анағұрлым ауыр сияқты көрінді. Оның мұңайған жүзінде небір әлсіздіктің, небір дүниеден түңілгендіктің нышаны бар еді. Мұндай нышан халықтың нар тәуекеліне мықтап сенетін әкеме тән қасиет емес-ті. «Өзің біл, айналайын,— деді ол маған, күрсініп қойып,— мен сенің оныншы класс бітіргеніңді армандаушы едім,

тағдыр жазбаған ғой. Ал біздің ауылда, біздің тұқымда тіпті тоғызыншы класс бітірген бірде-бір адам жоқ қой,— деді ол сол сәт көңілдене түсіп,— құдай өзіне зейін берген соң, сен жаман оқыған жоқсың, ризамын. Жолың сәтті болса, жаман болмас». Сонан соң оң аяғымен күректі мықтап басып қалды да, сөзін қалжыңсыз аяқтамайтын әдетіне көшті. «Көре жатармыз, алға жазса, жақсы қалыңдық та кездестіретер!» Жаратушыға сенімі күшті әкем, «алланың бергеніне» қашанда риза болушы еді. Ол менен бұрын өзі беріп, өзі алған құдайға жеті ұл, бір қызы үшін бірде-бір ренжімепті. Алла тағала әкемнің осы ренжімеуіне риза болса керек. Сонан кейін пайда болған алты ұлы аман-есен өсіп келе жатқанына қуанатын. Ол уайымға онша беріле қоятын адам емес еді. Бірақ өзінің досы Ахметке: «Алпыс жас дегеннің өзі аз емес-ау деймін, балалар жас, күнімен етік тігіп отыруға шама келетін емес, колхоздағы күзетшіге бір еңбеккүннен артық жазбайды, табыстың өзі аздау болатын түрі бар»,— деп қоятын. Алты ұлды бағудан қолы босамайтын анам, колхозда жұмыс істей алмаушы еді. Осыған қарағанда, менің әке-шешеме бізді асырау оңайға түспесе керек. Бірақ бұрынғымен салыстырғанда қазіргі жағдайлары менің оқуымды үзерліктей қиын емес сияқты. Әкем жолдастарымен әңгімелескенде: «Оқуда түп жоқ, бұл баламды қанша оқыса да, шамам келгенше оқыта берем»,— деп талай айтқанын естігенмін. Екі сөйлеуді білмейтін әкем, ерекше бір себеп болмаса, өз уәдесінен таяуға тиісті емес-тін.

«Беу-у»,— деді бір күні менің тоқсанға келген әкем, өзінің көрмейтін көздерін әкеме қарай бұрып. Осы бір «беу-у» деген лепті әкемнен басқа кісіден естігенім жоқ. Ол осы «беуін» әлдебір нәрсеге ренжіген кезде айтатын. Әй, Мұқан, мен сені түсінбей-ақ қойдым. Орыстың кітабын кеміремін деп осы бала қатып болды ғой. Жастық шағын кітаптан басқа түк көрмей өткізетін түрі бар.

Оған әкемнің осы айтқан сөздері әсер етті ме, әлде басқа бір ойдан торықты ма, әйтеуір кейінгі уақытта әкем аз өмір сүрмегенін, біздің тұқымда еркектер ұзақ тіршілік етпейтінін, өзінің әкесі елу екі жасында қайтыс болғанын, содан ол он жеті жасында тоғыз баланың үлкені болып қалғанын, ал атасы одан да жас шағында дүние салғанын айтып қоятын. Ақсақалдың ендігі көксегені, үлкен ұлына, яғни, маған, келін әперіп, жақсы адамдармен құда болып,

соның қызығын көру еді. Осы арманын айтқан кезде, бұрынғы мені қанша оқыса да оқытам деген уәдесін ұмытып кеткен бе деп ойлайтынмын.

Қазір мен әкемнің сол кездегі жасына келіп те қалдым. Ақсақалдың сондағы армандары есіме түскенде күлкім де келеді.

Немере әлдилегісі келген оның кіші баласы (қазір бір заводтың бас инженері) ол кезде бесікте болатын. Көзі кеткен әжем, балаларды күтуден шаршап жүрген келінін аяп, өзі кіші баласының қолында тұрса да, қарасын көрсетіп отырса балалардың бағуы жеңіл болатындай, күніменен біздің үйде болатын. Он алты жасар маған келін әпергісі келген әкемнің бұл жөнінде менің ол туралы не ойлайтынымда ісі жоқ еді. Ендігі көкसेгені жақсы бір жермен құда болып, үйдегі бар шаруаны басқаруды менің қолыма беріп, өзі тоқ немерелерін бағып, келіннің күтімін көріп, құда-құдағи шақырып, қонақ болып сайраңдап жүру болатын. Сол жылы әкемнің бойын билеген осы бір арман, әрине, менің әрі қарай оқуыма орын қалдырған жоқ-ты. Қысқасы, сол жылы мен жанымыздағы орыс селосында бастауыш мектептің мұғалімі болдым. Ақша ұстау жөнінен дарқандыққа үйренбеген мен табысымның тамағымнан қалғанын әкеме әкеліп беріп тұрдым. Соғыс алындағы жылдары ақша қымбат болатын. Менің табысым үй ішіне көп көмектесті. Әке-шешемнің қуанғанына мен де іштей риза болып жүрдім. Он алты-он жеті жасар мен жақсы мұғалім болып оңдырған жоқпын-ау деймін, бірақ бұл ой мені ол кезде ешбір торықтырып көрген жоқ. Оқуды аяқтамай тастап кеткеніме де ренжімедім.

Соғыс басталды. Әкемнің өз тағдыры жөніндегі сескенісі бекер емес екен. Ол сол соғыс басталған жылы қыстыгүні шөпке барам деп, суық тиіп қайтыс болды. Соғыстың екінші, үшінші жылдарында менің құрбы-құрдас-тарым бәрі дерлік майданға аттанды. Қара қағаздар келіп жатты. Оларды ауылдағылар, қате болар деп үміттеніп, біразға дейін көрсетпей жүрді. Мен болсам, екі рет әскерге шақырылып, екі рет ауданнан қайтып келдім, өкпемде бір қарайыңқыраған жерлер табылыпты. Өз ауылымыздағы мектепке мұғалім болып көшкенмін. Әжем: «Мұқанның баласын үйде бала-шаға көп болған соң, алла тағаланың өзі әскерден сақтап жүргені ғой»,— деп отыратын. Соғыстың төртінші жылында мен де майданға аттандым. Маған

майданда сәттілік бола қоймады. Біздің әскерлер Германияның шекарасына өте бастаған кезде, менің иығыма әлдеқалай бір оқ тиіп, бірнеше ай госпитальда жаттым да, жарам жазылғанша елде болмақ болып үйге қайттым. Дәрігерлік комиссия әр қараған сайын сол қолымның қозғалуынан кемшілік тауып, бір жылға дейін сауығып кете алмай жүргенімде, соғыс та аяқталды. Өз ауылыма қайтадан мұғалім болып орналастым. Оқу-білім іздеуге уақыт та, мүмкіншілік те жоқ-тын, өйткені мектептегі бес-алты сағаттан кейін, үйдегі, колхоздағы шаруаға кірісу керек-ті; үлкен семьяға мұғалім табысы қайдан жетсін. Осы кезде ойламаған жерден менің ғылыми келешегіме бірінші жол ашқан өзімнің анам болып шықты. Анамның ақ қаңылтырмен тыстаған кішкентай қобдиша сандығы болатын. Бұл сандықты анам, әкемнің кішкентай кезінде базардан әкеп бергені деп, өте қадірлеп ұстаушы еді. Сол сандықтан бір күні майдан мен госпитальдан бір сүйген қызыма жазған хаттарым табылды. Бұл хаттарда мен бар сырымды орыс тілінде төгетінмін де, жазғанымды шама келгенше тартымды ету үшін, госпитальда ленинградтық солдаттан бірінші рет естіген Есенин өлеңдерін қосып қоюшы едім. Қызым мен үйге келерден бір-екі ай бұрын хат жазуын доғарған. Оның басқа жігітке күйеуге шығып кеткенін келген соң естігенмін. Шамасы, қарт анасы мен бес інісі бар жігіт оған ойдағыдай күйеу болмайтынын ескерсе керек. Қызымның дәл кетердегі бір ісі есіме түскенде, мен осы бір өкпелеуімнің дұрыстығына онша сенбей де жүрдім. Анам бұл жөнінде былай деп еді: «Үйден шовшалаға жаңа ғана шыққан кез еді, күн шуақ болатын, мен от басында нан пісіріп отырғанмын. Ақырын ғана есік ашылғанын естіп, бұрылып қарасам, бір әдемі, қара торы қыз тұр: сәл күлімсіреген қара көзі мен жүзі сондай тартымды екен, тіпті танымасам да қуанып қалдым. Кіруін кірсе де, енді не істерін білмей тұрғанын байқадым. «Отыр қарғам, кімсің, қайдан келдің, жөніңді айт»,— дедім. От басына ақырын келіп отырды да, қолын қайда жіберерін білмегендей, етегін тарта берді. Біраздан соң барып, сол төмен қараған бойы: «Сіз Мәжиттің апасы боласыз ба?»— деді. «Иә, қарағым, мен Мәжиттің анасы боламын».— Айтарын айтсам да қандай хабар әкелді деп, жүрегім лоблып бара жатыр. Тағы біраз отырып, қалтасынан бір нәрсені алып шығып еді, бума етіп байланған қағаз екенін көрдім. «Мәжит көп ұзамай үйге қайта-

ды, апа, мынаны келгенде өзіне тапсырарсыз»,— деді. Қағаздарын менің қолыма бермек боп, жаныма келгенде қарасам, көзіне жас толып, мөлтілдеп тұр екен. Бір қолыммен қағазды қалтама салып, екінші қолыммен шымшуырмен күйіп бара жатқан нанды қозғай беріп едім, есік сықыр ете түсті. «Дәм татып кет»,— деп айтайын деп, соңынан жүгіріп шықсам, әлгі қызым ғайып болғандай жоқ. Сөйтіп, кім екенін, қайдан келгенін біле алмай қалғаным ғой.

Анам менің сол хаттарымды сандығына салып қойып, күнде бір ақтарып, ішінде не жазылғанын біле алмай, әуре болыпты. Баласының сырын ауылдағы әйелдер сусылдатып өсек қылмасын деп, маңайындағы көзі ашықтардың ешбіріне оқытпаған екен. Бір күні біздің шошалаға үстіне ақ халат киген бір орыстың әйелі келеді де, шала қазақша сөйлесіп, амандасып болғаннан кейін, өзінің дәрігер екенін, осындағы ауылға дәрігерлік көмек көрсету үшін келгенін айтады. Анам мұның дәрігер екенін, әлде фельдшер екенін қайдан білсін, ол ақ киім кигеннің бәрін «лөктір» деп атайтын. Ұнатқан адамына бар сырын ақтара бастайтын анам, менің хаттарымды осы лөктірге оқытпақ болады. «Ішіндегісін тек маған ғана айт»,— деп тапсырғанда, «лөктір» күліп жіберіпті. Кешке таман шай ішіп отырып, хат ішінде бөтен ештеңе жоқ, жастар біріменбірі осылай сырласатын әдеті ғой деп айта келе, балаңыз хатты орысша өте әдемі жазады екен, мұндай зирек жасты мен ауылда әлі кездестірмеген едім,— деп қалса керек. Бұған қуанып қалған анам: «Әлбетте, солай болу керек, менің ұлым тіпті, оныншыда оқыған»,— деп мақтаныпты. Бұған: «Хат жазған жігіт кемінде мұғалімдер институтын бітірген шығар деп ойлап едім, олай болса, зирек жігіт екен, майданнан аман-есен келсе, бұл бала әрі қарай оқуға тиісті. Соғыс көп ұзамай бітеді. Біздің елге оқыған жастар көп керек. Сондықтан әсіресе майданнан қайтып келгендерді өкіметіміз жаппай оқытуға тырысады»,— деп түсіндіріпті. Осыдан кейін анамды бір-ақ арман билепті. Ол: Мәжиті аман-есен қайтып келсе, тоқтатпай, оқуға жіберу және де тек Алматыға жіберу. Үй шаруасын жөндеп, шым кепенің орнына жақсы, еңселі үй салу, өзге балаларды оқытып, үлкен ұлына келін әперу сияқты бұрыннан жандында жүрген ойлар жайына қалады да, тек Мәжитті әрі қарай оқытуды ғана көкसेген көрінеді. Біреуге сырын айтып ақылдасып отырмаса, көңілі көншімейтін анам, «лөктір» әйелдің не айтқанын, өзінің осыдан туған ойларын

әжеме баяндап берсе керек. Ауылда шаң жұтып жүрудің не қызығы бар, келген соң тез оқуға жіберейік, осы колхозда жұмыс істеуге Мұханның өзге балалары да жетеді ғой, соғыс кезінде аштан өлмеген, енді аштан өлмеспіз депті.

«Беу-у-у,— деп жауап беріпті әжем сонда.— Ұмсын-ау, сен де қызық әйелсің ғой. Алладан әуелі Мәжиттің үйге келуін тілесейші. Аман-есен келсе, көресің ғой. Сен де жасарып келе жатқан жоқсың. Мұқан келінді, немерелі болуды арман етіп, өмірден өтіп кеткен жоқ па. Осылай аш-жалаңаш қаншама өмір сүрмекшісің?»

Анам әңгімені ұзатпай әжеммен бұл жөнінде сырласуды доғара қойыпты. Ауылға келген соң мұғалім болып қызмет істей бастадым да, он алты жасар інім Сағиттың оқуды тастап кеткенін, тамақ, киім жетпей жатқанын уайымдаған мен өз болашағымды, білім алуымды ойлаған да жоқпын. Оның үстіне, тез сауығып, қайтадан майданға барып, Европаны көріп қайтуды армандадым. Сөйтіп жүргенде бір күні, бірдемені ойласа, көзін жұмып отыратын әдеті бар анам, балалардың бір жыртқы киімін жамап, жүгіртіп отырған инесін тоқтатты да, ылғи жасаурап тұратын көкшілдеу көзімен маған бір қарап алып, қайтадан жұмды. Ол әріден бойына сақтаған бір түйінді ойын айттайын дегенде, көзін ашып қарап алып, қайтадан жұмып, біраз отырып алатын еді.

— Уай, Мәжит, сенің енді әрі қарай оқығаның дұрыс шығар. Әкең саған қанша оқығың келсе, сонша оқытам деуші еді ғой. Күші жетпеді ғой марқұмның, соғыс та басталып кетті. Енді біз жеңдік, тұрмыс болса, жақсы болады, сенің оқуың керек.

— Ұмсын, керек болса, кезінде оқырмыз. Әуелі шаруаны жөңдейік. Балаларды киіндірейік. Денім сауығып кетсе, қайтадан майданға барамын,— дедім, мен өзімнің анама жеңгем сияқты өкім сөйлейтін әдетіммен. Өйткені әжемнің қолында өскен мен, бұл кісіні ана деп түсінбейтінмін. Мені туа сала өз қолына алған әжем: «Мұқанның бұрынғы балалары осылай өзім асырамағандықтан тұрмады»,— деп те мақтанып қоятын. Анамның қолындағы ине әрі қарай жүгіре бастағанын көрген мен, әңгіме енді аяқталған шығар деп ойладым да, етігімді кие бастадым. Бірақ анам жамап отырған киімді былай қоя салды да, басын сәл көтеріңкіреп, көзін қайтадан жұмды. Бұл әңгіме аяқталған жоқ деген ишарат еді. Әкем қайтыс болғалы

еркекше малдасын құрып отырып әдеттенген ол, қап-қара болып кеткен қолдарын тізесіне қойды да, бойын түзеңкіреп отырды. Қарасам, құдды кітаптарда болатын будда суретіне ұқсап қалыпты. Осылай біраз көзін жұмып отырды да, енді маған қарап:

— Балам, тыңда мені!— дегенде, анамның бұл сөздеріне таң қалдым. Даусы бұрынғыдай жұмсақ шықса да, шеге қаққандай нық естілді. Маған бұрын-соңды бірде-бір айтып көрмеген «балам» деген сөз де ерекше нақышпен айтылған сияқты болды.— Мен саған енді әрі әке, әрі анамын. Керек болса, бұл — менің үкімім. Біз туралы қам жемей-ақ қой, біздің ел жеңді, енді ешкім аш-жалаңаш болмас.

Анам осыны айтты да, инесін қайтадан жүгірте жөнелді. Мен шұлғауымды етіктің қонышына тықтым да, есікке қарай итеріп тастадым. Маған осы сөздерді айтып отырған бұрынғы жеңге тұтып жүрген Ұмсын емес, кәдімгі анам екенін ұқтым. Мені тоғыз ай бойы құрсағында сақтап, ақ сүтімен емізіп, асырап күткенін маған бірде-бір айтып көрген жоқ-ты, бірақ бұл жолы осының бәрін төтелеп айтпаса да, сөзінің нақышымен, пайымдалығымен сездірді. Олай болса, бұл сөздерді жүре тыңдауым лайықты емес екенін білдім. Шынын айтсам, мен анамды онша жоғары бағаламайтын да кезім болған еді. Бұған әжем кінәлы емес-ті. Анамның өзі де, әкемнің тірі кезінде балаларға бажылдаудан асып көрмеген кісі. Әжемнің қолында өскен маған қолы батпайтын да, ал інілерімді қит етсе оп-оңай таяқтап тастайтын. Оның үстіне: «Осы ас иесі, киім иесі бұзақы иттердің орнына алла тағала маған айтқан-нымды тыңдап, көмекші болатын бір қыз да бермеді ғой!»— деп налитын. Оның үстіне жиған-тергенді әкемнің бата оқырына түгелге жақын жұмсағандықтан, біздің жұрдай болып қалғанымызды да анамнан көруші едім. Бірақ кім білсін, бұл жөніндегі ренжуім дұрыс та емес шығар. Әйтседе, әкемнің жылына соям деп, үйдегі бір шана шөпке бір қой айырбастап алып, кейін шөптің жеткіліксіздігінен көк бие өліп қалғанда, жаным удай ашыды. Сол жылы жазда біздің үйде мен ес білгелі торсықта биенің сүті ашып, саумалдың исі кеңсірігімді жарып тұрмады. Жасымнан ұстамдылығым аз мен, кей кездерде наразылығымды анама дүрс етіп айтып салатынмын. Алайда, мүлдем ессіз болмасам керек, анама да, басқа үлкендерге де бейпіл сөзбен тіл тигізіп көргем жоқ-ты. Оның үстіне,

кейін анамның ерлік мінездерін де аңғара бастадым. Жақыны өлгенде әйелдердің айғай салып, өксіп жылап отыратын әдеті бар ғой. Әкем қайтыс болғанда, от басында бажылдағанда анадайдан естілетін даусы шықпай қалды. Көз жасын төгілткен ол қайғысы мен қасіретін ақырын ғана дауыспен қисса оқығандай етіп айтып отырды. Менің анам күйкі, от басында бажылдақ Ұмсын жеңгей емес екенін, қиыншылық болса абдырамай, босамай, дегбірсізденбей қарсы алатын ер әйел екенін осыдан білдім. Ол көңіл айтып келген кісілерге берген әдемі, ұйқасты жауабында өзі не болады, балалар не болады, деп уайым айтпай, тек ақсақалының өсіп келе жатқан балалардың қызығын көрмей кеткеніне ғана ренішін білдіріп отырды. Көңіл айтушылардың әдеттегі — аналы бала ерке бала, әкелі бала шын жетім — деген сөздеріне ол ешбір көңіл аударған жоқ-тын. Бір күні сырты жылы, іші суық ағайындардың біреуі келіп, бір-бірлеп біздің басымыздан сипағыштап, аяғансығанын анам ұнатпай қалды. Көз жасын сүртіп тастады да, даусын өзгертпей, былай деді:

Алла өзі билейді бар пендесін,  
Өлімнің кім біледі ерте-кешін.  
Алласы тірілікке жазған болса,  
Үзбейді тірі жанның несібесін.  
Дүниеден кеткенімен әкесі өтіп,  
Ертең-ақ жігіт болар бәрі ержетіп.  
Мұқаңның інілері тірі болса,  
Қоймайды балаларды жетім етіп.  
Болашақта алланың өзі білер,  
Кімге кімді қоярын есіркетіп.

Анамның қалжың сөзге бір басып қалмасы бар екенін жақсы білетінмін. Кейде біздің үйге кісілер жиналғанда көптің әңгімесінің арасына бір-екі сөзді қыстырып қалып, бәрін күлдіретіні әлі есімде. Әсіресе, әжем жөтеліп, сықылықтап, ұзақ күлуші еді. Анамның ойындағысын ұйқастырып өлең етіп айта білетін шеберлігі барлығын, әкем қайтыс болып, қаралы күндер туғанда бір-ақ білдім. Айғай-ұйғайға салмай, ақырын ұйқаспен сөйлеп, осылай отыруының өзі қасіреті мен уайымы терең жатқаннан екенін кейін сездім. Отыз жыл бойы бірге тұрып, он төрт бала туып, өмірдің қиын-қыстау асуларынан бірге өтіп жүрген адамнан айырылу оңай ма? Әкем қайтыс болған соң, тапалтақ

бойына белін қыпшалап, әдемі қонып тұратын барқыт қамзол бос қалды. Анамның осы бір ішкі қайғы-қасіреттерін сыртқа шығарып білдіре қоймайтын әдетін, мен майданда жүргенде, госпитальда жатқанда көп ойлап, түсінгендей болдым. Бұл мінезі әсіресе мен әскерге кетерде білінді. Менің әжем: «Мәжитіме оқтан, жаудан қақпақ бол»,— деп, алладан тілеп, дауысқа салып жылап жатқанында, анам көзіне бір жас алған жоқ, не бір сөз айтқан жоқ. Сәл түнере түскен жүзінде, жоғарғы ернінің үстіндегі әжімдері жиырыла тереңдей қалғанынан басқа, еш нәрсе байқалмайды. Тек менің жаныма жақындап келіп, қолымның сыртына өмірінде бірінші рет қолын тигізгенде ғана, мен көкшілдеу көзінде жас мөлтілдеп тұрғанын көрдім. Сырт адам қан майданға бара жатқан мына бала осы кісінің іштен шыққан ұлы екенін сезбестей еді.

Енді маған осы кісі көптен ойлап қорытқанының жалғыз түйінін айтып отыр. Үстіндегісі менің бірінші табысыма алғандықтан қадірлеп қиетін сол баяғы барқыт қамзолы. Осы қамзолды ол тек қуанышты, мерекелі күндерде қиетін еді. Бірақ басқа киері болмаған соң, тоза да бастапты. Әр жерінің түгі кетіп, жылтырап кеткен. Сәл пұшықтау мұрнының үстінен көлденең тараған әжім, жалпақтау ақ беттерінен соғыстан бұрынғы шырайды қуып шығыпты. Балаларына ызғар ұшқындатып тұратын қалың қабағының үстіне уқалаған ақ қағаз жапсырылған ба дерліктей. Бетті шимайлаған әжім көз бен қасты айналып, кимешектің астына қарай ұмтылыпты. Ернінің үстінде жоғарыдан төмен түскен, бұрын әзер білінетін сызаттар, енді анам аузын жапқан кезде сырнайдың көкірегіндей қатпар-қатпар болып жиырылатын болыпты. Көзінде түбіттеніп тұратын әдемі кірпіктері, енді қызыл жараның үстіне шығып, ұйысып сояулана қалыпты. Осы менің алдымда отырған кішкентай домалақ кемпір, баяғы тілі мен жағына сүйенген бажылдауық Ұмсын емес, сол төрт-бес жылдан бұрынғы маржандай тізілген тістерін ғана сақтаған, мезгілінен бұрын қартайған анам екенін енді ғана түсіндім. Елуден жаңа ғана асқан адам мені, менің інілерімді асырап адам етем деп, осылай тез қартайғанын жаңа аңғарғаныма ұялдым. Мына көздер түніменен сықсима шам тұсында менің және інілерімнің киімдерін жамап, таң атқанша жыртқы-тесігін бітеп шығарам деп, дамыл таппағанынан қызарып, жасаурап отырғаны ғой. Бұл

кісіге менің өзімнің көрсеткен бейнетім де аз емес-тін. Мен әскерге жүрер қарсаңдағы бір күні анам әкемнің ілулі тұрған шапанын алып, алдына жайып қойып, көз жасын шапанның үстіне тамшылатып біраз отырғаны әлі есімде. Сонан соң бірден сөгіп жіберіп, ішін сыртына қаратып, сол шапаннан маған фуфайка тігіп берген-ді.

Етігімді әрі тастап, жалаң аяғымды астыма салып, анама қарап отырғанымда, осының бәрі көз алдымнан өтіп жатты. Үйдің уақ-түйек шаруасын әңгіме қылғанда, кейде анама қарсыласып, өзеуреп болмаған кезімде, ол: «Жарайды, сенің айтқаның-ақ болсын, жігіт болдың, өз ісіңнен өзің ұялмасаң болғаны»,— дейтін. Әйтпесе, өз айтқанының дұрыс екеніне көзі жеткен болса, былай деуші еді:

«Осы қисайып, айтқаныңнан қайтпайтын бір әдетің бар. Осы жолы мені сенің әкең де тыңдар еді». Енді, міне, алдындағы жамауынан басқа ешбір мұңы жоқтай, мен жаққа басын көтерер емес. Анамның мұнысы — балам әкесіне тартқан болса, өмірлік үлкен іс жөнінде айтылғанды бірден талқыға салмас, ойланып барып, асықпай жауап берер,— деп ишарат білдіргені болар. Қанша ойланса да, анамның алдыма қойған талабы оңай емес сияқты. Бірден жоғары мектепке түсу үшін орта білімім болуы тиіс. Ол менде жоқ. Өйткені мен оныншы класты бірінші тоқсанда тастап кеткем. Екіншіден, басқа жерде оқу үшін қаражат, киім керек. Ал менің үстімдегі әскерден киіп келген киімім де жыртыла бастаған-ды. Үшіншіден... Осы үшіншіге келгенде Пушкиннің: «Әдет деген бір би бар арамызда»,— деген сөзі есіме түседі. Анамның айтқаны дұрыс қой, бірақ бұл жөнінде ағайын-туған, үлкен-кішімен ақылдасып алмай, ешқайда кетіп қалуға батылым барар емес. Әуелі мен әкемнің екі інісіне ойымдағыны айтып түсіндіріп, рұқсат сұраймын. Сонан соң, әкемнің немере інісіне алға қойған талабымды айтқаным жөн. Ауылдың тоқсанға жақындаған үлкені — Алжыған<sup>1</sup> атаның батасын алсам деймін. Осылардың бәрі менің оқуға баруыма сөз жоқ қарсы болады. Өйткені өздері де онша ауқатты тұрмайтын олар біздің үйге еш нәрсесін бөліп бермесе де, Мұқанның балаларына жаны ашитынын білетінмін. Кей-

---

<sup>1</sup>«Алжыған» — жеңселері қойған ат.

де алжыған атамның «Туыстық дәстүрді ұмытып кеткен немелер, Мұқанның үйіне бір айыр шөп түсіріп кетпейсіңдер!»— деп айғайлап жататынын естіп те қалатынын. Біреудің бізді аяп жатқанын ұнатпайтын анама ағайынның көмектесуі де онша оңай емес-тің.

Мен есік жақтан оң етігімді тартып алдым да, шұлауымды аяғымға орап кидім. Асықпай екінші етікті кидім. Сонан соң солдат шинелімді иығымға іліп, далаға шықтым: анамның айтқанын орындауым керек екенін түсініп шықтым. Жоғары оқу орнына барсақ барармыз, оқымайтын несі бар, маған оқу деген қиынға түспейтін. Бірақ әуелі дайындық бөлімге түсуім керек, бір жыл босқа кететін болғаны ғой. Марқұм, әкем-ай! Неғылса да оныншы класты бітір деп неге айтпады екен. Есіме мұғалімдерім, әсіресе, жетінші класқа дейін орыс тілінен сабақ берген қарт ұстазым Аграфена Федоровна түсті. Ол кездескен сайын оқуды тастап кеттің деп ренжи берген соң, көре қалсам, ойыстап кететін болғанмын. Ауылға келіп, хатымды оқыған «лөктір» әйелдің мені мақтауына негізгі себепкер осы ұстазым еді. Егер орыс тілінде дұрыс жазуды қайта-қайта шегелеп үйретпесе, маған оқуға бар деген талапты анам да, ешкім де қоймас еді деп те ойладым. Адамның өміріне кейде бір болмашы себептер жол сызады. Әсіресе, менің өмірімдегі бұрылыстарда бір орыс әйелдерінің пайда бола қалатыны бар. Әкем өнер орыс оқуында екенін мықтап сезінсе керек, мені орыс мектебінде үзбей оқытуы да осы сезімнен туған сияқты. Ақтай ағам мен әкем менің орыс мектебінде оқығанымның пайдасы тиіп, оларды бір қиыншылықтан құтқарғанымды айтып қоятын. Бұл оқиға менің де есімде. Бірақ есімдегім оқиғаның тек сырт көрінісі ғана болса керек, өйткені ол кезде сегіз-ақ жастамын. Шын мағынасы мынада екен. Мен бірінші класты бітірісімен жазғытұрым біздің үй совхозға көшіп барып, ағамның кепе үйінің жанына шатыр тігіп отырған. Бір күні әкем мен Ахмет біздің құла биені арбаға жегіп, анамның айтуы бойынша, бізден шамасы жүз шақырым жердегі Лебяжье селосына кетті. Бір жұмада қайтамыз деп кеткен олар он күн асқанша келмеді. Соңынан барған Ақтай ағам: «Әкем мен Ахмет тұтқында отыр, биені Лебяженің милиционерлері мініп жүр»,— деген хабар әкелді. Әкем өзіміздің, ағайындардан күміс пен алтыннан жасалған уақ-түйек заттарды жинап апарып, Лебяжьеде үкіметтің дүкені арқылы екі-үш қап «кірпішетке» деп аталатын

біз көрмеген ақ ұнға айырбастаған екен. Оларды саудагер қулар деп милиция тұтқынға отырғызыпты. Орыс тілін шала білетін Ахмет пен әкемнің қандай адамдар екенін анықтау қиын болса керек. Біз қыстап отырған ауылдық советтен мінездеме қағаз әкелуді өтініпті. Ол село қазіргі қонысымыздан алты шақырым жерде. Ағам екеуіміз аяңдап селолық советке келдік. Советтің кеңсесінде бірі жирен қауға сақалды, екіншісі жастау, екі кісі отыр екен. Олар бетімен сөйлесіп, бізді тыңдар емес. Мен қорыққаннан ағамның сыртына тығыла беремін. Ағамның сөзіне мән беріп жатқан олар жоқ. Салы суға кетіп шыққан ағам менің жанында келе жатқанымды ұмытып кеткен сияқты. Қарасам, бізге қарсы мұғалімім Августастина келе жатыр. Басын жоғары ұстап, еркекше адымдап жүретін бойшаң, толық кемпір, анадайдан айғайлап: «Мәжит, сенің амандығың қайда?» — демесі бар ма? Қуанып кеткен мен жалма жан: «Здрасьте», — деп жауап бердім. Өйткені, ұстазымның түрі қатаң болса да, іші жылы екенін әбден біліп алғанмын. Менің әкеме кездескен сайын: «Мұқан, мына бала зирек, баланды оқудан үзбе!» — дейтіні есімде. Августастинаның кездескеніне ағам да қуанып қалса керек, сельсоветке не жаймен келгенін айта бастады. Мұғалім мені қолымнан ұстап, жетектеп, сельсоветке қарай адымдай жөнелгенде, ағам соңымыздан әзер келе жатқан шығар деп ойлады. Сельсоветке мұғалімнің не дегені есімде жоқ, абдыраған анау екеуі қағазын тез жазып, қолдарын қойып, мөр басып, қолымызға берді. Үш-төрт күннен соң, ұнын артқан әкем мен Ахмет еш нәрсесін жоғалтпай, қайтып келді. Тек қабырғасы ырсиып, арқасы жауыр болып қалған құла биеге жанымыз ашыды. Августастинаны ақырғы көргенім сол еді. Аты-жөнін анық атай алмай жүргенде, фамилиясын қайдан білмекпін. Орыс қалаларында оқыған үш жылда үш мектепті ауыстырдым. Бірақ мұғалімдерден есімде қалғаны тек осы Августа Устиновна ғана. Әкем осы Августа Устиновнаның адамгершілігін анда-санда бір еске алып қоятын. Кейін мені оқудан үзбеге талаптануы да осы орыс кемпірінің: «Мұқан, мына бала зирек, оқудан үзбе», — дегенінен емес пе екен деп те ойлаймын қазір.

Ардақты інім, мен осы қағазды бекерге шимайлап, маған қойған сауалдарыңыз бен талабыңызға ешбір сәйкестігі жоқ әрнемені әңгімелеп жатқаным жоқ па? Бірақ өткенді шола бастасақ, есіңе қайдағы-жайдағы түседі екен.

Өзім үшін емес, сіз үшін жазып отырғанымды ойлағанда, не дерімді білмей де қалып отырмын. Бірақ оқитын сіз болсаңыз, жазатын мен ғой, сондықтан жазғаннан гөрі оқыған жеңіл екенін ескеріп, мені кешірерсіз. Сонымен, еске түскенді жаза беретін болсақ, менің көңілімді қазір толқытып отырған сүйікті ұстазым Аграфена Федоровна: өйткені анамның үкімін естігеннен кейін, көңіл тынбай осы Аграфена Федоровнаның есіме бірден түскені, оның үйіне неге барғанымды қазір анықтап айтып беру де қиын. Осы кісіге мен онша жақын емес едім. Жетінші класты бітіргеннен кейін бізге сабақ берген жоқ. Онан кейінгі бес-алты жыл бойында анда-санда кездескенде, жылы амандасқанына сүйеніп баруымның өзі де ыңғайсыздау сияқты көрінді. Маған бұл кісіден жақынырақ бірнеше мұғалім бар еді. Олардың да шын көңілімен ақылын айтуына күмәнданбайтынмын. Бірақ неге екенін білмеймін, анамның тапсырмасын орындауды ойлағанда, осы қарт мұғалімнен басқаны іздемедім. Аграфена Федоровна ерекше бір жұмсақ мінезді, ерекше бір биязы кісі болатын. Ол, кейін қарай тарап, желкесіне түйіп қойған сарғылттау шашымен, орысша белін қынамай тігілген көйлегімен, жаңа ғана жұмыстан босап, сенбілік киімін киіп шыққан шаруа әйелдерге ұқсайтын. Ол адамға жылы жүзімен сәл жымыңқырап қарағанда, көкшілдеу нұрлы көздері сығырая түсетін де, ілгерілеу біткен сирек тістері көріне қалатын. Оның әжімделген жүзінде осыдан басқа ешбір ерекшелік жоқ еді. Селолық еңбеккер әйелдің осы тұрпатына оның жұмсақ алақаны мен сүйікті саусақтары ғана ұқсамайтын. Жарықшақтау дауыспен ақырын сөйлейтін оның не бір сөз ырғағында, не келбетінде балаларды әуестендіретін еш нәрсе жоқ сияқты еді. Ол тәртіпсіздігімізді көргенде де ұрыспайтын, дауыс көтермейтін, тек басын шайқап қана қоятын. Біз оны, неге екенін білмеймін, қатты сыйлаушы едік. Ауылымызбен іргелес орыс селосында туып-өскен Аграфена Федоровнаның әкесі мен ағасы Совет өкіметін құру үшін күрескен қызыл партизандардың қатарында болып, кейін жендеттердің қолынан қаза тауыпты. Олардың ерлігі туралы біз талай әңгіме естігенбіз. Аграфена Федоровнаның қолында өскен Оля сол ағасының қызы екенін, оны анасы күйеуі қаза тапқаннан кейін жас нәрестені Аграфена Федоровнаның қолына тастап, үшті-күйлі жоқ болып кеткенін де білетінбіз. Сол Оля білектей жуан сары бұрымын бұлғақтатып,

қалың кірпіктерінің арасынан үлкен көк көзімен күле қарағанда, кездескен сайын жаңа көргендей қуанып қалатынбыз. Ол бізден екі класс жоғары оқитын. Аграфена Федоровна осы Оля үшін тұрмысқа шықпай қалыпты деген де қауесет болатын. Аграфена Федоровнаны біздің ерекше сыйлауымызға осы аңыздар мен қауесеттер де себеп болған шығар деп ойлаймын. Не десе де біз оны жақсы көретінбіз. Ол бізге орыс тілінің, әрбір орыс сөйлемінің қалай жазылып, қалай айтылатынын түсіндіруге сабақта да, сабақтан тыс уақытта да ешбір жалықпайтын.

Сонымен, күздің жаңбырлы, салқын бір жексенбісінде жатаған ағаш үйдің тұсына келіп, шатырына жапқан шымы әр жерінен ыдырап тесілгендіктен сидиып көрінген сырғауыл ағаштарына қарап, біраз тұрдым. Сонан соң, кішкентай қараңғылау қорадан өттім де, есікті тықылдаттым. «Кіріңіз» деген сөзді естідім де, алақандай тап-таза бөлменің табалдырығынан аттадым. Ұстазым үстел басында отыр екен, көзілдірігін алып қарады да, үлкен орыс пешінің тұсынан өтіп, жаныма келді.

— Мәжитпісің, күткен жоқ едім, күткен жоқ едім... келгенің жарады!

Еденнің сырланбаған тақтайын пышақпен қағаздай етіп қырып тастаған екен. Мен лапардай етігімнен жабысқан сазды балшықтан ұялып, орнымнан қозғала алар емеспін.

— Сен аяғыңды сұрт те, бері шыға бер,— деп ол есіктің жанында жатқан шүберекті аяғымен итеріп әкелді. Аяғымды сұртіп, басымды көтерсем, ол әлі жанымда тұр екен. Аласа шаңырақтың тірегіндей болып, еңгезердей бойыммен бұрынғы мұғаліміме жоғарыдан төмен қарап тұрғаныма ұялып барам. Мұғалімім тек балалық шағымда ғана бойшаң, денелі болып көрінген екен.

— Мәжит-ау, сорайып қалай өскенсің, кластағы ең кішкентай балалардың бірі едің ғой,— деді ол ұялғанымды байқағандай.— Майданға да барып келдің ғой, ә?

— Мен енді жалғызбын ғой,— деді ол, айтқаны назы мен реніші емес, тек өміріндегі жаңалығы ғана екенін байқатқан кейіппен.— Мамам былтыр қайтыс болды. Оля болса күйеуге шықты.

Біраз отырғаннан кейін, мұғалімге анамның «оқуға бар» деп жатқанын айттым. Бұл соғыстың алдымыздағы жазда бітетінін, иығымның жарасы жазылып болмағандықтан, менің енді майданға бармайтынымды, анам

қазірдің өзінде есептеп біліп отыр,— деп күлдім.— Оның ойынша, мен қалаған жоғарғы оқуға түсуге тиістімін. Ал менде кәмелеттік аттестат жоқтығын ол естігісі де келмейді. Семьяда үлкен екеніме, тұрмыстың әлі қиын екеніне анамның қарағысы жоқ,— деп мұғаліміме жағдайымды түгел баяндап бердім.

Аграфена Федоровна сөзімді бірде-бір бөлмей, тыңдап алды. Сонан соң нұрлы көздерін маған бұрды.

— Мәжит, өзің қалай ойлайсың?

Мен иығымды қозғадым.

— Ананды тыңдағаның дұрыс қой, бірақ бұл мәселені өзің шешуің керек. Соғыс әрине, бітеді, тұрмыс жақсарды, сен әлі жассың. Өлшеулі тамақпен отырғандарың аз болғандай енді студенттік қиыншылыққа көшкің келе ме? Мәжит, мен сені онша түсініп отырғаным жоқ. Бұл саған неменеге керек?

Мұғалімнің даусында бөтен сыр жоқ сияқты. Мен не дерімді білмей қалдым. Мұғалімнен мұндай пікір естимін деген ойым жоқ еді. Мен оқуға барам деп, қарт мұғалімді қуантпақ ниетпен келіп едім.

— Ойланшы өзің,— деді ол,— сен оқуды тастағалы ғой бес жылдан асып бара жатыр. Сен оқуыңды соғыстан бұрын, тұрмыс көтеретін кезде тастадың. Соған қарағанда, саған оқу дегеннің өзі онша қымбатты нәрсе болмағаны ғой. Сен маған оқуды: «Әкем таста деп айтты»— деп түсіндірген едің. Бірақ өзің оқығың келсе, әкең қарсы болуға тиіс емес-ті. Сен енді: «Анам айтты»,— деп қайта келіп тұрсың. Жоғарғы оқу орнында оқу, оңай емес. Білім алу еңбек тілейтін, қажыр-қайрат тілейтін нәрсе екенін сен жақсы білесің. Сен жеңіл оқыған едің. Сондай жеңілдікпен оқуды тастап кеттің. Ертең институтқа түскенде де солай болып жүрмесе дегенім ғой.

Аграфена Федоровна осыны жай бір күнделікті әңгімені қозғағандай, жайбарақат айтты. Осылай шешендікке сүйенбей, әсерлі теңеулер келтірмей, айқын етіп, көзіңе тура айтқан шындықты тыңдау қиын екен.

Осы арада, ардақты жазушы інім, сізден жасырмай, әлі күнге дейін ойымнан кетпей жүрген бір сырымды айтқым келіп тұр. Кейде бір бұрыстау іс істегеннен кейін, сол істің ретсіз екенін білсем де, өзімді-өзім ақтап алатын әдетім бар. Талай ұялатын істерім үшін өзіме-өзім кешірім жасап алуға шебер едім, сол кешірімділігімнен

әлі де айрылған жоқпын ба деп қорқамын. Аграфена Федоровнаның маған сол күнгі айтқан сөздері есіме түсіп, талай рет өз ожданым мен өз санамның әділ үкіміне өзімді жүгіндіре бастаған кезде, көлденеңнен келген әлдебір биязы дауыс менің ашып тұрған жерлерімді сипап, ауруымды жеңілдете бастайтын. Осы дауыс мені былай деп қалғытқан-ды: «Мұғалімнің айтқан жұмсақ сөздерінің терең мағынасын ұғып, өзіңнің өмірге жеңіл қарайтыныңды, істеген істеріңді саралап ойламайтыныңды, өз бойыңдағы зеректігің мен қабілетіңе сай жігеріңнің жоқтығын, содан жел қайдан соқса, соған орай домалай беретін қаңбақ сияқты жүргеніңді, қаңбақтай бір күні ойпаң жерге түсіп, жатып қалып, шіріп бітетініңді түсінсең, сен де жаман жігіт болмағаның ғой...» Бірақ, мен дәл сол күні, ұстазымның үйінде отырғанда бұлай ойлаған жоқ едім.

Мұғалімім мені сыйламақшы болса керек, дастарқанның үстінде аршылмаған картоп пайда болды. Ол кезде үнемдеу үшін картоп пісірер алдында аршылмайтын. Жұкалап кесілген аз ғана нан, жалғыз өзі болған соң, самауырынды пайдаланбаса керек, шойын шөгенде қайнатылған шай келді. Мен күрешкемен алдыма қойылған шайды ұрттап қалдым да, үйдің иесі әлі мені дастарқанға шақырмағаны есіме түсіп, ұялып қалдым. Бас-көзге қарамай ұрттай салуымның да себебі бар еді. Госпитальда жанымда жатқан бір жолдасым екеуіміз ұрланып көшенің бұрышынан барып сыра ішетініміз бар-ды. Сол сыраға тұз қосып, қатты, кеуіп-семіп қалған қаяз балық жейтінбіз. Ұстазымның кеңесінен кейін менің тілім құдды тұзға малып кептіре бастаған сол балық сияқты, аузымда қозғалмай сіресіп қалды. Үй иесі көңілімен сыйласа да, осы картоп пен наннан көп жеп қойып, өзін аш қалдырдым ба деп қорқып отырған менің маңдайым сәл тершіген сияқты болып еді, тоқтаусыз сөйлеп кеттім. Ұялсам да айтайын, өткен іс қой. Бөсіп, өтірік айта сөйледім. «Ешқашан да мен оқуды тастағым келмеп еді, тек әкем науқас болған соң оқуды амалсыз тастадым. Үйде де, майданда да, госпитальда да, есіл-дертім оқу болатын, сол көксеген арманымды байқап қалып, мені оқуға жұмсап отыр», — деп соқтым. Қайдағы бір жалған қисындарды қиыстырып баяндаған кезімде, сірә, өзімді-өзім, жасынан-ақ бойын білімге деген құмарлық билеген ұлы оқымыстылардың біріне ұқсаттым-ау деп те ойлаймын.

Аграфена Федоровнаға осы бәсуім ұнағанын байқадым да біраздан соң тіпті шабыттана, егіле сөйледім. Бірақ осы айтып отырғанымда бірде-бір шындық жоқ еді. Білім алудағы арманымның алысқа бармағанын жоғарыда айттым ғой. Осы өтірікті, әрине, сүйікті ұстазымның алдында өзімді-өзім ақтау үшін айттым ғой деп ойлаймын.

— Жарайды, Мәжит,— деді Аграфена Федоровна менің айтқанымды қуана тыңдап алып,— сенің осылай ойлағаның қандай жақсылық. Мен қателескен екенмін. Тіпті жақсы!

Ұстазымның осы бір «Мен сені басқа деп ойлап едім»,— деп, қапысыз айтып қалған сөзін естігенімде, аузымнан сөзім қашып, тілім байланып қалды. Аграфена Федоровна ойын әрі қарай жалғастырып, енді не істеуіміз керек екендігін айта бастады:

— Егер оқудан басқа арманың болмаса, онда мықтап ақылдасқанымыз жөн. Анаңның айтқанын бұлжытпай орында. Ал бір жылды босқа жібермей үнемдегенің де жөн. Оныншы класқа сені қабылдайды ғой, өйткені сен сол оныншы кластан кеткен жоқсың ба?

Мен мектепте оқытушы жоқ екендігін айттым. Ұстазым олай болса, мектеп директорына барып, кәметтік аттестатты сырттан емтихан тапсырып алуға болмай ма екен, соны білгенің жөн деп, ақыл айтты. Қоштасып, есіктің тұтқасын ұстай бергенімде, Аграфена Федоровна:

— Сырттай оқып емтихан тапсырып, кәметтік аттестат алсаң, ол сенің бірінші сыннан өткенің. Бірақ айтқаннан қайтпауың керек.— Сонан соң біраз маған қарап тұрды да:— Мәжит, сен мынаны есіңе сақта. Сенің анаң өте асыл, өте қайратты кісі сияқты. Ол саған сенетін көрінеді. Сол үшін қандай қиыншылыққа болса да көнбекші. Сен мынаны ұқ. Егер анаңның сол сен туралы арманы, саған деген сенімі бекерге шықса, анаңа бұдан артық, бұдан ауыр қайғы-қасірет жоқ.

Осы арада, ардақты жазушы інім, мынаны айтқым келеді. Адамның өмірінде кейбір тұтқиыл, кенеттен келетін, қазіргі тілмен айтсақ, стресс жағдайында бойындағы кейбір осалдықтар мен кемшіліктерді бірден сезініп, солардан шұғыл безіп, тазарып, тұла бойына тек жақсы қасиеттер жинап, әбден ұнамды кейіпкерге айналатын кездері болатын шығар. Бірақ мен осы сияқты стрестен кейін, бойына сондай осалдықтар мен кемшіліктерді жолатпайтын рухани иммунитеті бар адамдардың қатарына жатпаймын-ау дей-

мін. Аграфена Федоровнамен жолыққаннан кейінгі бойымды билеген сезімдер осыған куә. Ұстазымның алдында кемшіліктерімді мойныма алудың орнына, бұлаңқұйрыққа салып, өзімді ақтағанымды, бойымда жоқ қасиеттерді жапсырғанымды есіме түсіріп, қатты ұялып, бұдан былай мұндай масқарашылықты өмірі қайталамаспын деп келе жатым. Бірақ ағайдың үйіне келіп, тамақтанып, атыма мініп қаланың сыртына шыққанымда, бағанағы өзімнен-өзім ұялғаным, өзімді-өзім шенеген сезімім — бәрі бірден ұмытыла бастады. Егер артық, керексіз сезімталдыққа салынбай тұжырымдайтын болсам, сол Аграфена Федорова үйінде ұяларлықтай, ренжірліктей ештеңе болған жоқ қой. Тек аз-маз өтірік айтудың арқасында алдыма қойған мақсатыма бекініп шықтым. Енді ешқайда бұлтармай, білім алу жолында бар ынтамды салам да, құрбы-құрдастарымның алдында болуға тырысамын. Осыған қарағанда жаман да жігіт болмадым ғой деп ойладым.

Ардақты жазушы інім, осы бір «бекер сезімталдық» деген сөздерімді аңғардыңыз ба? Әрине өмірдің талай асуларынан өтіп алып, сол өткендегілерді еске түсіру онша қиын емес, бірақ осы сезімталдық әсеріне көңіл аудармауға тырысуда екіұшты мағына жатқан жоқ па? Егер адам сезімталдыққа мән бермесе, онда ар-ұят, ождан, сана дегендердің кедергілерінен қашқақтап өмір сүруі мүмкін ғой. Менің мінезімде де осы бір ұнамсыз қасиеттер орын тепкісі келген кезеңдер болса керек. Сол кезеңдерді айтпасам, ардақты жазушы інім, сіздің менің алдыма қойған міндетіңізді орындамас едім. Енді өткенді саралап көрсем, мінезімдегі аумалы-төкпелі құбылыстардың басым көпшілігі, өз қара басымның тоғышарлық күйі мүдделеріне бой бермеген адамгершілік, сезімталдық жағында екеніне қуанамын. Жан дүниенің шынайы ұмтылыстарынан туған әсерлерге мән бермей өтпеуге тырысамын. Сонда да кінәмді мойындаудың орнына өзімді ақтап алуға бейімділігім басым сияқты. Кемшіліктерімнің зиянын өзім ғана көрсем уақасы жоқ қой. Амал нешік, сол кемшіліктердің зиянын басқалар да арқалап жатады. Бойдағы ұнамсыз қасиеттер кейде жұлынып шығып, ұнамсыз әрекеттер жасайтыны бар. Сол жаман. Бірақ бұл туралы кейінірек айтам. Осы арада бір ескертейін дегенім мына еді. Менің өз кемшіліктерімді айтқым келіп айтып жатқам жоқ, ақиқатқа жүгінудің әмірлі күші шыдатпай айтып жатырмын. Өз жақсылықтарыңды айт деп, ар жағымнан біреу

сыбырлап, қытықтап тұрса да, сол сыбыр мен қытыққа көнбеуге тырысқан түрім ғой. Өзін, өз ісін мадақтауға салынған кейбір құрбы-құрдас, әріптестерімді көргенде, адам байғұс бойында жоқ ізгі қасиетті мейлінше өзіне тағып, дәріптеуге құмар келе ме деп те ойлап қаламын.

Жолда келе жатып, өзімді-өзім мықтап ақтап алсам да, сол Аграфена Федоровнамен сөйлескеннен кейінгі ұялғаным есімнен шыққан жоқ. Амал нешік, өзімді-өзім ақтап, бұрыстығымды жөндеп, өтірік айта салатын әдетім кейін есейген сайын сиреккіресе де, кей-кейде қайталанып қалатын-ды. Бұған мысал осы жазғандарымның ішінде әлі де кездесер. Енді сол Аграфена Федоровнаның үйінде болған жағдайдың алдыма қайтып келгеніне бетім қызарғанын айтайын. Бұдан он бес шақты жыл бұрын докторлық диссертация қорғағанымда, тілшілердің біреуі менің қарт ұстазыма барып, шәкіртіңіз туралы не айтасыз десе керек. Аграфена Федоровна оған сондағы менің өтірігімді айтып беріпті. Шынын айтсам, бұл маған әуелі ұнамады. Іштей ренжіп жүрдім. Біраздан соң дағдыланып алдым. Бірақ жуықта тілші келгенде мен шынымды айтып едім, ол шындықты дәріптеудің орнына, менің кішіпейілділігімді, өз қасиеттерімді кеміте сөйлейтінімді мадақтап мақала жазыпты. Міне, өнегелі деп аталатын үлкен адамдар жөніндегі ертегіге ұқсас аңыздар осындайлардан құрала ма деп ойлаймын. Аграфена Федоровна дүние салғалы он шақты жыл болды. Қарт ұстазым есіме түсіп, бейнесі көз алдыма келгенде, мен ол кісіден кешірім сұрай бастаймын. Адал, сенгіш адамның аузына жалған сөз салып, сол жалғанның жалған екенін айтып беруге адамгершілігім жетпегені үшін кешірім сұраймын.

Ардақты жазушы інім, есіме түскенде қайдағы-жайдағыны боратып, сізге айтып жатырмын. Арасында өзіме ыңғайсыз жағдайлардан да өтіп кеткем жоқ. Шынын айтсам, сол кезде институтқа түсем деп талаптанып жүргенімде, ғылым жөнінде, әсіресе, қазіргі ұғымымыздағы ғылым жөнінде менде ешбір ой болған жоқ-ты. Ойдағым тек жоғарғы оқу орнын бітіріп, жұрт қатарлы адам болып шығу еді. Есіл-дертім сол оқыған мектебіме қайтып келіп, ең білімді оқытушы болу. Аграфена Федоровна орта мектепте оқыған балалар үшін білімді адам болса да, ғылым туралы басқа ойда болды деп мен айта алмаймын. Ол кісі де менің білімді адам болуыма ғана жол сілтеген болар. Қазіргі уақытта ғой, тіпті орта мектептің жоғарғы

кластарында оқитын балалардың өзі ғылымда қызмет істеген адам тек білімді болып қана қоймай, сол білгенінің үстіне білім қосатын адам екенін жақсы түсінеді. Қазір сол жоғарғы мектепті бітіріп, ғылыми мекемелердің лабораториясына я болмаса, университеттер мен институттардың кафедрасына барған адамдардың бәрі ғылымда жемісті қызмет істей алады деген ұғым бар. Әрлі-берлі жоғарғы оқуға баратын жастардың өзі ерекше бір дарынды, қабілетті болу керек деп білетін. Әрине, мұндай ұғым елімізде жоғарғы оқу орындарының аздығына да байланысты болған шығар. Ол кезде республикамызда жоғарғы оқу орындары санаулы-ақ еді ғой. Менің жоғарғы оқу орнына түсем деген талабым маңайымыздағы өзімізді білетін жұрттың біразының көңілін аударған-ды. Осыған байланысты мен, ардақты жазушы інім, сол кезде маған көмектесіп, талабыма көңіл бөлген адамдарды атамасам дұрыс болмас. Өйткені мен сол кезде ғылыми қызметкер болам деп ешбір ойламасам да, ғылымдағы қазіргі аздықөпті жетістіктерім сол кезден басталды ғой. Біздің мектептің сол кездегі директоры майданда болып, жараланып, госпитальдан шыққаннан кейін, өзінің туған жері Смоленщина жаудың қолында болғандықтан, біздің елге келген Семен Иванович Шибанов екенін естігенмін. Аудандағы орыстың жалғыз орта мектебінің директоры үлкен кісі болып есептелетіндіктен, оның жүріс-тұрысы жұрттың аузында болатын. Семейсы жау бомбасының астында қалғандықтан Семен Ивановичтің жалғыз екендігін, жуықта ғана маған географиядан сабақ берген Варвара Агеевнаға үйленгенін білетінмін. Мұны айтып отырған себебім, Варвара Агеевнаның апасы, бізге сабақ берген Анна Агеевнаны мен тіпті жақсы көруші едім. Ол жөнінде кейін айтамын. Директордың кішкене кабинетіне кіргенімде, орнынан жауырынды, бойшаң, сары кісі оң қолын ұсынып түрегелді. Үстіне кигені иығы мен жағасындағы белгілерін алып тастаған офицер мундирі және сол жақ жеңі бос тұрғанын байқадым. Қалың ерні жалпақтау бетіне бір жылылық беріп тұрған сияқты. Семен Иванович мені өзіне қарсы отырғызып, тыңдап алды. Сөзін нақыштап сөйлейтін кісі екен. Өзі тарихтан сабақ береді екен. Сұрақтарына орай, тиісті жауаптарын қайтарып едім, бұл оған тіпті ұнап қалды-ау деймін. Менің сырттан емтихан беріп, орта мектепті бітіріп келуіме бірден тілектестігін білдірді. Ол қай сабақтан емтихан беретінімді айтып, сонан соң ақылдасатын

мұғалімдердің де атын атап берді. Мұғалімдердің көбінен сабақ алғанымды, сондықтан білетінімді айттым. Қысқасы, Семен Ивановичтің алдынан мен қуанып шықтым.

Ардақты жазушы інім, бұл адамның миы қызық зат қой. Оның қатпар-қатпар тармақтарында не қалып, не тоқтамай шығып кететінін алдын ала білу қиын-ақ. Мысалы, сол жолы Аграфена Федоровнаның үйінде болып, кіргенімнен шыққанымға дейінгі жағдайдың бәрі есімде. Ал Иван Антоновичтан кейінгі ең жақсы көретін мұғалімім Анна Агеевнаны есіме түсірсем, сол жылы ол кісінің үйіне он-он бес рет барсам да, үй жағдайын есіме түсіре алмай отырмын. Мектептің жанында шатыры тақтай үлкен ағаш үй тұратын. Сол ағаш үйдің сенегінен өтіп, оң жағындағы кішкентай бөлмеге кіретінмін. Бөлмедегі ұзыншалау столдың бір басында Анна Агеевна, бір басында мен отыратынмын. Бөлмеде басқа не бары есімде жоқ. Анна Агеевнаның кішкентай қызы болатын. Сол баланың түсі де есімде қалмапты. Оның майдандағы жұбайынан хабар-ошар жоқ екенін білетінмін. Басқа мұғалімдерге қарағанда, Анна Агеевна көзіме өзгеше бір адам сияқты болып көрінетін. Оның алыстан көз тартатын сұлу жүзінде ерекше бір тартымдылық бар еді. Аясы үлкен күрең көздерінде, әдемі орта бойында, жарасымды жүзінде аса бір тәкаппарлық бар сияқты да. Анна Агеевнадай шешен адам жоқ шығар деген балалық әсер әлі бойымда. Анна Агеевна өзінің ойларын аса бір анық, әдемі сөздермен айтып беретін. Оның сөйлемдерінде әлдеқалай ауызға түскен орынсыз, бөгде сөздер ешқашан болмайтын. Ол сөйлеп тұрғанда амалсыздан тоқтап, жан-жағына қарап, ойланып көрген емес-ті. Айтылатын пікірге лайықты, көрікті, әдемі, орынды сөздер оның аузына өзінен-өзі келіп, құйылып жататын сияқты еді. Шешендік жөнінен Иван Антонович та Анна Агеевнаға маңайлай алмайтын. Анна Агеевна бізге биология мен химияны үйрететін. Бұл сабақтар, мысалы, әдебиетпен не тарихпен салыстырғанда сонша әуестендірерлік емес сияқты болса да, Анна Агеевна өзінің сылдырлаған тартымды даусымен айналамыздағы дүние мәңгілік қозғалыста екендігін, бірақ көзге көрінбегендіктен адам тек түйсігімен түсінетінін, адамның өзінің әлем құрылысындағы орыны мен маңызы жөнінен үлкен планеталардан кем түспейтінін, дүниедегі мәңгілік қозғалыс, тіпті табиғаттың өлі мен тіріге бөлінуінің өзі осы бір үлкен мен кішінің өзара байланысы, өзара ықпалынан туатынын айтқанда,

сондай-ақ жаратылыстың көптеген заңдылықтары үлкенді кішіге, күрделіні оңайға бөліп зерттеу арқылы тағайындалатынын дәлелдегенде, біз аузымызды ашып қалатынбыз. Бұл кісінің оқулық кітаптан оқығанда қиын нәрсені оңай етіп түсіндіруге шеберлігі сондай еді. Ол сабағын түсіндірген кезде, екі беті құлпырып, әдемі танауларының ернеуі қозғалып тұратын. Анна Агеевна өте қатаң кісі болатын. Өзге мұғалімдер сияқты әңгімелесіп, қалжыңдасып жатуды білмейтін. Біз сәлем бергенде, басың сәл изеп қана өте беретін де, жақындаса қоймайтын. Анна Агеевнаның бұл мінезін біз Ленинградта алған тәрбиесіне артатынбыз, өйткені ол Ленинградта институтта оқығанын білетінбіз. Сонымен енді, ардақты жазушы інім, мен осы Анна Агеевнаға баратын болдым. Өзін қанша жақсы көрсем де, осы сүйікті ұстазым маған әдейілеп бір көңіл бөліп көрген емес-ті. Тек кластағы жүріс-тұрысымда бір кемшілік болса, өзіне тән өткір сөздермен түйреп айтып тастайтыны есімде. Ол кісінің маған керекті көмегі жөнінде уәделесу үшін мектепке бармай, тіке үйіне тарттым. Мен директордан басқа мұғалімдердің бәрінің тура үйіне барып жүрдім. Ол кезде біздің жұмыс уақыты мен жұмыстан тыс уақытты, қызмет жағдайы мен демалыс жағдайын онша айырмайтындығымыздан-ау деймін. Сонымен, бойыма бар сабырлылығымды жинап, Анна Агеевнаның есігін тықылдаттым. Есікке қарай жақындағаны естіліп тұр. «Сіз Нұрбаевсыз ба? Қыдыра тұрыңыз. Бір жиырма минуттан кейін келіңіз!» Себебі мені терезеден көрсе керек. Ұстазымның маған «сіз» деп сөйлегенін бірден жадыма тоқып алдым. Далада аз кідіріп, айтқан мерзімі шама-сында үйге кіргенімде, ұстазымның түрегеліп қолын бергенін ұнатсам да, жүзінде маған деген жылылықтың жоқтығын байқағанда, қуанышым су сепкендей басыла қалды.

— Мен сіздің келетініңізді білгем. Семен Иванович маған айтқан,— деді де, ол үстіне ескілеу мата жапқан столдың ар жақ басына барып отырды: бер жақ басындағы орындықты маған ұсынды. Сонансоң, жай-жапсар, тұрмыс-жағдай сияқтыларға ешбір көңіл бөлмей, бірден кәметтік аттестатқа емтихан беру үшін химия сабағынан нені білу керек екендігін айта бастады. Желкесінен бұлақтың суындай тулай құлаған қолаң шашы, иығына шашырай бастаған сайын, басымен анда-санда бір кейін лақтырып отырып, менің химия сабағынан есімде не қалғанын тексеруге кірісті. Бұрынғы өткенді мүлдем ұмытып қал-

мағанымды аңғарған ол, менің бойымда сақталған азды-көпті білім оныншы класта өтетін органикалық химияға көшуімізге негіз бола алатынын айтты. Жексенбі күндері оннан он екіге дейін келіп тұруыма әуделестік. Келген сайын кәдімгі мектептегідей, маған өткен жетіде не тапсырғанын сұрап, пысықтап алып, алдымыздағы жетіде дайындайтын сабақтың мазмұнын түсіндіретін болды.

Өзге жұрттан интеллигенттігі жоғары болса да, бұл ұстазым жергілікті промартельде жұмыс істейтін Агейдің сегіз бе, тоғыз ба қызының үлкені емес пе? Агей өзінің бәйбішесінен тұғырынан түспей тұрып айырылса да, өгей шешесі қыздарына оңған ана болмайды деп, үйленбей жүр дегенді еститінбіз. Қыздарының бәрі бірдей әрі ақылды, әрі зирек екенін сезген ол, арасынан ши шығармай, не қылса да бәрін бірдей оқытуға тырысса керек. Анна Агеевна сол қыздарының әрі ең үлкені, әрі ең үміт артары екен. Мен білгеннің ішінде Ленинградқа оқуға барған осы кісі болатын. Бірақ неге екенін кім білсін, біреулер сәтсіз ғашықтықтан деп өсек таратқан-ды, әйтеуір бір-екі жылдан соң Анна Агеевна қайтып келіпті. Одан кейінгісі, Варвара, бұл да менің ұстазым, педагогикалық техникум бітірген-ді. Үшіншісі менен екі класс жоғары оқитын Елизавета мектепте талай қызықтардың ұйытқысы болушы еді. Кейін мұғалімдік институтты бітіргеннен көрші ауданда бір үлкен қызметке орналасыпты. Агей қолында қалған қыздарға, киімді әрбір екеу-үшеуіне кезекпен киіндірсе де, әйтеуір оқудан қалдырмайтын көрінеді.

Анна Агеевна осындай адам еді. Адамдар кездескенде бір-бірінің жағдайын, үй іші тұрмысын біліп алмай іске кіріспейтін әдеті бар ғой, бірақ Анна Агеевнада ондай әдет болмайтын. Иығына қарай құлаған қолаң шашын басын кейін қарай бір сілкіп қалып арқасына түсірді де, түрегелді. Бұл бүгінгі әңгімеміз бітті деген ишарат еді. Анна Агеевна бар жан-тәнімен маңайындағы адамдарға қашан да жақсылық істеуге тырысса да, оны бірде-бір әңгіме етпейтін қатаң адам еді.

Ардақты жазушы інім, мектепте оқып жүргенде Анна Агеевнаның берген сабақтарын тамсана тындайтынымыз жөнінде айтып берейін. Енді ұстазымды оңаша тыңдағанымда, оның сабақ берудегі әдістері маған бұрынғыдан да сиқырлы болып көрінді. Бұлай болып көрінуіне өзім де себепкер болдым-ау деймін, өйткені Анна Агеевнамен бірінші рет кездескеннен кейін тапсырмасына мықтап

дайындалып барайын деп, оқулықты алып, өз бетіммен түсінгім келіп, оқып көріп едім, миыма ештеңе кірмегенін, зердемде ештеме қалмағанын байқадым. Сол бойыммен Анна Агеевнаға, мына байғұстың миына еш нәрсе қонбайтын шығар деп ойлай ма деп, қорқып барғанмын. Келіп, Анна Агеевнаның сұрақтарына орай өзімнің оқығанымды алдыр-бұлдыр топшылай бастап едім, Анна Агеевна арасына аздап сөздер кірістіріп отырып, менің түсінбегендерімді оп-оңай айқындап, миыма қондырып берді. Анна Агеевнадан әр жетіде екі сағаттан он ба, он бес пе сабақ алдым. Май айының басында, қаныпезер жауды жеңген қуанышты күндердің бірінде, ол маған сабақтарының енді аяқталғанын, бұл пәннен емтиханды еш нәрсеге алаңдамай бере беруіме болатынын айтты. Бойымды билеген алғысымды ұстазыма қалай айтарымды білмеген менің аузымнан қолапайсыз бір сөздер шыға бастады-ау деймін. Бұл бірнеше айдың ішінде сабақтан басқа тақырыпқа айтылған бірінші сөздер еді. Анна Агеевна маған қарады да былай деді:

— Айтып тұрғаныңыз артық сөз. Жоғарғы оқу орнына түсе алсаңыз, мен үшін ең әсерлі алғысыңыз сол болады. Бірақ та бітіретін болып түсіңіз!

Осы ақырғы сөзді айтарында сәл кідірген сияқты болды. Оның үстіне сол кідірістен кейін даусы сәл өзгеріп, жоғарғы ерні аз дірілдеп, бір мезет қатаң жүзін әйелге тән босандық билеп өткен сияқты болды. Ұстазымның осы мызғымас салқын сабырлылығына үйренген мен, оның ішіне бекем ұстаған сезімін байқап қалдым. «Бірақ та бітіретін болып оқыңыз»,— дегенде, әрбір сөзін анықтап, бөліп айтқанын байқадым. Мұны мен: саған әуре болып, уақытымды бөлгенім, сені келешекте көп сөйлеп, аз істейтін берекесіз адам болмай, оқуды дұрыс оқып, ойлағаныңа жететін адам бол деп, түсіндіргенін ұғындым. Ұстазымның осы сөзі менің есімде сөзбе-сөз қалған-ды. Оның осы сараң сөздері табанды білім алсын деген ілтипаты мен тілегі еді. Осыны айтам деп өзінің оқуды аяқтамай тастап кеткеніне өкінішін де білдіріп қалған-ды. Бұл қорытындыға мен кейінірек келдім, ал ол кезде Анна Агеевна сияқты аса зиялы адамға тағы да білім іздеу керек деп білмейтінмін. Сұлу ұстазым Анна Агеевна менің есімде осындай сабырлы, қатал, тұйық, өзінің өмірдегі дербес ізіне бекем күйінде қалды. Бәлкім ол туыстарының, жолдастарының, достарының арасында күліп-ойнап, қалжың-

дап, кей жағдайда өкпелеп, ренжіп, әйтпесе қуанып, әзіл-десіп, айтысып та жүрген болар. Ол өзге мұғалімдер сияқты, қоғамдық, тәрбиелік, ұйымдастыру жұмыстарымен де айналысқан шығар. Қысқасы, кішіпейіл, еңбекқор, сыйлы адамның бірі болуға тиісті. Әйтеуір мен әрбір адамның, әсіресе, мұғалімдердің істеген ісі мен жүрген жүрісі талай әңгіме болып отыратын біздің ауыл-селолық жерде, осы ұстазым туралы бір бөтен сөз естіген жоқпын. Менің айтып отырғаным, әуелі мектепте қолынан оқып, сонан соң, бес жыл өткеннен кейін келіп, жеке сабақ алған жастың есінде қалғандары ғой. Осының өзі Анна Агеевнаның адамгершілік мейірімге толы бейнесінің рухани мырзалығы мен ерлігіне дәлел емес пе?! Рухани мырзалығы, ерлігі деген сөздерді мен бекер айтып отырғам жоқ. Ол бір бар қайраты мен қажырын еліміздің алдағы жеңісі үшін жұмсаған адал адамдардың әбден шаршап, қажы бастаған кезі еді ғой. Жақсы' адамдардың шарапаты мен еңбегін пайдаланып, бір жыл үнемдегісі келген жас жігітке тек Анна Агеевна сияқты ерлігі мен адамгершілігі мол адам көмектесе алды. Маған сол жылы көмектескен мұғалімдердің бәрі есімде. Оның ішінде әлдебіреудің кесапатынан біздің елге Каспий теңізі, әлде Қара теңіздің жағалауының бірінен келген, жүзінен ауыр науқас пен қайғы-қасіреттің даты кетпейтін физик, әрі мұғалімдік қызметін істеп, әрі үш-төрт баласы мен мүгедек күйеуін күткен, бір де бір бос уақыты болмайтын, мезгілінен ерте қартая бастаған математика мұғалімі де бар-тын. Ол кісінің ауыр тұрмысы мен жағдайында жұмысым болмайтын мен, мезгілсіз келіп түсінбеген жерлерімді сұрағанымда, ешбір ренжімей түсіндіріп беретін.

Осы күні парасаттылығы мен адамгершілігін ретін тауып әңгіме еткен, кісілігін дәріптеген адамдарды тыңдай қалсам, менің есіме осы ұстаздарым түседі.

Енді, ардақты жазушы інім, менің сырттан оқып емтихан тапсырып, кәмелеттік аттестат алғанымды, ол аттестаттағы бағалар менің мектепте оқығанымдағыдай жоғары болмағанын айтудың қажеті де жоқ шығар. Біреу сәл мақтаса, лепіріп кететін әдетім бар. Ол кезде аттестаттағы бағалардың төмендеуі болғанында ешбір жұмысым болған жоқ, өйткені бір жыл бойғы емтиханды бірден беріп шыққанымды мадақтаушылар көп болды. Содан кейін мектеп бітіруімізге орай өткен жиналыста, тоғызыншы класта оқыған кезімде төртінші класта ғана оқығандардың ара-

сында сорайып отырғанымды, аудандық партия комитеті өкілінің мені оныншы класты сырттан оқып ойдағыдай бітірді деп әдейі атап өткенін, түгендеп айтпай-ақ қояйын. Менің жадымды қазір, ардақты жазушы інім, басқа бір есте қалғандар билеп отыр. Бес жыл оқу деген менің туған-туыстарыма бір шексіз ұзақ уақыт көрінетін. Мұндай іске бел байлау үшін туған-туыспен, ағайынмен мықтап ақылдасып алудың керек екенін мен жоғарыда сізге жазғанмын. Шынын айтсам, бұл өзі мағынасыздау, құрғақтау да әңгіме еді, оқуға барғым келген мені олар қалай тоқтатпақ? Майданда да мерт болуым мүмкін еді ғой. Дегенмен, олардың рұқсаты мен батасын алмай менің көңілім көншітін емес. Әкем үлкендердің батасы мен ризашылығына өте сенімпаз кісі болатын. Ес білгенше өмірім әкемнің жанында өткен мен, әжемнің немесе ауылдағы Алжыған атаның ризашылығын алмай кете алмадым. Ризашылықсыз кетуіме анам да қарсы болар еді. Әкемнің екі інісі мені жанындай жақсы көретін. Олар мені бесіктегі кезімнен бастап қолында өсіріп, кейін тәй-тәй басқанымда атқа мінгізіп қыдыртып үйретіпті. Отау болып бөлінгенінде де мен олардың еркесі болыппын. Отау қолында өскен мен, оның үш ұлының бірдей мұрагері сияқты едім. Аудан орталығында тұратын Жәкітай ағам мені шектен тыс еркелететін. Кішкентай кезімде Жәкітай ағамның қарагер атымен мықты «дос» болғанымды әжем қайта-қайта айтып, күліп отыратын. Ағаларымның алдында ат үстінде жүріп жаман үйренген мен, олар менсіз кетіп қалмасын деп, аттарын аңдитын болсам керек. Ағамның қарагері жанына иесінен басқа ешкімді жолатпайтын асау, маңындағы адамға да, жылқыға да тынышсыз ат екен. Бір күні кешке таман сол қарагер шыбындап, киіз үйдің жанындағы от түтінінің астына келіп тұра қалыпты. Сонда мен жүгіріп барып, қарагердің алдыңғы аяғын құшақтаппын. Ат зақым қылама деп, үрейі ұшқан әжем не істерін білмейді, мен болсам аттың екі аяғын кезек құшақтап, ойнап тұра беріппін. Ол ол ма, сол тыпырлаған бойымда аттың алдыңғы екі аяғын қоя тұрып, артқы екі аяғына барыппын. Артқы аяқтарының арасында тұрған кезімде, ат ақырын қозғалып, ілгері жүріп кетіпті. Мен аттың әуелі артқы аяғына, сонан соң құйрығына жармасып, құлап, бақырып қалып қойыппын. Әйтеуір аман қалғанымды көрген әжем, есін әзер жинапты. Бұл әжемнің айтып жүретін сүйікті хикаяларының бірі еді. Бұрын ешкім

ұнатпайтын қарагер, содан сүйікті ат бола бастапты. Әжем мен ағаларымның аса еркелеткендігінен мен шолжаң болып өстім. Бұған әкем наразы да еді. Онысын ол ағасы мен інілеріне айтып та қоятын. Ағаларыма еркелігім әлі де қалған жоқ. Олар, іштей құптамаса да, батасын бермей жібереді деп ойламайтын едім. Ертең-ақ оқуды бітіріп келген соң, бәрінің де қолдарыңды жылы суға малып отырғызып қоям деп күлетінмін. Ырыққа жеңіл көне қоймайтын адам Алжыған атамыз еді. Ол қалаға оқуға жіберу дегеніңіз, ауылдың жастарын мүлдем жоғалту деген, деп түсінетін. Қалалық тұрмыс, жалпы туған ауылдан басқа жердегі тіршілік, адамның жүрек-бауырын қатайтып, туыстық ілтипат пен сезімнен айырады деп ұғынатын ол, оқимын, қалада тұрамын деп ауылдан кеткендерді біздің ағайындардың ішінен мүлдем өшіріп тастау керек деп қоятын. Алдақаш атамыздан тараған біздің ауылдың адамдары — бәрі бірдей асыл, бәрі бірдей ер, тату, ынтымақшыл, — деп дәріптейтін. Мен бұған күмәндімін. Туыстарымның бәрі бірдей емес екендігі жөнінде деректерім тым көп еді. Бірақ ақсақалдың көзінше бойында намысы жоқ, тексіз неме болып аталам ба деп, ойларымды тісімнен шығармаймын. Менің оқуға барғым келіп жүргенімді естіген ол, бұған наразылығын аянбай білдіріпті. Ұнатпаған адамын ащы сөзбен сипаттауға сараңдығы шамалы ақсақал: «Бұл әкесіне тартпаған ит болатын түрі бар», — депті. Оның үстіне: «Қалаға барып, орыс қызын алып шоқынып кетер», — деп те қосыпты. Атамның адамның жалпы тіршілігі жөнінде тек өзіне ғана тән көзқарасы болатынды. Ендігі жастардың үлкенге де, тәңірге де сенбейтінін білетін ол, бәрібір, жүрегінде не тәңірі, не құдайды сақтамайтын бірде-бір адам жоқ дейтін. Сондықтан, әрбір адам қолымен болмаса, жүрегімен не мұсылманша дұға оқиды, не орысша шоқынады деп қоятын. Ол жарықшақтау естілетін қатты даусымен жадында сақталған осы пікірді айтқан кезде, ауылдағы бір де бір адам қағида тұтып құптағандай ләм демейтін. Әжеммен құрбылас Алжыған атам сексеннен әлдеқашан асып кеткен-ді. Оның қайратты шағын ызасы келгенде жас кезіндегідей жайнап кететін отты көздері ғана елестеткені болмаса, денесі әбден құнысып, бойында кәрі тарамыс пен сүйектен басқа ештеме қалмаған осы бір шынашақтай шалдың бойында ауылымыздың бар жақсы дәстүрі мен қасиеті сақталған сияқты еді. Бұл шал бізге тірі аруақ болып есептелінді.

Оң қолынан таяғын тастамайтын. Оны жүргенде сүйеу үшін емес, сөйлегенде сөздерін нықтап тыңдату үшін ұстай ма деп те ойлайтынбыз. Сарғайған тістері, бір де бірінде ақау болмаса да, әбден егеліп біткендіктен, жаңа ғана шығып келе жатқандай тізіліп тұратын. Уқалап, уысқа қысқан қағаздай болып жиырылған кішкене әжімді бетіндегі сирек біткен аппақ сақалы мен мұрты дірілдеп, өз сөзін нақыштап, таяғын жерге түйгіштеп, сөйлей бастағанда осы бір бетке, осы бір шөкімдей денеге мынадай дауыс қайдан біткен дегендей еді. Осы жұдырықтай шалдың бойында бір құдіреті бардай, оның не бір ісіне, не бір сөзіне бір де біріміз жеңіл-желпі қарамайтынбыз. Атамыз өте қызық адам еді. Бейпіл сөзділік біздің ауылдың әдетінде жоқ еді. Оның аузынан шыққан сөздерді құлағымызды басып отырмасақ, тыңдауға болмайтындығы. Бірақ қарттың ойнақы сөздері бізге майдай жағатын, еш реніш білдірмейтінбіз. Бір де бір былапыт сөз айтуды білмейтін әкем де, Алжыған атамның бейпіл теңеулері мен өрескел сөздерін тыңдап отырып, тек жымиып қана қоятын. Алжыған атамыз жас кезінде тіпті бір тынышсыз адам болса керек. Көрші селодағы орыстың жас жігіттерімен дос болып, апталап солармен қарта ойнап, әлсін-әлсін жоғалып кетіп жүріпті. Өкпелген үлкендер атамызды ауылдан қуып та жіберіпті. Бірақ атамыздың хабар-ошарсыз кеткеніне шыдамай, ауылдағылар соңынан іздеу салыпты. Қуылған жігіт Қостанай жағындағы бізге құдандалы елден табылыпты. Осы жерде атамыз Амангелдінің өзімен дос болып, жиырманың үстіне жаңа шыққан жас жігітті ат үстінде ойнауға үйреттім деп мақтанғанын талай естігенім бар. Бозбалалықтан шаршамаған атамызды тек қырыққа келгенде үйлендіріп, аяғына тұсау салыпты. Бірақ бір ғажабы: «Үйленгеннен кейін бұлғақтауын қойып, жақсы отау иесі болды ғой бұл жынды қайным»,— деп қоятын әжем.

Азамат соғысы кезінде қызылдардың әділеттілік әкеле жатқанын бірінші аңғарған осы Алжыған атамыз екен. Әліпті таяқ деп білмейтін атамыз, дала төсінде өрбіген оқиғалардың таптық тегінен ешбір түсінігі болмаса да, Сәмет туысымыз сияқты өзінің ағайындарын қанап, байып, ауыл арасындағы татулық пен бірлестікті жегідей жегендерді әбден сезінсе керек. Бір атадан өрбіп, немерелес болса да, туыстарын қанайтын Сәметтердің әрбір ауылда бар екенін ол мықтап ұғыныпты. Сондықтан, конфеске уақытында ол өзінің немере інісі Сәметті итжеккенге жіберуге бірінші

болып қол қойған адам. Кейін әкесінің дүниеқорлығының сазайын тартып, алыста бекерге жүр деп, Сәметті аяп, Алжыған атамыз іздеп барыпты. Бірақ кек сақтаған Сәметтің балалары жібімепті. Қайтып келгеннен кейін Алжыған атамыз жақсы көретін інісі менің әкеме ғана: «Соларды іздеп бекер барған екенмін, олар әлі күнге итжеккенге кеткенін өзінен көрмей, бізден көреді екен»,— деп талай айтып жүріпті. Содан бері Сәметті де, оның балаларын да мүлдем ұмытып кеткендей, бір де бір атамайтын. Алжыған атамыздың топшылауы бойынша, ата тегінен бәрі тек туыстас адамдар бірігіп ауыл болып тұратын біздің халқымыз мал-мүлікті бірігіп бағып, оның жемісін көпшіліктің игілігіне пайдалануға ертеден-ақ әдеттенген. Ақ патша қаныпезер, алпауыт, жалмауыз, дүниеқор адамдарды қолдағандықтан, халықтың осындай тамаша қасиетін түбірімен бұза бастаған. Колхоз болып тіршілік етуді көптің көксеген арманы деп түсінген ол, қартайғанына қарамастан, ортақ іске жаны ашып, ауылдағы шаруашылыққа немқұрайды қарап, күнделік жұмысқа баруға ерінетіндердің соңына түсіп, ұрса беретін. Ауданның бір басшысы: осы Алжыған атайға еңбеккүнді бекер жазбаймыз, бір де бір бригадир, бір де бір колхоз басшысы осы кісі сияқты колхозға көмектесіп, шаруашылықты ұйымдастыра алып жатқан жоқ, деп күлгені есімде. Ата-бабасының жерінде туған адам, сол өз жерінен қозғалмауға тиісті; сондықтан, біздің колхозда өскен жастар осы колхоздың гүлденуіне бар өмірі мен тіршілігін жұмсау керек деп дәріптейтін атамыз. Әрбір ауыл, әрбір ел, әрбір халық ешкімге зиянын тигізбей өз шаруасымен айналысуға тиісті деп түсінетін ол. Жұрт бірімен-бірі қарым-қатынасын тек осындай әділеттікпен құрса, қой үстіне боз торғай жұмыртқалайтын заман сонда деп қоятын. Дәлел ретінде мына бір оқиғаны айтуды жақсы көруші еді. Ауылда қыстың күні кепе үйлерге пеш салып беріп, Мекайла деген орыс жігіті жүріпті. Ақ көңіл, қалжыңқой Мекайланы ешкім бөтенсінбейді екен. Бір күні ауыл ақсақалы орыс жігітіне:

— Уай, Мекайла, сен неге қазақ емессің? Сен сондай жақсы жігітсің. Сірә, орыс болмауың керек депті сонда. Қазақ тіліне судай Мекайла оған:

— Ақсақал, сіз ақылды адам емессіз бе? Орыстың өз баласын өзінен аяғаныңыз не? Орыстың бар жақсы адамдары қазақ болып кетсе, орыста ылғи жаман адам қалады да, халықтар өзара қырқыса бастайды ғой. Сөйтіп, тыныш-

сыз заман тумай ма? Онан да менің сол орыс күйімде қалғаным, сіздің сол қазақ күйінде қалғаныңыз дұрыс емес пе?— депті.

Алжыған атамыздың айтуы бойынша, орыс жігіттің сол айтқан сөзінің терең мағынасы бар екенін ұғынған ауыл ақсақалы Мекайланы өмір бақи сыйлап өтіпті. Мекайланы өз көзімен көрген Алжыған атамыз бұл әңгімені бізге айта отырып, басқа халықтарды жек көрмеңдер, басқа елдің, басқа ауылдың, басқа халықтың адамдарын өздеріңді сыйлағандай қадірлеп өтіңдер деп үйрететін еді.

— Ауылдағы балаларды «орыс келе жатыр», деп қорқытатын ақ патшаның заманы өткен, мен осындай әділетті өкіметтің тұсына дейін келгеніме өте қуаныштымын!— деп қарсы сөз болмаса да, біреу өзімен салғыласып тұрғандай, жуан таяғымен жерді түйгіштеп, айғайлап қоятын ол.

Алжыған атамыз өте діндар адам еді. Ол бес мезгіл намазын өмірі қаза жібермейтін, бірақ алла тағалаға жүгінуінде де бір ерекшеліктер бар еді. Мысалы, намаз оқығанда, жайнамазын жая салып, лезде қайтадан жинап жататынын көретінбіз. Патшайым әжеміз, атамыздың бұлай тым тез оқылатын намазына сенбей, қаза болады деп есептеп, өз намазын ол кісіден бөлек оқуға тырысатын. Намаз оқыған адам сол мезетте алла тағалаға бар жантәнімен беріліп, маңайында болып жатқан оқиғаларға мүлдем көңіл аудармауға тиісті екен. Алжыған атамыз ондай адам емес еді. Ол намазын үй ішіндегі болмашы нәрселерге бөле салып, кейін, әрі қарай ештеңе болмағандай жалғастыра беретін. Осыған қарағанда, көп ақсақалдар бас қосып, ұзақ оқылатын намазда Алжыған атамыз қалай шыдайды деп ойлаушы едік. Бала кезімізде Алжыған атамыздың ерлігі мен батырлығы туралы әңгімелерді көп естіген мен, оны жер жүзі білетін шығар деп ойлаушы едім. Есейе келе, оған таңданып жүрдім. Енді қазір сол кезде әрбір ауылдың ақылға дарқан, мейірімге мол, үлкенге де, жасқа да ұйтқы болған өз Атасы болған ба деп ойлаймын. Өмірде талай қызық оқиғаларды басынан өткізген Алжыған атамыздың ақырғы қызық оқиғасы — оның ауылда молда болып тағайындалғаны еді. Атамыздың молданың алдында қай уақытта отырып, құранды қалай үйренгенін ешкім білмейтін. Бірақ қарттың кейбір құран сүрелерін эп-әдемі оқитынына жұрт таңданып, кейде күлкі қылып айтып жүретін. Сабырлылық бойына онша

ұяламаған, насыбайын өмірі қоймаған Алжыған атамыз молдалыққа онша лайықты адам емес-ті. Дегенмен, ол молда атанып, оқыған дұғалары мен намазы үшін қой, ақша, шекпен алып жүрді. Бірақ осы алғандарын бойына тоқырата алмай, ауылдағы аш-жалаңаш балалардың мұқтажына жұмсап отырса керек. Әліпті таяқ деп білмейтін, мұсылмандық жөнінен күмәнді атамыздың осылай молда болғанына мен елі таңданып қоямын. Бірақ атамыздың молдалығына сенген кемпір-шалдар, діни кітапты жақсы оқыса да, өздерін мейлінше жеп бағатын құлардан гөрі ақ көңіл, бойында бөтен қалтарысы жоқ қартты артық көрген бе деп ойлаймын. Алжыған атамыз мен институттың үшінші курсына оқып жүрген кезде дүние салды. Ол кісінің молдалығынан мына бір оқиға есімде қалған екен. Бұл атамыздың мінезін дәлдеп сипаттайтын оқиға, сондықтан мен оны, жазушы інім, сізге айтып бермей өте алмаймын.

Көрші ауылда Ахмет деген кісі қайтыс болады. Ол кісі де өз ауылында ардақты адам екен. Ахметті ата мазарына қоярда, кісі көп жиналса керек, жерлеу жұмысы біткен соң жұрт отыра қалады. Алжыған атамыз әдеттегі ұзақ дұғаны оқи бастайды. Дұғаны анық мақаммен, қатты дауыспен жақсы оқыған Алжыған атамыз, шамасы орта кезіне келгенде кідіріп, жаңылып қалады да, қайта бастайды. Үшінші рет жаңылғанда, ақсақал жүзіндегі тәңірге арнаған құлшылығын ешбір бұзбай, айналасында дұғаны түнере тыңдап отырған халыққа бір қарап қойып:— Өз обалы өзіне, Ахметке осы да жетеді!— деп қолын жайып жіберіп, сыбырлай бастапты. Айнала отырғандар не күлерін, не аят оқырын білмей, сасса керек. Мен бұл арада, жазушы інім: «Өз обалы өзіне»,— деп, атамыздың айтқан сөзін едәуір жұмсарттым. Ол бұл сөздердің орнына орысша бір оқыс сөзді тастап жіберіпті. Сөйтіп, молда атамыз жұрттың не істерін білмей қысылғанына қарамастан, аятын оқып болып бетін сипап түрегеліпті. Тірі кезінде Ахмет ақсақалмен әзілдесе беретін атамыз, ол кісімен қабырда жатқанында да осылай әзілдесіп алыпты. Алжыған атамыздың молдалығы осындай еді. Анамның Алжыған атамыз бастаған ауылдағы кемпір-шалды анда-санда үйге бір шақырып, әкемізді еске түсіріп, құран оқытып қоятын әдеті бар-ды. Мен есепшілеу едім, бірақ анамыздың аузымыздан жырып, осылай қонақ шақыруына қарсы болсам да, айтудың ретін таба алмайтынмын. Дегенмен,

сол жеңіс жылы жазғытұрым біздің тарғыл сиыр бұзаулап, қарттарды уызына шақырудың реті келе қалды. Бірақ сол күні біздің үйге Алжыған атамыз бен әжеміз ғана келді. Мен бұған таң қалдым. Әжем көбінесе біздің үйде болатын деп айтқан едім ғой. Ал атамыз үйге сирек келетін. Бірақ келсе, ұзақ отырушы еді. Қабырғасы қалың сыланған, төбесі шыммен жабылған біздің үй жылы болушы еді. Жалпы әр нәрсені мұқият істейтін әкемнің жылы алақанын сезінетіндей едім. Біздің үйдің тағы бір өзгешелігі бар еді. Сол соғыс алдында, мен оқуды тастап кеткен жылы, біздің өзен жайылып, мол тасыды. Әкем су қайтқаннан кейін, колхоздың шығып кеткен бір малын іздеп, өзен бойын аралап келе жатса, әр жерде он бес-жиырма темір жолдың шпалын көреді. Әкем екеуіміз барып, сол шпалдарды жинап алып келдік.

— Бұл шпалдарды тақтай етіп кессек, өз үйіме де, балаларымның отауына да жетеді,— деп қойды әкем. Бірақ тақтай кесетін аспап алыс селолардың бірінде екен, біз оған барып қайта алмадық. Әкем шпалды сол күйінде аздап сүргіледі де, үйге төсеп қойды. Есіктен бір адым жерден басталатын шпалдың үстінде өмір сүру, сыланған құр жердің үстіндегі тіршіліктен көп артық екен. Әрі жылы, әрі таза. Атамыз кірді де, оң алақанын кеудесіне басып: «Ассалаумағалейкум»,— деді. Ешкім жауап берген жоқ, өйткені мен ақсақалды далада кездестірдім, ал інілерім үйден шығып кетіпті. Пештің тұсында тамақ пісіріп отырған анамыз үлкен кісіге сәл басын еңкейтті де қойды. Ақсақал есіктің тұсына үлкен калашын тастады да, жас жігіттей сәкіге дейін бір-ақ аттап, төрде кішкене жалғыз терезенің сол жағында қос қабаттап төселген құрақ көрпенің үстіне барып отырды. Анамнан тез, бір нәрсеге асыққандай, балалардың, өзінің саулығын сұрап алды да, қалтасынан таспийғын алып, көздерін жұмып жіберіп, ернін жыбырлата бастады. Бұл оның сөздерін таспийқтың тастарымен демеп оқыған түрі еді. Бір қолымен таяғына сүйеніп, бір қолымен менің қолтығымнан ұстап, уһілеп-аһылап есіктен әжем кіргенде, қарт кенет өзгере қалды. Ақсақал, бағанадан бері үлкеннің бұйрығын әзер орындап отырған баладай, қолындағы таспийғын уысына қыса қойды да, әжеме ежірейе қарай қалды.

— Әй, Мәжит, мына көгеремді қайдан сүйретіп әкеле жатырсың?— деп ұрысты маған.— Біз немене, Мұқанның үйінде осы кемпірсіз шай іше алмаймыз ба? Аузында

тісі жоқ, көзінде нұры жоқ, соқыр кемпірмен бір дастарқанда отырып шай ішудің өзі азап қой. Әттең, ағамыз осы кемпірді алғанда мен жас болдым, әйтпесе, мұндай жасықты алғызбас едім,— деді. Ақсақалдың аға деп отырғаны — біздің атамыз. Қарттың сөздерін естіген әжем ілгері бір аттады да, сол жақтағы пешке сүйенді. Басы селкілдегеніне қарағанда, күлкіге шыдамай кетсе керек. Әжем күлкіші кісі еді. Біраздан соң: «Алла өзіңе сыйындым»,— деп демін алды да, Алжыған атаның жанына барып отырды.

— Әй, кемпір, маған неге жабысып жатырсың? Немене жер жетпей ме? Алланың ісі де қызық-ау. Жақсыларды алып кетеді де, сен сияқты арамтамақтарды қалдырады. Ағамыз тірі болса ғой, жеңгеміз дұрысталар еді. Оның орнына сен жүрсің. Саған құран оқыған күні той жасаймын!

Әжем тағы біраз басын селкілдетіп күліп алды да, бір қақырынып, демін әзер алып, былай деді:

— Әй, Жынды-жан, күнәкар болма, сен де бір алла тағалаға керек адам болып тұрған жоқсың-ау, балалардың тапқанын жеп арамтамақ болғаныңның үстіне, насыбай атып, аузыңнан ақ ит кіргізіп, қара ит шығарып жүрсің. Құдай-ау, осы жұртта ес бар ма деп ойладым, сені молда қойды деп естіген күні. Сені молда деп атаудың өзі күнә ғой. Өтірік деші, осының, кәне? Алақанына салып күтіп жүрген мына менің немерелерімді ренжітіп, мені о дүниеге жібергенде, сенің жерің кеңі ме, айтшы, кәне? Осы пиғылыңның өзі күнә ғой. Сен молда болғаннан бері «жынды» деген сөз лайықсыз болар деп «жынды» деп атамайын деп, басқа бір ат қояйын десем, бір де бір ат саған жоламайды. Осы тұқымның бар жындылығын алла тағала сенің бойыңа жинап қойған соң не амал бар.

Алжыған атам мен әжемнің өзара осындай қалжың-әзілін тыңдаудың өзі бір қызық еді. Екеуінің әзіл сөзді тапқыштығына таң қалатынмын. Мен бұл арада олардың сол күнгі әзілдерінің тек оннан бірін ғана келтіріп отырған шығармын. Ол кезде кәрілер де, жастар да бірін-бірі осылай аямай шенейтін. Астарлы оспақтарға мейлінше жетік болушы еді. Бірақ біріне-бірі енді көріспейтін адамдардай сөз айтып жатса да, тату-тәттілігінен айырылмайтын-ды. Тіпті, керісінше, неғұрлым жақын адамдар, соғұрлым бірін-бірі сынампаз болушы еді. Енді ауылдық жерде болғанымда бұрынғыдай құлақтың құрышын қандыратын ащы әзілді сирек еститін сияқтымын. Мүмкін,

қарт профессордың көзінше бірін-бірі мінеп, шенеп жатудан жастар ұялатын шығар десем де, қазір ата салтымыздың мәңгіден келе жатқан шексіз юморына байланысты осындай әзіл-оспақтар қалып, оның орнына біріне-бірі мақтау, мадақтау сөз айтуға көшкен сияқты. Мұның өзі де заманымыздың бір жақсы сипаты болар, дегенмен, сол бұрынғы жанды қытықтап, адам бойынан өткір, ұтымды сөздер туғызатын халық қалжыңының қалып бара жатқанының өзі өкінішті жайт па деп те топшылаймын.

Осылай өзара қалжыңдасып отырып, арасында жастықтың бақытты шағын еске түсіріп, екі қарт анам пісірген құймақ пен жас уызға тойып, тәтті шайды ішіп рақаттанды. Қарттар ішкен тәтті шай біздің аузымызға тимейтін, анам оны қайдан тауып, қалай сақтайтынын тек өзі ғана білетін. Тоя ішкен тамақ пен шайға сәл қалжырап қалған атам, қолындағы таспиығын әдетімен жүгірте бастады да, жастыққа қарай қисайды. Анам самауырынның тұсында ыдыс жуып жатты. Мен өз шаруама кетпекші боп тұрып едім, Алжыған атам қозғалып қалды да, басын көтерді.

— Әй, Мұқанның сорайған күшігі, мына шалдармен отыра тұрмайсың ба... Қайда асықтың, әңгіме бар. Мына колхозға, жетім-жесірлерге көмектесудің орнына, үйірден қуылған саяқтай бетіңмен жүргенінді байқаймын: түнімен сықсиманың тұсында кітап оқып, көзің қызарып кетіпті... Бір күні мына әжең сияқты соқыр болып қаласың, жаман неме...

Ақсақалдың ауылдағы жастарды ит, күшік, саяқ, сәуірік деп атайтын әдеті еді, егер біреуіміздің кемшілігімізді байқап қалса, соны қайта-қайта айтып, шеней беретінін де жақсы білетінбіз. Мені бұл жолы қарттың қырағылығы таңдандырды. Өйткені, кішкентай екі терезесінен даланың жарығы эзер түсіп тұратын үй қара көлеңке-тін. Түнімен сықсима шамның тұсында жамау-жасқаумен айналысқан анама қосылып, мен де көп отырғандықтан қызарған көзімді қарт сыртта байқап қалған ғой. Есік жақта тұрған маған қарап, қарт сөзін жалғастыра түсті.

— Әй, осы сен бір жаққа оқуға барады деп жүр дейді, сол шын ба? Біздің ауылда сыртқа кетіп, оңған адамды көргем де жоқ, естігем де жоқ. Алысқа барып адам болып қайтты деген бір адамды аташы, кәне, сен естісең?.. Біздің тұқымға кітаптан бақытты болуды, сірә, де жазбаған. Сені осы кітап оқуға жүйірік десіп жүр, жүйірік

болсаң ауылдың балаларын оқыт, жақсылап оқыт... Ананды, інілеріңді, ауылды тастап, марқұм Мұқанның аруағын әурелеп, анда-мында қаңғып не жұмысың бар.

Алжыған атам сөзін аяқтады да, көзімді әдемі, ықшамды мәсі киген кішкентай аяқтары тұсынан жоғары көтермей тұрған сыпайыгершілігіме риза болды-ау деймін, қайтадан жастығына шалқая кетті. Үндемегенімнің өзі айтқанын түсінгенімнің белгісі еді. Өйткені, мен қартты бар ілтипат-тыммен сыйлайтынмын.

— Ата,— деді, осы кезде анам. Бұған ақсақал да, біз де таңдана қалдық. Анам ол кісіге бір де бір тура сөйлеп көрген емес-ті.— Ата, кешіріңіз, мен енді осы үйдің үлкені болдым ғой! Шынын айтайын, Мәжиттің оқуға барам деп жүргеніне мен кінәлымын. Мәжиттің оқығаны жөн. Біздің ауылда оқып адам болған кісі жоқ дедіңіз ғой. Оныңыз шын да шығар. Бірақ қазір заман өзгереді ғой. Сіздің марқұм ініңіз (менің әкемді атаған еді) қазіргі өмірде оқыған адам ғана жақсы тұрмысқа ие болады деуші еді. Құдайға шүкір, тәңірге өкпеміз жоқ, ініңіздің балаларының бәрі де үйде. Мына ауылдағы өзіңізге тұстас Мұхамеджанның он баласы әскерге кетіп еді, біреуі-ақ қайтып келді, оның өзі жарымжан. Сол бала қайтып келгенде той жасап отырып, Мұхамеджанның айтқаны есіңізде ме? «Құдайға шүкір, он бала болғанда көпсінбеп едім, біреуі ғана қайтып келді, азсынып отырғам жоқ, депті. Ана тоғызы өмірін босқа өткізген жоқ, Отан үшін өткізді». Сол Мұхамеджан майдан даласында қалған ана тоғыз ұлының біреуі, тым болмаса, қайда жүрсе де аман болса, риза болар еді. Мына Мәжит соғыста да қалып қоюы мүмкін еді ғой. Ал енді, алла тағала қайтарып үйге келтіргенсін оқығаны жөн. Сіз осы балаға батаңызды беріңіз. Ақылы мен намысы болмаса, ауылда жүріп те ештеңе оңдырмайды. Ата тегінен бойында бір нәр қалса, жан-жүрегі елге тартып-ақ тұрар, қайтып та келер.

Анамның бұл сөзі ақсақалға өмірі меңіреу боп өткен кісінің кенеттен сөйлеп кеткеніндей болды-ау деймін, көзін сығырайтып, мойнын созып, шоқша сақалын ілгері қарай ұмтылта қарай қалыпты. Ақсақал таңданарлық та еді: Анамыз аса инабатты келінінің бірі болатын-ды, бір де бір рет ауылға келгелі ол кісіге тура сөйлеп көрген жоқ-ты. Қартқа әлдебір өтінішін айтқысы келгенде, не әжем арқылы, не Патшайым әжеміз арқылы айтатын да. Анам сөйлеген сайын, шоқша сақалы кеудесіндегі тынышты

орнын алса да, ақсақалдың бар ынтызары келінінің сөздерінде болып, бетін басқа жаққа бір де бір бұрмай тыңдады. Анам мықтап дайындалып алса керек, самауырынан көзін айырмай отырып, Алжыған атамызға ойындағысын әдемілеп айтып берді. Сонан соң, біраз кідірді де, самауырынды, дастарқан мен ыдыстарды пештің ар жағына алып кетіп жинастыра бастады. Ал ақсақал бағанағы тыңдаған күйінен қозғалар емес. Жылдам сөйлеп, жауабын күттірмей айтатын Алжыған атамызға мұндай кідіріс әдетті емес еді. Мен бұл арада, ардақты інім, анамның сол жолы айтқан сөздерінің ұзын ырғағын ғана беріп отырмын. Ол кісінің көркем теңеулер тауып, терең тебіреніспен айтқаны сондай әдемі еді. Мен қазір профессор болсам да, сондағы хат танымайтын әйелдің айтқанын қайталап бере алатын емеспін. Алжыған атамыздың бар ынтызарымен мұқият тыңдап, кейін үнсіз отыруы да осыдан ғой деп ойлаймын. Атамыз сыпайыгершіліктің жолынан бірде-бір таймаған Ұмсын келінін мейлінше сыйлаушы еді. Күйеуі дүние садып, бір үйдің үлкені болып, қартая бастаған үлкен келінінің атасына тура сөйлегенінің өзі де кешірімді болардай уақыт жеткенін қарт түсінсе керек. Бүгінгі шайға оңаша шақырылуының өзі тегін еместігін ақсақал енді байқаған-ды. Атамыз құр бекер керен аулыққа салына беретін ақылсыз қарт емес еді. Ендігі жастар айқайшыл қарттың батасын да онша керек қылмай, өз бетімен кететін уақыт туа бастағанын ол сезетін. Оның ендігі ойлағаны Мұқанның кіші балаларының келешегі еді. Аш-жалаңаш балаларға жеңілірек өмір, тоқшылық тұрмыс жуықта болмағаны ғой деп налыған едім. Қарт игіліктің бұзылуы оңай, жасалуы қиын екенін жақсы білетін. Бірақ осы ойын бізге айтқан жоқ та: жақынын мүсіркеп аянышпен жасыту деген оның әдетінде жоқ еді. Алжыған атамыздың ұзақ үндемей отырып қалғаны осыдан ғой деп ойлаймын, ардақты жазушы інім. Тәрде тым-тырыс қарт отыр, есікте сол күйімде мен тұрмын... Мұндай ұзап кеткен үнсіздікке әжем шыдамады. Ол үнілеп, жастығына тіреніп, орнынан қозғалды да, жөтеліп алып нұрсыз көзімен Алжыған атамызға қарап, қулана бір жымыып қойды. Қарттың үндемей отырғаны оған күлкілі көрінсе керек.

— Беу, Жындыжан, не боп қалды, қоразданып отыр едің ғой, неге үндемей қалдың, жілік жұтып қойдың ба? Ұмсын саған ақылы бар шал деп, ойындағысын айтып отыр ғой. Жауап беру керек емес пе? Бажылдамай, ай-

ғайламай жауап беру керек. Ауылдың жастары сені айғайың үшін сыйлап жүрген жоқ, сақалың үшін сыйлап жүр. Айғайлағаныңа қарағанда сені әлдеқашан ауылдан қуып жіберу керек еді, жөнсіз бақыра бересің...

Әжем Жындыжанының осал жерлерін жақсы білетін. Қартты, егер ойлап сөйлесе, сөзінен ұстау қиын болатынды... Тек қытығына тиіп, кенеттен сөйлетсе ғана ойындағы шынын айтатын. Осы жолы әжем шыныменен қытығына тиді-ау деймін. Ол өзінің «әсерлі» сөздерін қолданып сөйлеп-ақ кетер еді, бірақ тым сыйлайтын келіні, менің анамнан, жасқаныңқырады. Ол жылдап жинап жүрген кегін алғысы келгендей, әжеме айғайлай бастады.

— Уәй, Нұрбайыңның екі жесір қатыны, мені орталарыңа алып, неғыл деп отырсыңдар? Мен сендерге біздің ауылдың адамдары сырттан бақыт тауып көрген жоқ деп отырмын ғой. Ал, мына иттерің, мисыз ақымақ болып кетсе ше? Кітап арқылы жақсы адам болатын болса, кітап оқимын деп жүрегі тас болып қалмайтын болса, бара берсін, кетсін, жұмысым жоқ, алдынан жарылқасын. Қартайғанда бұл иттің бақытын тоқтатып күнәкар боларым жоқ. Әй, көгерем кемпір, сен маған осыны айтқызғың келіп отыр ғой. Сендер, әйелдер, ауылда еркек істейтін жұмыстың қанша екенін білесіңдер ме? Білмейсіңдер. Осы ауылдың шұрқ-шұрқ болып қалған шаңырақтарын кім бітейді? Көгерем, соқыр кемпір, сен бітейтін шығарсың!

Алжыған атам осылай әжеме шұқшиған кезде, жеп қояма деп ойлауға болар еді. Бірақ шалдың мұндайына үйренген әжем, жымып, таспығын санап отыра берді.

— Әй, Жындыжан, жазғытұрым тулап кететін жаман бұлақ құсап, саған не болды, айтып едім ғой, ақырын ойланып, жөндеп сөйле деп,

— Сендей кемпірмен ойланып сөйлерсің. Өмірі менің өкшемді бізбен түрткілеп жүресің.

Анам маған «кет» деген белгі берді. Өзі де менің соңымнан шықты. Екі қарт тағы да осылай біраз айғайласып алып, тынышталып, өзара өткен-кеткендерін еске түсіріп, қалғып-мүлгіп біраз отырып, үйлеріне тарайтынын білтініз.

... Жеміс жылының июль айының екінші жартысы еді. Оқуға бармақ болып аттанатын күні, ағайындардың үйін аралай, дәм татып келе жаттым. Алжыған атамның үйіне кірсем, бір топ немерелерімен таңертеңгі шайын ішіп отыр екен. Мен дастарқанның шетіне отыра кеттім.

— Немене, серейген неме, ойлағаныңа жеттің бе? Бар, бірақ өзгелерді соңыңнан ертпе! Сен жоқта өліп қалсам бетіңді сипа. Жортқанда жолың болсын, әумин.

Қақпадан шығып бара жатып, даусын естідім.

— Әй, күшік, қайырылып кет! Бірде-бір үйді тастама, бәріне кір.

Шал ентелеп жаныма келді де, қамзолының ішкі қалтасына қолын тықты. Сәлден соң тағы да жақындай түсіп, сыртқы қалтама бірдемені сұға салды. Айғайлап: «Бар, күшік, бар, неменеге қарай қалдың, бар!»— деп бірдеңеден ұрланған адамдай, бүкеңдеп кейін қарай жөнелді. Қалтамнан алып қарасам, әбден кірлеген, уқалап болған жүз сомдық екен.

Сізге, жазушы інім, жас шағының тайғақ, тар жолдардан именбей өткен, кедергілерді асқақ жігерімен жеңген, кейін ғылымда ақиқат ізденістің жолына түскенде, осы қажырлылығы мен қайсарлығын көрсеткен ердің тұлғасы керек екенін мен білемін. Бірақ мен ғой оның орнына жүрегімнен орын алған жақсы адамдар жөніндегі әр түрлі күнделікті болмысқа байланысты уақ-түйекті сөйлеп кеткен сияқтымын. Өзіме асқақ қасиеттерді қаншама тапқым келсе де, менің мінезім мен адамгершілігім мықтап сынға түсетін жағдай болмаған соң, тіпті, керісінше, сол кездегі істердің түйіні менің пайдама шешіліп тұрған соң, амалым нешік, тек жақсы адамдардың атын атаудан басқа айтарым қалмай да жатыр. Бірақ осы жақсы кісілердің атын атаудың өзі адамның бойына парасаттылық сезім тамызып, тіршіліктің қиын жақтарын жеңілдетсе ме деп те ойлаймын. Кезінде адамдар жамандық пен опасыздықты жеңу жолындағы көптеген сыннан өту арқылы мінезін түзесе, қазір біздер шарапатты шабытқа, үлкен жетістіктерге жақсы жағдай мен жақсы адамдардың қолдауы арқылы жетіп отырмыз ғой. Мүмкін, осы кейінгі жайтты біз ойдағыдай бағалап та жүрген жоқ шығармыз. Әрине, маған сол шағымда нашар адамдар да кездесіп жүрді, Мысалы, бізге тоғызыншы класта сабақ берген мұғалима әйел есіме түседі. Қазір топшылап қарасам, менің келешегіме жаман адамдардан гөрі, жақсы адамдардың ықпалы молырақ болған сияқты. Сондықтан, нашар кісілерді есіме онша түсіргім де келмейді. Тіпті өзі жаман адамдардың кезінде кек тұтарлықтай пиғылдары бара-бара бойдан кете бастайды екен. Ал жақсы адам еске түскен сайын ұр жаңадан

тебіrentіп, үр жаңадан толқытып уақытқа берілмей күшейе түсетін сияқты. Сондықтан, тіпті осы жөнінен сізге, жазушы інім, алғыс айтқым да келіп отыр. Өйткені, бұрынғы кезде көрген жақсы адамдар есіме түсіп, сол жақсылыққа тағы бір шомып алған сияқтымын. Бірақ өмірімнің хикаясын айтып, ілгерілеген сайын ұнамсыз адамдардың да бейнелері мен ісі көбейе түсер. Өйткені олардан алған ренішті, жиіркенішті әсерлерді уақыт әлі өшіріп үлгірген жоқ қой. Дегенмен, жақсы адамдардың асқақтығын айтып беруден артығы жоқ екен. Сонымен, ардақты жазушы інім, ендігі хатты күтіңіз.

Buketov university

## Үшінші хат

### АРДАҚТЫ ЖАЗУШЫ ІНІМ!

Сіз менің жазғанымды лепірте мақтапсыз. Мақтағаныңызға рақмет. Бірақ сізге мақтамай да болмайды ғой. Мақтауыңызды бәсеңдетсеңіз мен әрі қарай жазбай да қоюым мүмкін. Шынымды айтайын, енді сіз мақтама-саңыз да жаза беремін. Өткеннің адамға осындай қымбат екенін мен осы күнге дейін сезбеппін де. Қазіргі болмыс өткеннен нашарлау болса ғана өткеннің жақсылығы еске түсіп, тебіренге береді деп ойлаушы едім. Әдебиет пен көркемөнер бізді осыған үйреткен сияқты. Ал менің қазіргі болмысым мен жағдайыма ешбір өкпенің жоқ екенін білесіз ғой. Тіршіліктің қуанышы мен қызығына адам тояр ма. Бірақ сіздің арқаңызда ескіні қопара бастап едім, өткеннің талай таңсық, қызық оқиғалары есіме түсіп, елтітіп, ешбір кідіруге шыдамайтын қазіргі істерге қарамай, сол ескіні жаза бергім келетін түрім бар. Осының өзі, ұят та болса айтайын, күнделікті міндеттеріме нұқсан келтіре ме деп те қорқамын. Сіз, жобасы, осыны білгенсіз ғой, жас та болсаңыз аңғарымпаз адам болып шықтыңыз. Дегенмен, сізге менің өкпем жоқ. Өткенді еске түсіру деген өте қызғылықты іс екен.

Бүгін әңгімемді поэзиядан бастағым келіп отыр. Жас кезімде Маяковскийді мықтап сүйетін бір жолдасым болған еді. Соның арқасында Маяковскийдің мына бір шумақ өлеңін білемін. Бұл шумақ мағынасы жөнінен емес, құлаққа жағымды естілетіндігінен есімде қалса керек.

«Өлең жасау оңай деп  
ойлаушы ем мен.  
Ақынның жатпайды ешбір  
басы қатып:  
Аузын ашса  
болғаны,  
шығады өлең,  
Тасырлатып!»

Менің өткен-кеткен жөніндегі жазбаларым туралы ойым да осы сияқты болатын. Тек еске түсірсе болды, тасырлатып жазып жүре берем ғой деп ойлайтынмын. Осындай жеңіл тұжырымның ықпалын бірінші хатымнан

да байқаған боларсыз. Амал нешік, естегілерді қағазға түсірудің өзінде де мен білмейтін қиыншылықтар көп екен. Әрине, менің жазып отырғандарым өмірімнің әр кезеңінде талай рет есіме түскен нәрселер. Бірақ өткендегілер жадыға әлдеқалай елестеп, не бір аздап ренжітіп, не бір бойыңа жылылық қуаныш келтіріп, қайтадан ұмытылып кеткен бір жағдай екен де, соларды тізіп жазып беру екінші жағдай екен. Қағазға түсіргенде сол ойыңа келгендерді біраз кідіртіп, жадыға сақтап алмай болмайды екен. Кәдімгі кинодағы баяулатып жүргізетін кадрлар сияқты. Оның үстіне сол еске түскеннің кейбір егжей-тегжейіне үңілуге де тура келетін түрі бар. Мұның өзі, маған бұдан бұрын бейтаныс бір тебіреністерге соға ма деймін. Өткеннің өзі құр ғана келіп кетпей, адамды тебіренітіп толқытып билеп ала ма, қайтеді... Менің тіршілігімде не бір асқақ биікке самғаған, не бір шыңырауға құлаған жағдайлар болған жоқ; қоғамның дамуына әлдебір ықпал жасаған адамдардың қатарына да жататын кісі мен емес: менің тіршілігім кәдімгі қарапайым адамның тіршілігі ғой. Бірақ өткенді еске түсірсең, көптеген адамдар мен оқиғалар бірін-бірі итермелеп, тынышыңды ала бастайды екен. Мұндай жағдайда кино тілімен айтсақ, әрбір кадрдың менің тіршілігімдегі шынайы орнын, олардың өзара тіркесі мен қатысын сол өмірде болғандағыдай нақты күйінде сақтау қиын да екен. Мені бұл арада, жазушы інім, сіз дұрыс түсініңіз. Өзімнің өткендегі өмірімді еске түсіргенде, соларға бір сіздерше ерекше көркемдік беріп еске түсіргім келіп отырған жоқ. Мен ондай ойдан аулақпын. Тек өз өмірімдегі кейбір болмашы оқиғалар үлкен орын алып, оның орнына ықпалы мол болған оқиғалар мен адамдар мүлдем аталмай, не аз орын алып қалмасын деген ойым ғой. Бұл жағдайды ескеріп отыру оңайға түсетін сияқты емес, амалсыз қателіктен де ада болмаспыз. Шынын айтсақ, осыны ойлағанда бойыма бір дегбірсіздік те пайда болады. Менің бар қызметімнің өзі де шама келгенше ақиқатты бұлжытпай көрсету ғой. Соны көрсетуге шама келмей жатса, дегбірсізденбей қайтесің.

Ардақты жазушы інім, осының бәрін ескерте келе сізге мынаны айтайын деп едім. Институтты бітірген соң аспирантурада қалдым ғой. Сол кезеңді есіме түсірсем, ғылымда қалуыма маған бірінші себепкер болған, маған нақтылы ықпал жасаған кім екенін қазір айтып беруім де қиын. Кейін, менің ғылыми жұмыстағы жемістерім біліне

бастаған кезде, қайсыбір адамдар маған келіп, менің бойымдағы ғылымға қабілеттілікті бірінші болып сезінгендігін айтып, тек солардың табанды талабының арқасында ғылымда қалғанымды ескертіп жүрді. Менің тағдырыма бұлардың ешбір қатысы жоғын білсем де, олардан алғысымды аяған жоқпын. Шын жақсылық істеген адам сол жақсылығын көбіне ішіне сақтайтынын ұғына бастаған едім. «Некелескен екі жанның өмірі туралы сіз не айтасыз?»— деп сұрапты Бернард Шоудан. «Ештеңе айта алмаймын, өйткені некеге отырмаған адамдар ештеңе білмейді, ал некеге отырып алған адамдар өз құпиясын тісінен шығармайды»,— деп жауап беріпті ұлы драматург. Парасатты адамдардың да өзгешелігі осы ғой. Өзінің өзгеге жасаған жақсылығын әркімге айта бермейді.

Ардақты жазушы інім, менің институтқа түсуіме бірінші себепкер болған анам екенін, сол анамның өкімін естіп алған соң, тілегін қалай орындағанымды сізге айтып бергенмін. Бірақ осы аспирантураға түсерде өз бойымнан шыққан талап тіпті аз болған сияқты. Аспирант болуды ойлаған да жоқ едім. Тіпті, керісінше, оқуды бітіріп, өндіріске барып табыс тауып, анама, інілеріме көмектесу еді ойым. Арманым жүдеулік пен жадаулықтан тез құтылу болатын. Деканаттағылар аспирантурада қалу жөнінде менімен әңгімелескенде, осы ойымды тура айтып бергенмін. Олар маған: «Асықпа, әлі де ойлан»,— деп сөзін аяқтамай жіберген еді. Ересек аға-жолдастарымның сондағы шынайы қамқорлығын енді ғана түсінген сияқтымын.

Сол жылы астанаға біздің облыс орталығында недәуір үлкен қызмет істеп, жетіліп қалғандай бір жолдасым командировкаға келді. Студентті бір тойындармақ үшін ресторанға апарды. Алдымызға әкелінген жақсы тамақ пен шарапқа көңілденген соң, институтта мені өзгелерден артық бағалап жатқанын, аспирантураға қал деп үгіттегенін мақтаныңқырап айтып бердім. Жолдасым аспирант деген сөздің мәнін онша түсінбейді екен, аспирантура деген әрі қарай оқу деп ұғындырдым. Сол кезде досым сақылдап кеп күлді.

— Мәжит-ау, мынау оқу сенің миыңды ауыстырып жібермесе жарар еді! Қаймыжықтай терің сүйегіңе жабысып, қу қаңқа болып отырған түрің мынау. Осы күйінде кітап үстінде сүзіліп отыра бермексің ғой. Мұрныңның үстінен үлкен көзілдірік түспей, жуан портфельді жаңыңнан қалдырмай, бұтағын сыдырған ағаштай сорайып,

жауырының имиіп көшеде келе жатқан түрінді көрсем ғой. Бұл кітап сені жарымжан етіп болатын түрі бар. Сонда тіршілікті қашан құрасың?

Досымның сезімдіктен тырсылдап тұрған бетіне қарап, үстіндегі әскерше тігілген әдемі костюміне қызығып отырып, менің аспирантураға қалам деп мардымсынуымның өзі ақымақтық екенін сонда ұғындым. Дәмді тамақ пен шарапқа тойынып қызына бастаған мен, өзімнің аспирантураға қалып, әлі де стипендияға тұрмақ болған ойыма жолдасыммен қосылып біраз күліп алдым. Сонда да мен аспирантурада қалған едім. Менің тағдырымның бұлай шешілуіне сіздің жеңгеніздің де ықпалы болған ба деймін. Ол кісі менен бір курс төмен оқитын. Бірімізден біріміз алыста ұзақ тұруды ұнатқан жоқпыз да. Бірақ негізгі себеп бұл болмас деймін, себебі қайын енесін жантаңмен сыйлап, аяйтын жеңгеніз тез қызмет істеп, табыс тауып, дұрыс тұрмыс құруға мүмкіншілік жасағанымды ұнататын-ды. Оның үстіне бір жылға жетер-жетпес уақыт бөлек тұруды қиынсыңған да жоқ едік. Менімен бір мамандықта оқитын жеңгеніздің мен қызмет істеген өндіріске диплом жазуға келіп, ұзақ тұрып кетуіне мүмкіншілігі де бар еді. Тіпті келешегімізді ойлағанда, біз осылай уәделесіп қойғанбыз. Осыған байланысты ғылым жолына түсуіме ықпал еткен бір оқиға есіме түседі.

Диплом қорғаған күні «жуып» жіберетін әдетіміз болатын. Бұрынырақ қорғағандар, кейін қорғағандардың «жууын» аңдып жүретін. Мен аңдушылардың бірі едім. Сол күні менмендігі жоқ, ақ көңіл жігіт Толя Сучков қорғаған-ды. Толяның бөлмесіне кірсем, онымен бірге тұратын Ромка Вансовский отыр екен. Үшеуіміз бір жартының мойнын бұрап тастадық та, сол кездегі негізгі әңгімеміз — кім қайда баратынына көштік. Жартылықтан тиген үлесіме қызынған мен, сол арада бар сырымды ашып: «Маған ұстаздар аспирантурада қал,— дейді, ал, қызығып тұрған мен жоқ»,— деп соқтым. Әрі қарай оқу жөнінде мұрнымды шүйіре сөйлеу әдетім болып алған еді. Кең мандайлы, қалың ерінді, шикіл сары Сучков қысқа тістерінің үстіне қаны тамғандай іркілдеп тұратын қызыл иегін шығарып, маған қарап отыр еді, менің сөзімді естіген кезде, үлкен көк көздері жалтылдап маған былай деді:

— Әй, Мәжит, сендей ақымақты көргем жоқ, сені түбінде үлкен іске ие болады деп аспирантурада қалдырып

жатыр. Республикамыздың Академиясында, жоғарғы оқу орындарында ғылыми қызметкер жетпейді, әсіресе, ұлттық ғылыми қызметкер жетпейді. Сен, мисыз неме, бұлданасың. Бұл саған қандай сыйлық екенін білмегенің ғой. Сенен өз ұлтыңның Ломоносовын жасайын деп жатқанын түсінбегенің ғой. Әрине, сен бізден онша артық оқыған жоқсың, бірақ сені түсінуге болады, сенің стипендиядан басқа қоректенерің болған жоқ. Сен әбден есіңнен айырылып қалмасаң осыны түсінуің қажет. Мына жаратылыс және техника ғылымдарында сендерді, Мұхаммедтің үмбеттерін саусақпен санауға болатынын білесің бе?— Толя қазақ жігіттерін «Мұхаммедтің үмбеті» деп атайтын.— Біздің курстан биыл 50 маман шығамыз. Соның ішінде сендер — екеу-ақсындар. Мұның өзі ұят қой. Сондықтан, сенің өзгелерге үлгі болуың, батырым, міндетің.

Мен Сучков Толядан, шынымды айтайын, мұндай мағынасы терең жатқан сөздерді күткен жоқ едім. Мінезі арпаң-тарпандау, ақ көңіл Толяның бұлай әріден ойлап, терең ұғынатынын мен байқамаппын. Бірақ не айтса да ішіндегісін бұлжытпай айтатынын білетінмін. Ломоносовтың атын маған тіркестіріп басқа біреу атаса, ажуалау үшін айтты дер едім. Бірақ ақ көңіл Толяға бұл жөнінде өкпелеуге болмайтын-ды. Бір қалпынан өзгере қоймайтын сабырлы сұлу жігіт Ромка өзінің қыр мұрнының үстіне қонған көзілдірігін жөндеп бір қойды да, Сучковты қолдады.

— Мәжит, меніңше, Толя дұрыс айтып отыр. Сен бұлдана берме. Кейін өкінесің. Сенің табыс жөніндегі армандарың — ақымақтық. Қазір біздің мемлекет ғалымдарға ерекше қамқорлық жасап отыр.

— Уай, сендер жөні жоқ даланың ұяң, момын баласын сілкілеуді қойсаңдаршы. Екеуің екі жақтан кірісетіндей не болды!— деп қалжыңдадым мен. Толя:

— Әңгімені бастаған өзің ғой. Сонда сенің ақымақтығыңды көзіңе айтпай тұра аламыз ба?!

Екі досымның маған берген осы сабағы әлі де сөзбе-сөз есімде. Анатолий Федорович Сучков қазір үлкен ғылым-зерттеу институтының директорының орынбасары, ғылым кандидаты, Ромка да қазір Ромка емес, Роман Иванович Вансовский — химия-металлургия жөніндегі үлкен кәсіпорын басшыларының бірі. Жуырда біз оқу бітіргенімізге ширек ғасыр толуына байланысты жиналдық. Толя мен Ромканың сол жылы қалай қолға алғандарын есіме түсірдім.

Роман Иванович күлкілі жайтты босқа жібермейтін әде-тімен:

— Тарихта ұлы адамдардың ұлы болуына ықпал жасап, даңққа ие болған адамдар аз емес сияқты. Мысалы, бір математик өзінің шәкірттерінің арасынан Ньютонды тауып, өсіріп шығарыпты. Сол сияқты Анатолий Федорович екеуіміздің де атымыз сен арқылы тарихта аталатын болар!

Осыны жазып отырғанда, ардақты інім, мен өзім жиырма жетіге келсем де, сол кезде онша терең ойламайтын жігіт болғанымды анықтағандаймын. Бірақ өткенді ілгерілеп жазған сайын, осылай ұялатын талай жағдайлар болар деп те ойлаймын. Жолдастарымның бөлмесінде әлдеқалай туған әңгіме болмаса, менің болашағыма көзқарасым анадағы ресторандағы ұйғарымның деңгейінде қалып та қояр ма еді, қайтер еді. Институт басшылары менімен біраз сөйлесіп, тым мардымси берген соң, қолын бірақ сілтеп, өндіріске қоя да беруі мүмкін еді ғой. Онда менің тағдырым қазіргідей сәтті шешілмеген де болар еді деп те ойлаймын. Мен өзімді-өзім аздап білсем, менен мәселені қолбасшыдай бірден шешіп, үкімін айтып отыратын қатал, батыл, табанды өндіріс ұйымдастырушысы шықпайтын сияқты. Қатардағы адал қызметкер күйімде қалар едім де, қоғамымызға қазіргі жағдайымдағыдай пайданы келтіре де алмас едім. Мен Толя мен Ромканың сондағы берген ақылдарын есіме түсіріп, осы екі досыма мың да бір алғысымды айтып жүремін. Дегенмен, тағдырымды тек осы екі досымның ақылы ғана шешті деу әділетті болмас деп те топшылаймын. Жобасы, менің аспирантурада қалуым мен өндіріске кетуім жөніндегі пікірлер өлшеуіштің екі иығын бірдей салмақтап, бір жағына ауытқу үшін қосымша пікірлер тілеп тұрған-ау деймін. Бұл жағдайда осы қосымша пікір екі жолдасыммен сөйлескенде туды деуге болады. Ал, шынын айтсам, менің институтқа түскенімнен бастап армандағаным (кейде түсіме де кіретін), инженер болып, өндіріске барып, пәтер алып, шешем мен інілерімді қолыма алып, солардың тұрмысына дұрыс жағдай жасау еді. Осы арманнан бес жыл оқығанда бірде-бір айырылмағанмын. Әрине, бұл арман бұзылу үшін оған кере қар арман туғызған, бойыма сол кере қар арманның тұқымын сепкен бір себепкер болуға тиісті ғой. Өйткені қанша жеңілтек болсам да, достың сөзіне бірден көне қоятындай көрсе қызар емеспін де. Бұрынғы арманымға қарсы арман менде бар еді. Бірақ бұл арманның бойыма ұялай бастағанына бір жылдан

аспаған-ды. Осыған байланысты менің ғылыми тағдырым-дағы ықпалын өлшеп, бағалап беруге болмайтын бір адам туралы айтып беруім керек. Өйткені өндірістегі инженерліктен басқа, ғылыми қызмет бар екенін, сол ғылыми қызметпен мен сияқты жас жігіттер айналысуға да болатынын бірінші ұғындырып берген маған осы кісі еді.

Мен ол кісіні бірінші рет біздің институтқа түскенімізге арналған жиналыста көрдім. Директор (қазірше ректор) сөйледі, содан кейін басқа факультеттің көрнекті профессорлары сөйлеп жатты. Біздің факультеттің атынан сөйлейтін профессорды біз ұзақ күттік. Оған сөзді соңында берді. Ендігі сөз кафедра басшысы, профессор, ғылым докторы Владимир Фридрихович Пеннерге беріледі дегенде, президиум столынан аласа бойлы, кішкентай кісі бері шықты да, өзінің кішкентай бойына лайықсыздау сияқты сабырлылықпен ақырын аяңдап барып, кафедраға көтерілді. Кафедрадан бізге қоңқақ мұрынды, ақсары, маңдайлы кісі қабағының астынан терең біткен қоңыр көзімен қарағанда, жаңағыдай кішкентай емес, етжеңділеу болып көрінді. Профессор салбыраңқырап тұрған төменгі қалың ернін ішіне қарай тартып бір шолп еткізді де, біздің мамандығымыз жөнінде сықырлаған дауыспен айта бастады. Сөз ырғағы өгізге жеккен арба сияқты. Өзіміздің алдағы оқуымыз бен мамандығымызға алабұртып қызығып отырған шақта, болашақтағы кәсібіміз бен ісіміз туралы осындай жұпыны әңгімені тыңдау, бізді тіпті қамықтырып жіберді. Инженерлік еңбек жөнінде талай қызықты әңгіме айтып берген басқа факультеттің профессорларына қызықтық. Әсіресе, бізге профессор Каретников ұнаған еді. Ол тартымды мақамы бар қатты дауысымен сөздерінің ырғағына қарай оң қолын сілтеп қойып сөйлегенде, француз конвентінің, иә болмаса, ағылшын парламентінің шешеніне ұқсады маған. Ондай шешендер Виктор Гюгоның кітаптары арқылы маған таныс еді. Ол «болмыстың аксесуары», «өнер-білімнің колумбтары», «талаптылық пен дарындылықтың бура толқыны» деген сияқты әдемі әшекей сөздері үстімізге төгілтіп жатты. Сөйлемдердің осындай әшекей сынықтары бізге түбегейлі түсінікті болмаса да, әбден қызықты көрінді. Осыдан кейін жұпыны ғана сөйлеп тұрған Пеннерді тыңдау қиын-ақ еді. Владимир Фридриховичті бірінші рет кездестіргендегі алған әсерім осындай сүренсіздеу де. Бұл бірінші алған әсерге сенбеуге үйреткен өмірдің бірінші сабағы еді. Кейін Каретниковпен қызмет

бабында жиырма жыл бойы кездесіп жүрдім. Ақыры мен оның тозығы жеткен әшекей теңеулері мен сылдыр, жел-буаз сөздерін жиренбей тыңдамайтын болдым. Бірақ профессор өзінің шешендігіне өте сенімді еді. Владимир Фридрихович Пеннер мүлдем басқаша адам екен. Мұндай адамдар кісінің көңілін өзіне бірте-бірте асықпай аударады да, мызғымас ілтипатына ие болады. Бірақ бұл жөнінде мен кейінірек айтайын.

Владимир Фридрихович біздің факультетте студенттер жоғарғы курсқа шыққанда ғана баратын мамандандыру кафедрасының басшысы болатын. Сондықтан, біз үшінші курсты бітіргенше профессор Пеннерді алыстан анда-санда ғана көріп жүрдік. Мен барлық студенттер сияқты болашақ емтиханға дайындалып, күнделікті тапсырмаларды орындап, қоғамдық жұмыстарға жүгіріп, арасында жүректі билеп кеткен арпалыстарға ауытқып, болашақ мамандығым жөнінде онша ойланбаппын. Бірақ факультетімізде мамандандыратын үш кафедра бар екенін, сол үш кафедраның бірінен кейін біз мамандандыру курсын өтетінімізді білетінбіз. Үшінші курсты бітірген кезімде, профессор Пеннердің кафедрасында маманданасың деп жариялағанда, бұл маған ешбір әсер берген жоқ, бірақ комсомол жұмысымен жоғарғы курстың студенттерімен кездесіп пікірлескенде, бәрі де профессор Пеннерді жақсы атайтынын естіп, бұрынғы әсерімнен ептеп айырыла бастаған да едім.

Бір күні маған профессор Пеннер шақырып жатыр деген хабар келді. Бұл кісі мені ғана емес, өзінің кафедрасына бөлінген бірнеше студентті шақырған екен. Профессорға бірінші рет барарда біз, әрине, қобалжымай-толқымай қойғанымыз жоқ. Бұл әрбіріміздің келешек қызметіміз бен мамандығымыз шешілетін жағдай ғой. Кабинетіне кіргенімде, профессор қағаздарын қарап отыр екен.

— Сәламатсыз ба?— деді де, кішкентай кабинеттің жартысынан кем орын алмаған үлкен столдың ар жағынан маған қарсы көтеріліп, оң қолын ұсынды. Қолын қысып жібердім де, оның үстіне студенттік әдет бойынша сілкіп те қалмақ едім, салалы, темірдей қатты үлкен қолым, оның жұмсақ саусақтарын, кішкентай мамық алақанын ауыртып тастадым ба деп сескеніп, қолымды босата қойдым.

— Отырыңыз, отырыңыз,— деді ол маған қарсыдағы орындықты көрсетіп. Қарай қалыппын. Қарай қалған себебім, түрегеліп қол беруі. Ол маған оғаш көрінді.

Ол кісінің қалжыңқойлығы ма, студентке бірінші кездескенде жасайтын келекесі ме деп те ойладым. Ірі ғалымдардың бойында диюаналық мінездер көп болады деп естіген мен, профессорға бірінші рет кездескенде, ойламаған, күтпеген жайттарға жолығуым мүмкін деп ойлаушы едім. Профессор деп аталатын үлкен ғалыммен бұл шынында да, бірінші рет кездескенім еді. Бізге лекцияны физиканың профессоры, сонансоң химияның профессоры оқыған еді. Олар, біздің алдымызда доцент күйінде ғана сабақ беріп, кейін профессор болған-тын. Профессор, әрі ғылым докторы, әрі республика Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі сияқты тағы бірнеше қол жетпейтін атақтары бар адаммен менің сөйлесіп отыруымның өзі бірінші рет еді. Осындай адамның меніменен кәдімгі өзіміз сияқты сөйлесуіне күмәнданбай қайтейін! Мұндай адамға тек алыстан сәлем беріп, айтқанын арадағы кіші мұғалімдер арқылы ғана тыңдап ұғынудың орнына, жанына отырып алып сөйлесудің өзі түс көрген сияқты еді. Мен мұндай дәрежеге жеттім деп жүргем жоқ. Бірақ бұл кісінің не жүзінде, не көз қарасында, не отырған отырысында мені кемсінерліктей бір де бір белгі таба алмадым. Ол асықпай сіріңкесін жақты да, көзін сығырайтыңқырап еңкейіп, шылымын тұтатып, креслосына қайтадан жай-барақат шалқалады. Сәл күлімсіреген сұрғылт көздерінде жылылық байқалып тұр. Мына қабақ түйілмейтін де шығар, мына көздер қатаң қарауды білмейтін де шығар деп ойладым мен. Майысқан ұзын саусақтарының арасындағы ұзын папиростан ұшқан көк түтіннің өзі ақсақалдың отырысына бір әсемдік беріп тұрған сияқты көрінді. Айналадағы шылым тартатын жолдастарымның аузына тиіп көрмеген «Қазбек» папиросын маған да ұсынығысы келді-ау деймін.

«Шылым тартпайсыз ба?»— деп сұрап алды. Ақыры, мен, оқыған әдебиеттен білгенімді, өмірден көргенімді барынша бойыма шақырып, шын мәніндегі мәдениетті оқыған адамдардың бәрі де осындай менмендікті білмейтін кішіпейіл болатынын есіме алып, бағанағыдан бері таңырқауымда ешбір себеп жоқ екенін де ұғына бастадым. Менің не ойлап отырғанымда жұмысы жоқ Владимир Фридрихович мынаны айтты:

— Сіз енді өзіңізді маман етіп шығаратын кафедраға келдіңіз. Енді сізбен кафедрада қандай сабақ оқып, не істейтініңіз жөнінде ақылдасып алуымыз керек. Тіпті дип-

ломдық жұмысыңыздың да тақырыбын қазір анықтап алғанымыз жөн. Алдымызда әлі екі жыл болса да, уақыт тез өтіп жатыр ғой.

Ол менен өткен үш жыл бойында қалай оқып, немен әуестенгенімді сұрай бастады. Оның іштен шыққан жуандау қоңырқай дауысы адамды бүкпесіз ашық сөйлеуге тартып тұрады екен. Бұл дауыста бұдан үш жыл бұрын бірінші рет тыңдағанымдағыдай сықырлап шыққан ұнамсыз жарықшақты таба алмадым. Ондай дауыспен профессор сөйлеп көрмегенін ұғынып, мен өзімнің сондағы қатеме таң қалып отырдым.

Менің бағаларымда «бес» басым болса да, кейде «үш» те болып қалушы еді. Профессорге осының себебін түсіндіргім келіп отырды. Өзімді өзім ақтамай, жағдайдың солай болғанын, оныншы класты сырттан бітіргенімді, оның үстіне арасында көлденең нәрселермен әуестенгенімді, сондықтан кейбір сабақты үштен артыққа шынында да, білмегенімді айтуды жөн көрдім. Келген бетте документтерімді университеттің тарих факультетіне бергенмін де. Иван Антонович сияқты тарихшы болу, сол бесінші клас-тан бастап менің арманым болатын. Документімді беріп, экзаменге дайындала бастадым да, бір күні осы институтқа түспекші болып жүрген жолдасыма келдім. Стипендиясы университеттегіден тіпті екі есеге жақын жоғары екенін, оның үстіне институт бағынатын министрлік студенттерге тамақ жөнінде аздап көмектесіп тұратынын айтты. Семья жағдайына осы лайықты болған соң документтерімді университеттен алдым да, институттың қабылдау комиссиясына әкеліп тапсырдым.

Мен осы арада, ардақты жазушы інім, сол күні Владимир Фридриховичке айтқан әңгіменің тек ұзын ырғасын ғана келтіріп отырмын. Мен ұзақ айтсам керек, бір сағаттан артық отырыппын. Сірә, ол кезде профессордың уақытының аз екендігінде, жалпы уақытты үнемдеу керек екендігінде ешбір жұмысым жоқ мен, профессор өзімді жақсылап тыңдап отырған соң, мылжындап соға берсем керек. Уақытты өлшей білмейтін ауылдық әдеттен әлі айырылмаған кезім ғой. Бірақ профессор мені асықпай тыңдады. Мен сөзімді аяқтаған кезде, сәл жымияп, ойланып отырды да былай деді:

— Сонымен бір қасық ботқаға сатылдым десеңізші. Өмір мен тіршілікте мұндай жағдайлар көп болған. Өмірді көрген адамға, жігітім, бұл айтқаныңыз жаңалық емес.

Баяғы бір алыс замандарда осындай жағдай менің басымда да болды. Мен осыны өзімнің ұстазым, атақты химик Павел Павлович Федотьевке айтқанымда, ол маған: «Маңдайға басып қойған мамандық жоқ, жеңеді қайрат пен жігер бәрін»,— деп тақпақтап еді. Ол кісі кейде өлең де шығаратын, не өзінің өлеңі екенін, не басқа ақынның өлеңі екенін әлі күні тапқам жоқ. Бірақ осы сөздермен жігерің мен қайратыңды толығынан пайдалан деп үйреткенін ұғындым. Мен, Мәжит Мұқанович, ұстазымның осы сөздерін айтып отырған себебім, сіздің өзіңізге өзіңіз сын көзбен қарауыңыз маған ұнады. Адам өз кемшілігін өзі білсе бір ғанибет қой. Амал нешік, кейбір жігіттермен сөйлескенде: «Қалай оқисың?» десе, «Жап-жақсы»,— дейді. Сол жап-жақсының ар жағы не екен деп зачеткасына үңілсең, ішінде көбіне үш болады, төрт пен бес әр жерінде әзер бұлдырайды.

Содан кейін: «Өткен үш жылда ғылыми үйірмелерде болдыңыз ба, қандай тақырыпта ғылыми жұмыспен айналыстыңыз?»— деп сұрады. Мен: «Ондайды білгем жоқ, маған ондай тапсырманы ешкім беріп көрген жоқ»,— деп тура айттым. Ұстазым жымып қана қойды. Бұл жымыстың арғы тегін мен ол жолы түсінбеген едім. Қазір ойласам, ұстазым жобасы тек жоғарыдан берілген тапсырманы ғана орындап тіршілік ететін адамдардың осылай өсетінін есіне алып жымыды-ау деймін. Әңгімеміз аяқталарында, ол столынан бір кішкентай кітапшаны шығарды да, үлкен оқымыстының атын атап, бұл сол кісінің докторлық диссертациясы деді. Маған сол кітапшаны мұқият оқып, мазмұнын конспектілеп, кейін, күзге қарай, оқығанда қандай ой, қандай пікір туғанын айтып беруімді өтінді. Ол, әңгіме біткенін білдіріп, түрегелді. Ұстазым сәл бүкір екен, бірақ үстіндегі кең костюмы осы кемшіліктің өзін әсемдікке айналдырған сияқты көрінді.

Профессордан шыққанымда, сыртта әріптес жолдастарым күтіп тұр екен. Менен кейінгі кезекте Ваня Стальнов болатын. Бірақ ол өз кезегін қара торы, сұлу қыз Нина Оноприенкоға ұсынды. Ванядан мұндай кеңдік күтпеген Нина, танданып, қалың қара қасын жоғары бір көтеріп қалды да, ішке кіріп кетті. Нинаның тандануында да бір себеп бар еді. Жуантық, кішкентай Ваня Стальнов есепсіз іс істейтін жігіт емес-ті. Ол профессормен осы маңғы бірінші кездесуіміздің болашағымыз үшін үлкен маңызы бар екенін біліп алған-ды. Менің профессормен

ұзақ сөйлескенімді және қуанып шыққанымды байқап қалған ол, Нинаға әдейілеп жол беріпті. Профессормен қалай сөйлескенімді, мені қалай қабылдағанын нықтап біліп алып, өзін ұстазға жақсы тұрғыдан көрсету үшін дайындалып бармақ екен. Шынымды айтайын, есепсіз тебіреністі білмейтін осы Ваня Стальнов сияқты адамға, мен профессормен сөйлескенімнің егжей-тегжейін айтқым да келмеді және асығыс та едім. Кенедей жабысқан Стальновтан әзер құтылып кетіп бара жаттым да, профессордың берген кітабын көрсетіп: «Маған бұл кітапты Владимир Фридрихович сыйлыққа ұсынды!»— деп айтып қалдым. Кітапшаны профессор: «Жақсы оқып, сақтап қайтып бер»,— деген еді, бірақ Стальновқа әдейі айттым. Стальновтың сығырайған көзінен қызғаныш оты тұтана қалды. Маған да сол керек еді. Кетіп бара жатып, мынаны қостым. «Егер шылым тартқан болсам, бұдан да ұзақ әңгімелесетін түрім бар еді. Қызық адам екен, маған «Қазбегін» ұсынды. Ұсынған кезде ақымақ болып, тартпай қалып жүрме. Ал да тарт. Біріншіден, ондай папиросты сен аузыңа алғанша көп уақыт бар, екіншіден, шылым тартқан кісіні, тіпті, ұнататын көрінеді».

Ардақты жаушы інім, әңгімеге осы Ваня Стальновқа байланысты эпизодты қоса салғанымды кешіріңіз. Бұл эпизод жалпы баяндаудың барысына ешбір жаңалық әкелмесе де, мен шыға бергенде осы Ваня Стальновпен кездеспесем, профессормен сол күнгі сөйлескенімді мүмкін осындай егжей-тегжейлі етіп есіме қалдырмас па едім, қайтер едім...

Төртінші курста Пеннердің кафедрасын біз мүлдем жайлап алдық. Уақытымыздың көбін лабораториялық жұмыспен айналысып, сол кафедрада өткізетін болдық. Лабораториямыз жердің деңгейінен төменірек қазылып жасалған жартылай подвал еді. Одан жоғары профессордың кабинетіне шығатын тік саты болатын. Профессордың кабинетіне жоғарыдағы лабораторияға әр түрлі керек-жаракты алып келу үшін жиі барып тұратынбыз. Біз енді біріншідегідей ұзақ әңгімелеспесек те, профессормен кездесіп тұратын болдық. Оның лабораторияда әрбіріміздің жанымызға келіп, істеп жатқан жұмысымызды сұрап қоятын әдеті бар-ды. Осындай әдетін бірден жақсы көрсек, екінші жағынан қорқақтайтынбыз. Жаныңа келіп сұрастыра бастағанда, нақтылы жауап беру керек еді. Оған жауап беру үшін әрбіріміздің дайындығымыз

ойдағыдай бола қоймайтын. Дегенмен, лабораториялық жұмысты біз мейлінше қызыға істеуші едік. Себебі, бұл жұмыстар бұрынғы алдын ала жазып қойған ережедей бұлжымай істейтін лабораториялық жұмыстарға ұқсамайтын: әрбіріміз өз ақылымызбен, өз ойымызды кірістіріп істейтінбіз. Сондықтан шығар, әйтеуір бізге өз істеріміз өзгеше маңызы бар ғылыми жұмыс болып көрінетін.

Сол жылы бойыма бір ерекше шабыт біткендей, өзіме-өзім сене де бастағанмын. Тұрмыстың өзі де жақсарған еді. Жадаушылық кете бастаған-ды. Маған сол жылы шабыттанбауға да болмайтын сияқты еді. Өйткені өткен жазда өзім өмірі көрмеген табыс таптым да, ауылға келіп, қайтарыма ақша іздеу түгіл, үй ішіне недәуір киім-кешек, дүние алып беріп кеттім. Оның үстіне шөп шауып, отын басып беріп үлгердім. Мен бұрынғы жылдарда да үйіме осылай қолғабыс беретінмін. Осы жылы бәрі жеңіл, оңай қолға түскен сияқты. Анамның осы жолы бірінші рет студент баласына тамақтың жақсысын өзге балаларынан үнемдеп, бөліп бергенін көргем жоқ. Бірінші рет үй-іші болып жазғытұрым масақ терген хикаяларын естігем жоқ. Оның үстіне төртінші курс дегеніңіз төртінші курс қой. Инженерлік диплом мен мол табысқа бір-ақ адым қалған жоқ па?

Сол лабораторияда жұмыс істеген күндердің бірінде, біз таңертең бірімізді-біріміз қалжың етіп жұмысқа кіріскен едік. Жоғарыдағы профессордың кабинетінің алдына баруға маған кезек келді. Кезекпен профессордың алдына барарлықтай ешбір жұмысымыз болмайтын, бірақ біздің арамызда Нульман деген әріптесіміз болатын. Бұл жолдасымыздың өз жұмысы барысының әрбір өзгешелігін, әрбір лабораториялық тәжірибесінің егжей-тегжейін профессорға барып айтып тұратын әдеті болатын-ды. Өз жұмысының барысын профессор тындап тұрарлықтай маңызды деп ұғынған ол, үлкен ғалыммен ақылдасып тұрмаса, әлдебір ғылыми жаңалықты байқамай қалам ба деп қорықса керек. Өйткені Нульман үлкен жаңалықтар әрбір тәжірибені зер сала істесе ашылатынын есіне мықтап сақтайтын еді. Лабораторияда алты кісі жұмыс істейтінбіз, сондықтан Нульман профессорға қарай көтерілген кезде, қалған бесеуіміз кезекпенен соңынан көтерілетінбіз. Нульман өз жұмысының өзгешеліктерін бізге дәріптеп айта бастайтын. Біз таңданып, «Мұнда шынында да, бір жаңалық болуы мүмкін»,— деп қостап қоятынбыз. Бізден осындай

демеу алған ол, дереу жоғары қарай апаратын сатыны екі-ақ аттап профессордың жанына жетіп баратын. Ешкімнің көңілін қалдыруды білмейтін әдепті профессор Нульманды көргеннен-ақ тыжырана бастайтын. Ұстазының ұнатқан-ұнатпағанында жұмысы жоқ Нульман Владимир Фридриховичке өзінің тұспаларын сыпырта айта бастайтын. Бізді мейлінше қызықтыратын осы көрініс. Бұл жолы жартылай ашық есіктен профессордың жалғыз тұрғанын көрген Нульман тура жетіп барды. Кішкентай лабораториялық ыдыстың ішіндегі затты шыны шыбықпен лапардай қолымен қопарыстырып тұрып, профессорге тәжірибе үстінде бір түсініксіз құбылыстарды байқағанын айта бастады. Сөйлескен кезде қолын артына ұстап, сәл шайқалып тұратын әдеті бар Владимир Фридрихович бұл жолы тік тұра қалып, екі қолын бос жіберді де, жан-жағына қарай бастады. Күтіп тұрған мені көргенде, ол қуанып кетті-ау деймін. Нульман бірден айтқысы келгенін аңғармағандай тура маған көзін тіге қалды. Біздің жолдасымыз әрі қарай сөзін жалғастыра беруге батылы бармай шығып кетті. Профессор Нульманның соңынан басын шайқап, біраз жымнып тұрды да, маған қарады:

— Мәжит Мұқанович, бүгін кешкі сағат сегіз шама-сында сіз маған соғып кетпейсіз бе?

Мен бұған не дерімді білмей, тұрып қалдым. «Жарайды, келемін!»— деп айтуға да бата алмай тұрдым. Менің осылай сасқалақтауымды Владимир Фридрихович өзінше түсінсе керек:

— Уақытыңыз жоқ па? Онда басқа уақытта келіңіз.

— Жоқ, жоқ, о не дегеніңіз, келемін...— Ол біздің профессорлар тұратын белгілі бір үйдің номерін айтып, өзінің пәтерінің номерін жазып берді. Бұл үйді біз білетін-біз, астында сабақ өткен лаборатория болатын.

Ардақты жазушы інім, профессордың мені неге шақырғанын біле алмай көп ойландым. Менімен сөйлескісі келсе, жұмыста да уақыты мен мүмкіншілігі бар еді ғой. Мен оның шақырғанына іштей қуанып, недәуір мардымсып қалсам да, профессордың жайға шақырмағанын біліп, онымен әңгімелесуге дайындалуды да ойладым. Не жөнінде әңгіме болатынын білмесем, қалай дайындалуым керек. Барымды киініп, мұнтазданып, тазаланып, айтылмаш уақытында профессордың есігін қақтым. Есікті өзі ашты да, недәуір ұзын дәлізбен үлкен бір бөлмеге апарды. Үлкен үйдегі пәтерде болуым бірінші рет еді. Профессордың

үйінде бір жақ қабырғасы төбесіне дейін толған кітап екен. Жеке басында осыншама кітабы бар кісінің үйінде бұл бірінші болуым. Профессордың семьясы қандай екенін білмейтінмін. Сол күні мені әдейілеп үйде өзінен басқа ешкім жоқта шақырды ма деп ойладым.

— Ал, Мәжит Мұқанович, мен кешкі асты ішкен жоқ едім, екеулеп отырып, аздап тамақтанып алайық. Тамақтан кейін қазақшалап шай ішейік. Менің Қазақстанға келгеніме недәуір уақыт өтті, бос дастарқанның басында әңгіме құрудың қызық емес екенін білемін.

Профессор кітапқа толы қабырғаға барды, мен соңынан ердім. Ол көп кітаптың арасынан бір қалыңын шығарды да, маған ұсынды. Соғыстан бұрын Ленинградта шыққан, бір улы газдың химиясы мен технологиясына арналған кітап екен. Мұқабаның жоғарғы жағына қарасам, ұстазымның фамилиясы тұр. Мен мұндай қалың кітап авторының жанында бірінші рет тұрғанымды сезіндім. Содан кейін профессор өзі жазған тағы бірнеше кішірек кітаптарды көрсетті.

Бұл арада, ардақты жазушы інім, мынаны ескерте кеткім келеді. Мен Владимир Фридриховичтың кітаптарын ұстап, профессордың маған сол кітаптарды көрсеткені үшін мардымсып қуанып тұрдым. Бірақ бұл кітаптар туралы менің ешбір мәліметім жоқ екенін ол бірден сезген де шығар деймін. Біз оқыған оқулықтарда профессордың кітаптары аталып отырады екен. Мұғалімдердің лекциядан айтқанын мықтап жазып алуға машықтанып алған мен оқулықтарға жөнді қарамайтынмын. Сондықтан профессорымның мұндай еңбектерінің бар екенін білмейді екенмін. Жақсы студент болсам білуге тиісті едім ғой. Мен осыған кейін ұялдым, ол күні ойымда ештеңе де болған жоқ.

Бұдан кейін Владимир Фридрихович бір қалың папканы шығарды да, өзінің әдемі тік жазуымен көп қағазды көрсетті. Ол үй иесінің айтуы бойынша, жаңа кітаптың қолжазбасы екен. Осы қолжазбамен айналысқалы сегіз жыл болыпты. Профессордың айтуында сегіз жылдың ешбір ұзақтығы жоқ сияқты. Ал мен елге барғанда ғой, ауылдағылар — бес жыл деген не деген ұзақ оқу, жарты өмірің кетеді деп есіркейтін.

Владимир Фридрихович өзінің ғылыми еңбектерін баяндай келіп, өмірбаянына көшті. Ол институтты Ленинградта азамат соғысы кезінде бітіріпті де, ғылыми қызметкер болып

Совет өкіметі орнағаннан кейінгі бірінші онжылдықта қалыптасыпты. Оның өзінің туған семьясының да, маңайындағы жақындарының да тіршілігі негізінен ғылыми қызметке байланысты екен. Ол Ленинградтағы ғылыми мекемелердің, жоғарғы оқу орындарының ашылу тарихын егжей-тегжейін біледі екен. Талай үлкен ғылыми қайраткерлермен қызметтес те, сырлас, жақын да болған көрінеді. Ол өзінің студенттік кезінде, бұдан кейін ғылыми қызметтегі бастапқы жылдарда көрген қиыншылықтарын айтты. Қазақстанға қалыптасқан үлкен ғылыми қызметкер болғаннан кейін келіпті де, қазіргі басқарған кафедрасын өзі ұйымдастырыпты. Кафедра мен оның лабораторияларын ұйымдастыру Ленинградтағыдан анағұрлым қиын екенін, түк жоқ жерде қайдағы бір болмашы уақ заттың қиын-қыстау кедергі болатынын баяндады. Бірақ қандай қиын болса да, дайынға келгеннен гөрі, өз қолыңмен құрап жасаған көп артық екен. Осыдан кейін біздің халқымыздың республика ғылымының өсіп, өрлеуіне ойдағыдай пәрменді ықпал жасап жатқан кейбір қайраткерлерін атап өтті. Оларды мейлінше бір қуанышты, тебіреністі жылылықпен атады. Әсіресе, Академиямыздың президенті академик-геологтың ғылыми ұйымдастырушылық қабілеті мен жан-жақты білімділігіне қайран қалатынын айтты.

Владимир Фридриховичті осылай тыңдап отырып, тағдыры қатардағылар болмысынан өзгеше асқақ құрылған адамдарды, кәдімгі өз арамыздағы пенделер сияқты сипаттап беруге хұқы мен мүмкіншілігі бар адамның жанында отырғанымға таң қалдым. Осы Владимир Фридрихович арқылы мен, өмірде бір де бір өзімнен басқаға пайдалы іс істемесем де, сол үлкен адамдарға қатысты болып, солардың ықпалынан шабыт алып отырған сияқты болдым.

— Мәжит Мұқанович, — деді профессорым шылымын сөндіріп, аз кідіріп ойланып. — Мен сізді өзімді дәріптеп беру үшін шақырған жоқпын. Бұл үлкен сөзге кіріспе ғана. Мен сіздің халқыңыздың ғылымдағы үлкен адамдарын атадым ғой. Байқадыңыз ба, солардың ең ересегінің жасы менен үлкен емес сияқты. Осылардың өзі де аз ғой. Олардың бәрін білемін, саусақпен санап та беруіме болады. Енді ойлаңызшы: өзіміздің ұлттық Академиямыз бар, жаңа жоғары оқу орындары ашылып жатыр, партиямыз әрбір республикада ұлттық ғылымның дәуірлеп өсуін мықтап қамқорлығына алып отыр. Осыған байланысты республикамызда ұлттық ғылыми кадрлар өсуіне біз белсене

қатысуымыз керек. Мысалы, ғылымның мен қызмет ететін саласында бұл жөнінде әлі жетістіктеріміз аз, қиыншылықтар көп, бірінші қиыншылық, әркімге сен ғылыми қызметкер бола аласың деп айта алмайсың. Өйткені ғылыми қызметкердің бойында аз да болса, табиғи дарындылық дегеннен бірдеңе болу керек. Мен осылай деп, түсінбеген нәрсеге, түсінуге күштарлықты, соны түсінсем деп тынышсыздана беруді айтамын. Екіншіден, ғылыми қызметкер мейлінше ерінбейтін еңбекқор болу керек, онсыз ғылыми жеміс күту қиын. Басқа қызметте де солай шығар. Тек ұлы ғалымдар өзінің бар болмысын ғылымға құрбан ететінін біліп қана қоймай, қатардағы ғалымдар да қызметті көп істеуі қажет. Дүниеде еш нәрсе қолға оп-оңай түспейді. Тағы бір қиыншылық бар. Мысалы, бойында нәрі бар деп кейбір жаспен сөйлессең, мен енді табыс табуым керек, оқуымды оқимын деп қаншама аш-жалаңаш жүре берем дейтіні бар. Осыған қарағанда, ғылымның маңызын жастар әлі онша түсінбеген бе деймін. Ал, шынына келсек, бүгін ғылымға болмашы бір себептермен бармаған жастар, ертең «қолымды мезгілімнен кеш сермедім» деп, Абай айтқандай, өкінеді. Өйткені ғылым біздің ендігі өмірімізде ерекше орын алмақ. Мен былтырғы жылы бір жас жігітті үгіттеп, өзіме аспирантураға алған едім. Бұл өте қабілетті жас. Бірақ амал нешік, бойында күнделікті, дамылсыз, табанды еңбекке әдеті жоқ. Кейде күні-түні лабораторияда болады да, кейде мүлдем жоғалып кетеді. Жуықта мен ғылыми қызметті көңіл түскенде ғана емес, күнделікті дамылсыз істеу керек деп ескерткен едім, ол маған: «Қайтейін, ондай еңбеккерлік қаныма қонбаған ғой, аруақтар тау мен даланы кезіп қайт», — деп шақырып тұрады деп қалжыңдады. Бірақ осы қалжыңда бір шындық бар ма деймін. Әрине, сіздің халықта ғылыми еңбекке деген қалыптасқан дәстүр жоқ. Бұл өзі сіздер үшін еңбектің жаңа түрі ғой. Мен өзім ата тегімнен ғылыми еңбекпен айналысқан семьяда тудым. Менің аруақтарым дала мен тауды кез деп шақырмайтын аруақтар. Мен осының бәрін түсінемін. Дегенмен, біліміміз бен тәжірибемізді шын көңілімізбен үзбей игерсек деп, армандағаным ғой. — Профессор маған сәл мұнайып қарады да, жобасы, сөзін аяқтағысы келді-ау деймін, былай деді. — Осының бәрін сізге не үшін айтып отырмын? Осының себебін аңғардыңыз ба? Мен сізден аспирантурада қалуыңызды өтіңгім келіп отыр ғой. Бұған қалай қарайсыз? .

Мен бұған қалай қараушы едім. Бұл жөнінде ешбір ойлап көргем жоқ. Аспирант дегендердің барын білетінмін. Олар әлденені іздеп, емініп жүретін адамдар деп қалжып ететінбіз. Тіпті университеттің екі аспирантын елтеп танытынмын. Олар едәуір ересек адамдар болатын. Жатақханада екі кісілік бөлмені жайлайтындығынан ба, студенттен тамағы тоқтығынан ба, әлде ересектігінен бе, әйтеуір мардымсып, бізбен онша араласа қоймайтын. Төмендегі Владимир Фридриховичтің кабинетінің астындағы жартылай подвалда менен екі жас үлкен, маңдайы қасқалана бастаған бір жігіт дамылсыз бірдемені күйдіріп жататынын көретінбіз. Бұл профессордың аспиранты екенін естігенбіз. Сол адамдардың тіршілігіне мен онша қызыққам жоқ. Аспиранттардың ғылыми табыстары жөнінде хикаяларды естімеген едім. Ал, тұрмыстары студенттік тұрмыстан ілкім-ақ жоғары болатын-ды.

Менің ойлана қалғанымды байқаған профессор бөлмеден шығып кетті. Дәл сол отырғанда сезбесем де, кейін менің ойланғанымды байқап шығып кеткеніне түсініп, риза болғанмын. Ойланбау да қиын еді. Бұл маған кенет жасалған ұсыныс. Бұрынғы көп ойлап, армандап жоспарлағанымның бәрі қирайтын сияқты. Ғылыми жұмыстағы Владимир Фридрихович айтқандай, асқақ келешекке сенбей де болмайтын. Бірақ мұндай келешектің маған қатысы жоқ сияқты еді. Менің бойымда болашақ үлкен ғалым отыр деу қиын-ақ. Өйткені Владимир Фридрихович менімен бірінші рет кездескенде, маған берген кітапшаның мазмұнына байланысты жасаған бірінші ғылыми еңбегім мені қатты ұялтты. Кітапты оқып шыққаннан кейін, бәрін жақсы түсіндім деп ойлап, сол кітаптың кейбір кемшіліктеріне шұқшиғанмын. Сол кемшіліктердің шынайылығына әбден сенген мен, өз рефератымда кітапшаны білгіштігімді сездіріп, мейлінше сынап баққам. Менің осы ғылыми еңбегіме рецензия берген доцент Гулах: «Студент Нұрбаев өз еңбегінде ғылыми әдебиетті оқи алатынын, оқығанда сын көзбен қарайтынын көрсеткен»,— деп жазыпты. Бірақ студент Нұрбаев болашақта өзі сынаған еңбектерге зер салып, соған байланысты басқа әдебиеттерді оқи түсуі керек. Өз еңбегінде, бұл кемшіліктерді игермегенінің арқасында, еңбектің авторы өз тұспалы мен өз түсінігін ғана сынап отыр. Ал оқыған кітабының шын мағынасын сынай алмаған. Сонда да, студент Нұрбаев әп-әдемі еңбектенген»,— деп аяқтапты. Осылай мені мейлінше аяп жазған

рецензияны оқығанда, әрі ұялып, әрі ренжігенім сондай, бұл маған лайықты жұмыс емес екен, оқығанымды нықтап түсіне алмай жатсам, мен жаңалықты қайдан таппақпын деген тұжырымға келгем. Осыдан кейін мен ғылыми жұмыста боламын деп армандамағанымға қуанған едім. Бұл тіршіліктің бұрылыстары қызық қой, енді, міне, ардақты профессорым маған аспирантурада қал деп өтініш айтып отыр. Бұл өтінішін менің тастамайтыныма сенгені ғой деп те ойладым. Сенбесе маған былтырғы жылы алған аспирантым сияқты қызметті әлдеқалай істемей, табанды бол деп неге үйретеді. Профессор, әрине, бұл әңгіменің алдында мен туралы мәліметтерді кафедра басшылары мен мұғалімдерден жинап алған ғой.

Ұстазым біраздан соң қайтып жаныма келгенде: «Сіздің көрегендігіңізге сенбеуге бола ма? Сіз не айтсаңыз соны істеймін» — деуге дайын отырдым.

Ардақты жазушы інім, оқыстан пікірім өзгере қалатын жеңілтек адам болғанымды байқап та қалған шығарсыз. Әлгі сөздерді Владимир Фридриховичке айтсам да, аспирантурада қалып, ғылыми жұмыспен айналысатыныма сол жолы сенген жоқпын. Жылдап армандаған ой Владимир Фридрихович үйінде отырып, біраз әңгімелескеннен кейін өзгере қалады деп кім айтар. Әрбір болмашы тебіреністен жеңіл қорытынды жасап, кейін өтірік болып шықса да, сол жеңіл қорытындыны айта салатын әдетім бар-тын. Профессордың үйінен шыққаннан соң, осындай ардақты, сыйлы адамға жалған айта салғанымды, енді сол жалғаннан қалай ақталып шығарымды ойлай бастадым. Профессор ғой, ертең-ақ факультет пен институт басшыларына менен аспирантурада қалам деген уәде алдым деп айтады. Осыны ойлағанда терлеп те кеттім. Бірақ жатақханаға жақындаған сайын бойымды бір мардамшылық пен қуаныш билеген сияқты болды. Күллі курстан профессор жалғыз мені ғана үйіне шақырды ғой. Олай болса, шынын айтса, бір адамның қолынан келген, екінші адамның да қолынан келмек. Алға мақсат қойып, жігеріңді сол мақсаттың жолына жұмсасаң, дегенге жетуге болатын да шығар. Владимир Фридрихович әдемі көркем сөздермен даналық ақыл айтқан жоқ па. Осы бағытта ойланғанмен, дәл мен сияқты басы жұмыр пендеге профессор болам, ғылым докторы болам деп ұмтылудың керегі де жоқ шығар, ғылым кандидаты, доцент болса жетпей ме деп те тұжырымдадым.

Ардақты жазушы інім, төртінші курс өте тез өтті. Осы курста бізге Пеннер өз лекцияларын оқыды. Тамаша оқыды. Ол аудиторияға асықпай, ақырын басып кіретін де, тек папкасын ашып, қағазын жайғанша ғана мінбеде тұратын. Содан кейін кафедрадан түсіп, сол қолын артына ұстап, бор ұстаған оң қолын көтеріп, анда-санда сөздерін демеп қойып айта бастайтын. Ұзын тақтаның бойымен ерсілік-қарсылы ақырын жүріп отырып, бейтаныс терминдер мен аттарды, теңеулер мен схемаларды жазу үшін ғана тоқтайды. Ол ғылыми тұжырымдар мен ұғымдарды әдемі, қысқа, анық құралған, бір де бір бөгде артық сөздері жоқ сөйлемдермен түсіндіреді дейсің. Лекцияларында тұрақталған электр тогының химия мен химиялық технологияда жасайтын талай сиқырлы қызықтарының құпиясын ашып беруші еді. Сол құпиялардың теориялық негізі мейлінше әсем еді. Профессор кейде ғылыми баяндауын үзіп тастап, не өз қара басынан өткен; не өндірістік тәжірибесінде, не ғылымның тарихында болған небір қызғылықты оқиғаларды айтып беретін. Бұл үшін әдетте маңайына жоламайтын кафедраға шығып алатын да, өзінің үлкен мұрынын жоғары бір көтеріп қоятын, сөйткен кезде, жайшылықта көрінбейтін кеңірдегі бері шыға қалатын. Екі-үш минуттың ішінде қызғылықты оқиғаны тартымды етіп айтып беріп, кафедрадан түсіп, сол бұрынғы жайында ғылыми тақырыпты жалғастыра беретінін қайтерсің. Лекторымыздың лекция оқығандағы осы бір өзгешелігін аңғарып алған біз, ол кісі кафедраға шыға бастаған кезде, талған қолымызды ұқалап, қаламымызды қағаздың үстіне тастай салатынбыз. Жобасы, студенттер алдында лекцияны ұзақ оқыған профессор, тақта тұсындағы терең ойлы күйінен босану үшін кафедраға шығуы керек пе екен деп ойлайтынмын.

Владимир Фридриховичтің кабинетінде бұдан кейін мен тағы екі рет ұзақ отырдым. Біріншісінде, дипломдық жұмыстың тақырыбын анықтап, практиканың орнын белгілеп еді, екіншісінде, лекция оқыған сабағынан емтихан тапсырдым. Мен бұл емтиханға, профессор алдында ұятты болам ба деп тынышым кетіп, мейлінше дайындалған едім. Сонда да, билеттегі сұраққа жауап беріп отырып, бір жерде жалған айтып қалдым да, өтіріктің логикасы бөтен жаққа әкетіп бара жатқанын байқап, сасқалақтап тоқтай қалғанмын. Содан кейін, дұрыс жауапты әзер тауып айттым. Профессор шылымын түтіндетіп, ештеңе байқамағандай отыра берді. Жобасы, менің өз

бетіммен дұрыс жолға түскенімді ол ұнатса керек, сәл жымыып қойып, тағы бірнеше қосымша сұрақ берді де, менің жауапты дұрыс қайтарғанымға риза болып, ең жоғары бағаны қойды.

Төртінші курсты бітіріп, кафедраның тапсырмаларын алып, біз диплом алдындағы практиканы өтетін өндіріс кәсіпорындарына тарап кеттік. Практиканы бітіріп, одан кейін жазғы каникулды өткізіп қайтып келгенімізде, Владимир Фридрихович бізден кетіп қалғанын, Украинаның бір жоғарғы оқу орнында бір кафедраның меңгерушісі болып орналасқанын естіп, таң қалдық. Бұл жағдай әсіресе маған түсініксіз болды. Өйткені маған ол біздің институт пен Академияның, республиканың барлық болашағымен арманын тоғыстырған адам сияқты көрінетін еді. Профессордың кетуі біздің институттан мамандарды дайындау ісін бұрынғыдан да жоғарылатуға байланысты деп түсіндірді бізге. Бірақ профессорымыздың сол үшін Украина студенттеріне сабақ беруге кетуінің неге керек екенін онша түсіне алмағанбыз.

Владимир Фридриховичті осыдан кейін көре алмадым. Мен аспирантурада қалсам да, профессор Пеннердің ғылыми ұмтылыстарынан тыс салаларда қызмет істедім де, біздің кездесуімізге айтарлықтай себептер болмады. Бірінші профессорым жөніндегі жылы тебіреніс бойымда мықтап сақталса да, Владимир Фридриховичпен қарым-қатынасты жаңартудың жөнін таппаған едім.

Кейін, Академия ғылыми-зерттеу институтының директорлық қызметіне көшкенімде, Владимир Фридриховичке өзімді есіне салып, қабілеті мол деп танылған бір жас жігітті аспиранттыққа ұсынып, шәкіртікке жібергем. Профессор жас маманды үлкен мейірбандықпен қарсы алып, біздің институттың егжей-тегжейін, ғылыми істерінің барысын сұрапты. Бірақ үлкен ғалыммен осылай басталған қарым-қатынасымыз әрі қарай беки алмады. Оның себебі мынау еді. Атақты профессормен танысып, қуанышы қойнына сыймай келген жас маман Владимир Фридрихович мейлінше кішіпейілділік көрсетіп, өзінің қызмет істейтін институтымен, шұғылданып жатқан ғылыми жұмыстарымен өзі жүріп таныстырды деп, айтып келді. Сол жас маманға берген тақырыбын, жұмысының жоспарын қарағанымда, мен не дерімді білмей қалдым. Бұл тақырып ертеден профессордың бойын билеген бір үлкен қиялдың бөлігі екен. Осы қиялын ғылыми тұрғыдан дәлелдеу Владимир

Фридриховичтің баяғыдан бергі арманы болатын. Профессордың қиялы да, жас аспирантқа берген тақырыбы да қызғылықты екені сөзсіз еді. Алайда тәжірибесіз жас маман мұндай тақырыпты игере алмайтынын, шама келмейтін тақырыптағы жеміссіз талпыныс жас зерттеушінің албырт талабын мұқалтып, әрі-беріден соң бойында ғылыми жұмысқа жиіреніш туғызуы мүмкін. Бірінші ұстазыммен қарым-қатынас жаңартам деп, жас жігіттің обалына қала жаздадым. Бір жағынан үлкен ғалым артқан міндетті орындауға ұмтылған жасқа: сен мұны істемейсің, бұған шамаң келмейді деу де қиын. Жас талапқа Владимир Фридрихович бұл жолы қателескен екен деп түсіндіру де оңай емес. Жас жігітке өзінің бұрынғы істерімен айналыса беруін тілек еттім де, ұстазыма жас жігітті аспирантураға шығаруға әлі мүмкіншілік тумай жатыр, сіздей қадірменді кісінің мейірімі мен білімін біз болашақта пайдаланамыз деп хабар бердім. Ардақты профессормен қарым-қатынас құруда осындай сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, ол кісінің шәкірттерімен, жалпы ғылыми айналасымен таныса бастадым. Өзінің әріптестерінің арасында профессор Пеннердің беделі асқақ екен. Мұндай қадірмендікке ол өзінің әрі ғылыми жетістіктерімен, әрі үлкен адамгершілігімен жетсе керек. Ол үйіне барғанымда көрсеткен қолжазбасын жаңа ғана кітап етіп шығарыпты. Бұл кітабында оқымысты ғылымның өз саласындағы жетістіктердің бәріне терең үңіліп, көптеген жаңа болжаулар айтыпты. Тек болғанды тізуге арналған сансыз монографияларға қарағанда, бұл еңбектің орыны өзгеше деген тұжырымды көп ғалымдардың аузынан естідім. Бірақ ең қызығы өзінің қызғылықты ғылыми қиялдарымен талай адамдарды әуестендіріп, өз шеңберінде қызмет істетсе де, ұстазымның аспирантура арқылы шығарған шәкірттері жоқтың қасы. Ол ол ма, аспирантының біразы бастаған жұмысын аяқтай алмай, кетіп те қалады екен. Кейін ғылыми-ұйымдастыру жұмыста біраз тәжірибе алған мен осының себебін түсінгендей де болдым. Білімі мейлінше мол, іске асыруын арман еткен қиялдарға бойы толы профессор, аспиранттардың қабілетімен, мүмкіншілігімен, лабораториядағы аспаптардың жетістігімен, уақытының өлшеулілігімен онша есептеспейтін секілді. Осының өзі оп-оңай түсінерлік ақиқат болса да, осы ақиқатты ескермеушілік ғылымда недәуір қиыншылықтарға соқтыратыны ғылыми қызметкерлердің көбіне мәлім. Бұған мысалдарды көп келтіруге

болар еді. Атақты профессор Пеннердің бойындағы осы ерекшелікті айтқанымыз жеткілікті де болар. Жобасы бұл профессордың тапсырмаларын ойдағыдай орындайтын шәкірт болғысы келген адамның ғылыми деңгейі, аспирант деңгейінен жоғарырақ болуы дұрыс па деп те ұқтым.

Ардақты профессорымның бейнесіндегі осы бір ерекшелікті байқағанымда, менің ғылыми жолымның сәтті болып құрылғанына қуандым. Өзімді адам етіп шығаратын тек осы кісі ғана деп түсінген мен, ұстазымның институттан кетіп қалғанына қатты ренжігенмін. Профессор Пеннердің шәкірттеріне үлкен тақырыптардың ішкі сырын ашу талабын қоятынын, мұндай талапты атқаруды ол кездегі дайындығым көтермейтінін мен қайдан білейін. Тағдыр мені ардақты ұстазымнан сәтті құтқарыпты. Дегенмен, ғылым жөніндегі қиялдарды менің бойыма дарытқан осы профессор Пеннер еді. Ғылыми қызметтің не екенін бірінші рет түсіндірген осы кісі еді. Ғылым қажырдылық пен табандылықты, дамылсыз еңбекті тілейтінін айтып, бойында осындай қасиеттері бар адамдардың қайсысы болса да ғылыми қызметкер бола алады деп түсіндіреді ол. Ұстазымның сол кезде маған артқан үмітін аз да болса орындағанымға мен әлі күнге қуанып жүрем. Профессор Пеннер жуықта ғана дүниесіз болды. Сондықтан мен, ардақты жазушы інім, осы қадірменді ұстазым туралы айта келе, ол кісімен жазысқан хаттарымнан үзінді келтіре алмай өте алатын емеспін. Докторлық диссертациямды сәтті қорғап шыққаннан кейін, ғылымның осындай үлкен сатысына жетуіме ықпал жасаған адамдарға ризашылығымды білдіруді дұрыс деп таптым. Сонда менің есіме бірінші болып түскен профессор Пеннер болды. Мен ол кісіге былай деп жаздым:

«Ардақты, қадірменді Владимир Фридрихович! Қазақта «келіннің бетін кім ашса сол ыстық» дейтін сөз бар. Орыс тілінде бұл мәтел онша ұйқасты болып естілмейді, бірақ мағынасы мынау. Өз ауылының адамдарынан басқа ешкімді көрмеген (ауылдастар тек еркек жүйесіндегі туыстардан құралады): балалық шағынан әлі шықпаған он төрт-он бес жастағы қызды басқа бір бейтаныс ауылға ұзатады. Бұл ауылда жас келін үлкен-кішінің бәрін сыйлауы, бәрінің айтқанын істеуі тиіс. Бара-бара сол барған жерімен мұны бір, арманы бір болып, сол елге сіңіп, тілегін тілеп кетуі керек. Жас келіншекті осылай тәрбиелеудің өзі қажет те болуы мүмкін, көшпелі тұрмыста ауылдың бар адамы бір тілекте болмаса, әлді болмайды. Міне,

осындай жаңа тұрмысқа үйренудегі қиын-қыстау кезеңде бірінші рет жылы сөйлеген адам оған әрі қымбатты, әрі мейірімді болып көрінеді. Өмір бақи ұмытпайтындай жақыны болып алады.

Мені аспирантурада қал деп үгіттегеніңіз есіңізде бар ма, жоқ па білмеймін. Ол кезде әрі қарай оқып, ғылымда қызмет істеймін деген ой менде болмайтын. Ауылда менің оқуды бітіруімді күткен бес інім мен анам бар еді. Сіз маған, адамның асқа деген тәбеті ішкен сайын келеді деген сияқты, ғылымда қызмет істей бастап, бірінші жемісін көрсеңіз-ақ өзіңіз соңынан қалмайсыз, творчество деп соны айтады деп түсіндірген едіңіз. Сіз ғылыми еңбек өте ауыр еңбек, адамның бар жан-тәнін тілейтін еңбек, оның қиыншылықтарына дайын болу керек деп айтқан едіңіз. Ғылым үшін жанын құрбан еткен адамдар да аз емес дегенсіз. Мен ғылымға жанын құрбан еткен адамдардың қатарына, әрине, жатпаймын. Бірақ диссертация қорғағаннан кейін ғылыми советтің мүшелері бірдей дауыс бергенін естігенімде, жүрегімнің қай жерде екенін бірінші рет анықтадым. Сол жақ қабырғамның ар жағы бірнеше минут бойы қысып-қысып жіберіп, салқын тер бұрқ ете түскенде, мен осы ауылымда мал бағып неге жүрмедім, мал баққан адамның да түнде ұйықтамайтын кездері болса да, ғылыми қызметтегі сияқты дамылсыз өткізген күндер мен түндерден кейін дем ала алмайтын жағдай жоқ қой,— деп ойладым. Мені осындай, ата-бабама бейтаныс қызметке душар еткен, Владимир Фридрихович, сізсіз. Сонда да мені осы қызметке бар деп бірінші рет жол сілтегеніңіз үшін сізге алғыс айтамын».

Владимир Фридрихович осы хатыма жауап ретінде менің ғылыми еңбектерімді мұқият талдап, ақыл айтып, үлкен хат жазыпты. Хатының аяғында былай депті. «Шынын айтсам, менің сол кездегі сөздерім сізден ғылыми қайраткер тууына осындай ықпал еткенін білмеп едім. Бірақ бұған куә өзіңіз болып отырсыз, ол үшін рақмет. Сіздің хатыңыздан маған деген ілтипатыңыз бен сеніміңіз көрініп тұр. Бұған мен, әрине, қуанамын. Бұл жай маған белгілі бір міндет артады. Мен сізге, шамам келгенше, болашақта да пайдалы болуға тырысуым керек. Ғылыми тұрғыдан пайдалы болам деп айта алмаймын. Сіздің көтерілген сатыңыз менен қазір жоғарырақ па деп те ойлаймын және де ғылыми жаңалықты бойына жинап, ұялату жөнінен жастардан қалып бара жатқан қарттың көмегі

қанша болады дейсіз. Мен тек ғылыми қарым-қатынас пен ғылыми болмыстағы тәжірибемнің пайдасы бола ма деп үміттенем. Осы тұрғыдан мынаны айтқым келіп еді. Жай-барақаттыққа көшпеңіз, еңбектеніңіз, еңбектеніңіз, мектеп өсіріңіз. Бар қиялыңыз, бар арманыңыз осыған жұмылсын. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» — деп Абайдың айтқанын білесіз ғой. Осыны мен әдейі айтып отырмын, жас ғылым қайраткерлері, сіздер, өз республикаларыңыздың алдында, өз халқыңыздың алдында өте қадірмендісіздер. Мұны түсінуге де болады. Бұрын ғылыммен айналыспаған халықтарыңыз сіздерді өздерінің жетістігі ретінде қуаныш етеді. Міне, халықтың көрсеткен сый-сияпаты сіздердің бастарыңызды айналдыруы мүмкін. Біртіндеп сатылап ауыр еңбек арқылы өсудің орнына, бірден ырғып өтіп, сыйлылардың арасына барып отыруды арман етіп жүрмесіз деп ойлаймын. Сыйлылардың арасына бірден кіріп кетсеңіз, сіздің бойыңызда ғылымнан тыс толып жатқан міндеттер көбейеді. Сіздердің істеріңіз сыннан тыс болады. Мұның өзі сіздің ғылымда өсуіңізге өзіңіз сыншыл болмасаңыз шын мәнінде өсуден мүлдем тоқырап қаласыз... Шамаңыз келгенше тасада бола тұрыңыз. Көп жұмыс істеңіз, мақалалар, кітаптар жазыңыз. Бойыңызға тағылған, жапсырылған атақтар арқылы ғалым болмаңыз, шын мәніндегі ғалым болыңыз. Атақтардың өзі кейде жапсырыла, тағыла салатынын білеміз ғой. Бұл айтқандарыма сіз өкпелемейсіз деп түсінемін. Болашағы мол ғалым сіздің алдыңызда осындай ақиқатты айту өз міндетім деп түсініп отырмын».

Ұстазымның осы өсиетін ойдағыдай орындағанымға күмәндымын, бірақ осы хатты алғаннан бері ғылыми қызметтегі әрбір адымымда осы сөздер естен шығып көрген жоқ...

## Төртінші хат

### АРДАҚТЫ ЖАЗУШЫ ІНІМ!

Ғылымда шәкірттікті білмейтін, білімнің асқар шыңына ешкімге тәуелді болмай, өз бетімен жететін адамдар бар деседі. Олар ешкімге қарыздар болмағанын, неге жетсе де өз күшіне сүйеніп жеткенін, болашағына өз бетімен жол ашқанын мақтан ететін көрінеді. Бірақ мен ғылымдағы өмірде осындай адамдардың бар екендігіне, амал нешік онша сенбеймін. Патент кеңсесінің бір чиновнигі ғылыми адамдармен ешбір араласпаса да, салыстырмалық теориясын ашыпты. Бұл мысалды, жобасы, жалпыға телуге болмас, біріншіден, сол чиновниктің аты Эйнштейн де, екіншіден, қазіргі ғылыми-техникалық революцияның барысы мен жеделдігі сондай қазіргі мезгілде бірімен-бірі қызметтес болмай, топтаспай, ғылыми мәселелерді бірігіп шешуге ұмтылмай, жемісті іс атқара алмайтын сияқты. Әрбір табысына өз бетімен жеттім деп жүретін, ғылымдағы өз ерекшелігін лепіре сипаттайтын менің бірнеше әріптестерім бар. Кей жолдастарымның осы бір мінездері «опасыздық» деген қасиетпен барып тоғыса ма деген күдігім мол. Әрине, әрбір адамның әсіресе жас кезінде өз қабілетін, өз жетістіктерін артықтау бағалайтын кезі болады. Мұндай артық бағалаушылық, шынын айтса, өмірінде өсуіне ықпал жасаған адамдардың жақсылығын кемітуден байланысты болса керек. Бір жақсысы, осындай артық бағалаушылық есейе келе адамның бойынан кете бастайды да, тек өзін-өзі алдап өмір сүруге ынтызар кейбір адамдардың бойында ғана қалады. Өз ісіме мардамсынушылық менің бойымда да болған, бірақ осы бір балалық қасиет түгелімен кетпесе де, қазір әйтеуір, негізінен кетті ме деп ойлаймын. Өйткені қызмет бабын әңгіме қылған кезде, сол қызметтегі өз істерімді, ойларымды көтеріңкіреп айтуға құштарым кеміпті. Сондықтан да, қазіргі уақытта ғылымдағы өмірімді саралай бастасам, ардақты ұстазым Дмитрий Викторович Дьячковтың бейнесі есіме түседі де, түскен сайын бойымда бір ерекше жылы тебіреніс туғызып отырады. Сол кісінің менің ғылым жолында игі қадам жасауыма тигізген ықпалы мен жақсылығын көңілдегідей көрікті етіп айтып бере алмаймын ба деп те ойлаймын.

Профессор Пеннердің біздің кафедрадан кеткеніне

Әбден ренжігенімді сізге, ардақты жазушы інім, жазып едім ғой. Бір күні Владимир Фридриховичтің үлкен столының басында қолдарын уқалап, жан-жағына жұрттың бәрінен ұялғандай көз тастап, профессор Дьячковтың отырғанын көрдік. Мен жоғарыда бізге өзінің лекцияларын доцент күнінде оқып, сонан соң профессор болған бір химик ұстазымды айтып едім ғой. Сол профессор химик осы кісі еді. Профессор Пеннердің орнын осы кісі алады деп біз ойламаған едік. Химияның теориясын оқитын бұл кісіні техникалық мәселелерден алыс адам деп есептейтінбіз де, инженерлер шығаратын кафедраға басшылық етеді деп ұйғармайтынбыз. Дмитрий Викторович бізге өз лекцияларын жетісінде екі-үш реттен бір жарым жыл бойы оқыған-ды. Сондықтан, біз профессорға жақын болмасак та жиі көргендіктен, әбден көз қанық болып алғанбыз. Бұл кісі кафедраға, әлі қарттықтан алыс болса да (ол кезде қырықтан аспаған кезі де), қарт сияқты аяғын кібіртіктей басып, бүкендеп жететін де, сыбырлағандай бәсең дауыспен лекциясын оқи бастайтын. Ұзын бойлы, толық келген Дмитрий Викторовичтің сырт бейнесі сымбатты болса да, осы бір қартайған адамдай тыпырлай басып жүргені, шет қақпай болып өскен жетім балаша әлдебір неден сескенгендей ақырын сөйлегені, оны қызметі мен жағдайына сай пайымдылық пен қомақтылықтан ада еткен сияқты еді. Лекторымыздың лекциядағы осындай өзгешеліктеріне наразыланған бір шамамыз келгенше мұқият тыңдап жазып алып, сол жазғандарымызды оқулықтармен әдейі салыстырып та көргенбіз. Салыстырғанда байқағанымыз бізді әбден таңдандырған-ды. Мұғаліміміз көп мәселелерді кітаптағыдан айқындау, әсемдеу, тереңдеу түсіндіреді екен. Ол лекциясында айтып тұрған ойы бағытынан бір бұлжып таймайтын, басқа лекторлар сияқты арасында тыңдаушыны жадыратып, дем алдыруды білмейтін. Оқығанының түсінуге қиындау жеріне келгенде, қабағын шыта бастайтын. Лекторымыздың мұндай мінезіне әдеттеніп алған біз айтқанын қалдырмай жазуға тырысатынбыз. Ол кісінің айтқаны оқулықтарда табылмайтын жаңа деректер болатынын біліп алғанбыз. Оқулықта жоқ қағидаларды қосып оқитынын, ол бізге бір де бір айтып көрген жоқ.

Кафедрамыздың жаңа басшысы бір күні өзгелермен қатар дипломдық жұмысымының барысымен танысу үшін мені де шақырды. Кіргенімде орнынан тұрып қолын берді.

Сонан соң, қайта отырып, екі алақанын біріне-бірің үйкеп алып, саусақтарымен үстелдің үстін тықылдатып қойды.

— Мәжит Мұқанович, мен сізді дипломдық жұмысыңыздан не істегеніңізді білу үшін шақырып едім. Сол жөнінде әңгімелескеніміз жөн деп ойлап едім.— Осы сөздерді ақырын, бір түрлі қысылған кейіпте айтқанда, көлденең кісі профессор осы кісі емес, мен деп ойлайтын сияқты еді. Біз ұзақ әңгімелестік. Ол менің дипломдық жұмысымда қарастырып жатқан технологияның егжей-тегжейін нақтылы біледі екен. Жұмысымды қарап отырып, кейбір цифрларды шығаруымның дұрыстығын ойында есептеп үлгеріп те жатты. Дмитрий Викторовичтің инженерлік мәселелерге бейтаныстығы жөніндегі біздің ұғымымыз жалған екенін сонда байқадым. Жұмысымда өз әлімше технологияға кіргізген кейбір жаңалықтарды байқап қалған Дмитрий Викторовичке мен риза болдым. Дмитрий Викторович менімен бір жарым сағаттай отырды. Сол уақыттың ішінде жаңа басшымыз жөніндегі пікірім өзгеріп, оның білімділігі мен білгірлігіне сүйсініп шықтым. Бұл сияқты мұқият басшылық барында жаман диплом жұмысын істеуге болмайтынын сездім.

Ардақты жазушы інім, менің осы араға дейін жазып отырғаным тек кіріспе ғана ма деп ойлаймын. Неге десеңіз менің ғылымдағы өмір тарихым енді басталмақ. Ғылым есігіне кірердегі емтихандарды қалай беріп, аспирантураға қалай түскенімді жазбай-ақ қояйын. Ол емтихандар біраз уақыт алса да, егжей-тегжейлі есімде қалған жоқ. Оқулықтардағы барды оқып, қайталап айтып берудің есте қаларлықтай несі бар.

Сонымен, мен аспирант болдым. Аспирант болу дегеннің өзі жөндеп оқысаң, үш жылдан кейін ғылым кандидаты болу деген сөз ғой. Мен осы үш жылдың ішінде кандидаттық минимумның үш емтиханын беріп, жаңалығы мен практикалық маңызы бар ғылыми-зерттеу жүргізуге оның маңызы бар екенін, практикада қолдануға болатын нәрі бар екенін дәлелдеп, кандидаттық диссертация жазуға тиіспін. Бұл диссертацияны белгілі тәртіппен үлкен ғалымдар алдында қорғап шығуым керек. Аспирантурада болған үш жылда қолым бос болмайтынына көзім жеткен-ді. Оның үстіне көлденең табыс табу да ойымнан қалмайтын, ондағы мақсатым анам мен інілеріме көмектесу. Сондықтан, осының бәріне үлгеруге тырыстым.

Аспирантураға түскенім жөнінде бұйрық бар екенін

институттың канцеляриясынан біліп алған мен жүгіріп кафедраға келдім де, Дмитрий Викторовичтің кабинетіне кіріп барып, ақ түйенің қарыны жарылды дегендей мағынада айтып бердім. Профессор мырс етіп күлді де: — Жаксы екен, мен мұны білемін, Мәжит Мұқанович!— деді.

Енді мен кафедраға күнде таңертеңгі сағат тоғызда келіп, аспирантына тапсырма берер деп басшымды күтетін болдым. Профессор да, сол мезгілде келеді де, маған басты бір изеп, кабинетіне өтіп кетеді. Ғайнетденнің жанында ананы-мынаны әңгіме қылып, лаборантқалармен қалжыңдасып біраз тұрғаннан кейін, профессор шақырмаған соң үйіме кетіп қалып жүрдім.

Бірақ профессор мені ұмытпапты. Он шақты күн өткеннен кейін әдеттегідей өз кабинетіне өтіп кетті де, лаборантына мені ешқайда кетіп қалмасын деп ескертіпті. Кабинетіне кіргенімде ұстазым:

— Ал, Мәжит, енді әңгімелесетін де уақытымыз болған шығар. Осы әңгімені сіз біраз күтіп те қалдыңыз-ау деймін. Жұмыссыз жүріп, аздап тынығып та алдыңыз. Енді іске кіріскеніңіз жөн болар.

«Әңгіме», «әңгімелесу» деген бұл кісінің бір сүйікті сөздері. Профессордың жұмысы шәкірттерімен үздіксіз әңгімелесе беруде ғой. Дмитрий Викторович мен айналысатын тақырыптың аты мен мазмұны біраз әдебиет оқыған соң, бірнеше уақыт тәжірибелер жасағаннан кейін анықталатынын айтты. Менің ендігі жұмысым аталған сирек элементтің анализіне үйреніп, бөгде заттардан ажыратып, бөліп алуға машықтану екенін түсіндім. Кафедрада анализ жасауға көмектесе ме деп сұрағанымда:

— Аспирант тақырыбына байланысты жұмыстарды өзі істеуі керек, және де сол жұмысты аспиранттан артық ешкім істей алмайтындай етіп машықтануы қажет.— Сонымен, профессорымның бірінші тапсырмасы әдебиетті зерттей оқып, анализдің қолайлы әдісін табу, оны болашақта ешбір қиыншылық көрмейтіндей дәрежеде мұқият үйрену болып табылды.

Мен, ардақты жазушы інім, осы бірінші тапсырманы алғанымда сыртқа қуанышым қойныма сыймай шықтым. Қазір енді осы тапсырманы бергенде ұстазым менімен ешбір ақылдаспай бергені есіме түссе, күлкім келеді. Күлкім келетіні, Дмитрий Викторович менің сол кездегі білімім мен ғылыми мүмкіншілігім шамалы екенін білсе керек.

Менің аспирантурада қалуыма ол өзінің тек сыпайыгершілігінің арқасында қарсы болмаған сияқты. Өйткені бұл мәселе одан бұрын шешіліп қойған еді ғой. Ал, Дмитрий Викторовичтің мен тұрғысындағы пікірі онша жоғары болмауы, менің дипломдық жұмысты игерудегі кемшіліктеріме байланысты-ау деп ойладым. Шынында да, менің ғылыми білімім онша емес еді. Мамандығым жөнінде әдебиетті жөндеп оқымайтынмын, оқығанымды, көргенімді салыстыруға әдеттенбегенмін. Дипломдық жұмысымды ең жоғары бағаға қорғап шықсам да, ол ғылыми қызмет істеуге ұмтылған жас маманның болашағына нысана емес-ті. Мысалы, қазіргі уақытта менің алдымда айтылған пікірді ойланып талқылауға ешбір ұмтылысы жоқ, айтқанымының бәрін орындауға дайын жас маман отырса, менің ызам келе бастайды. Мен ондай жас маманды «бар, ойланып кел!»— деп, шығарып жіберемін. Менімен бірінші рет сөйлескенде Дмитрий Викторович: «Ойланып кел»,— деп шығарып жіберген жоқ.

Ардақты жазушы інім, үлкен істің көбі қайдағы бір болмашы уақ-түйектен бастала ма деп ойлаймын. Ұстазымнан бірінші тапсырманы алғанда лепіре қуанғанымды жаңа ғана сізге жаздым ғой. Мен, шынында, сол алған тапсырмама емес, профессордың есіне алғанына, енді жұмыс істеуге болатынына қуанғанмын. Ал тапсырманың өзі маған түкке тұрмайтын оп-оңай сияқты көрінді. Аналитикалық химия кафедрасының сабақтарын өткенде, жазылып берілген әдістер бойынша анализді жап-жақсы жасаушы едім. Сол әдісті тауып алып, тиісті жұмысымның жобасын жасап, ұстазыма көрсетіп, анализді оңай жасап шығам ғой деп ойлағам. Осы ойымды мен Ғайнетденге айтқанда, ол өзінің аспирантурада менен бір жыл бұрын оқығанын бұлдағандай әрі білгішсініп былай деген-ді:

— Осы айтып тұрғаның — ұстазымызға ақымақ болып көрінудің бірден бір жолы. Сен асықпа. Тапсырма бойынша, шамаң келгенше, бар әдебиетті оқы. Түгел оқи алмассың, біздің кітапханаларда бұл жөнінде әдебиеттер түгел табыла да қоймас. Әйтсе де негізгісін оқырсың. Анализдегі әрбір операцияның химиялық мәнін түсін. Сол операцияларды жасау үшін біздің мүмкіншілігіміз қандай екенін Варвара Кондратьевнадан барып біліп ал.— Варвара Кондратьевна біздің кафедраның аға лаборанты. Бұл бәрінің бүгі-шігін білетін кісі. Осының бәрін ізденіп, ойланып, біліп ал да, ұстазға сонан кейін жолық. Әлі де айтам,

асықпа. Мен бұл жөнінен кезінде опық жеп те қалғамын. Уай, Мәжит, үлкенді тыңдап үйренсейші!— Ғайнетденнің менен жасы кіші еді, содан ба өзінің ғылыми ересектігін әдейі нықтап ескертіп отыратын әдеті бар.

Ғайнетденнің ақылын тыңдап, әдебиеттерді жинап, оқи бастап едім, өзімнің аз білетінімді енді ғана аңғардым. «Неге бұлай?»— деген сұраққа жауап бере алмай басым айнала бастады. Жалпы химияның ережелерін нық білмейтінімді анықтадым. Бір әдебиетте айтылған пікірге екінші әдебиетте кереғар пікірлер бар екенін байқап, сол шымшытырықтан шығатын жол таба алмағанымды сезіндім. Бойыма қайдағы бір намыс пайда болып, неғылса да ешкімге өтінбей, сұранбай осының бәрін өзім білмекке тырысып бақтым. Химияның әлдеқашан білуге тиісті негізгі ережелерін қайтадан оқып, ұзақ үңіліп отырғаннан кейін басымда бірдеңелер ашыла бастаған сияқты. Негізгі қиыншылық — студент кезімде сабақты тек емтихан беру үшін ғана жеңіл-желпі оқығанымнан туған екен. Анализ жасау үшін ең қолайлы әдіс табу жолындағы осы бір ізденіс барысында ойлап қарасам, менің қиялымнан да кейбір нәтижелер шығатынын аңғарып қалдым. Керекті анализдің бірнеше әдістерін салыстырып байқасам, Гогольдің әсем күйеу іздеген қалыңдығының, үміт еткен жігіттердің бірінің мұрнын, бірінің құлағын, бірінің көзін қосып әсем күйеу жасағысы келгені сияқты, әрбір әдістің өзіме ұнаған жерлерін алып тұтастыруға болатынын байқадым. Бұл ізденістерім студенттік ғылыми жұмысыма ұқсамады. Мен енді оқығанымнан кемшілік іздегенім жоқ, білім іздедім.

Екі апта өткеннен кейін, аз тапсырманы орындау үшін осынша ұзақ жүргеніме қарағанда, бір еріншек жігіт болмаса игі деп ойлай ма деп сезіктенген мен, ұстазымның есігін тықылдаттым. Дайындығым аз екендігінен, шамам келгенше, ізденіп оқуға тура келді деп шынымды айттым. Менің жазғандарымды қарады да, ұсынып отырған екі әдісімді қолдады. Олардың бірі қиындау болса да, дәл табуға арналған еді де, екіншісі — онша дәл болмаса да, тез табуға арналған еді. Сұрастырып отырып, осы екі әдісті өзімше ойланып алғанымды байқады-ау деймін, асықпай әңгімелесті.

— Анализ дегеннің өзі әдеттегі лабораториялық жұмыс қой. Онша қиынға түсе қоймас, тек реактивтер жеткіліксіз,— дедім.

— Мәжит Мұқанович, сіз бен біз кейбір лаборанттың

істегенін қайталап істей алмаймыз. Әр нәрсе ұзақ жаттығуды тілейді. Әр нәрсенің өз қиындығы бар екенін ескеріп істемесе, адамның беті тез қайтпақ болар. Ал, ісіңіз оң болсын.

Дмитрий Викторовичтің осы айтқан сөздерінде үлкен ақиқат барлығын мен көп ұзамай-ақ білдім. Өзіміздің институттың лабораторияларында, Академияның ғылыми мекемелерінде сұрастырып барған адамыма профессор Дьячковтың атынан сәлем айтып, керекті реактивтер мен заттарды жинап болған соң, анализ жасауға кірістім, төрт күннен кейін істеген ісімнің нәтижесін байқасам, қисынға келер емес. Ұстазыма оңай деп айтқан лабораториялық жұмыстың мәні осылай болып шықты. Енді оңайы қалды деп мақтанып алғаннан кейін, профессорға мұндай нәтижелерді алып барып көрсету ұят. Бойымды ыза кернеп, жіберген қателерімді іздестіруге кірістім. Қарапайым лаборант істейтін жұмысты атқара алмағаным, өзіме-өзім ренжігенімді айтпай-ақ қояйын, ардақты жазушы інім. Екі аптадан кейін сол қатемді тапқанымда, қатемнің өзі адам ұялатын болмашы қате екеніне қарамастан, мен бір ұлы жеңіске жеткендей қуандым. Екі жеті бойы күніне он екі-он төрт сағат жұмыс істегенімнің нәтижесі ғой бұл. Жоғарғы химиялық білімі бар адамға белгілі бір анализ әдістерін игеру үшін бір айдан артық уақыт кетірудің өзі айтуға ұят нәрсе. Әйтсе де, өзіңнің білімсіздігіңді аңғарып, аз да болса соны жеңгеніңді сезінсең, жетістігіңнің бағасы аса түседі екен. Міне, осы бір күлкілі жеңістен бастап менің бойымда ғылыми қызметкер қасиеті қалыптаса бастады-ау деймін. Осыдан былай қарай ғылыми жұмыста не нәрсе кездесе де жеңіл-желпі қарауымды тоқтаттым. Өмірдегі үлкен істің бәрі қайдағы бір уақ-түйектен басталатын түрі бар дегенімде, ардақты жазушы інім, міне, мен осыны айтқым келген еді.

Ұстазыма анализді ақыры недәуір жақсы жасауға жаттығып алдым, сондықтан бұл жөнінде, жобасы, өзіме-өзім сенуіме болады деп айтқанымда, ол кісі маған былай деді:

— Мәжит Мұқанович, сіз анада бірнеше ұнаған жерлерін құрастырып, тұтастырса жеңілдеу жаңа әдіс шығады деген сияқты едіңіз. Мен ұмытыңқырап қалыппын, еске түсірмейміз бе?

Неге есімде болмасын, ол менің есімде. Бірақ сол жолы айтқанымда Дмитрий Викторович менің пікірімді ұнатпаған

кісі сияқты көңіл аудармаған еді. Сонда қайдағы бір жөнсіз пікір айтып қалдым ба деп, ұялып та қалғанмын. Ал енді, профессордың қазіргі сөзіне қарағанда, осы айдың ішінде бір үлкен ғылыми қызметкер болып алғандай меніменен пікірлесе сөйлескенін аңғарып қалдым. Көңілденіп лепіріп кеттім де, сондағы пікірлерімді қайталап айтып бердім.

Мені тыңдап алды да, профессор былай деді:

— Бұл, меніңше, өте дұрыс пікір. Бірақ, Мәжіт Мұқанович, бұл ұсыныстардың барысын аздап өзгертсек қалай болар еді.

Профессор менің ойымды қолдай отырып, жаңа бір вариант ұсынды. Мен бұл вариантты ойлап таба алмайтынымды, бұның өзі менің ойымдағыдан анағұрлым артық екенін бірден сезе қалдым. Мен, әрине, ұстазымның айтқанына көндім. Көндім деп отырғаным, профессор маған көнгенімді күткендей қарай қалыпты.

— Онда дұрыс болды. Осы ойды тез тексеріп беріңіз. Бұл, әрине, сіздің негізгі жұмысыңыз болмайды, бірақ жол-жөнекей ойға келген жақсы пікірді ескермей өткеніміз жөн болмас. Бұл пікірді, кейін біреуге жем болмай, өзіміз дәлелдеп бергеніміз жөн емес пе?

Ардақты жазушы інім, сол күні бойыма қонған қуаныш пен бақытымды айтсаңызшы! Жоқ, ондай қуанышты ауызбен айтып беру қиын. Байқадыңыз ба, тіпті Гогольше сөйлеп кеттім ғой. Ұстазымнан бірінші тапсырма алғанда осындай қуанып едім, бірақ қазіргі қуанышым одан да күшті сияқты көрінді. Осы жолы ұстазым менімен ақылдаса сөйлесті, бұдан бойыма өзгеше бір жаңа қасиет қонған сияқты сезіндім. Менің айтқан пікіріме, ол недәуір үлкен өзгеріс кіргізсе де, бірақ өзінің айтқанында ешбір мән жоқ сияқты, тек менің айтқанымда мән бар сияқты болып сөйлесіп отырды. Кейін Дмитрий Викторовичпен жиырма жыл бойы қызметтес болғанымда, бұл кісі біреуге жақсылық жасаса мұнысын ешкімге, әсіресе жақсылық істеген адамына, білдірмей жасайтын адам екенін білдім.

Лабораторияда бір ай жұмыс істеп, айтқан пікіріміздің анықтығын қайта-қайта тексеріп, қолданып жүрген әдістерге өзгерістер кіргізу керек екенін мұқият дәлелдеп болғаннан кейін, профессорға барып баяндап бердім. Ол тыңдап, егжей-тегжейін сұрастырып алды да былай деді:

— Енді осы жөнінде қысқа ғана мақала жазып жариялауымыз керек. Анализ әдістерін қарастыру жөніндегі

жұмыстарымызды осымен аяқталды деп есептейік те, енді тақырыптағы негізгі іске кірісейік.

Қазіргі уақытта, ардақты жазушы інім, менің ғылыми еңбектерімнің тізімін қарайтын болсаңыз, ең басында сол маңызы жұпыны ғана кішкентай мақаланың аты тұрады. Химиялық анализ әдістерінің қазіргі деңгейінен қарасақ, бұл мақаланың, әрине, ешбір мәні жоқтығы ақиқат. Бірақ мен үшін осы мақаланың атының өзінде бір өзгеше жылылық бар. Жуырда бір көмекшім менің ғылыми еңбектерімнің тізімі үшін осы бір болмашы нәрсенің керегі не деген пікір айтты. Оқығанымнан, көргенімнен, білгенімнен ойлап, топшылап жаңа білім шығаруға қабілетім бар екенін осы кішкене мақала арқылы сезінгенімді, сондықтан осы мақаланың орны мен үшін кейін шыққан жуан кітаптардан анағұрлым артық екенін қайдан білсін.

Аспиранттық өмірдегі оқиғаларды ойыма тізе бастасам, ардақты жазушы інім, есіме қайдағы бір айтуға да керегі жоқ болмашылар түседі. Мысалы, қызмет істейтін орынды алайық. Өмірін ғылыми эксперименттік қызметте өткізген адам өзіне тиісті бір бұрышы болуын, сол бұрышта қай уақытта келсең де үйреншікті аспаптарың дайын жатуын бірден-бір арман етеді. Бірінші этаждағы лабораториялық залдың бір бұрышына ие болып алған Ғайнетден, студенттер болмаған кезде астыңғы лабораториялық залға түгелдей ие болып, ал студенттер келген кезде, мүлдем орынсыз қалатын мені мықтап ажуалап жүретін. Сондықтан, біздің кафедра астыңғы лабораториялық залдың жанындағы екі кішкентай бөлмеге қызығатын-да. Ол бөлмеде институттың шаруашылық бөлімінің бір болмашы заттарының жататынын білетінбіз. Бір күні сол жартылай подвалда жұмысыммен айналысып тұрғанымда, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары мен Дмитрий Викторовичті ертіп, бір бейтаныс жолдас кірді. Профессор мені таныстырып, атымды атады. Келген кісі маған қолын ұсынып, өзін таныстырды. Бұл кісі институттың қызметке жаңа кіріскен директоры екенін түсіндім. Ұзын бойлы, әлі жас жаңа директор, бұрынғы жылпылдаған, тұрлаусыз басшымызға қарағанда, пайымды, сабырлы, өңі жылы адам сияқты көрінді. Дмитрий Викторовичті директор үнсіз тыңдады. Жобасы, ол көп сөйлемейтін адам болса керек. Кетіп бара жатып маған, бізге айтар тілегіңіз жоқ па деген сауал қойды. Менің де күткенім

осы еді. Қызмет істейтін белгілі орным жоқтығын, аспаптар жетпейтінін, аспаптар алып келсем, қоятын жер тапшылығын айтып, ал жанымыздағы екі бөлме тіпті бос тұрғанын, оның ішінде шаруашылық бөлімінің қайсыбір болмашы заттары жатқанын айтып, көз жасымды сорғалатқандай егілдім келіп.

Директор «сіз не ойлайсыз» дегендей, Дмитрий Викториячке қарады. Профессор жаңа басшының бірінші келгенінде қайдағы бір жоқ тілектерін айтып салдырлаған аспирантының мәдениетсіздігінен ұялғандай, кешірім сұраған ишарат білдіріп, маңдайын құрыстырып біраз тұрды да, өзінің ақырын даусымен:

— Мәжит Мұқанович қайтсін, шынын айтып тұр. Шынында да, біздің кафедрамыз тарырақ қой...— деп, мені қолдады.

Он-он бес минуттан кейін барлық кафедра төменге жүгіріп түсіп, мені ұлы жеңіспен құттықтап, жаныма жиналды. Директор біз сұраған екі бөлменің бірін бермекші болыпты.

— Тіпті жақсы екен, — дедім мен, — солай болуға тиісті ғой, өйткені «түйе сұрасаң: бие береді» деген ата-бабамыздан бері келе жатқан мирас бар.

Сөйтіп мен ұзындығы алты метр, көлденеңі екі метр бөлменің иесі болып алдым. Бұл бөлме — аспиранттар бөлмесі деп аталды. Өйткені, Дмитрий Викторовичтің пікірі бойынша, осы бөлмеде менімен бірге Ғайнетден де жұмыс істеуге тиісті еді. Бірақ Ғайнетден сол өзі істеп тұрған жерінде қалудың артықшылығын дәлелдеп бере алды. Ауасы тар, желдеткіші жоқ жартылай подвалға оның түскісі келмеген-ді. Бөлменің коридорға шығатын есігін бекітіп тастап, лабораторияға шығардық. Лаборант Зина екеуіміз Варвара Кондратьевнаның дамылсыз басшылығы арқылы бөлмені әктеп, ішіне лабораториялық стол, шкафтар қойып, химиялық аспап, ыдыс пен реактивтерге толтырдық. Бір жұмада лабораторияның ішінде тек мен тұратын жерден басқа бос орын қалмады. Бөлмеге желдеткіш тек үш айдан кейін ғана онда да Варвара Кондратьевнаның дамылсыз барып, бажылдап жүруінің арқасында ғана істелді. Бірақ соны керек еткен біз де жоқ едік, өйткені үлкен форточканы керегінде ашып тастауға болатын-ды. Ауаның тазалығы жөнінде біз ол кезде артық тілек қоймайтынбыз, өйткені Ғайнетденнің айтуы бойынша,

ғылым үшін адам жанын да құрбан етуге тиісті болса, денсаулық деген сөз болып па?

Бір күні маған келген Дмитрий Викторович аспиранттық бөлменің тарлығына таң қалды.

— Дмитрий Викторович,— деп қалжыңдадым мен.— Сіздің аспирантыңыз шынайы химикке тым болмаса осы жөнінен ұқсау керек қой. Өйткені бір үлкен ғалымның: «Танертең бос бөлмеге келген химикке кешке таман сол бөлме тар болмаса, ол химик емес»,— дегені есіңізде шығар.

Дмитрий Викторович маған қарап, мырс етті:

— Бір жақсылық болатын болар, Мәжит Мұқанович, еңбектен беріңіз.

Дмитрий Викторович менің не айтып тұрғанымды түсінген-ді; диссертация тақырыбына арналған тәжірибелерді бастағалы көп уақыт болса да, әлі нәтижелер жоқ еді. Мен бұған едәуір қамығатынмын. Осы бір реншімді Дмитрий Викторовичке айтқанымда, ол мені былай деп көңілдендіріп еді.

— Мәжит Мұқанович, бәрі бірдей нәтижелі бола бастаса, ол жақсылық қой. Дегенмен, бұл ғылымда оңай келген нәрседен сақ болу керек. Қолдан жасалған синтетикалық заттар арқылы сіз ойлаған реакцияның өтетінін дәлелдеп бердіңіз. Ал, енді табиғи заттармен айналысқанда, реакциямыз ойдағыдай өтпей жатыр. Табиғи зат дегеніміз табиғи көп қосылыстардың жиынтығы болса, солардың біреуі біздің реакциямыздың өтуіне кедергі жасап отыр деп ұйғаруымызға болады. Кәнеки қайсысы кедергі жасауы мүмкін екен, соны топшылап көрейікші.

Дмитрий Викторович мен айналысып жүрген табиғи заттың ішіндегі химиялық қосылыстардың атын атап, олардың химиялық қасиеттерін айта жөнелді. Өзінің шоқалақтап отыратын жазуымен, сол химиялық қосылыстар өзара қандай реакцияға түспек екенін жаза бастады. Мұндай әңгімелесуді Дмитрий Викторович «пікір алысу» деп атайтын. Ол сөзін: «Кәне, пікір алысып көрейік»,— деп бастайтын. Шәкірттерінің көбі, әсіресе бастапқы кезінде, осылай пікір алысқанда тек басын изеп, құп деп қана отырса да, ол: «Ақылдастық, пікір алыстық»,— деп қоятын. Біраз уақыт өтіп, аздап білім алып, бой үйренгеннен кейін, мен мұндай «пікір алысуда» ұстазым алдында өзімнің ойымды айтып, ойымдағы пікірді шамам келгенше, дәлелдеп бағып, сол пікір үшін таласып та жүрдім. Бірақ бұл жолғы «пікір алысуда» профессордың айтқанына қарсы ой айтуға әлі

шама жоқ-ты. Қазіргі әңгімеде тек көптеген тәжірибе істеу керектігін ұқтым, мен бұдан шоши бастадым. Маған ол кісінің ұсынып отырған тәжірибелерінің саны әлім жетпестей көп болып көрінді. Кенет бір сезім билеп кеткен адам ойындағысын төтелеп айта салатын әдеті бар ғой. Мен де:

— Дмитрий Викторович, бұл өзі бір бөлек зерттеу болайын деп тұр ғой, мен қалайша игере алам,— деп қалдым.

Осыны айтуым-ақ мұң екен, профессордың түсі өзгеріп кетті. Жүзінің мұндай сұстануын бұрын көрген жоқ едім. Ол жазып отырған қаламын столының үстіне қоя салды да, креслосына шалқая түсті. Ұзын саусақтарымен столды тарсылдата бастады. Өзінің де күреңдеу беті, онан да күреңдене түсіпті. Көзілдірігін қай уақытта маңдайына қарай итеріп қойғанын байқағам жоқ, балық көздеріндей томпайған көздері маған шүкшия, ар жағыма өтіп бара жатыр. Ұстазымның көздері сүреңсіз деп ойлайтынмын: бекер ойлайды екем. Еріндері дірілдеп, сыбырлап қана былай деді:

— Мәжит Мұқанович, жұмысты мүлдем істемеуге де болады, бұдан оңайы жоқ...

Профессорымның неге ренжігенін бірден түсіндім. Ол менің әлдеқалай айтып қалған сөздерімнің ар жағында жұмыс істегім келмеуін, түсініксіз нәрселерге миымды шатастырып, ойлануға енжарлығымды сезген. Әбден сас-қалақтаған мен, көзімді төмен түсіріп отыра бердім. Профессор де үнсіз отыр, тек сіріңкесі жағылғанын естідім. Қанша өткенін білмеймін, әйтеуір недәуір ұзақ уақыт өтті. Папиросының басынан жартысына дейін дерлік күлі алдындағы ыдыстың жиегіне түсті де, төмен домалады. Ендігі күткенім ұстазымның сүйектен өтетін ауыр сөздері еді. Ұстазым сөйлей бастады, бірақ үні менен кешірім сұрағандай ақырын шықты.

— Мәжит Мұқанович, сіз мына бір нәрсені ұғынып алуыңыз қажет. Сіз аспирантсыз, яғни ғылыми қызметкерсіз. Ал ғылымдағы адамның күнбе-күн өзіне-өзі жұмыс тауып, сол жұмысты үдете беретін әдеті бар. Жұмыстың көбейе беруінің өзі істеген ісіңіздегі түсініксіз нәрселердің құпиясына жетем деп ісілана беруден туады. Аспиранттың яки ғылыми қызметкердің алдына қойған мақсатының өзі сол түсініксізді түсіну ғой. Мысалы, сіздің тәжірибелеріңіз әлі ойдағыдай нәтиже бермей отыр. Екеулеп

пікір алысып көріп едік, қосымша эксперименттер жасау керектігін аңғардық. Бұның өзі ғылыми қызметкердің табиғатындағы нәрсе, осыны алдын ала түсініп алмасаңыз, сіз қашанда, дүниеден бетіңіз қайтқандай, ренжіп жүретін боласыз. Ал қазіргі жағдайда сіздің ренжуіңізге мына бір себеп бар сияқты. Сіз ғой профессор айтып берсе болды, тез-тез тәжірибе жасап, содан тез-тез нәтижелер шығарып аламын деп ойладыңыз. Бұл ойыңыз дұрыс ой емес. Мен сізге өзіме түсінікті заттарды тексеруді тапсырмаймын. Мұндай тапсырмалар тек студенттерге беріледі. Онда да көбіне бастапқы курстарда... Ғылыми-зерттеу ешкім білмегенді іздестіріп табудан басталады. Сондықтан ғылыми басшының алдына қойған міндеті де оңай міндет емес, өйткені ол да қиналып, маңдай терін ағызып түсінбейтін нәрсесін үйретеді шәкіртке...

Міне, менің айтқанымды Фауст та білген. Бірақ сіз бен біздің, өзгелерге қарағанда, бір мықты артықшылығымыз бар.— Профессорға қарап отырмаса да, ол кісі енді езу тарта, күлімсірей сөйлеп отырғанын сезе бастадым.— Бізге ешкім сырттан міндет қойып тапсырма бермейді. Біз өз тапсырмамызды өзіміз тауып алып отырамыз. Ол тапсырма мен міндеттер осы қазіргі біздің жағдайымыз сияқты өзінен-өзі кенеттен туып отырады. Шынын айтсам, біздің артықшылығымыз да осында. Біз алдын ала жазып қойған жобамен жұмыс істемейміз. Сондықтан, ешқашан да біздің орнымызда автомат қызмет істей алмайды. Осы біздің артықшылығымызды түсініңіз, жігітім. Біздің орнымызда басқа ешкім қызмет істей алмайтынына қуаныңыз. Қуансаңыз әрі қарай жұмыс істей беруіңізге шабыт туады. Ал нәтиже деген жұмыс істеген кісіге өзінен-өзі келеді.

Біраздан кейін басымды әзер көтеріп, ұстазыма қарасам, күл тастайтын ыдыстан көзін айырмай, қолындағы шылымын ұқалап отыр екен. Ызаланып қалғанына кінәлы болғандай, маған қарауға бата алмай отырған сияқты көрінді.

Сол арада не болғанымды өзім де білмей қалдым. Әйтеуір, атып тұрдым да, ар жағымнан, жүрегімнен шыққан тебіреністі дауыспен:

— Дмитрий Викторович, бәрін де түсіндім, жұмысты істеймін, рұқсат етсеңіз кетейін,— дедім.

Ардақты жазушы інім, Дмитрий Викторовичтің ғылыми жұмысқа адамның көзқарасы қандай болуы керек екені

жөніндегі маған берген осы бір сабағы әлі есімде. Мүмкін мен ойдағыдай етіп айтып бере алған жоқ шығармын. Мүмкін осы менің баяндауымда профессор ақылы аздау, тұрлаусыздау шәкіртіне қатты ұрсып, сол ұрысқаннан кейін тұрлаусыз шәкірт әрі ақылды, әрі тұрлаулы бола қалған шығар. Өмірімдегі осы бір оқиғаны менің баяндауымдағыдай жеңіл түсінбеуіңізді өтінер едім. Профессормен осындай әңгіменің болуының өзі менің ғылыми қызметке сол кезде мейлінше жеңіл қарауымның, ғылыми қызметтің ерекшеліктерін білмеуімнің сол арада анықталуынан туып отыр ғой. Дәлелді айтылған сөзден адам қазіргі қатесін ұғынса да, сол сөздер көбіне келесі қатеге шипа бола алмайды. Ұстазымның дәлелді сөздерінің арғы тегі парасаттылығы мен адамгершілігінде жатқанын сезген менің көзім өз жеңілтектігіме ұмытылмастай болып, мықтап жеткен-ді. Сондықтан, ол кісінің айтқанын бар жан-тәніммен, жүрегіммен тебірене түсінгенмін: сөзіне ренжігенімді байқаған ол, әрі қарай ұрғылай берген жоқ; бірден өзгеріп, аяп, елжірей түсті. Біздің кафедрада Дмитрий Викторовичті әлдебір жөнсіз іспен немесе сөзбен ренжітіп аламыз ба деп, бәрі де сақтанып жүретін. Қызметтестерімнің сақтығының себебін енді түсіндім. Институттың бір аспиранты біздің кафедраға келіп, өзінің ұстазының қатты екенін, қойылған талабы шеңберінен азғана шығып кетсең, ызғарын төге бастайтынын айтқанда, Ғайнетден күлген еді:

— Ал біздің ұстазымыз ызғарын төгуді, ашулануды, қатты сөйлеуді білмейді. Сонда да айтқанынан бір де бір шықпаймыз. Ол ол ма, қызметімізді бар жан-тәнімізбен істейміз.

Бірақ біздің профессорымыз көрінгеннің бәрін кешіре беретін көңілшек емес еді. Ол уәделі істі істемеген адамға қатты болуды да білетін. Жаңағы баяндалған әңгіме осыған айғақ. Бірақ қатесін түсінген адамға қашанда кешірімді келетін. Қысқасы, мен сол жолы ол кісімен қызметтес болу үлкен бақыт екенін түсіндім. Бұл кісіге қуаныш әкелудің бірден-бір жолы — өз қызметіңді мұқият істеу екенін білдім.

Осы әңгімеден кейін мен лабораториядағы столымның басына бұрынғыдан нық тұрдым. Үш ай, төрт ай бойы, көбіне таңертеңгі жетіде келіп, кешкі он-он екіде кетіп жүрдім. Студенттік кезімде қоғамдық жұмысқа көп қатысушы едім, қазір аспирант деп қоғамдық жұмыстан боса-

тыңқыраған-ды. Аспиранттардың уақытын партбюро өте бағалаушы еді. Менің бойымда ата-бабама тән тұқым қуалаған қайсарлық оянды-ау деймін. Дмитрий Викторовичтің алдына жұмысымнан ойдағыдай нәтиже шықпайынша бармаймын деп бекіндім. Өйткені оқып, ойланып, басқа жолдастарыммен, мұғалімдеріммен ақылдаса келе, алған жолымның дұрыстығын, тек өзім байқай алмаған бір қателігімнен нәтиже шықпай жатқанын сезінгенмін-ді. Тәжірибелердің саны көбейген сайын, олардың нәтижелерін жүйеге келтіріп, топшалап ойлаған сайын, ішінде бұрынсоңды әдебиетте жазылмаған азды-көпті жаңалықтардың да бар екенін байқадым. Бұл жаңалықтарды жинастырса, бір-екі мақала боларлықтай. Бірақ алға қойған негізгі мақсатқа жетпей тұрғанда, мұның өзіне онша қуануға болмайтынын білген едім. Сол мақсат, енді жеттім дегенде қолымнан сусып шығып кетіп, ұстатпай діңкемді құртты.

Менің әріптес досым Файнетденнің жағдайы менен анағұрлым жақсы еді. Ол өзінің тақырыптағы негізгі қойған мақсатына жетіп алған-ды. Енді дәлелденген нәрсені жетілдіру үшін ғана қызмет істеп жатқан-ды. Дәлелденбеген нәрсені дәлелдеймін деп, сонына түсіп азаптану оның артында қалған іс еді. Қалжыңсыз жүре алмайтын Файнетден бір күні былай деді:

— Әй, Мәжит, ғылым тарихындағы мына бір оқиға сенің есінде болар, сонда да айтып берейін. Резерфордтың бір мейлінше еңбекқор қызметкері болыпты. Лаборатория столының басынан күні-түні кетпейді екен. Ұстазы күнде келіп жұмыс істеп жатырсыз ба дегенде, профессордың даусында бір ызғардың барын, сол ызғардың күннен-күнге күшейе түскенін байқамаған ол: «Иә, сэр»,— деп жауап береді екен. Бір күні:— «Уай, осы сіздің ойлайтын күніңіз бола ма?!»— деп айқайлап жіберіпті ұстазы. Сен туралы Дмитрий Викторович осы жобада ойламай ма екен, осыған көңіл бөлдің бе?

Жоқ, бұған көңіл бөлген жоқ едім, өйткені менің тәжірибелерімнің кейбіреулері бірнеше сағатқа созылатын, сол кезде оқып та, ақылдасып та, ойланып та үлгеретінмін. Дегенмен, әбден шаршай бастасам керек, Файнетденнің айтып тұрғаны да сол ма деп аңғардым. Сіздің жеңгенің де, ардақты жазушы інім, осыны сезген сияқты еді. Өйткені үй-ішінде болмашы нәрсеге ашуланып, артық сөз сөйлейтінді шығардым. Әдетте қатты ұйықтайтын мен сергек ұйықтайтын болдым. Менің ғылыми мақсатым — кендегі

сирек қымбат металды ажыратып алу еді. Сол металдың менің әдісіме ойдағыдай көніп, ажырамағаны қинайтын. Бір күні түсімде сол сирек металл торай болып көрінді. Қарасам: көл ме, өзен бе, бір су, бірақ сол суға тәжірибеме пайдаланып жүрген сілті қосылған сияқты. Көлден қызыл танауын делдендетіп қара ала торай шықты. Жан-жағына суды шашыратып, сілкініп қалып еді, қара жолақтардан менің іздеп жүрген металымның атын оқыдым. Бұл торай менің металым екен. Қорс-қорс етіп сүйкеніп, менің қолыма сұранады. Металым сілтіден осылай бөлініп ажырап шыққанына қуансам да, оның торай болғанына жиіркеніп, енді ата-бабам, әке-шешем ұстамаған торайды қолыма ұстағаным ба деп шошынып, мазасыздана бастадым. Тұмсығы тіпті салқын, қорсылдағаны сондай ұнамсыз екен, әбден дегбірсізденіп... оянып кеттім. Лабораторияда істеген жұмыстарым мен тәжірибелерім менің түсіме әр түрлі болып кіре беретін, бірақ есімде қалғаны осы торай ғана. Түсімді Ғайнетденге айтып беріп едім, ол шек-сілесі қатып күлді. Торайға жақындығымды біраз әңгіме етіп, қалжың қылып жүрді. Бірақ шынымен айтқаны мынау еді:

— Мәжит, бұл торай сенің түсіңе жайдан-жай кіріп жүрген жоқ. Сен бір-екі айға осы лабораториядан мүлдем жоқ болып неге кетпейсің? Сен ойыңа сүйікті металың торай болмай, басқа бір жақсы хайуан болып көрінгенше бәрін ұмытсаңшы. Бұл торай — қажып болдырғанның белгісі.

Шынында да, көктемнің құлпырған кезі еді. Астанамыз жасылға малынып жайнап тұрғанда ғой, мен, ғылымға мейлінше берілген адамсымақ болып, ауасы көңірсіген жартылай подвалда нәтижесіз тәжірибелермен айналысудамын. Осы лаборатория менің түбіме жететін түрі бар, — дедім өзіме. Осының бәрі маған неменеге керек деп те ойлады. Ауылға, анама, інілеріме, құлпырған далама кеткім келді. Профессорыма барып демалыс сұрауға бекіндім. Демалыс жөнінде бұрын да ойлап қоятынмын, бірақ тәжірибелерімнен нәтиже шыққан күні бір-ақ сұранам деп топшылаған едім. Күткен нәтижелер шықпаған соң, профессорға барсам, жұмысымның барысын сұрай ма деп, өтінішімді айтпаған да едім. Жұмысыма бірден немқұрайды қарауға көштім. Сол жұмыстың нәтижелі, нәтижесіздігінде не мән бар деп ойлайтынды шығардым. Сұраса не істегенімді, әсіресе не істегім келгенін айтып берермін.

Профессор маған дем алуыма рұқсат бермесе де, бәрібір лабораторияға келмейтінімді, лаборатория столының басына тұрмайтынымды білген едім. Сол кездегі күй-жағдайым сондай еді. Өзіме де, миыма да дамыл бермей, кейде күні-түні кірпік қақпай қызмет істеу менің маңдайыма басылып қойып па? Жан-жағынан қоршалап алып, енді ешқайда бармайды, енді менің қолыма түседі дегеннің өзінде түлкідей бұлаңдап, құйрығын шошайтып көз алдымнан жалт беріп отырған мақсатты қуалай берудің не қызығы бар деп ойладым мен. Ата-бабасынан бері мал бағып өткен адамдардың баласына мұндай қызметтің өзінің керегі де бар ма екен,— деген де ойларға жеттім.

Ардақты жазушы інім, жоғарыда мен «Істелуге тиісті іс» демей, «Істегім келген іс», деп жаздым ғой, байқадыңыз ба? Осыған қарағанда, бұдан үш-төрт ай бұрын, профессорыммен сөйлескеннен кейін, не қылса да бұл мақсатқа жетемін деп тістеніп бел байлағаным бос сөз болып шыққанын байқадыңыз ба? Енді ғой, сол бойымда жігерім аздығынан, ауырлық кездесе, бетім қайта қалатын әдетімді тағы да ата-бабама артқым келіп жатқанын байқадыңыз ба? Жеңілтек, осал, жігерсіз ұрпағы не айтса да көне беретін ата-бабамның аруағының кеңшілігін айтсаңызшы!

Профессорға кірдім де, өзіме тиісті екі айға демалыс сұрадым. Дмитрий Викторович қолдарын уқалап (бұл оның көңілді екенінің белгісі еді), маған қарады да:

— Дұрыс өтініш, Мәжит Мұқанович, дем алу керек қой, барыңыз, қыдырыңыз, лабораторияны сағынған кезде қайтып келерсіз, демалыстың өзі де кейде адамды жалықтырады, жолыңыз болсын!— деді. Осыны айтып болып, мен бір ұржаңа ғылыми ереже тауып, соны баяндап тұрғандай, қуана қарап, күліп қойды.

Өзіме-өзім ренжіп барған мен, ұстазымның мұнысына таңырқап шықтым. Таңырқамай қайтейін, менің қызметімде ешбір нәтиже жоқтығын білсе де, маған бір ерекше риза болғандай қуана күлімсіреп қойғаны түсініксіз болды. Бәрін біліп, бәрін сезіп отыратын Варвара Кондратьевна бұл жағдайға мынандай түсінік берді:

— Ол кісі қызмет жөнінде сұрайды деп сен бекер ойлағансың. Ол сұрамайды. Ол саған әбден сеніп алған. Сондықтан, не жағдай болса да, өзіңнің айтуыңды тосады. Ол ренжіп, сасқалақтатып, тынышыңды алмайды.

Бұл, ардақты жазушы інім, ұстазымның маған берген

тағы да бір өмірлік сабағы еді. Егер сол күні құрметті ұстазым жұмысымның нәтижесіздігін айтып, соны маған ескерткен болса, не болар еді. Жобасы, мен кетер едім де, аспирантураға қайтып келмес едім. Көңіл-күйім солай болатын. Ал қуана күліп, рұқсат беріп жатып: сенің лабораторияны сағынатын да күнің болады,— деп қоюы, маған риза болғандығын білдіруі емес пе? Мұндай жағдайда мен қалай кетіп қоя алам? Сөйтіп, ұстазымның сезімталдығының арқасында өз қызметімді, өзімнің аспиранттық ісімді әрі қарай атқаруға мәжбүр болғанмын.

\* \* \*

Сонымен ауылға келдім. Бұрынғыдай сорайған арық студент емеспін. Аспирант болып, недәуір қоң еттеніп келген менің ағайындарымның алдындағы беделім көтеріліп-ақ қалды. Және де бұрынғыдай бос чөмоданмен келген жоқпын. Өйткені лабораториялық жұмыстарды қоя тұрып, көлденең жұмыс істеп, едәуір табыс тауып, әр түрлі заттар ала келгем-ді. Бірақ аспирант дегеннің не екенін туыстарға түсіндіріп беру қиындау болды, демек, кешегі өзім сияқты студенттерді оқытуға дайындалып жүрмін деп түсіндірдім. Бұл оларға ұнады. Өйткені мұғалім деген халқымызға ертеден қадірменді адам ғой.

Ауылдағы тұрмыс та бұрынғыдан көңілді екен. Күнделік тамақты ойлауды қойыпты. Ендігі қиял, бүгінгіден ертеңгіміз сәулеттірек, асқағырақ болса, деу екен. Менің үйімде де өзіммен тетелес інім ересек жігіт болып алған. Өзге інілерім де оқуды әп-әдемі оқып, тұрмыстың жақсарғандығы көрініп тұр. Тек келген бетте әжем мен Алжыған атама барып «сәлем» бере алмадым. Олар ауылдың жанындағы ата зиратта жатыр еді. Ертеңінде ертемен Ақтай ағам екеуміз зиратқа барып, сүйікті қарттардың тұсында біраз отырдық. Ет жақын адамдардың осылай үнсіз жатқанына қанша мұнайсам да, тіршілікке өкпем жоқ еді. Адал өмір сүрген жақсы адамдар, ұрпақтарының есінде жақсы күйінде қалып, бізді әлі де жалғаннан, опасыздықтан, әділетсіздіктен қорғап жатқан сияқты. Осы бір қатардағы момын адамдар халық арасында есімі қалатындай іс істемесе де, өз әлінше алындағы міндеттерін үлкен әділетікпен, абыройлылықпен орындап болып, ұрпақтарының алдында ешбір борышты болмай, тынышталып жатқаны қандай абзал өнеге деп ойладым мен...

Дүниеден өткен ақсақалдарға тағзым етіп, олардың аруақтарының алдындағы міндетімді орындап, енді ауылымыздың тірі аруағы Ақменде ақсақалға сәлем бермекші болып келдім. Өйткені бұл кісі Алжыған атамыздан кейінгі біздің ауылдың үлкені болатын. Түсіңкі қабағын сирек ашып, аз сөйлейтін ақсақал жүген жөндеп отыр екен. Амандасып болғаннан кейін, тістеп созған таспасын былай тастады да, маған қарады.

— Келін қайда?

— Келін үйде, Алматыда қалды.

— Уа, бәрекемді, ата-бабаңа тартқан жігіт болып шықтың. Осы қиқайтып әйелін ертіп жүретін жырық етектерді жаным жек көреді.

— Бір-екі жетідесін келмекші.

— Келе берсін, құйысқаныңа ілескендей бірге жүрмесе болғаны. Шын жігіт құс мінезді болып, оңаша самғауы керек. Әйелін қалдырмай ертетін жігіттердің өздері, әйел мінезді болып, жасып кететінін байқап жүрмін.

Ақсақал осы ақылын ешбір қалжың-күлкісіз шынымен айтты. Ата-бабама ұқсамайтын маған не болыпты... Ақсақалдың ақылын еске алдым дегендей ишарат білдіріп, басымды изедім. Құрдасым Уәйіс екеуіміз, әзер шыдап отыр екенбіз, үйден шыға күліп бір бердік. Содан бері әлдеқалай жағдайда қалжың үшін ақсақалдың осы ақылы еске түсіп тұрады.

Ауылда бір жетідей бос жүргеннен кейін, зеріге бастадым. Бір күні аудан орталығынан Жәкітай ағам келді.

— Қарғам-ау,— деді, ол маған. Өзінен бойым анағұрлым ұзын, кемінде бір жарым есе толық болсам да, ол маған «қарғам» деуін қоймайтын.— Сен биыл меніменен шөп шабасың ба? Әлде ауылда зерігіп, өзіңнің кітаптарыңды, тас үйлеріңді, тас жолдарыңды көруге асықтың ба?

Бұл ағам қалада тұрған адамның жүрегі де, бауыры да тас болып қатып кетеді деп, қаланың тұрмысына мүлдем қарсы болатын.

— Жок, Жәкітай аға,— дедім мен.— Мен сенімен биыл да, ендігі жылы да, одан арғы жылдары да шөп шабамын.

Ардақты жазушы інім, сіз Сарыарқаның қияларында әр жерден жылап шығып, бұлақтанып келіп тоғысып өзен болып, қара өткел далаларын жыланша иіріліп қиып өтіп, барған сайын тереңдей, барған сайын жайыла түсіп, қазіргі тың егістеріне айналған қара топырақты, ағашты өлкені

аралап, солтүстікке, айдынды Ертіске қосылуға ұмтылған өзенді білесіз бе? Жоқ, сіз даламыздың бұл өзенін білмейсіз. Өйткені сіз оның жыл сайын жазғытұрым буырқанып-долданып, көлденеңі он шақырымнан аса жайылған алқасын толтырып, уақытша болса да, кең айдынға айналғанын көрген жоқсыз. Сіз, мысалы, біздің ауылдың жанында бір түн ішінде шексіз бір мұхит пайда болып, сол мұхиттың айдынында біздің тұсымыздан терістік суық жаққа кемедей сендер, үлкен бөренелер, әлдебір жерден түбірімен жұлынып алынып, бұтақтары серейген үлкен ағаштар, долданған долы судың қойнына енгенше қандай зат, нендей нәрсе болғаны белгісіз әлдебірдемелер зымырап өтіп жатқанын көрген жоқсыз. Өзен тасыған кезде қандай қызықтаушы едік. Ауылдан жарты шақырымдай жерден зираттың сол жағындағы төбеге жүгіріп барып шыға келсең, алдыңнан шексіз, жиексіз, жағасыз айдын мұхит ашылатын. Өзеннің ар жағындағы он-он бір шақырымдай жердегі көрші ауыл судың үстіндегі тұманнан көрінбегендіктен балалық қиялымыз бұл мұхиттың шексіздігіне, жағасыздығына сене қалатын еді. Көзінді жұмып сәл тұрсаң, мұхиттың ар жағындағы елдерден келе жатқан кемелердің жалауы мен параходтардың түтіндеткен трубасы көрніп тұратын сияқтанатын. Бірақ жалпы моп-момақан өзеніміздің осы тулауы ұзаққа созылмайды. Күйлеген бурадай екі-үш күн бұрқырап барып, өзінің аз уақытқа болса да ессіздікке ұрынғаны үшін кешірім сұрағандай бола қалатын да, суын өз кемеріне жинап ала қоятын. Осы буырқануының бір пайдасы — алқасын әбден суға сіңіріп, айналасындағы қара суларды лық толтырып, тал арасында желден ықтап, шіри бастаған шөп-шаламның бәрінен талды жуып, тазартып тастайтын. Тасыған өзен біздің нәсібімізге не қалдырды екен деп білуге біз асық болатынбыз. Бірақ үлкен судан әлдеқалай қалып қойып, суы азая бастаған шалшықтарда тайраңдап қалған балықтарды ұстап алу үшін жердің біраз кебуін күтуіміз керек те. Сонда ғана топтанып, шуылдап, біріміз таяқтың басына темір ілгешек бекітіп, біріміз шілтер бекітіп, біріміз тіпті құр таяқ ұстап барып, қайда барарын білмей тайраңдап, тек құйрығын ұра беретін үлкен-үлкен балықтарды ұстауға кірісетінбіз... Біздер, балалар үшін, бұл қызық кәсіп еді...

Жоқ, ардақты жазушы інім, сіз оның жаздың күні момақансып, бұлақша сылдырап ағып, аттыға да, жаяуға да өткел берген, жазғытұрым тулап, тасып жайылған

кездерін, сондай-ақ, жаздың орта кезінде екі жағындағы алқасын, сол алқасына иі-жиі ауыл қонғандай қаптаған пішен маяларын көрген жоқсыз. Сол уақытта әр жерден құстың әнді қиқуы мен орақтың бірінғай дызылының араласқанын естіген жоқсыз. Сіз, айналасындағы қалың талдың жапырақтары малынып, даланың аңызак желінен қорғағандықтан, суының беті бір қозғалмайтын қара суларды көрген жоқсыз. Бұл қара суларға сүңгіп кетіп шыға келгенінде, денеңнен жаңа ғана ылықсып, әрі қарай шеңберлене жайылып жатқан толқындарды көргенде, көңіл қандай лепіруші еді. Жоқ, сіз бұл өзенді көрген жоқсыз. Сіздің көріп жүргеніңіз менің өзенім емес. Қазір даламыздың осы бір ерке суы әр жерден тоғандалып, бұрынғы асаулығын қойған-ды. Енді бұл өзеннің бойында шын теңіз орнаған-ды. Ол теңізді «Тың теңізі» деп атаймыз. Біздің ауылдың қазіргі балалары менің өзенімді білмейді. Олардың билетіні «Тың теңізі». Ол теңіздің толқыны қазір менің ауылдастарымның үйлерінің тұсына келіп, күндіз-түні арқырап тұрады. Ал менің өзенім жазғытұрым долданған кезінің өзінде де бұл тұсқа келе алмайтын.

Әрине, ардақты жазушы інім, жас кезімдегі менің өзенім қазіргі өзеннен артық еді деп, мені де, басқаларды да иландыра алмайсың. Қазіргі «Тың теңізі», жазғытұрым бей-берекет бетімен кететін суды өзінің бойына жинап, жүздеген шақырымдарға созылған құбырлар арқылы сол суды шартарапқа жайып, далаларды суландырып, жайқалған егіске айналдырды. Сондықтан, өз қара басын әзер асырап жүрген менің елдестерім, бұрынғыдай өз дастарқанының ғана молшылығын ойлауды қойып, енді елдің молшылығына ойдағыдай үлес қосуды мақсат етуде. Дегенмен, сол жас кезімдегі өзенім есіме түскенде, мен мұңаймай отыра алмаймын. Көзден өткен көріктінің, сабырлы салқын ойға салғанда айтарлықтай көрікті болып шықпайтынын білсең де соның қайтып оралмағанын қасірет ету адамның әдеті-ау деймін. Мысалы, кейде қазіргі тас жолмен ызғытып келе жатқан жеңіл машинаның жұмсақ отырғышында маужырап отырып, салт атқа мініп бір түсуді арман етесің. Білгі жұмсақ отырғышқа үйренген болбыр денеңді аттың қатты жүрісі соғып тастап, бірнеше минутта берекеңді кетіретінін білсең де, атқа мінуді аңсайсың. Мұндай армандау мен аңсаудың өзі қазіргі өмірдің барысына мүлдем қайшы екені айқын, айқын болса да, амал нешік, осы бір сезім адамның бойынан қалар емес,

Мүмкін, сондықтан да шығар, сол жылы Жәкітай ағам екеуіміз өзеннің бойындағы алқада қос тігіп, шөп шапканымыз есіме түскен сайын, бойымды бір толқынды тебіреніске бөлеп, қайдағы бір жылы сезімдерді шалқытады.

Жәкітай ағам екеуіміз, қос тігуге арналған сырғауылдар, шалғы, орақ, күрек, ыдыс-аяқ, киім-кешек, төсек-орын, әйтеуір даладағы күн көріске керекті нәрселердің бәрін артқан арбаға мініп келе жатырмыз. Ойлаған нәрселерін тездетіп істесе де, егжей-тегжейлетіп, мұқият істейтін Жәкітай ағам, баратын жеріміз біздің ауылдан бес-алты-ақ шақырым болса да, екі жүз шақырымға шыққандай болып дайындалатын. Өйткені анауым қалып қойыпты, мынауым қалып қойыпты деп, ауылға қайта-қайта келе бергенді ұнатпайтын. Арбаға жегілген — Жәкітай ағамның көк биесі. Бұл көк бие біздің үйде болған көк биеден бойшаңдау, сирақтылау еді де, жүріске де адымдылау келетін. Неге екенін білмеймін, жалпы Нұрбайдың балаларының жылқылары көбіне көк болушы еді. Жәкітай ағамның көк биесінің ойпаңға келгенде еліріп кететін әдеті болатын. Сондықтан, біз ойпаңға келген кезде, бірнеше рет арбадан түсіп, артқы доңғалағына ағаш қыстырып кедергі жасадық, әйтпесе көк бие арбаны сындырып кетуден де тайынбайды. Арбаның жанында көк биенің бойшаң құла құлыны бостандық тигеніне қуанып, ерсілі-қарсылы шапқылап жүр.

Шабындылық жерге кірдік. Бұл жердің өлең шөбі көк биенің шабына жетіп, тұтас өсіп тұр. Арбамыз, көк бие, құлын — бәрі де әдемі өскен өлең шөпті басып қиратып келе жатқандай. Осыны ұнатпаған Жәкітай ағам, қос тігетін жерге тез жетпесек, шөп көбірек басылатындай, көк биені шаужайлап, асығып келеді. Біз ұзын қара судың өзен жақ басына тоқтадық. Ұзын қара судың осы басында бізге сүйікті құм қайрақ жағасы бар. Ыстық күндері көк бие, сол құм қайрақ жағадан суға бар денесімен түсіп, үлкен басын анда-санда бір шұлғып қойып, маужырап тұруды жақсы көретін. Бүгінгі күні, жалпы шөп басындағы басқа күндерде де, Жәкітай ағам екеуіміздің істейтін істеріміз алдын ала белгілі де. Сондықтан, мен өз істерімді, қосымша нұсқау алмай, істей беретінмін. Бірінші жұмыс — арбадан секіріп түсіп, дереу құла құлынды ұстап алу. Өйткені оның шап беріп анасын еме бастайтын әдеті бар. Ал анасының сүті шөпке келген бізге одан гөрі керегірек. Құлынды арбаның артқы доңғалағына байладым, арбаның

өзіне байласа, әлді жануар сүйреп кететінін білем. Биені ағытып, құлыннан алыстау тұрсын деп, арбаның алдыңғы жағына байладым. Айыл-тұрманды жинап, арбаның жанына қойғаннан кейін шалғымды қолыма алдым. Бұл әкемнен қалған шалғы. Атам заманнан бері шөп шапқаннан ескіріп, жұқарып болған. Шөпті тек осы әкемнің ескі шалғысымен шабуды ұнататынмын. Мен бұл шалғыны жаңа шалғыға айырбастай алатын сияқты емес едім. Өйткені әр нәрсені тәптіштеп, мұқият, әдемілеп істеуді білетін әкем, шалғының сабын қолға ерекше ыңғайлы етіп жасаған екен, шалғының шапқандағы дыбысы да ескірген сайын қаттырақ, әсемдеу шығатын сияқты еді. Қолға алғанда бұл шалғы тіпті салмақсыз, жеп-жеңіл болып көрінетін. Жоқ, мен әкемнің шалғысынан басқа шалғымен шөп шаба алатын емес едім. Әкемнің өз бойына лайықталып істелген ұзын сабының ұшын жерге тіреп қойып, әдетіммен шалғымды дызылдатып бір қайрап түстім. Қайрақтың болатқа тиген дызылы маған бір қайрат-жігер бергендей болды ма, денем қызып кетті. Орақ ұстағанда адамды алдына түсіріп көрмеген Нысанбай атамның аруағы қолдап, тез кіріс дегендей болды. Бұл атамның ауылда шөпке шықса, бірнеше күн қымыз ішіп жатып алады екен, содан кейін кіріскенде он кісінің шөбін бір өзі шабады деп аңыз ететін. Мен де шалғымды сілтей бастадым. Тұтасып тұрған қалың өленді құлатып, жердің бетін аршығандай, шөпті тап-таза ағарған түбінен қиып келемін: сол жағымнан әсем аттың бұйра толқын жалындай болып, дөңестеніп кіре бастады. Шөптің қысқа қиылған ақ тықырығының астынан жазғытұрымғы сумен тазарған алқаның сары топырағы көрінеді. Орағымды сілтегеніме көп болмаса да, тер ағыл-тегіл тамшылай бастады, әуелі көйлегімді шешіп тастадым, сосын майкамды шешіп лақтырып, шалғыны сілтеп келем. Күркені су өтпейтіндей етіп қалың жабу үшін недәуір шөп керек. Шөп шабудың әдістеріне, бұрыннан машықтығыма салынып, асықпай сілтеп баппен шапсам да жүрегімнің тарсылдай түскенін, ауа жеткіліксіздеу болып бара жатқанын байқай бастадым. Тоқтап дем алайын десем, шаба бастағанымның өзіне он-он бес-ақ минут болғандықтан, Жәкітай ағамнан ұялып бара жатырмын. Тапқан әдісім, орағым мұқалып қала қойғандай, ұзағырақ қайрауға кірістім. Бұл қулығымды сезіп қойған ағам, еш нәрсе байқамағандай, сырғауылдарының басын байлап, өз ісімен айналысып жүр. Қостың айналасын өзіміз бен екі жылқы

басуына жетерліктей етіп тазартып, шауып болғанымша, денем су боп кетті. Нысанбай атамның аруағы менің әлсіздігіме ренжіп кетіп қалды-ау деймін.

— Қарғам-ау, толығып кетіпсің ғой. Біздің тұқымда қазіргі сендей толық адам болған жоқ еді, сен енді таң асқаның жөн болар,— деді Жәкітай ағам, маған аяушылықпен қарап тұрып.

Жәкітай ағама енді мен бір жылқыда жүріп семірген ат болғаным ғой деп ойладым. Ондай аттың таң асырып баптамай ұзақ мініске жарамайтыны есіме түсті. Ағамның таң ас дегені, енді тамақ ішпе дегені екенін түсіндім. Қарным ашып бара жатса да, амал нешік, ағамның айтқанын бұлжытпай орындауға үйренген әдетімнен таяр емеспін.

Қосты Жәкітай ағам, маған сенбей, өзі көтеретін. Мен, қолыма балта алдым да, талға кеттім. Ішінде кеуіп қалған ескі түбірлер мен құлаған талдар көп болатын. «Сақ бол балтаға, аяғыңды байқа»,— деп ескертті Жәкітай ағам. Ағамның дәл осылай деп ескертуіне, шамасы, жиырма-жиырма бес жыл болған шығар. Әйтеуір, мен қолыма балта ұстағалы осылай деп ескертіп отыратын.

Отын алып келіп, оны уақтап кесіп, жер ошақ қазып, арбаны жер ошақтың ық жағына сүйреп апарып, оны жаңа ғана шапқан шөпке толтырып болып, бие мен құлыны жас шөпті пысқырып қойып, кіртілдетіп шайнағанына қуана қарап біраз тұрдым. Құла құлынды жауырынынан сипасам, ұнататын түрі бар, маған сүйкене түседі. Жәкітай ағам күркені де қойып болды. Біздің жерде жанбырдың кейде құйындап жауатын әдеті бар. Сол жанбырдың соққысынан үсті басылып, бұл күрке кейін бұдан да әдемілеу болады. Қарасудан су алып келіп, кішкентай қазанды жер ошаққа қойып, шай қайната бастадым. Өйткені мынадай жұмыстан кейін Жәкітай ағам оттың басында, шайды сораптап ішіп ұзақ отыратын әдеті барын білетінмін. Бие сауатын ағаш шелекті жуып қойдым. Осы бір ағаш шелекті Жәкітай ағам қалдырмайтын, себебі темір шелекке сауса, бие исініп кетеді деп ұғатын. Көк бие құнарлы болатын, сондықтан қымызды үлкен торсық, кең күбіге құйып, түнемелдетіп жинай беретінбіз. Күндіз ауылдан қыдырып өзіміздің балалар соғатын, иә болмаса, маңайдағы шөпшілер ағама сәлем беруге келетін. Көк биенің сүті бәріне де жетуші еді. Сондықтан, Жәкітай ағам екеуміз

қымызымыз тәтті болуы үшін кеш болса, піспекке дамыл бермейтінбіз. Күннің көзі көкжиекке барып тіреліп еді, күндіз күннің ащы сәулесінен шөп көлеңкесіне тығылған маса, шыбын-шіркей көтеріле бастады. Жылқының шала кепкен көңі, бірден жанып кетпей, бықсып жата беріп, тұрақты қалың түгін шығаратын әдеті. Ондай көң бүгін жоқ, сондықтан көк бие мен құлынын масадан қорғамақ үшін тез кеуіп жанып кететін көк шөпті қайта-қайта отқа салып, әуре болып жүрмін. Жәкітай ағам жер ошақтың жанына отырды да, асықпай, ұзақ, сораптап шайын ішті, Таң аспақ болған маған бұл шай бұйырмады. Түннің салқыны түскен соң, ыстыққа, не салқынға шыдамайтын маса басыла қалды. Жәкітай ағам кешкі намазын оқуға кірісті. Мен күркеге кірдім де, тез шешініп, қалың төселген шөптің үстіне салынған төсекке күмп еттім. Қарным аш болса да, тез ұйықтап кеттім-ау деймін. Тек, ұйқыға шомып бара жатып: «Қайдағы бір болмашы ойдан күні-түні ұйықтамай дөңбекшіп жататын бұл саған ғылыми жұмыс емес»... — деп, өзіме-өзім күліп қойғаным есімде.

Жаксы ұйқы деген не? Шаршаған адам жататын орнына жетіп, басы жастыққа тиер-тиместе ойсыз, қамсыз бір дүниеге шомып кетіп, лезде-ақ көзін ашса, бойындағы бағанағы шаршау мен талықсудан ештеңе қалмағанын, күңгірттік пен сүреңсіздік шалған миы ап-ашық болып, ойы кеңшілікке самғап тұрғанын, тіршіліктің ләззаттары көз алдында жайнап, өмірдің бақытына күмәндылық қалмағанын байқайды да, бар болмысын қуаныш пен сенім билеп, түрегеледі. Түрегеліп шамаласа, әлгі лезге тәуліктің үштен бірі сыйып кеткенін, сегіз-тоғыз сағат бойы не бір аунамай, не бір қозғалмай ұйықтағанын, сол ұйқының ұзақтығын сезінерліктей бірде-бір түс көрмегенін аңғарады. Мұндай ұйқы тек далада, ауылдық жерде, пішенорақ басында болады. Оянып кетіп, жаксы ұйқының не екенін топшылай бастағаныма іштей күліп те жібердім. Өзімнің көп ұйықтап, ұзақ жатқаныма ұялып, атып тұрып, таңғы шыққа малынған жұмсақ шөпті, жеңіл орылатын уақытын жібермей, ерте шабуға кіріскен Жәкітай ағам ілесудің орнына, әлдебір керегі жоқ нәрсені ойлаумен болсам керек. Бір мезгілде Жәкітай ағамның орағы естілді. Әбден жұмсаған шөп күндізгідей жаңғыра дыбыс бермей, оңай кіртілдеп қиылып жатқанын, мұндай кезеңде орақ алдына түсіп, өзі бастағандай мейлінше жеңіл жүріп отыратынын, сол жағында шүйделеніп жыландай иіріле

созылған кіренің бетіндегі шық көлбей жалаған күн сәулесінен жылтылдап көз тартатынын, салқын ауа жұтқан сайын кеуденді керіп, бойыңа бір желік-жігер пайда болатынын ойлай бастадым. «Мезгілді мезгілсіз әрнені ойлай беруге қалыптасып алған жаман ғылыми басым-ай!» — деп езу тарттым. Күркенің есігіндегі қапты көтеріп едім, жаңа шыққан күн көзінің қою сәулесі лап беріп, көзімді аштырмай, денеме жылы тиіп, маужыратып барады. Сонда да, кешегі орақтан белім, иығым, қолым аздап ауырсынғанын сезініп, далаға шықтым. Жәкітай ағам күркенің маңын тып-типыл қылып шауып тастапты. Енді ол кісінің орағы күркенің алдындағы талдың ар жағынан алыстан естіледі. Қара суға барып, тез жуынып қайтып келдім де. Жәкітай ағам маған деп әдейілеп құйып қойған бір аяқ қымызды тастап жіберіп едім, мұның өзі ашыққан қарныма жұқ та болмағанын сездім. Сонда да орақты алдым да, Жәкітай ағамның тұсына бардым. Мен ұйықтап тұрғанша, ол кісі даладай жерді шауып тастапты. Әуелі ағамның арқасынан көтерілген буды көрдім, сосын өзін көрдім де сәлем бердім. Қаттыны көптен ұстамаған жұмсақ алақанымның бірден ойылып қалатынын білген анам, маған кенептен биалай тігіп берген-ді. Сол биалайды белімнен алып кідім де, орағымның бойын дызылдатып қайрақпенен сүйкеп түстім. Сонансоң, Жәкітай ағамның соңынан тұрдым да, орағымды жайқап ілесе жөнелдім. Қарасам, менің жолым да, Жәкітай ағамның жолынан кем емес, таза түсіп жатыр. Дәл бүгін маған ағам ұзақ орақ орғызбайтынын білемін. Түске дейін көп болса бір сағат, түстен кейін бір жарым сағат. Өйткені мені ол таң асырып баптамақ болды ғой...

Ардақты жазушы інім, сол жылғы жазда ағаммен қосылып шөп шапқанымды, көпенелегенімді, маялағанымды, күркенің ішінде ұйықтап тұрып, күндіз қымыз ішіп, таңертең, кешке суға шомылғанымды — осының бәрін егжей-тегжейлеп айта бергім келіп отыр. Бәрі де бүгінгідей көз алдымда. Мұндай жағдай мен үшін де, қазіргі түлектер үшін де, болашақ түлектер үшін де қайталанып келмейтін болғандықтан көз алдымда шығар. Жуықта елге барып қайттым. Мен шөп шапқан алқа жоқ, бірақ оның орнына себілген шөп жайқалған дала, алыстан үлкен қара құрттай көрінген шөп машинасы себілген шөпті әдемілеп, қырып жинап алып, кірпіш қылып сығымдап шығарып тастап жатыр. Әрине, бұдан кейін иығына атамыздың орағын ұстап шөп шабуға кім барар.

Менің шөпке келгеніме үш жетідей өтті. Сол үш жетінің шөп шабудан басқа да қызықтары болды. Бір рет жолдастарым келіп, балық аулап, суда жүздік. Бір-екі рет кешке қарай ауылға барып қайттым. Ең қызығы Жәкітай ағамның әңгімешіл достарын тыңдау болады. Түске дейін терге малынып шөп шабу, содан кейін тамақ ішіп, шай ішіп, бір-екі сағат салқын түскенше ұйықтап түрегеліп, қара судың жұмсақ суына шомылудан артық ләззатты нәрсені көргем жоқ. Бір күні осылай суға сүңгіп кетіп, шыға келіп, айналамда лықсып тарап жатқан толқындарға қарап едім, лезде бұлдырап, көз алдымнан қашып, жоқ болғандай болды. Оның орнына институтта, лабораторияда қалдырған химиялық теңеулер мен формулалар келіп, қамап тұрып алды да, сол мезеттен бастап есіме жиі-жиі оралып, маңайымнан шықпауға айналды. Демалысқа шығар алдында талай ойлағанымда басымда күңгірт күйінде қалған нәрселер, енді кітапсыз, консультациясыз ап-ашық айқын болып келіп, өзінен-өзі түсінілгендей болып жатты. Тіпті істеген тәжірибелерімнен алған кейбір цифрлардың өзі айқындалып, көптеген істерімнің кемшілігі мен жетістіктері анықталған сияқты болды. Енді іске кіріссем, өзгеше кірісетіндей сенім туа бастады. Ойларымның осы бір айқындығына сенем деп, хлестаковшылап жүрмесем жарар еді деп те күліп қойдым. Олай болмас үшін, осы топшылауларым шын ба, елес пе, тексеруім керек. Лабораторияда тексеруім керек! Осы күннен бастап, ағам екеуіміз шауып көпелеген, енді маялауы ғана қалған шөптің қуанышы солып, жалпы пішен басындағы өмірдің қызықтылығының өзі бір жаққа кетіп қалғандай жағдайға душар болдым.

Менің жүзімде өзіне ұнамайтын ойлылықтың пайда болғанын байқап қалған Жәкітай ағам маған, сол бұрынғы өзінің аянышты көзімен қарай бастады. Бұл аяныштың тегін мен білуші едім...

Ол мені жанындай жақсы көретін. Мен Нұрбай атамның немерелерінің үлкені едім, сондықтан Жәкітай ағам менің біздің ауылдың көрнекті ер жігіті болып өсуімді арман ететін. Бірақ мен ағамның ойындағыдай жігіт болып өспедім. Бұл оның үлкен өкінішінің бірі еді. Өмір бойы жылқымен айналысқан Жәкітай ағам бұл жануарлардың бабын жақсы білуші еді. Жылқының жанына барғанда еркін бару керек, жылқы өте ақылды жануар, сондықтан осал, қорқақ, ынжық адамды жек көреді деп үйрететін. Ерке өскен жануар, адамның осалдығын байқаса, не тістеп

алады, не теуіп жібереді. Жәкітай ағам қандай асау ат-айғырдың жанына жетіп барғанда, олар орнынан тырп етпейтінін талай көрген едім. Мен асау бейтанис жылқының жанына баруға қорқатынмын. Жәкітай ағам бейтанис асау жылқыға артынан тез бару керек, сол кезде ол аяғын сермеп үлгере алмай қалады, алдынан барса қай уақытта болса да тістеп алуға мүмкіншілігі бар деп үйреттін. Мен, бірақ әсіресе бейтанис жылқының артынан баруға қорқатынмын. Жәкітай ағам бірнеше рет шауып бара жатқан атқа ілесіп мініп, қайта түсіп мінуді үйретіп көріп еді, бірақ мен үйрене алмағанмын да. Ол бұған қатты налыған еді. Менің үйрене алмағанымнан гөрі, үйренуге құштарлығымның жоқтығына налыды-ау деп ойлаймын. Жақ кезімде босаңдау өскен мен, құрдастарымның көбінен жеңіліп қалатынмын. Мұны көрген ағам, менің әлсіздігіме емес, жеңіліп қалғанымда қайтадан күресіп жеңіп шығуға ұмтылмайтыныма, менің бойымда Алжыған атамның және оның маңындағы әріптестерінің ешбір қасиеттері болмағанына реңжитін. Жәкітай ағам Алжыған атамның бойындағы ең жақсы қасиеттер өз бойында бар деп есептемейтін-ді. Бірақ Алжыған атама үзеңгілес қосшы болу оңайға түспесе керек. Мұны мен Жәкітай ағамның шашын алған кездерде де байқайтынмын. Ақсақалдың шашын алу оңай іс емес еді. Бұл кісінің бас құйқасы ойлы-қырлы, кедір-бұдыр болатын. Әсіресе ойлы жерлердегі шашты алу қиынға түсетін. Ағамның бас құйқасының әр ойшығы мен әр шығанағының кереметтей тарихы бар да. Сол тарихтың бір де біріне мен шыдамас едім деп ойлайтынмын. Талай дүмпу мен таяқтарды көрген бұл бастың сүйегі аман сақталғанына қайран қалатынмын. Бірде шашын алуға кірісіп жатып: «Мына шыңырау мен жылғаларды, ой мен қырды аралап, шөп шабам деген кісі талай орағын сындырар еді-ау, орағын сындырмай бұл шөпті шаба алатын мен ғанамын»,— деп мақтандым. Ағам ауыр күрсініп қойды.

— Мына бүгін сендер бакыттысындар ғой. Совет үкіметі келмегенде менің бас сүйегім де аман қалмайтын еді ғой. Маған күшін көрсеткендерге қаным қайнап шыдай алмайтынмын. Өзімнен осал, нашарлармен төбелесем, менің басымда мұндай дақ қалмас еді ғой. Ең қиыны менің ұрғанымнан таяқ жегенім көбірек еді. Мендейлердің жақындары мен туыстарынан тартқан зардабы мен зияны да аз емес те. Сондықтан, бастағы жарадан гөрі іштегі жара

артық болатын, тіпті оған қарағанда бастағы жара түкке тұрмайтын.

Ағамның шашын өзінің үлкен бәкісімен алатынмын. Әдемілеп тігілген былғары қаптың ішіне салып, қадірлеп ұстайтын бәкісін қол бос кезінде, қайраққа түкіріп қойып, өткірлігін сақалына басып байқап, қайрайтын да отыратын. Ол кісі фабрикадан шыққан ешбір ұстараны бұл бәкіден өткір деп танымайтын. Менің бұл жөніндегі пікірім ағамға кереғар еді. Бірақ үлкен кісінің көңіліне қарап, үндемей-тінмін. Қатты шашын жылы сумен жұмсартып (сабынды пайдалануды ол кісі ұнатпайтын), сол саусақтарыммен ағамның құйқасын созып, оң қолымдағы бәкінің жүзін құйқаға батыра бастайтынмын. Бәкі, жүзі ілгерілеген сайын, шашты ақырын қиып түсудің орнына, жұлмалап, бірін ұзындау, бірін қысқалау үзіп, әйтеуір азайта бастайтын. Бұл машақатқа тек Жәкітай ағам ғана көнетін. Өйткені, ол кісі ауырсыну деген, қорқу деген сезімдерден ада сияқты еді. Сол үшін Жәкітай ағамды ерекше жақсы көріп сыйлайтынмын. Ол кісі мені қорқуды білмейтін батыр етіп өсіруді мақсат ететін. Мені тек соған үйрететін. Менің қорқақ, осал болып өсіп келе жатуым — ол кісінің іштегі үлкен қайғысының бірі еді. Жөргектегі кезімнен бастап, мені алдына алып, ат үстінде селкілдетіп өсіргенде, бұлай өсірем деп ол ойлаған жоқ еді. Өмір мен тіршілік тек жүректі батыл адамның қолында болатынын есінен шығармайтын ол, менің болашақтағы өз үлесімнен қалып қоятындай ұяң болып өскеніме налитын. Ағамның маған кашанда аянышпен қарайтындығы, міне, сондықтан еді.

Мұның үстіне, Жәкітай ағам менің жүріс-тұрысымда, мінезімде, алдын ала сәтсіздік пен бақытсыздыққа лайықты қасиеттер бар деп жорамалдаса керек. Өйткені, ойлағаным мен көргенімді топшылауға әдеттеніп алған мен әрі мезгілсіз, әрі жиі қайдағы бір ойға шомып кетіп, күнделік күйбең дүниенің қамын ойламайтын жайда болатынымды Жәкітай ағам жақсыға баламайтын. Дегенмен, Жәкітай ағам менің жақсы оқығаным ұнаушы еді. Менің кітапты көп оқығаным оның жанына сондай жағушы еді. Ол өзінің достарына менің оқыған кітаптарымды көрсетіп мақтанып қоятын. Оның әсіресе мақтаныш ететіні Пушкиннің жүз жылдығына шығарған жуан кітап еді. Мұндай жуан кітапты, не оның өзі, не құрбы-құрдастары көрмепті ғой. Қаршадай кезімнен мақтаншақтау болғанмын ғой деп ойлаймын, өйткені мен сол кітаптың ішінен «Руслан мен

Людмила» және ертегілерден басқаларын оқып түсіне алмасам да, ағамның мақтанышы үшін кітапханадан әкеліп қоятынмын. Бір жылы жақсы оқығаным үшін сыйлыққа маған көйлекке деп бір алапес сиса бергенде, сол сисаны ағам үйдің ең көрнекті жеріне іліп қойып үйге келген адамға, «қарғамның үздік оқығаны үшін алғаны» деп, мақтанатын. Жобасы, алтыншы-жетінші кластан кейін шығар деймін, тура қай класта екені есімде жоқ, менің ағам енді Мәжитке оқып керегі жоқ, өйткені біздің тұқымға ұзақ оқуға әдеттену жазбаған, бұдан ұзақ оқу қаны мен бойы қалыптаспаған адамды ауруға шалдықтыруы мүмкін деп жариялаған-ды. Өзінің осы тұжырымын ол, кейде мезгілсіз ойланып қалатынымды байқап, мені аяп айтса керек, бірақ әжем мен әкемнің және басқалардың менің әрі қарай оқи беруімді ұнатқанын байқаған ол өзінің айтқанын қайталамаған еді. Бірақ мен жөніндегі іштегі күдігін ол айдан-айқын айтуға сескенген еді, бұған тіпті оның аузы бармаған еді.

Осы жолғы демалысқа мен бойыма бір жайдарылық еніп, мезгілсіз ойландуды қойып, тоқеттеніп келгенмін. Бұған Жәкітай ағам әбден қуанған-ды. Менің жүзімнен оған ұнамайтын мезгілсіз ойланып қалушылық кеткен сияқты көрінсе керек. Мұның өзі шынында да солай да. Лабораториялық тәжірибелерімді ойлана беру әбден титығыма жеткен еді деп жазып едім ғой. Менің елге келіп, ешбір ойсыз-қамсыз ауылдық өмірдің қызығына шомып кетуімнің өзі де жаратылыстың талыққан бойға жасаған қорғаныш әрекетінің бірі болса керек. Бірақ осы ойсыздық пен қамсыздық ұзаққа бармады-ау деймін. Ағам маған тағы да сол аянышпен қарай бастаса да, бұл аянышта менің болашағым жөніндегі бұрынғыдай қорқыныш жоқ еді. Менің болашағымның қамын ойлау өз қолынан келмейтінін ол сезген-ді. Оның «қарғасы» жаңа заманның, жаңа тіршіліктің, еңбектің жаңа түрінің адамы екенін ол мықтап ұғынып алса керек. Ол бұған көніп қана қоймай, бұл қазіргі өмірдің ең керекті белгісі екенін түсінсе керек. Туысқан адамдар атам заманнан келе жатқан дәстүр бойынша бірге тұрып, бірге еңбек етіп, бірге өсіп, бірге өмір сүрудің орнына әр жерге тарап, ешбір жақындастырмайтын мүдделерге ие болып, бытырап жатқанына ол мұңаймай отыра алмайтын. Жаңа заманның осы бір ерекшелігі Жәкітай ағамның миына қонбай, көп қайғыратын.

Осы ақырғы шөп шапқаннан кейін Жәкітай ағам он бес жылдай өмір сүрді. Ол ет жақын адамдардың бойынан, денесінен кесіп алғандай бөлініп, алыстап кетіп жатқанына да үйрене бастады. Елімізге қой үстіне торғай жұмыртқа-лағандай тыныштық пен молшылық орнағанына қуанды. Ауылдан кеткен жалғыз ғана мен болмадым, әуелі оқу орындарына, сосын өз мамандығы бойынша жұмысқа ағамның өз балалары да тарай бастады. Ол бұған қарсы емес еді, жаңа өмір, жаңа тіршілік осыны тілейтінін білетін. Кітап пен ой жұмысындағы менің жетістіктеріме қуанып, маған келіп қайтып тұрды. Өз ауылымыздағы, маңайдағы ауылдағы өзінің құрбы-құрдастарына қарғасының қандай адам болғанын мақтаныш етсе де, оның жүзінен қайдағы бір қасірет сезімі кетпеуші еді. Өйткені, ол стол басында қозғалмай отыра берген тіршіліктің қызғылықтығына түсінбей өткен-ді. Алла тағала берген бұлшық еттің, қолдың, аяқтың, дененің күшін күнделікті өмірде пайдаланбай өткен тіршілікті ол тіршілік деп есептемейтін. Қаны бір, туысы бір адамдар бірінен-бірі алыстап, жүрек-бауыры қатып, туыстық сезімнен айырылған өмірді де ол онша түсіне алмай өтті. Жәкітай ағам маған келетін де, бір түн ұйықтамай, менімен әңгімелесіп, ауылдың бар жаңалықтарын айтып, ауылдың тұрмысы мен жағдайын егжей-тегжейіне жеткенше сұрастырып білгім келгеніне, қарттың әңгімесіне зерікпегеніме қуанып, таң ата ұйықтап кететін де, мен қызметке барарда бірге түрегеліп: «Қарғам, ертеңге билет ал, аман-сау екендеріңді көзіммен көрдім, осы маған жетеді»,— дейтін. «Асықпа, бірнеше күн бол»,— деп қанша өтінсем де көнбейтін. Таңертең түрегеліп қолына балта, айыр, күрек сияқты аспап ұстамаған өмірді, ол ешбір тіршілік деп есептемейтін.

Ардақты жазушы інім, осы жазбаларымда сізге керек бағытты мықтап ұстау маған қиынға түсіп-ақ жатыр-ау. Қазір мысалы, Жәкітай ағамның өміріндегі қызғылықты оқиғаларды ерінбей-ақ айтып берер едім. Осы кісінің жанында жүрген кездердегі қуаныш пен қызықтар қазір менің бойымды билеп, тебіренгіп-ақ отыр. Тек жақынына жақсылық ойлап, дамылсыз еңбекпен өткен осы бір кісінің өмірі маған мәңгі бір үлгі сияқты. Жәкітай ағам талай қиыншылықтардан тәнімен бірге жанын да жаралап өтсе де, сол жараларын қайғы мен қасіретке айналдырмай, өмірдің аз қуанышын көпке балап өткен еді. Өйткені, кітап бетін көрмеген, оқымаған ол, біз сияқты, өмірдегі

әлде бір оқиғаны талдап, топшылап, ішінен бір қарайған жерін тауып алып, соны қаралай түсуді білмеуші еді. Әрине маған Жәкітай ағам сияқтылардың өмірі күнделікті тамақ асырау мүддесінен аспаған, адамзаттың рухани арманының ең жоғарғы сатыларына көтерілу түглі, маңайламаған деп топшылау оп-оңай. Жәкітай ағамның ойында мұндайлар болмайтын, мұндайды ешбір әңгіме етпейтін. Ол, ауыл ақсақалдарының көбіндей, әңгімеге жүйрік еді де, өз ойын жетілте, көркейте айтып бере алатын. Және жер бетінде тіршілік ету жолында өмір бақи тек тапшылықпен, тек жоқтықпен күрессе де, бірде-бір адамды алдамаған, өз ожданы, өз санасымен дүдәмал келісімге келіп көрмеген, адамгершілік намысы мен арын қандай қиын-қыстау жағдайларда сақтай білген. Тіршілік пен өмірден көпті тілеп көрмеген ол, өзін бақыттымын деп санайтын. Тіршілік жолында, тіршілік үшін адал жолмен тамақ табу, шама келгенше жақынға көмектесу — осыдан басқа мүддені Жәкітай ағам білмеген сияқты еді. Осы мүддесіндегі жолын ол мықты сақтаған-ды.

Ардақты жазушы інім, адамның өмірінде, жобасы, алыстаған сайын айқынырақ, қызығырақ көрінетін бір оқиғалары болатын сияқты. Бірақ өз бойынды елжіретіп, тебіrentетін сол оқиғалар басқаларға да сондай әсер етеді деп ойлау оғаштау деп ойлаймын. Соған қарағанда, менің осы жазбаларым өзімді ғана сүйсіндіретін, өзіме ғана қызғылықты бір мылжыңға айналып бара жатыр ма деп қорқам. Дегенмен, бұл жөнінде көңілге медеу боларлықтай бір жағдай бар сияқты. Бір күні мен қалжыңдай беретін әдетіммен анама қарап: «Ұмсын, біздің әкеміз бойшаң, көрікті, маңдайы кере қарыс, ақ бетіне қоңқақ мұрны әдемі қонған сұлу кісі еді ғой. Ал біз әкемізге тартпаппыз, маңдайымыз қушық, мұрнымыз жалпақ, бізді бұзған сен болсаң керек»,— дедім. Анам көзінен жас шыққанша сықылықтап күлді де, көзін орамалмен сүртіп отырып, былай деген еді: «Ойпырмай, кінәлы екем, кінә менде екен, бірақ Мәжитжан, өз мінезіңді саралап, өзінді-өзің сынап көрші. Мүмкін менен де бір жақсылық ауған шығар. Сол жақсылықты мүмкін қазір таба алмассың, бірақ мен өлген соң тауып аларсың»,— деп тағы да мырс етіп күлген еді. Енді мен, тіпті ата-анамды қоя тұрғанда (олардың генетика жөнінен бізге ауыстыратын өзгешеліктері ақиқат қой), мұғалім, ұстаздар, жақын адамдар, жалпы тіпті кейде кездескенде адамның жүрегінде ұзақ уақыт сөнбейтін

бір белгі қалдырған адамдар, міне, осылардың бәрі біздің мінезіміз бен дүниеге көзқарасымыздың ұшталуына әсер етеме деп ойлаймын. Бірақ осылардың біздің адамгершілік сипатымыздың жөнделуі үшін қайсысының әсері аз болды, қайсысының әсері көп болды, анықтап айту қиын ғой. Мұның өзі тіпті күрделі ғылыми мәселе де шығар. Міне, осыған қарағанда, айтып отырған адамдарымның әрбіреуі менің адамгершілік сипатыма бір әсер еткен шығар деймін. Сол әсерін менің осы мылжыңдауымның арасынан сіз тауып ала ма деп те, жазып жатқаным ғой.

Ардақты жазушы інім, осы еске түскеннің бәрін қамтып, анда кетіп, мында кетіп жазып жатқанымның ішінен сіз менің ғылыми тағдырымның өзі ақырғы рет осы жазда шешілгенін, сол жазда мен ғылым жолында кәдімгі ғылыми Рубиконнан өткенімді байқаған боларсыз. Менің ғылыми ұмтылыстарыма өмірі қарсы болған сүйікті Жәкітай ағам осы жолы, енді маған бірде-бір кереғар пікір айтпастай болып, жеңілген-ді. Бір сөзбен айтқанда, суға күмп беріп шыға келгенімде, айналамды химия қоршап алғаннан кейін он шақты күн өткен соң, өзімнің сүйікті жартылай подвалымнан бір-ақ шықтым.

Аңсап күтіп тұрған сияқты асыға жеттім. Күндіздің өзінде күнгірттеу болып тұратын аспиранттық бөлмем, химиялық заттардың үйреншікті құпияға толы иістері, шынылар мен аспаптар — бәрі «мені пайдалан, ізден, біл» деп тұр екен... Бұдан бір ай бұрын осының бәрін тастап қашқаным маған бір хайуандық болып көрінді де, өз осалдығымды, дегбірсіздігімді күлкі еттім. «Сол бала болып па еді?» — деген сұрақ Горькийдің Самгин Климының құлағынан кетпегені сияқты «Осының бәрі болғаны рас па?» — деп мен де өзіме сұрақ бере бастадым.

Осындай көңілді жағдайда ісіме кірістім. Жұмысым да бұрынғыдан жеделірек жүрген сияқты болды. Бірақ қазір есіме түсірсем, сондағы жұмысымның жеделірек жүргені нәтижеден гөрі көбіне өзімнің көңіліме байланысты ма деп топшылаймын. Өйткені, жұмыс істеп тұрып, осының өзі неменеге керек деп, өз ісіңе өзің дұдамалдана берсең, береке болмайды екен де, ал неғылса да осыдан нәтиже шығару керек, өйткені сенің болашағың, сенің жолың осы жұмыста деп істесең ілгері басқан қадамың кейін кетпейді екен. Міне, осы кейінгі сенімді алға қойып, әлі де жарты жыл жұмыс істедім. Сонда ғана арман еткен бірінші нәтижелер шықты. Бірақ осы жарты жыл тез өткен сияқты

болды. Өйткені, мен өзіме: «Осы неменеге керек?»— деген дұдамал сұрақтарды қойғам жоқ. Бір жылдан аса киналып жұмыс істегеннен кейін, ақыры, ойдағыдай нәтиже шыққанына көзім жеткенде қуанғаным сондай, өзіммен бірге қызмет істейтін досым аспирант Углевтің жанына бардым да, сүйегі шығып тұратын иығын алақаныммен басып, Чацкийше шалқайып, даусымның бар мақамы мен нақышын жұмсап былай дедім:

— Адамның ойы, жағаға соққан толқындай, үлкен жаңалықтың маңында толқып-толқып тұрады да, бір күні бура толқын келіп, осы жаңалықты ашып кеп тастайды. Уа, досым Сергей Викторович, бура толқын келді, жаңалықты аштым!— деп досымды аюға тән қайратпен сүйегі сықырлағанша құшып, болбыр бетінен шолп еткізіп бір сүйдім... Еркек атаулыны мұндай құшырлана құшуым, мұндай сүйсіне сүюім ертелі-кейінде қайталанған жоқ. Екеуміздің істеп жатқан ісіміздің ұлы тарихи іс екенін көздетіп, ғылымда адам баласының ойы мен санасында революциялар жасаған жаңалықтар осы біздің жұмыс істеген жартылай подвал сияқты жерлерден, түрі мен тұрпаты, жүрісі мен тұрысы бізден онша аспаған адамдардан шыққанын дәлелдеп, талай тарихи мысалдар келтіріп, анда-санда бір лепіріп қоятын әдетімді Сергей жақсы білетін, бірақ осы жолғы айтып тұрғаным бұрынғыдай көпірме сөздер емес, шын қуаныш, шын бір көңілге қонымды жаңалық екенін ол түсінді. Менің көтеріңкі дауыспен айтқан тақпағыма да, аюдың әдептілігіне ұқсас әдептілікпен білдірген сезіміме де ол шын ықыласымен қуанды. Тақпақтап тұрғаным академик Вернадскийдің сөздері еді. Осы оқымыстының өмір тарихын сол кезде оқып жүргенмін. Әрине, осы жеткен жетістігімді айтарлықтай ғылыми жаңалық деп атау қиын еді. Бірақ сезінген қуанышым, шынында да, бура толқынның деңгейіне жеткен-ді. Творчестволық қызметте осындай қуаныштың ләззаты өзгеше ғой. Бұл тамаша ләззаттың арғы тегін түсіну үшін, шексіз шым-шытырық ойларға, жалған елестерге, дұдамал қорытындылар мен іс жүзіндегі сәтсіздікке, нәтижесіз шұбалған еңбектің қиын-қыстау кезеңдеріне толы ұзақ уақыт өткізу керек. Сонда ғана аз жетістіктердің өзі ақ түйенің қарны жарыларлық қуаныш әкеледі. Осындай тебіреністі әсіресе ғылымдағы бірінші жетістіктер әкеледі екен. Мен де ғылымдағы осы бірінші аз ғана жетістігіме

қуанғанымды кейін талай бұдан үлкен табысқа жеткенде қайталай алғам жоқ.

Сонымен, ардақты жазушы інім, менің жазбаларыма аспиранттық кезімдегі ең жақсы досым Сергей Викторович өзінен-өзі кіріп кетті-ау деймін. Сондықтан мен сізді бұл жігітпен таныстырайын, өйткені бұл өзі таныстуға тұрарлық жігіт.

Мен аспиранттық бөлмеңді тек жалғыз өзім ғана жұмыс істеуге ықшамдаған едім. Менімен қатар бұл бөлмеде басқа біреу жұмыс істейді деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмеген-ді. Студенттер жоғында өз бөлмең түгіл, жартылай подвалдағы бүкіл лабораториялық заңға ие болып алатын мен, кафедраның астыңғы бөлігіне жалғыз би болып алғанымға мүлдем әдеттеніп алсам керек. Демалыстан қайтқанымда лабораторияға келіп, жалғыздан-жалғыз ойға шомып жұмыс істейтін кезімді аңсап келе жаттым. Бірақ менің аңсаған мақсатыммен профессор Дьячковтың мақсаты қайшы болса керек. Лабораторияға келсем, үстіне көнетоз китель, сол кезде модалы етік пен ғалифе киген, орта бойлы, қушықтау денелі бір жігіт тұр. Киімінен сүйегі көрінгендей арық, кеудесі ішіне кіріңкі, арқасы бүкірлеу. Бұл кісі Сергей Викторович Углев екенің, біздің кафедраның жаңа аспиранты екенің, сондықтан мені қарсы алып тұрғаның бірден сездім. Мен бұл жағдайды күткен жоқ едім. Сондықтан, қолымды салқынырақ бердім де, қайтадан жұлып алғым келіп еді, жігіт менің қолымды босата қоймай, менің келгеніме қуанғаның білдіріп тұр. Қолымды салқындау бергеніме ұялған мен, шөп шауып әлденіп алған саусақтарыңмен жалма-жан оның қолың қайта қыстым. Қол бергендегі бастапқы салқындықтың өзі жайдан-жай емес-ті. Сергей оқуды сол жылы, яки менен бір жыл кейін бітірген-ді. Сондықтан, мен оны жиі кездесіп әңгімелесіп жүрмесем де, білетінмін. Оның тек беске оқытыны да маған мәлім де. Бірақ бір күні «лаборатория» деудің орнына «лаблатория» деп тұрғаның естіп қалдым да, оны үздік оқығаны үшін сыйлауымнан су сепкендей айрылдым. Жас граф Толстой өзіне тетелес бір офицерің қолына перчатка кимей жүргенің көріп жиіркенгеніндей, мен де осы Углевке, тіпті, жақтырмай қарай бастадым. Оның үздік оқығаның қайтейін, егер мәдениетті адам айтатын сөздерді дұрыс айта да білмесе. Оның үстіне, осындай жігіттің ғылымда өз үлесің бар деп, тайталасуың арқасында мен аспиранттық бөлмеңе дербес ие болудан

қалайын деп отырмын. Енді ғой, жүрсең де, тұрсаң да, жұмыс істесең де, өзіңмен жаныңда құқы тең кісі бар екенімен есептесіп отыруың керек. Углев маған сәлем бергенде менің қуанышымның оның қуанышынан аз болғанының себебі осы еді. Бірақ бірінші кездескендегі осы бір қолайсыз жағдай біздің болашақтағы қарым-қатынасымызға ешбір дақ қалдырмаған-ды. Шынын айтсам, осы бір күтпегендіктен туған кібіртіктен өтіп алған соң, мен лабораторияда бірге істейтін жолдас пайда болғанына қуанып та қалдым. Бұл қуанышыма қарағанда, әлгі айтылған ұнамсыз жағдайлардың түкке тұрмайтынын да байқадым. Жоғарыда қызмет істейтін Ғайнетден лаборант қызметкерлермен қалжыңдасудан жағы талмайтын, жас мұғалімдердің арасында өз адамы болып алған-ды. Ал менің жаным студенттер жоқ кезде, тіпті ешкім келмейтін. Сондықтан, лабораториядағы жалғыздықты мақтап етуімнің өзі жоқты бар етіп көрсеткім келгендіктен шығар деймін, өйткені аспиранттық бөлме мен лабораториялық залдың қабырғаларына, шкафтарға, столдарға, шыны ыдыстарға, аспаптарға қарап айтқан талай қызғылықты ойларым, адамның шек-сілесін қатырарлықтай қалжыңдарым, әсем сөйлемдерім, құлақтың құрышын қандыратын тақпақтарым далаға кетіп жатқанын жаратушы мен өзім ғана білетінмін. Әрине, ішімді кернеп, сыртқа ұмтылып тұратын шешендігім негізінен өзіме ғана көрікті екенін, жанымдағы адам үшін ондай көрікті болмай шығуы да мүмкін екенін білетінмін. Сонда да, мына ешбір жауап бермей, үнсіз риза болған айналаңнан гөрі жаныңдағы жолдасыңның анда-санда бір езу тартқаны көп артық екен. Оның үстіне, Углевтің тереңірек біткен көкшілдеу кішірек көздері алдын ала менің ғылымдағы ағалығымды сездіре, айтқанымды бар ықыласымен тыңдауға дайын екенін білдіре қарауының өзі, өз үлкендігімді ешкімге мойындата алмай жүрген маған ұнамай қойсын ба? Амандасып алған соң, аспиранттық столымның басына шалқайыңқырап отыра кетіп едім, Сергей кемінде бір профессордың алдына келгендей ізет білдіріп, стол шетіне орындалығын сүйрей жақындады. Желкесіне қарай тараған бұйралау сары шашы маңдайынан кейін недәуірге кетіп қалыпты. Сондықтан, көлденең сызылған терең қос қыртысы бар маңдайы жаратылысындағыдан биіктеу көрінетін сияқты. Қалжыңға құмар менің есіме орыс классигінің мына бір шумақ өлеңі түсе қалды.

Бергеннің аздығын  
Көп дегізбек құдайым:  
Шаш азайса, таздығы  
Кеңейтіп тұр маңдайын.

Сергейдің маңдайы жаратылысынан кең екен, сонда да бір ажуа шумақты қай уақытта ретін тауып айтар екем деп, ішімнен күліп қойдым. Бұра сөйлеген күлкіге жақсы ғой. Шындықты айтар болсам, Сергейдің кең маңдайы, қоңақ үлкен мұрны, қайсар адамға тән ілгерілеу ұмтылған иегі, әлдеқашан бір дұрыс айтылмаған сөзді естідім деп кеміте беруіме жол бермейтін сияқты екен. Тіпті, керісінше, Сергейдің осылай, бір жағынан, өзінің кішілігін, бір жағынан, жақсы жолдас болғысы келіп тұрғанын сездіре сөйлеуі, тіршіліктің недәуір қиын-қыстау жағдайлары басынан өткендіктен дүниеде көрінгенге елтіп, көрсеқызарлана қарамайтындығын білдіретін сұрақтары, қалжыңды бірден ұғына қоятындығы маған ұнап қалған еді. Мен бұл кісінің осы лабораторияға рухани дайындығы менен гөрі молырақ болып келгенін, ой-пікірінде менің ой-пікіріме тән бұлталақ жоқ екенін ұғындым. Сергейді тыңдай отырып, бұл кісінің орыстың әдеби тіліне жаңа ғана қалыптаса бастағанын, сөздерінде Орал тауының шығыс беткейдегі орыстар тіліне тән өзгешеліктер әлі қалмағанын байқадым. Ойыма келгенді тежей тұруға шыдамым аздау мен, ол кісінің жасынан қай жақта өскенін шамалағанымды айтып қалып едім, қалыңдау қасының астындағы тереңдеу біткен көкшілдеу көздері нұрланып:

— Мәжит, курстағы жолдастарым ажуа ете берген соң, тілімдегі кейбір өзгешеліктерден тіптен құтылдым деп ойлап едім, әлі құтылған жоқ екем ғой. Менің туған жерімді шынымен сөйлеуімнен білдің бе, әлде естіген бе едің?— деді.

Мен Углевке екеумізді тіпті жерлес деуге болатынымызды, жас кезімде оның туып өскен жерлерінде болып, оқуды сол жерде бастағанымды айттым. Оның «лаблатория» деген сөзі маған кезінде ұнамсыз естілгенін де жасырған жоқ.

— Сондықтан, мен сенен кешірім сұрағым келіп отыр,— деп жалғастырдым сөзімді.— Тіпті кезінде сені ұнатпай қалғанымға ұялып та отырмын, бірақ есінде болсын, Толстойдың өзі де кейбір жасындағы істерінен кейін ұялатын болған...

Менің бұл қалжыңымды Сергей түсінді. Ол күлді де:

— Мәжит, асықпа, кешірім сұрауың әлі ерте шығар. Мен сондай оп-оңай, бірден ашыла қоятын ашық ауыз аңғырт емеспін...

Бірақ Сергейдің бұл айтқанына мен іштей көнгем жоқ. Сергейдің бірден жақындасқысы, бірден сырласқысы келіп тұратын адам екенін мен лезде сезіндім. Екеуіміз осы күннен бастап, бірімізден-біріміз еш нәрсені жасырмайтын, жақын сырлас болып алдық та, екеуімізді ғылыми тағдырымыз Отанымыздың екі жақ шетіне айырғанша сол күйде болдық.

Тіршілік пен өмір Сергейді еркелетпепті. Ол менен сегіз жас үлкен екен. Әке-шешесінен ерте айрылған ол, нанның әрбір түйірінің шын бағасын ертеден-ақ сезініпті. Бала кезінен машина жасайтын заводта станок басына тұрып, соғыс кезінде де сол станоктан ажырай алмаса керек. Өйткені соғыс құралдарын шығаруға көшкен заводқа маман жұмыскерлер керек екен. Соғыстан кейінгі жылдары майданнан аман қайтқан ағасы біздің астанамызға қызметке тұрып, жақын келуін өтінген соң, Сергей біздің сол кездегі жалғыз-ақ инженерлік институтқа яки біздің институтқа түсіп, студент болыпты. Орта мектепті, ауыр жұмыс істеп жүріп, кешкілікте оқып бітірген Сергей жоғарғы оқу орнының программасын игеру жолында көп қиыншылық көрсе де, қайсарлығының арқасында жақсы оқыпты.

Міне, сол Сергей арзан «Северді» тартып, алдымда отыр. Темір аспапты көп ұстағандықтан әбден күстеніп кеткен саусақтарына қарап, сол саусақтар иілмейтін қатты болып көрінсе де, мына папиросты сондай әсем ұстап, көзге ілеспейтін ептілікпен шертіп қалып, күлін алдындағы лабораториялық фарфор кесеге түсіріп отырғанына қызыға қарадым. Біз, жобасы, ұзақ отырсақ керек, оның шылымынан түскен күлі кесенің дәл ортасына, бір де бір түйірі бөлінбей, айналасы тап-таза, дөңгеленіп, шошая қалыпты. Мен Сергейдің ақылдылығы білініп тұрған жүзіне, бір де бір артық еті жоқ жарау аттың мүсініндей денесіне, асықпай, саспай нұрын шашқан көкшіл көздеріне қарап отырып: «Мына кісінің бойында өмір мен тіршіліктің талай мен білмейтін құпиясы бар екен, өмірдегі өзінің орны мен бағасын да мықтап сезініп, алдына қойған мақсатқа жету үшін мына ыдыстағы темекінің күлін жинап, әдемі кішкентай төбе етіп қойғаны сияқты, бар жігерін шашылмай, шашпай жұмсап, әр ісін ойдағыдай аяқтай біледі екен»,— деп ойлады.

Ардақты жазушы інім, мен осы Углев деген жолдасым туралы жазып отырып, бірінші кездескеннен алған әсерім кейін бір де бір ауытқымағанын, бір де бір бұлжымағанын әдейілеп айтқым келеді. Жобасы, мұндай әсердің өзі Сергей ешқашанда, өз болмысынан артық көрінгісі келмейтінін, ұнаған адамына шын көңілімен берілгендігін бірден білдіретін адам екендігінен ғой деймін. Бірінші кездесуіміздің өзінде біз қашаннан бері бірге жүріп, бірімізге-біріміз үйреніскен жолдастардай ұзақ әңгімелескеніміздің де себебі осы шығар. Сол бірінші күнгі әсерімнің жалғандыққа ұшырамағанына қуаныштымын. Қазіргі уақытта ғылымдардың докторы, профессор, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер, бірнеше ордендердің кавалері Сергей Викторович Углев үлкен ғылыми-зерттеу институтының директорының орынбасары болып қызмет істейді. Өз мектебіндегі ондаған шәкірттерін басқарып, сол бұрынғы жігерін кемітпей, өзінің ғылыми проблемаларымен айналысуда.

Мен «проблемалар» деп атап қалдым да, енді сол проблемалардың не екенін айтқым келеді. Бірақ оны айтып не қажеті бар. Өйткені оның айналысқан проблемаларының ғылыми негізін жалпақ тілмен түсіндіріп беру оңай емес. Шамам келсе, кездескенде бір түсіндірермін. Бірақ Углевтің алған ғылыми бағытының сізге де, маған да қызғылықты ерекшеліктерін айтып кеткенім жөн болар. Қазір Углевтің ғылыми атаққа ие болуына себепкер болған сол бір проблемалар сол жартылай подвалда, екеуіміз дамылсыз пікір алысып, жетістіктерімізге бірге қуанып, сәтсіздіктерімізді бірге бөлісіп жүргендегі аспиранттық тәжірибелерінен шыққанын айтқым келеді. Қазіргі химиялық технологияның әрбір оқулықтарында аталатын Дьячков — Углевтің әдісі деген жаңалықты Сергей ұстазымыздың көптен бері ойланып жүрген бір болжауының іске асатындығын сол аспирантурадағы тәжірибелерімен тез дәлелдеп беріп, авторлық куәлік алған еді. Досымның ғылыми тәжірибелер өткізу ісінде тез арада едәуір қомақты жетістіктерге жеткенін мен қызғанбасам да, қызыға сезінген едім. Екеуіміз өз қызметімізді талай қалжың ететінбіз. Мен орыс ғылымы жиырма жасында мектепке келіп, әріптестеріне тез жетіп, озып кеткен Архангель мұжығынан басталғанын әңгіме ететінмін. Бақытыма қарай, енді мен де сондай кешеуілдеп туған жаңа жұлдыздың жанында жүргенімді де жақсы сезінем де айтып қоятынмын. Сергей бұған қарсы болмайтын. Олай болатын болса, сол кешеуілдеп

туған жаңа жұлдыздың жанында жүрген кейбір жігіттер өз тәжірибесі, өз жұмысы дегенді қойып, сол жаңа жұлдыздың жанында жүргеніне масаттанып, сол жұлдызға көмекшілікке жарағанына қуанып, оның әрбір жүрісін, әрбір қозғалысын жазып, күнделікті қағазға түсіріп отырмай ма екен... Өйткені ол жігіттің болашақта аты аталатын болса, тек сол жұлдызға байланысты аталмай ма деп қоятын. Егер сол жігіт осыны мықтап түсінбесе тарих оған осы кінәсын кешірмейді деп те қосатын.

Лабораторияға Сергей келгеннен кейін, қолдағы аспаптарымызды жөндеу жөнінде басқа адамдарға табынуды қойдым. Өйткені Сергейдің қолы бәріне епті шебер еді. Менің қолымның епсіздігін Сергей ақсүйектік мінезіме байланыстыратын.

Мен оның жазуындағы емле қателерін қалжың ететінмін. Осы қалжыңым Сергейге батып кетсе керек, ол бір жылдың ішінде Бархударовтың морфологиясы мен синтаксисін жаттап алып, тек қатесіз ғана жазып қоймай, әрбір сөзді әрбір сөйлемді неге қатесіз жазатынын түсіндіріп те беретін болды. Мен болсам, Сергей қанша қалжың етсе де, лабораториялық аспаптарды жөндеу түгіл, епсіз ұстаудан аса алмадым.

Дмитрий Викторович сөзшең кісі емес еді. Бірақ кейде көңілге қонымды, мағыналы сөздерді айтып тастайтын. Файнетден диссертация қорғағаннан кейін оның үйінде дастарқан басында жиналғанымыз есімде. Атқарғандардың бірі Файнетденнің диссертациясының әдеби тілмен жазылғанын айтып еді, профессор осы пікірді әрі қарай ала жөнелді де, нақыштап былай деді.

— Біз үшін ең кереметі айтылмыш бір жаңалықты ашып, соның түбегейлі құпиясына жету ғой. Бірақ осы жаңалықты жұртқа да түсінікті етіп айтып бере білу керек. Олай болмаса, жаңалығымыз өзіңізден басқа ешкімге мәлім емес, өзіндік зат болып қалып қоюы мүмкін. Қайсыбір зерттеуді қайтадан ашпау үшін жұртқа мәлім етудің өзі ашудан да маңызды шығар. Бұл жөнінде мен Файнетденге ризамын, өйткені ол өзінің істеген ісін жұртқа анықтап айтып бере алатын түрі бар.

Сергей қып-қызыл болып кетті, төмен қарады. Ол өз кінәсын, кемшілігін сезінген кезде жас баладай ұялып, дегбірсізденуші еді. Бұл жолы ол жаза білмейтінінен қызарған-ды. Қысқа, айқын жаза алатын Файнетденге ол жазу жөнінен маңайлай алмайтын. Жазу ісіне қатты

талап қоятын ұстазымыз кейде тіпті Гайнетденнің жазғанынан қате тауып, қинап жататынын көретінбіз.

Сергейдің ғылыми еңбектерінің бірінші редакторы болған мен оны әбден мазақтап бағатынымын. Көп ұзамай Сергейдің қателерінің азая бастағанын, мен әдетіммен, болмашы бір кемшіліктеріне шұқшиып, мазалайтынымды байқадым. Дегенмен, оған жазу оңай түскен жоқ еді. Бір күні таңертең ертемен ол біздің үйге келді де, бір пікірден екінші пікірге көшетін дәнекер сөйлем таба алмай, қиналып жүргенін айтты. Бұл оның диссертациясын жазып жүрген кезі еді. Мен әдеттегідей күле бастадым.

— Бұл саған, Сергей, химия емес, лабораториялық тәжірибелер емес, оп-оңай жөндейтін аспаптар емес, бұл — сөз, бұл — тіл. Сондықтан да, жазушылар халықтың ең сыйлы адамы. «Бұл дүниенің сөз қоры қандай кенде, керек сөзді табамын деп енді қайдан...» «Бұл сөздің азабынан дүниеде, көрмедім жан қинайтын ауыр азап...» «Қиыннан қиыстырар ер данасы». Бұл сөздерді мен айтып отырғам жоқ, бұл сөздерді жер жүзіндегі ең ардақты ақындар мен жазушылар айтқан. Бірақ Сергей бүгін сенің мақтануыңа да болады. Егер сөз іздеп қинала бастасаң, сен де сөздің бағасын түсіне бастағансың. Бойыңа осындай ізгі қасиет пайда болғаны үшін мен сені құттықтаймын.

Екеуіміз отыра қалып, біраз ойланып едік, ақыры дәнекер сөйлемді таптық.

Сергеймен мен сол подвалда қозғалмастан екі жыл бойы жұмыс істедік. Сол екі жыл ғылыми жұмысымадағы ең бір қызғылықты жылдар болып есіме түседі. Сергей екеуіміз бар білгенімізді бірімізге-біріміз айтып түсіндіріп, дамылсыз әңгімелесіп отырушы едік. Осы кездегі ісіміздің өзінде сол кездегі әңгімелескенімізден туып өрбіген заттар аз емес шығар деп те ойлаймын. Қазіргі уақытта профессор Углевпен анда-санда кездесіп қалғанымызда, біз сол кездегі екеуіміздің қоян-қолтық қызмет істегенімізді қуанышпен еске алып, талай оқиғаларына ұзақ күліп, сол күндерімізге ризашылығымызды айтамыз.

Сонымен, аспирантураның үшінші жылы аяқталар кезде, ұстазым істеген істерімді мұқият қарап тексеріп, менімен әңгімелесіп алды да, осы жетеді, енді диссертациялық жұмысты жаза бастау керек дегенді айтты. Бұл маған үлкен қуаныш еді. Бірақ шынын айтсам, мен өз еңбегімнің нәтижелеріне онша риза емеспін де. Мен шикізаттан белгілі бір металды ажыратып алудың жаңа әдісін

ұсынғам. Бірақ сол әдістің қазіргі бар әдістерден неғылса да артық екеніне көз жетерлік деректер айқын емес еді. Тек химиялық өндіріс пен оның технологиясының барысында бұлардың кейбір жағдайларда артық болып қалуын айтуға ғана болатын да. Бірақ ондай жағдайлар қай уақытта, қашан туатыны белгісіздеу де. Ұстазым маған ғылымда ашылған жаңалық қазір қолданылмаса да, жаңалықтың аты жаңалық, оның ашылғанының өзі ғылым үшін үлкен маңызды іс деп түсіндірген-ді. Ал сол жаңалықтың іске асып қолданылуы жөнін айтатын болсақ, ғылымда қазір керегі жоқ деп отырған нәрсе, ертең бағы ұшып, керек бола қалатыны аз емес. Кейде керексіз деп ұғындырған беделді адамның сөзіне еріп, керекті нәрсеге қолды кеш сермеген жағдайлар да ғылымда аз болған емес.

«Сондықтан, Мәжит Мұқанович, ғылымда ашылатын жаңалықтың пайдалы-пайдасыздығы жөнінде үзілді-кесілді пікір айтқан адамдар көбіне кейін ұятқа қалып жүретінін есіңізге алыңыз»,— деп аяқтаған еді Дмитрий Викторович менің диссертациям жөніндегі әңгімені.

Біраз уақыт өткеннен кейін Дмитрий Викторович менің Москваға, Наум Соломонович Гликман деген профессордың кафедрасына баруым керек екенін айтты. Гликманның оқулықтары арқылы оқыған біз, ол кісінің біздің мамандығымызда ең үлкен ғалымдардың бірі екенін білетінбіз. Қайтарда үлкен химия комбинатына соғып, сол арада инженерлер арасында өзімнің диссертациямды талқылап қайтуым керек екенін де ескертті. Істің барысы мұндай боларын мен ойламаған едім. Мен екі рет әуелі өзіміздің институттағы, сосын Академиядағы ғылыми конференцияларда өз жұмысым туралы баяндама жасадым. Жұмысым факультетте де бірнеше рет талқыланған-ды. Сондықтан, ғылымдағы жетістіктерім ғылыми сыннан әбден өтті, тек қорғау ғана қалды деген ойда болатынмын. Бірақ Дмитрий Викторович басқаша ойлайды екен. Жобасы, ол менің өз жұмысыма өзім онша риза емес екенімді сезсе керек те, сондықтан басқа жердегі сыннан өткенімді дұрыс деп тапса керек. Ұстазымның мұндай ұйғарымы мені мықтап састырды. Сергей екеуіміз бірнеше күн менің болашақ баяндамамды жазып, талқылап, қандай сауалдар болуын, қандай жауап беру керек екенін әбден әуре болып әңгімелегенбіз. Осының үстінде менің жұмысымда зерттелмеген түсініксіз жерлер көп екенін де аңғардық. Бірақ Сергей ұстазымыз-

дың әуеніне түсіп: «Зерттеуші өз ісіне шек қоймаса, табиғаттың түпсіз шұңғымасына қанша сүңгісе де жете алмайды», — деп, көңілімді көншітті. Сонымен, коридорында әрбір аттаған сайын, не аты елімізге әйгілі бір адамға сүйкеніп қала жаздамай, не бұрын болған ұлылар мен үлкендердің портреті мен жазылған атына кездеспей өте алмайтын үлкен институтқа келдім. Профессор Гликманның кафедрасындағы Белецкая деген ассистенткаға бұдан екі күн бұрын келіп, аты-жөнімді, келген мақсатымды айтқанмын. Енді сол Белецкаяның соңында үлкен профессор қалай қарсы алар екен деп жүрегім лоблып, еріп келе жатырмын. Ақшыл шашы басында әсем көбіктенген сұлу Елена Васильевна менің дегбірсізденіп келе жатқанымды байқады-ау деймін, өзінің сөзді «о»-ны «а»-ға аударыңқырап, соза сөйлейтін москвалық әдегімен: «Ешбір саспаңыз, басшымыз өте қарапайым адам», — деді. Неге екенін білмеймін профессор Гликманды мен қалың қасы шүңірек көзінің үстінен едірейген жуан шал деп ойлайтынмын. Оның орнына менің алдымнан басы қасқаланған, жұқалау, орта бойлы кісі түрегелді де, жылы шыраймен қолын берді. Қоңқақ мұрынды ескірмеген жүзінен үлкен қара көздері тартымды күлімсірей қарап тұр. Елена Васильевна менің не жұмыспен келгенімді айтуы-ақ мұң екен, профессор бірнеше кісінің атын атап, осылар менің диссертацияммен таныссын деді де, баяндама жасайтын күнімді белгілеп, алдын ала сол белгіленген күнге менің ризашылығымды сұрап алды. Мен, әрине, қай күнге болса да риза едім, алайда профессор Гликманның мына әдептілігі менің есімде қалды. Әңгіме осымен бітті. Ұзақ күткен кездесудің тез біткеніне таңдандым да, осыны Елена Васильевнаға айттым. Бірақ Елена Васильевна, атақты профессор өзіне танымал менің ұстазым жөнінде, біздің өміріміз бен болмысымыз жөнінде ешбір сұрақ қоймағаны менің далалық жаратылысыма ағаттау көрінгенін айтқым келгенін түсінбеді-ау деймін, көкшілдеу үлкен көздерін төңкере қарап: «Тағы да айтатыныңыз бар ма еді?» — деп сұрады. «Жоқ, әншейін айтқаным ғой», — деп жауап бердім мен, сасқалақтап. Профессордың әрбір сағат пен минуты санаулы екенін Елена Васильевнамен алдын ала сөйлескенде білген едім. Сонда да, саулық пен тіршілік туралы бір де бір сұрақ болмағанына таң қалдым Мен сондай сұрақ болар деп, әдейілеп дайындалып, әдемі сөздер мен сөйлемдерді де ықшамдап қойған едім. Өз

елімде мұндайды салқындық, я болмаса ұнатпаушылық деп те түсінер едім. Бірақ бұл жерде істен басқаға уақытты жұмсауды әдеттенбеген-ау, шынтауайтқа келсе, мұның өзі дұрыс та шығар деп тұжырымға келдім.

Гликманнның кафедрасында екі жетіден артық болып, аспиранттарымен, жас қызметкерлерімен, олардың істерімен таныстым. Кафедрадағы зерттеулерде не біз түсінбейтіндей, не біздің қолымыздан келмейтіндейлерін байқаған жоқпын. Мен бұған мардамсып қалсам да, дегенмен олардың зерттеу жұмыстарының әдістері ықшамдылау екенін мойындамасқа болмады. Дәстүрлі тәртібі күшті екен. Лабораториялық аспаптары мол екен. Аспап іздеп, бүкіл қаланы шарлап, уақыт өткізіп, болмаса біреудің аспабымен қызмет істеу үшін кезекке тұрып машақаттанудың азабын көп көрген мен бұған қызықтым да. Бірақ осы молшылықты мұндағы жастар онша бағаламайтын да сияқты көрінді. Лабораториялық молшылық түгіл, сол молшылық арқылы ашылған жаңалықтар да бұларға онша қадірлі емес-ау деп те ойладым. Сондықтан, бұлардың ғылыми ұмтылыстарында да қайрат-жігер, қайсарлық азырақ па деп қалдым. Бірақ бұл ойды мен өзімнен қуғылауға тырыстым, өйткені жаңа ғана танысқан адамдарды өзімізден төменірек санау әдептілікке, адамгершілікке жатпайтыны ақиқат еді. Дегенмен, осы пікірім шындыққа негізденгеніне сенбеуге де болмайтын да, өйткені не керегінді тауып алатын кітапхананың, қандай сауалыңа болса да жауап берер ғалымдар, қандай зерттеу жүргізіп келсе де дайын аспаптар жаныңда тұрса, мұндай жағдайда жеңіл табылған білімнің өзі де онша қадірлі болып, бойда сақталмай тез кетіп қоюы да мүмкін ғой. Мен сол кезде, ардақты інім, осылай деп ойлаған едім. Осы пікір әлі де дұрыс па деп топшылаймын. Дегенмен, мен шетте өскендіктен, ғылым жөнінде надандау болып көрінбегеніме, сондықтан өзгелер маған жоғарыдан төмен қарарлықтай жағдайда болмағаныма недәуір қуандым. Бұдан, әрине, кафедра ғалымдарының маған деген ілтипаты мен адамгершілігін бағаламаған деп түсінуге болмас.

Баяндамам дәл белгіленген уақытта болды. Мен мейлінше дайындалған едім. Оның үстіне кафедра доценті Ольга Ефимовна Штен, диссертациямды мұқият қарап, көп жеріне өзінің пікірі мен ескертпелерін айтып, менің онша көңіл аудармаған жерлеріме ой түсірген де. Елена Васильевна да көп сын айтқан-ды. Мұны бұл кісілердің

маған көрсеткен мықты көмегі деп түсіндім де, олардың адал, дұрыс пікірін қуана қарсы алып, диссертациямда мықтап ескеру керегін түйдім.

Өз институтымда жап-жақсы баяндамашы болып есептелуші едім. Бірақ бұл жолы, семинарды басқарып отырған профессор Гликманның және басқа тыңдаушылардың жүзінен тек мені қолдау ишаратын көріп тұрсам да, аузыма сөз түспей, кібіртіктей бердім. Сол кезде орта бойлы, қапсағай денелі, ағара бастаған қалың шашы басына ұйпалана қонған бір жасамыстау кісі кірді де, бөлменің ең шеткі бұрышына барып отырып, маған қалыңкөзілдірігі арқылы қараған кезде, менің тілім байланып қалды. Өйткені ол кісінің кеудесінде лауреаттық екі белгі бар екен. Мұндай жоғарғы асқақ белгісі бар адамды бірінші көруім, тіпті, ғажап болды. Өңіріндегі белгілерден басқа бір құпия мекемеде өте үлкен істерді басқарғандықтан кафедрада жетісіне екі рет екі сағаттан болуға шамасы келетін профессор Теплов Григорий Иванович екенін білдім. Бұл кісіні кафедрадағылар сыйлайтыны сондай, сыбырлап қана әңгіме ететін сияқты еді. Менің дегбірсізденіп, сасқалақтағанымды байқаған профессор Гликман дәл сол кезде керекті сөз аузымнан сусып кетіп, қайтадан келмей тұрғанын байқады ма, сол керекті сөзді айтып қалды. Сол сөз аузыма түсуі-ақ мұң екен, тілім оралымға келіп, баяндамамды жап-жақсы аяқтадым. Мен баяндамама риза болғам жоқ. Сұрақ көп боды. Бірақ профессор Гликманның өзі жалғыз ғана сұрақ бергеніне таң қалдым. Профессор Теплов қалың көзілдірігімен жүзін біресе маған, біресе сұрақ берушілерге аударып отырғанына қарағанда, мұқият тыңдап отырған сияқты еді, сөйтсе де аузынан бір де бір сөз шығарған жоқ. Мен отырдым. Содан кейін, профессор Гликманнан рұқсат сұрап алып, доцент Штейн тұрды да, автордың эксперименттерді ғылыми тұрғыдан дұрыс өткізгенін, автормен әңгімелескенде өз зерттеулерін маманданған ойлылықпен жүргізгенін, сұрақтарға берген жауабының өзі осыған куә екенін ескерте келе, баяндамашыны ғылым кандидаты атағын алу үшін диссертация қорғауға ұсынуға болады деген ұйғарымын айтты. Ешкімнің қосымша пікір айтқысы келмегенін байқаған Гликман енді өзінің қорытынды сөзін сөйлемек болып ыңғайланып еді, Григорий Иванович бейне бір мектеп оқушысы сияқты қолын көтерді де, былай деді:

— Мен жұмыстың мазмұны мен маңызы жөнінде

Ольга Ефимовна айтқанға ештеңе қоса алмаймын, бірақ та бір-екі сөз айтқым келіп еді.— Үй ішінде сөйлесіп отырғандай, ақырын сөйлейді екен де, әрбір сөзін нақыштап, анық айтады екен. Маған қарады да, сөздерін әрі қарай жалғастырды.— Мен сіздің республикаңызда бұдан он шақты жыл бұрын, соғыс аяқталған кезде болып едім, сіздің жерде мұндай зерттеулер жүргізу туралы, ол кезде, тіпті әңгіме етуге де болмайтын да, ал қазір алдарыңызға мынадай ғылыми мақсат қойып, осындай зерттейтін болсаңыздар, сіздердің жетістіктеріңізді бағалап айту да қиын шығар. Мен сіздің ұстазыңыз Дьячковпен таныспын. Ол кезде ол өте кішіпейіл, ұялшақ доцент болтын...

Менің баяндаған кішкентай зерттеуім арқылы біздің үлкен жетістіктерімізді көріп тұрғанын айтып, және де бірнеше өзіне таныс біздің ғалымдардың атын атап болды да, профессор Теплов кенеттен менің жұмысым жөнінде бір ескертпе жасады. Ол бір химиялық реакцияның барысын артық әсірелей топшылағанымды байқап қалыпты. Бұлай топшылауға эксперименттік негіз әлі аздау сияқты екенін айтты. Ол үшін қосымша қандай эксперимент тәжірибелердің керектігін де түсіндіріп берді. «Мұндай эксперименттерді жасау үшін автордың мүмкіншілігі болмаған шығар»,— деп жұқартты ол өзінің пікірін. Сөзіне ешбір қорытынды жасамай, сөйлей келе үзіп тастағандай, отыра кетті. Ол кісінің ескертпесін мен мықтап аңғардым. Бұл мәнді ескертпе еді. Менің көңіліме қарап, мүмкіншіліктердің аздығын ескертіп өткен кезде, мен іштей қызарып та кеттім. Мүмкін, тіпті сырттай да қызарған шығармын, өйткені профессор Теплов айтқан эксперимент тәжірибелерді бізде де жасауға болатын еді. Ал жасамауымыздың себебі, Григорий Ивановичтің айтқан ескертпелері менің тіпті ойыма келіп көрген жоқ та. Профессор Гликман ешбір артық сөзге ойыспай, тек керегінде ғана ықшам сөйлейтін адам болса керек.

— Мен Ольга Ефимовна, Григорий Ивановичтің пікірін қолдаймын. Мәжит Мұқановичке жұмысын сәтті қорғауын тілейік. Сіз қорғау алдында бүгінгі біздің ескертпелерімізді, әсіресе Григорий Ивановичтің ескертпесін еске алатын боларсыз деп ойлаймын,— деді ол маған қарап. Мен құп деп басымды изедім.

Жылы сөздері үшін ризашылығымды айтып, ескертпесі жөнінде ақыл сұрайын деп Григорий Ивановичке қарай беттеп едім, ол кісінің бірден кетіп қалғанын байқадым

да, соңынан айқайлауға ұялдым. «Асығыс қой, жобасы, бұл жердегі адамдар уақытты бағалай біледі екен»,— деп қорыттым. Гликман кафедрасында сол бірінші рет болғаныма, ардақты жазушы інім, көп уақыт өтті. Арон Соломонович дені сау, әлі сол қызметінде, әлі де дәл керек кезінде демеу беріп тұрады. Сондағы ассистент Елена Васильевна Белецкая қазір кафедра профессоры; жұқалау сұлу жүзінде әжімі көбейіңкіресе де, әлі жеңіл, әлі де келбетті, әлі де көмек тілеген адамның бәріне көмектескісі келіп тұрады. Ольга Ефимовна Штейн жуықта ғана сол доцент қызметінен пенсияға шықты. Басқа жастардың екеуі қазір профессор болып алды да, сол кафедрада қызмет істейді. Мамандығым бір болғандықтан арагидік пікір алыспай тұра алмаймыз. Өзара жылы қарым-қатынасымызға әлі күнге ешбір дақ түсіп көрген жоқ.

Гликманның кафедрасында болуымнан алған әсерім, сондай мол болса керек, тіпті комбинатта болғанымын егжей-тегжейі есімде аз қалыпты. Менің жұмысыма онда да жақсы көңіл бөліп, айтарлықтай қарсы алған-ды. Зерттеуімнен туған технологияның іске асуы жағын қарастырса, ойдағыдай жауап беру қиын еді, өйткені ондай жауап үшін лабораториялық зерттеулер жеткіліксіз болатын-ды. Осыған байланысты комбинаттың техникалық кеңесінде бір жас технолог менің жұмысымның практикалық маңызы дұдамал деген пікір айтты. Екінші бір инженер менің ұсынған технологиямның тиімділік жағына көңіл бөліп, бұл жөнінен де анық қорытынды жасауға болмайтынын сездірді. Мұндай пікірлер маған оңайға соқпады. Өйткені менің ұсынған принципімнің, әдісімнің жаңалығының өзі алдын ала мұндай пікірлерді анық айтуға мүмкіншілік бермейтін еді. Бұл арада диссертацияның Гликман кафедрасында жоғары баға алған өзгешеліктеріне ешкім ешбір тоқталмады. Мұндағылар менің жұмысыма тек дереу пайдалану тұрғысынан қарайтынын байқадым. Саса бастадым. Батпаққа түсіп кеткен адамның, қолдарын сермеп, қозғалған сайын бата беретіні сияқты, менің өз жұмысымды қорғау үшін айтқан жалаң сөздерім, маған демеу болудың орнына зиянды болатынын сезіндім. Сол сәтте советті басқарып отырған комбинаттың бас инженері менің жағыма шықты. Осы бір ағара бастаған жирен шашы тікірейген, жүзі сұлу кісі, мен баяндама жасағанда, кейін сұрақтарға жауап беріп, пікір алысқан кезде, өзінің көк көздерін сығырайтып мен іліп қойған,

процестердің заңдылықтарына арналған сызықтарға үңіле қарап отырып, маған бірнеше сұрақ берген де; сұрақтардың өзі менің жұмысымдағы көңіл аударарлық жерлерін нақыштау үшін берілгенін байқамаған. Пікір алысуға қорытынды жасай келе, ол шамамен былай деді: «Әрине, комбинаттың инженерлері қазір іске асқан технологияны білумен бірге, сол технологияны күннен-күнге жақсарту түсулері де керек. Бірақ химия технологиясының келешекте дамуы тұрғысынан бізге ой салатын ғылыми жаңалық ұсыныс болса, сол жаңалыққа саңырау, соқыр болуымыз дұрыс емес. Әрине, мына ұсынылып отырған технологияның, біздің тұрғымыздан қарағанда, анықталмаған жерлері көп сияқты. Оны біздің жолдастар айтты ғой. Бірақ сол анықталмаған жерлерге сүйеніп, осы жұмысты жалпы түкке тұрмайды деп айтуымызға хақымыз жоқ. Біздің қазіргі заводта іске асырып отырған технологиямыздың көп кемшіліктері мына ұсынылған технологияда жоқ сияқты. Бірақ оның орнына, әрине, жаңа қиыншылықтар тууы мүмкін. Ондай қиыншылықтардың қай жерден туатынын алдын ала шамалауымызға да болады. Бірақ біздің ісімізге соны ұсыныс айтылып отыр. Бұл жаңалықты біз қолдауымыз керек.

Кейде соны жолдар іздемей, іздегенге құлақ қоймай, тек ескіні жөндеумен айналыса берсек, бір күні артта қалып қоюымыз мүмкін».

Сонымен, комбинатта да мен өз жұмысыма қолдау таптым. Бірақ іштей ренжіген жерім менің зерттеуіме мұндағылар кафедрадағыдай қызыға қарамаған еді. Бәлкім, соның өзі заңды да болар деп ойладым, өйткені комбинаттағылардың ойында тек өз технологиясын жақсарту, жөндеу, соның кемшіліктерін азайту ғана ғой. Комбинат өндірісінің схемасы шым-шытырық күрделі, қиын екен. Бұл схеманың әрбір түйінінің, әрбір бөлімінің өзі адамнан мұқият творчестволық көзқарас тілейтін сияқты көрінді. Комбинатты аралап жүріп схеманың әрбір түйініне тоқтап, инженерлер сөйлескенде (көбі біздің институтты бітіргендіктен, олармен сөйлесе кету оңай еді), — неге бұлай, неге өзгеше болмайды деген сауалдар туып жатты. Бұл сауалдар менің басымда жеңіл туса да, сол жерде істеген инженерлердің басына келмейтін сияқты: адам деген айналысып жүрген ісіне әдеттеніп, үйреніп алатын болса, оны өзгерту, жақсарту ойға онша келмейтін болса керек деп ұйғардым. Мүмкін, ардақты жазушы інім, кейін арасына шамасы он жылдай салып, сондағы сабырлы,

зейінді бас инженермен, сондай-ақ басқа инженерлермен істес болып, комбинат технологиясын бірден мықтап жақсаруына себепкер болған жұмыс өткізуіміздің өзі, осы мезеттен басталды ма деп ойлаймын. Бұл жөнінде жобасы, ілгеріде айтармын.

Ардақты жазушы інім, енді диссертация қорғап, ғылым кандидаты атағын алғанымды, сөйтіп еліміздің ғылыми атағы бар ғылыми қызметкерлерінің санына, тізіміне өшірілместей кіргенімді айтуым ғана қалған шығар. Шынын айтсам, ғылыми атақ алу жолындағы осы бір «ізденістерімнің» егжей-тегжейін сізге жазғым келмей отыр. Сіз диссертация қорғау советтерінде талай болған боларсыз, сондықтан жұмысы одан бұрын жан-жақты талқыланып, маман білгіштердің сынынан өтіп алған соң, советтің өзі сол пікірлерді көбіне ресми бекіту үшін жиналатын сияқты екенін байқаған да шығарсыз. Сіз, ардақты жазушы інім, ғылыми атақ жолындағы «ізденістер» деген сөзге тітіркенбеңіз, кейде қалжың ішінде ғылымдағы жастар «еміністер» деп те атайды. Ол кезде біз, аспиранттар, бұл сөзді қалжың үшін айтып, оның ішкі мағынасына онша мән бере қоймайтынбыз. Енді байқасам, сол күнгі қалжыңымыз, кейін өріс алған кәсіпшілдікке қарсы туған қорғаныс реакция емес пе екен деп те ойлаймын. Өйткені сол кезде мұндай ғылыми табыскерлік — кәсіпшілікпен өз кафедрамызда таныс болмасам да, кейбір адамдардың ғылымға өзінің жеке сауын сиырынша қарап, ғылыми атақ алғаннан кейін, тіпті шын сиырдай жем де тілемей, тек сүт бере беруін мақсат ететінін кейін білдім ғой. Ғылымдағы сауын сиыр жөнінде, ардақты жазушы інім, Шиллер айтқан, бұл сөзді мен тапты деп ойламаңыз.

Менің қорғауым Академияның ғылыми советінде дәстүрлі тәртіппен, бөтен оқиғасыз өтті. Бірінші аппонент біздің институттың қарт профессорларының бірі еді, ол диссертация жөнінде айтарлықтай ескертпе жасаған жоқ, тек зерттеу арқылы табылған бір заңдылықты мен дұрыс топшыламағанымды тауып алып, соны айтты. Мысқылдау қарт академик: «Мына баяндаманы сізге кім жасап берді», — деген қиястау сұрақ қойды. Мұндай сұрақ болуға себеп те бар еді. Мен сізге, ардақты жазушы інім, Гликман кафедрасында жасаған баяндамадан қалған әсерімнің нашарлығын айтып едім. Сол нашар әсердің ықпалы болды ау деймін, баяндамамы мықтап жазып келіп, бұлтартпай оқып шыққам да. Тек кейде

ғана таяқшамен қабырғада ілулі тұрған сызықтардың ішінен кейбір заңдылықтарды нұқып көрсету үшін ғана қағаздан басымды көтеріп, оқығам. Қарт академикке бұл ұнамапты. Ғылыми баяндама жасаудың тәжірибесі жоқтығынан жазып алып, оқып беруді дұрыс деп тауып едім деп, шынымды айттым. Тағы бір есімде қалғаны, бұдан бір жыл бұрын болған жас ғылым кандидаты Ғайнетден досым мінбеге шығып, мені артықтау мақтады-ау деймін, өйткені совет мүшелерінің кейбіреулері мырс етіп күліп жібергенін байқадым. Сөйтіп, жиырма бір дауыстың, төртеуі маған қарсы болған-ды. Ғайнетден дереу телефонға барып, жеңгеңіздің құлағына жеткізіп: мұндай есеп ұлы жеңістің белгісі, сондықтан жасаймын деп жатқан банкетің мықты болсын деп ескертіпті.

Сонымен, ғылым кандидаты болдым. Жай ғана ғылыми қызметкер емес, ғылыми ізденісті өз бетіммен жүргізуге қақым бар қызметкер болдым. Егер осындай хұқы бар адам ғылыми қызметте өзінің тиянақтылығы мен талаптылығын әрі қарай көрсетіп, мекеме басшысына ұнайтын болса, ол тіпті ғылыми жұмысты жүргізуге басшы да бола алатынын мен білетінмін. Жасырмаймын, ардақты жазушы інім, осы диссертация қорғанғаннан кейін біраз уақыт өзіме-өзім өте риза болып жүрдім. Бақытыма қарай, осы ризашылығым, әйтеуір, онша ұзаққа созылған жоқ, созылса жақсылыққа апармайтын еді. Бірақ бұл жөнінде келесі хатымда айтайын.

## Бесінші хат

### АРДАҚТЫ ЖАЗУШЫ ІНІМ!

Кезінде ғой адам (мен бұл кезді өз көзіммен көрдім) жеті-сегіз жасынан-ақ шаруаға пайда келтіре бастайтын еді. Ауылдық тұрмыста әрбір баланың бұзау, лақ, қозы бағып, тезек теріп, қой өргізіп, тағы-тағыларды істеп, үй ішіне, әке-шешесіне қолқанат болуын ертеден-ақ күте бастайтын. Құдайға шүкір, есімді білгелі жай отырып көргем жоқ,— деуші еді менің әкем. Жеті-сегізімнен мал бағып, он үшімде шөп шаптым дейтін. Әкемнен менің бірінші үйренген тақпағымды қазіргі жастар білмейді.

Доп ойнаған тозар,  
Асық ойнаған азар,  
Бәрінен де қой бағып,  
Көтен жеген озар.

Осылай десе де менің әкем балаларына ауыр жұмыс істетуге онша құштар болмады-ау деймін, өйткені біздің шаруаға аз көмектесіп, ойнап кетіп қалатынымыз үшін онша ұрыса қоймайтын. Осыған қарағанда, әкемнің өз өмірінде балалығы болмағанын, мал бағып, шөп шауып жүргенде, асық пен доп ойнағандарға қызыққанын есіне өкінішпен алған-ау деп ойлаймын. Жобасы, осы сүреңсіз балалығы жөнінде бізге ақыл ретінде емес, жасынан ауыр еңбекке үйренгендіктің өзі кейін өмірде пайдаға асты деп, өз көңілін өзі көтеру үшін айтатын сияқты еді. Әрине, мұның бәрі, ардақты жазушы інім, онша жаңалық емес, өйткені сізге бұл жөнінде: «Қайын атам сегіз жасынан мал бағуға ұлымды жалдады»,— деп Некрасов та айтқан. Осы ақынның жазуында, алты жасар баланың отын тасып келе жатқанын да білесіз. Қыстың қатты аязында жылқышыларға ет асып, күркеде отырған Сәбит ағамыз да есіңізде. Бірақ, бұл жолы менің айтайын дегенім, осының өзі орынды ма, орынсыз ба, білмеймін, аз уақыттың ішінде біздің көз алдымызда өмірдің өзгеруі. Мысалы, менің әкем тәй тұрғаннан бастап-ақ ешбір оқусыз, дайындықсыз үй шаруасына көмекші болып, өз тамағын өзі таба бастаған-ды. Оның ұлы мен отызға келгенімде диссертация қорғап, өз бетіммен жұмыс істеуге жарамды

деген аттестат алып отырмын ғой. Осыған қарағанда арасындағы қызмет істеген аз уақытты алып тастасақ, отызға келгенше, әуелі семьяның қамқорлығында, сонан соң мемлекеттің қамқорлығында болып келгенім ақиқат. Ал мемлекет менің адам болуыма, маман болуыма семьядан анағұрлым көп қаржы жұмсағаны анық. Осыған байланысты, мен мемлекет пен қоғам алдында өзімнің мықты борыштылығымды сезінуім керек еді ғой. Шынын айтсам, менің бойымды осы бір сезім онша билемеген сияқты, әйтеуір қатты билеген кезі есімде жоқ. Керісінше, кейде тіпті мен сияқты аспирантурада оқыған, аспирантураны бітірген адамдар мемлекет пен үкімет алдында сыйлы болуы, қадірлі болуы керектігі, қоғамға өте қажетті екендігі еске көбірек түсетін. Адам кейбір ішін күйдірген мақсаттар мен армандарын жария қылып айта бермейтінін, әсіресе неғұрлым сол мақсат пен армандар жеке қара басының маңында болса, соғұрлым аз айтатынын да білемін, бірақ өзім жөнінде сізге, ардақты жазушы інім, мұны қалайша айтпай қоймақпын? Мен сізге ғана жазып отырмын ғой. Сондықтан өзімді, өз қара басының мүдделерінде ешбір жұмысы жоқ, бар ойы мен арманын тек мемлекет пен адамдарға ризашылық билеген жас жігіт етіп көрсеткім келмейді. Бұлай етіп көрсету маған онша қиынға түспес еді деп те ойлаймын, өйткені өз үлесіме тиген қызметке немқұрайды қараған уақытым есімде жоқ. Бірақ жалғанды оңайлығы үшін айтуға болмайды ғой...

Жақсы табысы бар жоғарғы оқу орнының мұғалімі болу арманым еді. Диссертация қорғағаннан кейін сондай мұғалім болып шыға келдім. Қуанышым қойныма сыймай жүрді. Өзіме-өзім өте риза болған бір кезең болды деп жаздым ғой. Сол осы кезең еді. Өзіме-өзім риза болмай қайтейін. Біздің елде, біздің маңда бір де бір адам жоғары білім алмай тұрғанда, біздің бірге өскен кемеңгер жолдасымыз ғылым кандидаты, тіпті химия ғылымдарының кандидаты деген асқақ атаққа ие болды деп ауызша, жазбаша лепіріп мақтап жатса, адамның өзіне-өзі риза болмауы да қиын екен. Менің ағаларыма елдің ақсақалдары, бірінен соң бірі келіп, құтты болсын айтыпты. Ақсақалдар, менің жетістіктерімді өзара талқылай келе, ата-тегімізде кітап пен білімге ұмтылысы мен құштарлығы бар, ойшыл адам таба алмапты. Нағашы жағымда елге аты жайылған ақын болған екен, ақсақалдар менің бойыма сол ақынның аруағы ұялаған болар деп ұйғарыпты. Бірақ

бұл ұйғарымды естіртіп айтуға ешқайсысы бата алмапты. Өз ата-бабамыздың асылдығына сенімі әбден мол Жәкітай ағамның мінезінен сескенсе керек. Жәкітай ағамның адам мінезі мен қасиетінің тұқым қуалаушылығы жөнінде өзінің теориясы болатын. Бұл теория бойынша, әйелдің ұрпақ қасиетіне ешбір ықпалы болмақ емес те. Дауысын көтеріп айтылған сөз, жай айтылған сөзден дәлелдірек болады дегендей, Жәкітай ағам осы пікірін қатты дауыспен нақыштап тұрып айтып отыратын.

Аз жетісімге ризашылығым мен мардамсуым мүмкін ұлғая да түсер еді, егер аздап оқығаным, көргенімнің арқасында, өзіме-өзім кейде көлденеңнен қарап, сынайтын әдетім болмаса. Өз ісіме, өз ойыма осылай қарағанда, аса мақтанарлық жетістік жоқ екенін байқайтын болдым. Тарихқа үңілсең, ондаған, жүздеген, мыңдаған адамдар, соның ішінде менің көптеген замандастарым да бар, отыз жасқа жеткенше талай үлкен іс істеп, ұлы даңққа ие болған. Кішкентай қоңырқай зерттеу жасап, сол зерттеуді тіркестіріп диссертация деп атап, қорғап алғаннан кейін архивке мәңгі жату үшін беріп қойып, үлкен іс атқарғандай мақтанғаныма жол болсын! Бұл кәдімгі көңілі кібіртік, ойы жұпыны адамның ісі емес пе? Өз айналасындағылардан шоқтығы бір де бір жоғарыламаған орташа ғана қабілеті бар адам, заманы туғызған жағдайдың арқасында әлдебір жетістікке жеткен болса, сол адамның өзі мақтанушылықтан, өзін-өзі артық бағалаушылықтан, өресі жетпейтін елеске ұмтылушылықтан айырылып, тазарып, таңертең тұрып қызметіне бір минут кешікпей уақытымен келіп, өзіне деген белгілі қызметті ретімен орындап, кешке бір де бір секунд қызметінде кідірмей үй ішіне, әйелі, бала-шағасына жетіп тыныштық табатын тіршілікке көшпей ме екен... Сондай тіршіліктің ләззатына мүлдем шомып, момын, тыныш, ұяң чиновник болып өмір сүрмей ме екен деп те ойладым. Егер жеңгеніздің төрт қабырғаның ішінде адамды жайбарақат ете бастайтын тұрмыс құруға өте шебер екенін ескерсеңіз, мұндай тіршіліктің өзі тартымды да сияқты көрінетін еді. Ылғи бірденені ойлап, бірденені іздеп, дегбірсізденіп жүрген адамның тағдырымен салыстырғанда, мұндай тұрмыс, әрине, қызғылықты көрінетін-ді. Дәл осындай тұрмысқа ойысқан адамды тоғышар деп атайтынын білсем де, мен осындай тоғышардың өмірінің кейде бір артықшылығы бола ма деп те топшыладым. Өйткені өзінің әлі мен қабілетін артық бағалаған кейбір

адамдар, шамасы келмейтін іске ұрынып, ілгері ұмтылып, өзінің түкке тұрмайтын белсенділігімен көп жұрттың тынышын алып, содан кейін әбден беті қайтқан кезде, тек қызғанушылық пен түсінбеушіліктің құрбаны болдым деп, қалған өмірін жұрттан аяушылық тілеп өткізетін адамдарды да білетін едім. Бірақ еш нәрседі, ешкімді жұмысы жоқ, өзінің белгілі бір ісін ғана білетін момақан болып өмір сүргім келсе де, сондай ұяң момақан менен шықпайтынын да байқадым.

Мұндай тіршілікті өз бойыма лайықты деп таппадым. Мен бар қайратым мен қажырымды жұмсайтын іс іздеуім жөн деп ойладым. Қоғамда көрнекті орын алып, көптің алдында болуды аңсадым. Осылай армандап аңсаған кезімде Васька Буслаев немесе Қамбар батыр сияқты, ғылыми тауларды көтеріп тастайтын ғылымның аждаһасы болам деп есептеген жоқпын. Өйткені он сегіз жастан әлдеқашан өткен мен, қанша қиялшыл болсам да, өз шамамды аздап білетін сияқты едім. Сонда да, менің бойымда күніменен құмырсқаша күйбеңдеп еңбек етіп, кешке таман күйіс қайыарлық тіршіліктен жоғарылау боларлықтай, аз да болса көзге түсерліктей іс істеуге шамам келеді деп ойлайтынмын. Ол кезде мен өзіме-өзім: «Даңқты болғым келіп пе еді, менің сонда?» — деп Пушкинше сауал қойған жоқ едім. Қазір сол сауалды өз алдыма қойсам, әрине, сол қиялдардың бәрі даңқты болғым келгендіктен туған шығар деп түйемін. Мұндай қиялдың өзі адам ұялатын қиял сияқты. Шынын айтсам, сол кезде ұялған жоқ едім, қазір де сол қиялдарымнан мен ұялмаймын. Өйткені мен тіршіліктегі армандаған өмір сатыларына, бұрынды-соңды адалдықты саудаға саларлықтай, бұрыс жолдармен жеткім келген жоқ та. Тіпті, сол кезде сондай бұрыс жолдар бар екенін білмейтін едім де. Тек өзімнің дамылсыз еңбегіме, тынышсыз ізденісіме сенетінмін. Сол еңбектің нәтижесі күндердің күнінде өзінің лайықты бағасын табады деп армандайтынмын. Сол қиялдарым, қазір ойласам, алысқа кетіп жатады. Мен өзімді, тіпті кейде алыстан ғана қарап, өнегесін кітаптар арқылы, өзгелердің айтуы ғана арқылы алатын адамдармен қатар қойғым келетін. Енді өз талабыма сай тіршіліктегі үлесімді алып тынған кезімде, маңайымдағылардан онша асып кетпеген, қоңырқай сұрғылттау нәтижеге жеткенімді білемін. Сол нәтижелерге риза болып та көрдім. Сол бір кездегі қиялдаған армандарым мен қазіргі жетістіктерімді салыстырып қарағанда, арасы тым

алшақ жатқанына күліп те қоямын. Күле тұра, сол кезде артық асқақ қиялдарым болмаса, осы қазіргі аз жетістіктің өзіне жете алмас едім деп те ойлаймын. Бірақ осы аз жетістіктерімнің өзіне, ардақты жазушы інім, мен қазір мардамси қуанамын. Мардамси қуанбасам, сізге өмірімді, ішінен өнегелі деректер табылады деп сеніп, осылай жазып беріп отырар ма едім?

Сізге сол кезде бойымды билеген нәзік қиялдарым мен армандарым туралы осылай ұзақ айтуымның өзі артық па деп те ойлаймын, бірақ шындық солай болған соң айтпауға да болмайды. Мысалы, сол қиялдар менің бойымды мықтап билемеген болса, менің есіме көкей кескен арманым іске аса бастады ма деген кезең түсе бермес еді ғой. Аспирантураны бітіргеннен кейінгі төрт жылдан соң, директордың оқу жөніндегі орынбасары деген (қазір проректор деп атайды) қызметке ауысуымды айтып отырмын. Бұл қызметте сол кезге дейін Левашов Николай Александрович дейтін үлкен доцент істейтін. Атам заманнан бері осы қызметті істегендіктен ол кісі сол қызмет үшін туып-өскен сияқты еді. Осы бір жан-жағына үлкен қара көзімен қарағанда, қалыңдау беті жылы жымиысын жасыра алмайтын, жатаған, қапсағай, қасқа бас адамды институттың коридорында көргенімізде, институттың бар жақсы мінездері мен қасиеттерін бойына жинаған тап осы кісі ме деп ойлайтынбыз. Бұл кісінің не бір даусын көтергенін, не бір нұқып сөйлегенін көрмейтінбіз. Ол жұрттың бәрін дамылсыз еңбегімен, жылы шырайымен, кездескен сайын көңілді көтеріп отыратын үйлесімді қалжыңымен бағындырушы еді. Жасы келген сайын көбірек ауырған Николай Александрович кафедрадағы жеңілірек қызметке шыққысы келіп өтінгенін жоғарғы жақ сыйласа керек, бұл кісінің қызмет орны босағаны сондықтан екен. Менің жоғарыда айтылған қиялдарым, көбіне ғылымның маңындағы жасамақ әрекеттері мен ұмтылыстар маңайынан аспайтын Николай Александровичтің өзінің түбегейлі меншігі сияқты болып алған орнына отырып, институттың оқу ісінің барысына басшылық етем деген үш ұйықтасам түсіме кірмеген-ді. Басшылар шақырып, өз ұйғарымдарын айтқан кезде, тәртіп үшін жасанды кішіпейілділікті білдіру үшін, ардақты Николай Александрович сияқты ұқыптылық, мәдениеттілік, білімділікпен бұл жұмысты мен атқара алмаспын деген сөздерді айттым. Бірақ шынын айтсам, іштей жұмыс

қолымнан келмейді деп ойлаудан аулақпын да, іштей қуанышым қойныма сыймай отырғанмын да.

Николай Александровичтің орнына қызметке барғаным жөнінде мен кейін көп ойлап та жүрдім. Жобасы, осы ұсыныс кейінірек айтылса, менің бойымды мұндай қуаныш билемес пе еді деп те ойлаймын. Өйткені кең ғылыми мәселелерді қамтымай, тек жеке ғана мақсатқа арналған аспиранттық жұмысым әрі қарай ғылыми ұмтылыстарыма негіз бола алмайтынына көзім әбден жеткен еді. Сондықтан, ғылымда ұзақ ойланатын өзіме бір жол табу үшін, оқып, ізденіп, тәжірибелер жасап көріп едім, беті ақша қардай күнге шағылысқан ғылым даласынан асты шұрайлы кең тебіндік жердің жуырда табыла қоятынына онша сенімім болмаған мен, қатардағы оқытушы болып жүріп, әрі терең, әрі кең қамтып ізденуге шамам келмейтінін де байқай бастағанмын. Осының бәрін, ардақты жазушы інім, айтып отыру себебім, сіздің көңіліңізді аспирантурадан кейін төрт жыл өткеннің өзінде менің қазіргі ғылыми қызметіме негізгі арқау болып алған проблемаларға сол кезде тіпті маңайлай алмай жүргеніме аударғым келеді. Ғылыми қызметкерге өмірлік шабыт беретін үлкен іс ол кезде алыстан кейде елес берсе де, маңайына жолатпаған еді. Сондықтан үлкен істің шеті шынымен уысыма түспегені ме деп жүргенімде, осы бір ұсыныс менің мансапқойлық, даңққойлық қияларыма дәл келді ме деймін. Тағы да ғылым кандидаты дипломын алған кездегідей, өзіме-өзім әбден риза болып алдым. Ол кезде ілтипаты отырған қызметің мен орнына байланысты адамдарға жиіркенішпен қарауға әдеттенген жоқ едім. Сондықтан қеше ғана жанымнан басын әзер изеп өтіп кететін кейбір жолдастардың иіле сәлем бергені маған ұнаған да еді. Менің аты-жөнімді айтқан сайын жаңылып айтатын кейбір жолдастарым енді өз атым мен әкем атын әдемі нақыш, әсем мақаммен атағанына тіпті қуанғандай болып жүрдім.

Өз қара басыма, өз жағдайыма риза болғандығым сондай, осының өзін жолдастарымның, достарымның арасында білдіріп те қойып отырдым. Қызметке тұрғаннан кейін бір жеті өткен соң, директорды Москваға шақырып, оның орнына институт басқаруда қалғаным әлі есімде. Оқу жылының басы еді. Мен бірсыпыра адамдар жинап, мәжіліс өткіздім. Өзімнің кішкене кабинетіме сыймайтын болған соң, мәжілісті директордың кабинетіне жасағанмын

да. Мәжіліс бітер кезде, түрегеліп, терезеге қарасам, сыртта шет тілі кафедрасының мұғалімі, менің қашаннан бергі досым келе жатыр екен. Бұл досымды, ұзын бойы, түйенің мойыны сияқты иіліп сылқылдап жүргендіктен, «Түйемойын» деп атайтынбыз. Кейін әбден толығып алған түйе мойынды, денесін ешбір сылқылдатпай, кердең басса да, біз сол атымен атай беретінбіз. Сонымен түйемойынды көргенімде, қалжыңқойлығым бойымды билеп кетті-ау деймін, шақырта қойдым. Ақ көңіл досым әдеттегідей ыржиып, тісін ақсита есіктен қарап еді:

— Түйеке, азырақ тұра тұршы. Мен мына кісілерді қабылдап алайын,— дедім. Келгендерді әдейі әңгімені созынқырай, асықпай қабылдап, досым өкпелеп кетіп қоймасын деп, терезеге қарап қойып, отыра бердім. Шамасы бір жарым сағат өтті-ау деймін, досым шыдап күтті. Жұрттың бәрін қабылдап болсам керек, бір заманда есік ашылды. Қарасам, досымның тісі бағанағыдай ақсымайды. Үлкен бастықша сұстанып, орнымнан қозғалмай, ана жерге отыр дегендей қолымды сілтеп, ишарат еттім. Директордың кабинетінде құдай қалаған кезде ғана болатын қатардағы мұғалім Түйемойын, қай жерге келгенін мықтап сезінгендей кішіпейілділік білдіріп отырды. Ұзақ күткендіктен бойына ресмилік ұялай қалса керек. Мен үн қатпадым. Ол да үндемей отырды. Біраздан соң шыдамай:

— Неге шақырып едің, айтсаңшы!— деді. Күлкім ішіме сыймай бара жатса да, даусымды қатаң шығарып, былай дедім:

— Шақырған бастық неге шақырғанын өзі айтады ғой, шыдау керек. Сонан соң, ресми қызметпен келгенде «сен» дегенді тоқтату керек қой. Бастық шақырғысы келді, шақырды, шақырғысы келмесе шақырмайды. Мен саған бастық болғанымды мықтап білсін деп шақырып отырмын. Ал осылай ескеріп шақырғаным үшін қайдағы бір жарым сағатым өтті деп, қорсаңдама. Жалпы бастыққа келгенде, кісі өлтіргендей төмен қараушы болма!

Түйемойын атып түрегеліп, орысша бір мықты сөзді айтып, столды айнала маған ұмтылды. Бүйіріме қабырғамды сықырлата сүйкелген ауыр жұдырығынан қашып құтылып, айқара құшақтап алдым. Екеуіміз директордың кабинетін басымызға көтеріп, көзімізден жасымыз шыққанша күлдік. Досымның менің бастық болғанымды бұрын естісе де, енді өз көзімен көріп мықтап сезінгені үшін жууға шақырғанына мен көне кеттім.

Өзіңе-өзің қанша риза болғанмен де, жұмыс істеу да керек еді. Бірақ сол жұмысты қалай бастап, қалай жүргізу жөнінде хабарым аз да. Қызметке шыққан күні, директор шақырып алып, маған міндеттерімді іске асырудың жөнін айтып береді де, сол айту бойынша қызметімді атқара жөнелем деп ойлаушы едім. Мұным, бірақ білместіктен туған бос ой екен. Директорымыз, қызметіне тұрған бетінде біздің кафедраға келіп, менің «жылағанымды» ескеріп, бөлме берген сол Кемелхан Айтбаевич болатын. Кемекең біздің арамызда өзінің айтқанын істетте білетін, табанды кісі болып есептелетін. Институтқа қазіргі тілекке сай үлкен үйлер салдыра бастағаны үшін, сол сияқты басқа да жақсылықтардың жетекшісі болғаны үшін коллектив Кемекеңді өте сыйлайтын. Әсіресе біз сияқты жас мұғалімдер алдында беделі асқақ та. Өзімнің әріптестерімнің арасында тек мені ғана таңдап алып, орынбасарлыққа ұсынғаны үшін мен бұл кісіге өте риза едім. Мені жаңа қызметке белгілегеннен кейін, жұмыс жөнінен бірінші әңгімеге шақырғаны да есімде. Орындығына шалқая түсіп, көзілдірігін жұдырығына қысқан сол қолын столдың үстіне қойып, ол кісі әлдебір нені ойлағандай шаңыраққа қарап отыра берді. Менің келгенімде ешбір жұмысы жоқ сияқты. Бұған өкпелеген жоқпын, өйткені бұл кісінің жүріс-тұрысының бәрі де маған ұнайтын. Мұндай үнсіз отырысты мен директорымды жақынырақ жөндеп мұқият қарап алу үшін пайдаландым. Өткен сегіз жыл бойы институттың басшысы ретінде қызмет істеу оңайға түспесе керек. Біздің кафедраға келгендегі қап-қара шашы әсем жылтырынан айрылып, аққа шалынып, сұрланып қалыпты. Көзінің асты күлтеленіңкіреп, беттері еріндерінің тұсына қарай сәл салбыраңқырай түсіпті. Кең маңдайдағы көлденең екі-үш қыртыс недәуір тереңдеген. Тек қара көздері ғана сол баяғы нұрлы күйінен айрылмаған. Коллективте бұл кісіні бірден түсіне алмаған еді. Каретников сияқты профессорлар институт директорының орнында әдептілікті дворяндық салондардан үйренген, сөзге жылпос, іске жылмағай интеллигент отырғанын дұрыс көрген еді. Өндірісте, жұмыскерлер арасында өскен жағдайына ұқсайтын жаңа ортаға келгенін Кемелхан Айтбаевич та бірден түсіне алмады. Бұл жерде жүректен шыққан сөз бірден жүрекке жете қоймайтынын, сондықтан әрбір сөз айтқанда, алдын ала ойланып алу керек екенін ол келген бетте ұқпаған-ды. Мұнда шын көңілден шыққан сөздің

өзін бұрмалап әкетуге келмейтіндей етіп айтпаса, жамандыққа жоруға дайын тұрғандар бар екеніне оның бірден көзі жетпеген еді. Әрбір сөзін, әрбір ісін бұрмалауға келмейтіндей етіп ықшамдауға үйреніп, жаңа ортаға мүлдем қалыптасып алғанынша, Кемелхан Айтбаевич қиыншылықтарды біраз басынан өткізді. Біз сияқты жас мұғалімдер ол кісіге жақын жүре алмасақ та, Кемелхан Айтбаевичтің жоғарғы оқу орнына басшылыққа жарарлық қасиеттерге ие болып алғанын, бұның өзіне қиянат жолына белсенділігі өте күшті профессор Каретниковтың қарсыласа беруі көп жәрдем еткенін үлкендер күле әңгіме қылғанын еститіміз.

Осылай шаңыраққа қарап едәуір ұзақ отырған Кемелхан Айтбаевич бір кезде селк еткендей қозғалып қалды да, столына жақындай түсе отырып, менен кешірім сұрағандай, институттағы бір жағдайсыздықтың тарихын айта бастады. Сонан соң, мырс етті де, былай деді:

— Сен, Мәжит Мұқанович, мұндайдан сескенбе! Кейде түкке тұрмайтын нәрсені бір үлкен істей ойлайтының болады. Өйткені сол түкке тұрмайтын кемшілікке көңіл бөлмесең, ол ұлғая береді, оның соңынан екіншісі, үшіншісі туындайды. Сондай уақ-түйектер көбейіп кетсе, кейін өзінді басып алады.— Сонан соң біраз үндемей отырды да, сөзін әрі қарай жалғастырды.— Мәжит Мұқанович, сен маған қарай берме, сенің істейтін ісінді үлгілеп айтып, саған нұсқау беретін мен жоқ. «Жоғары мектеп» деген үлкен кітап бар, сенің міндеттерің соның ішінде жазылған. Оның үстіне, институт бойынша әрбіріміздің міндетімізді анықтаған бұйрық бар. Сенің алдындағы міндетің — студенттердің жақсы оқуы, олардың жақсы маман болып шығуы. Бұл үшін, әрине, оқытушылар жақсы қызмет істеу керек. Бар талабың мен қызметіңді осы мақсатқа бағытта. Оның үстіне мынаны ескер.— Кемекеңнің көзі қуақыланып, күлімдей түсті.— Бірінші басшы жұмыс істей ме, істемей ме, оны өзі білмек. Бірақ ол қашанда өзіне бағынышты адамдарға нұсқау беріп, талапты күшейте түспесе, өзінің отырған орнын, лауазымының мәнін сезіне алмайды. Ал орынбасар деген қашанда дамылсыз қызмет істеуге тиісті. Егер мен, сенің жұмысыңа кірісіп қайта-қайта нұсқау беріп отырмасын десең, менің сол саған артық көңіл бөлуіме қарсы әрекет жаса, яки қызметіңді ойланып, тыңғылықты мұқият істе. Қызметті көп істеген сайын кемшіліктер де көбірек ашыла түседі. Алдын алып бәрін

айту қиын, істің барысына қарай ақылдасамыз да. Оның үстіне мынаны ұқ. Менің беделім де, адамгершілігім де сен сияқты орынбасарларыма байланысты. Қызметті сен жақсы істесең, мен де жақсы істеген болам, сен жаман істесең мен де жаман істеген боламын. Жақсы қызмет істеудің негізгі әдісі — маңайдағы қызметтес адамдарға ұнау, солардың көңілін табу. Бұл үшін әрбір адамның мінез-құлқына көз салып, өзгешеліктерін біліп алу керек. Қысқасы, әріптес жолдастармен әбден сыйлас болған жөн ғой.

Кемекең орындығына қайтадан шалқая түсті де, қайтадан көзілдірігін сол қолының уысына қысып, үстел үстіне қойды. Бұл ол кісінің, жобасы, бірдеңені ойлана қалған кездегі әдеттенген отырысы болса керек. Бұл жолы шаңыраққа емес терезеге қарап отырды. Бастығым енді еш нәрсе айтпайтынын сездім де, аз отырып, ойлаған ойын бөлмейін деп, үндемей шығып кеттім. Жаңа міндеттерімді анықтап, сол міндеттерді дұрыс орындау үшін, неден бастап, не істеуім керек, осыларды ойлау үшін шығып кеттім. Істі дұрыс бастау үшін тәжірибесі бар жолдастармен ақылдаспай болмайтынын сезіндім. Институтта тәжірибелі жолдастар бар да. Егер мен өтінетін болсам, олар маған, әрине бар көмегін көрсетеді. Бірақ институттағы екінші лауазымға ие болған мен, іс жүзінде, олардан тәжірибелі, олардан артық білуім керек емес пе еді? Бақытыма қарай, мен өзімді сондай білімді деп есептей алмадым. Сондықтан, мейлінше ақ пейіл Николай Александрович мені, шамасы, ай жарым бойы сынақтан өткізді-ау деймін. Өйткені үлкенді-кішілі істердің бәріне мен ол кісіден дамылсыз ақыл сұрадым да отырдым.

— Левашов жолдас!— дейтінмін мен ол кісіге, менің өз өтінішім бойынша алдыма келгенінде,— сіз осы біздің институттың кафедра басшысы емессіз бе?

— Иә, иә, Мәжит Мұқанович,— деп жауап беретін ол.— Мен осы институттың кафедра басшысымын. Сондықтан сізге қызмет бабындағы бағынышты адаммын!

— Өз орныңыз бен лауазымыңызды дұрыс түсінгеніңіз жақсы екен. Олай болса, мына бір жағдайда сіз не істер едіңіз, кәне айтыңызшы...— Николай Александрович егжей-тегжейлеп, мұқият ақыл айтатын.— Мен тек сіздің кейбір жауапты қызметкерлердің ой-пікірі дұрыс па екен, соны тексерейін деп едім, сізді шақырғанымда. Ой-пікіріңіздің, іске бет алысыңыздың дұрыс екеніне көзім жетті,

Левашов жолдас, сондықтан енді өз міндеттеріңізді атқара беріңіз!

— Мәжит Мұқанович, мықты бастық осындай болу керек, сен жарадың. Дұрыс-ақ!— деп, шек-сілесі қатып күліп, Николай Александрович шығып кететін.

— Рақмет, Николай Александрович. Сіз жіберген машинаның бірденесін бұзып, тоқтатып аламын ба деп, сескеніп жүрмін ғой...

Әрбір істің, ардақты жазушы інім, басы қатты болса, аяғы тәтті болмақ деген қағида бар. Менің жаңа қызметім, кейін жеңіл болды деп нықтап айта алмасам да, басында қиын болғанын жақсы білемін. Оқу ісін басқару деген не? Орта мектепте оқу бөлімінің меңгерушісі әрбір мұғалім өзіне тиісті сабағына үйретудің ғылыммен мұқият негізделген әдісін қолданғанын қарастырады. Бұл міндетті орындаудың өзі көп тәжірибе мен білімді қажет етсе де, жеңілдігі де бар ма деп ойлаймын. Өйткені адамзаттың орта мектеп педагогикасын тағайындаумен айналысқанына қанша замандар өтті. Көптеген жеке адамдарды қоя тұрып, талай академиялар мен институттар балалардың жоғарғы оқу орнына жеткенше тәлім-тәрбие, оқу-білім алу жолдарын зерттеуде. Ал жоғарғы оқу орнының педагогикасын алатын болсақ, бұл жөнінде ғылыми негізделген ешбір ережелер жоқ. Жоғарғы оқу орындарының мұғалімдері бұл мәселемен тек кейінгі уақытта ғана айналысқан сияқты. Бұларға мамандар тәрбиелеп шығару педагогикасына арналған ғылыми-зерттеу институты біздің елде жуықта ғана ашылды. Жоғарғы оқу орнының оқу бөлімін басқару ісіне кіріскен кезімде, мұның бірі де болған жоқ-ты. Мысалы, мен біздің кафедрада сабақ бере бастағанымда, менің сабақ беруім жөніндегі жазылған ереже-нұсқауларды мен тіпті ойлап та көргем жоқ-ты. Тек сол берген сабағым жөніндегі өз профессорымның ақылын ғана тыңдадым. Басқа жас мұғалімдердің де жайы осы болатын. Орыс университеттері мен институттарында лекция оқу деген профессордың ең жақсы, ең ардақты міндетінің бірі екенін біз білетін едік. Орыс ғылымындағы Менделеев, Сеченов, Тимирязов сияқты ардагерлер лекцияларына қалай дайындалып, қалай оқитыны жөніндегі естеліктер аз емес. Сондықтан, мен біздің институтта лекция оқудың деңгейін анағұрлым жоғарылатуды армандадым. Жақсы оқылған лекция, бір жағынан, студенттерге қиын сабақты жеңіл ұғынуына мүмкіндік берсе, екінші жағынан, мұға-

лімнің өзіне де пайдалы, өйткені ой-пікірін тәртіпке келтіріп, ғылыми ұғымдар мен ережелерді шымыр сөз бен ықшам сөйлемге сыйыстыруға мүмкіншілік береді деп ойлайтынмын. Бұл жөнінде өзімнің аз да болса, тәжірибемен сүйенетінмін. Профессор Дьячков химияның бір кішігірім бөлімінен лекция оқы деп тапсырғанда кездескен қиындықтар есімде қалған-ды. Профессордың лекция оқыған деңгейіне шама келгенше жақындау үшін лекцияларымды жаттап алатымын. Қағазға қарап оқып тұрмасам да, сол жаттап алуымның өз зейінімнің логикасына сенбеушіліктен, керек сөзді уақытылы тауып, керек сөйлемді ретімен құрап айтуыма сенбеушіліктен еді. Сондықтан, алдын ала лекциядағы негізгі пікір мен ойларды, ықшам сөйлемдерге сыйғызып дайындап, шыңдап алатынмын. Сөйлемдер нақыл сөз сияқты қысқа, айтайын деген ойыңды дәл беретін болу керек деп үйрететін менің ұстазым. Сондықтан лекциямды жаттауды қоймасам да, кейін лекция үстінде ойлана сөйлеп, сол жаттаған заттарымның өзін ептеп түзеп отыратын болдым. Өйткені әрбір сабақтың ғылым негіздері белгілі оқулықтардан алынса да, мұғалімнің өз ұғынуы тұрғысынан айтылуы керек деп түсіндіруші еді ұстазым. Ал әрбір лекцияға бұлай қараудың өзі, ардақты жазушы інім, оған дайындалуға көп уақыт тілейтін. Мен өз лекцияларымда, Дмитрий Викторовичке ұқсап, әрбір минутымды бос жібермей, қатаң болуға тырысатынмын. Бірақ әсіресе бірінші жылда, мен өз лекцияларыма риза болған уақытым сирек еді. Мысалы, әбден мұқият дайындалған тақырыпты оқып тұрғанымда, кейде ең бір айқын, ең бір анық түсіндім деген жерлерім күңгірттеніп қалатын да, сол анық түсіндім дегенім, шынтуайтқа келгенде, жақсылап түсінілмеген болып шығатын. Мұндайда суық тер бұрқ етіп, әуелі не дерімді білмей қалатынмын да, ақыры ұялсам да студенттерге мұны мен дұрыс түсінбеген екенмін деп шынымды айтатынмын. Бірақ қиын да болса, ұялсам да, шынымды айтқан кезіме қазір ризамын. Өйткені жастардың алдында осылай қатенді мойныңа алып, ұялудың арқасында мен бәрін түсіндім, маған бәрі түсінікті деп ереуілдей берудің артық екенін, ең анық, ең айқын нәрсені қайта-қайта талқылау керек екеніне көзім жетті.

Институттағы оқу ісінің барысын тексере, бағалай келе, бірден қорытынды тілейтін көптеген кемшіліктерді тапқан сияқты болдым. Мұндай кемшіліктер тек лекция

оқуда ғана емес, студенттерге сабақ берудің басқа түрлерінде де көп екен. Лекция оқу, жалпы сабақ беру, ғылыми жұмысқа, барлық институттың жұмысына қатаң талап қоятын профессор Дьячковтың кафедрасында тәрбиеленген мен институттың оқу ісінде де сол қатаң талапты жүзеге асырғым келді. Бұл жөніндегі жоспарларым туралы өзімнің әріптесім, директордың ғылым жөніндегі орынбасары доцент Кальницкий Лев Моисеевичпен ақылдастым. Бұл кісімен ақылдасуды мен әбден қажет деп таптым. Өйткені оның өмірлік тәжірибесі мол еді. Бұрын үлкен химия заводында бас инженер, үлкен оқу институтының директоры болған Кальницкий біздің институтқа бұдан бірнеше жыл бұрын келген-ді. «Бұрынғы үлкен қызметіңізден неге түстіңіз?»— деп сұрауды біз лайықты деп ойламайтынбыз. Бастаған ісін тез, тыңғылықты орындайтын, айтқан сөздерін нақыштап, жеткізе айтатын Лев Моисеевич маңайындағыларға үлкен әсер ететін. Ойымдағымды айтып, ақыл сұрағанымда, әріптесім кішкене көк көздерімен маған сығырая қарап отырды да, менің өзімді де, айтып отырған іс жоспарымды да мақтай бастады. Осындай күрделі қызметті, мол ойшылық, ұйымдастыру ісіне жігіт қабілетпен кірісіп тез игеріп алғанымды қызмет үшін мадақтап айтып алып, тек осы жоспарды орындау үшін, іске кірісе беру керек деді. Басы жұмыр пенде осал ғой. Әріптесімнің осы бір сөзін қуана ұйып тыңдадым. Ертеңгі күні таңертең, сентябрьдің салқын ауасын жұтып келе жатып, Лев Моисеевичтің мені мақтап-мадақтап сөйлеген сөздерін есіме түсірдім де, сол сөздердің шындығына дудамалдана бастадым. Шынында да, ол мені аспирантура кезінен білетін. Мамандығымыз бір, кафедрамыз жақын болатын. Талай семинарларда өзара пікір алысатынбыз. Партия есебінде біздің факультетте тұратын. Мен біраз уақыт факультеттің парторгі болғанымда, бұл кісіге факультеттің жұмысы жөнінде ақылдасып тұратынмын. Бірақ маған бұл кісінің бір де бір ілтипат білдіргенін байқамап едім. Керісінше, менсінбегендей менімен салқын сөйлесуші еді. Айтатынын қысқа, келте, нұсқа айтатын. Кальницкийдің жасы менің профессорымның жасынан үлкен-ді. Сондықтан қай жағдайда болса да, кішілік білдіріп отыруым дұрыс деп ойлаушы едім. Кейде маған көрінеу көзге зиян да істегенін байқайтынмын. Менің институттың жинағына берген мақалаларым бұл кісінің сейфінде қозғалмастан жылдан-жылға жата беретін.

Осыған байланысты, яки менің жарияланған мақалаларым аздығынан, маған доценттік атақ берілуі ұзаққа созылып кеткен-ді. Осы жағдайды білсем де, бір де бір кішілік жолымнан шыққам жоқ та. Лев Моисеевич, жобасы, менмендігі күшті адам еді. Бір күні факультеттік семинарда баяндама жасаған едім, жанымға келіп, мен атаған реакцияны қолданатын процестерді зерттеп жүргенін айтты. Лев Моисеевичтің лабораторияда көп жұмыс атқарғанын мен білетінмін. Сондықтан, ол кісінің маған өз жұмысы жөнінде айтқаны ұнап қалды. Сол зерттеу жөнінде маған өзінің бір жазбаларын көрсетіп еді, мен сол жазбалардан бір ерсілеу қатені байқап қалдым да, тура айтуға бата алмай, шамам келгенше, орағыта айтып түсіндіргендей болдым. Лев Моисеевич маған қарады да, қалың жұмыс дәптерін жаба салып, дереу әңгімені басқа тақырыпқа ауыстырды. Біздің өзара ғылыми қарым-қатынасымыз, міне, осымен аяқталған. Сол күні, сентябрьдің сәскесінде келе жатып, әріптесімнің сөзінде ешбір адалдық жоқ екенін, ол менің қызметтегі істемек жоспарымды шын мәнінде талқылағысы келмегенін түсіндім. Әріптесімнің жәдігөйлік мақтауына қуанам деп, өзімнің жарамсақ сөзге осалдығымды ғана білдіргенімді сезіндім.

Лев Моисеевич шын көңілмен ақыл айтатын кісі емес еді. Сондықтан мен ол кісімен бекер ақылдасыппын. Өз ұстазым Дьячковпен пікір алысуыма болатын еді. Бірақ ол кісі менің мына басшылық қызметке көшкеніме онша риза болмағанын байқағанмын. Ғылыми қызметтен мүлдем қалып қояды деп ренжіген ұстазымды қосымша ренжіткім келмеген-ді. Кемекеңе де барғым келмеді, өйткені ол кісіге біткен істің нәтижесімен барғанды ғана жөн деп таптым. Сенімді ақылшы Николай Александрович болып қана шықты. Мен ойларымды сол кісіге айттым. Ол мені мүқият тыңдады да, былай деді:

— Өзің егжей-тегжейіне түсініп, өз ісіңді өзін бағалағың келгені дұрыс екен. Сен байқаған кемшіліктерді мен де білетінмін. Ол кемшілікті институт мұғалімдерінің көбі біледі. Сен сол кемшіліктердің түбегейлі себебін іздегің келетін көрінесің; бұл — қызметіңді менен гөрі жақсырақ атқарғың келгенінің айғағы ғой. Солай болу керек қой. Мен болсам, бір сұрлеуден ауыспай тарта беретін әккі болған кәрі ат едім. Мұны өкпелеп айтып отырған жоқпын. Сен жақсы жігітсің. Сондықтан шынымды айтып отырмын. Бірақ мынаны ескергенің жөн. Сенің істеген ісің негізінен

айналаңдағы адамдарға байланысты. Ол адамдардың бір де бірі өздерін сенен ақылсызбын деп есептемейді. Сондықтан оларға бір де бір жағдайда ақылгөйсіп сөйлеп керегі жоқ. Қатесіз қызмет істеймін десең, әрбір адамның көңілін табу қажет. Сен еңбекқор профессордың жақсы кафедрасында өстің. Сондықтан, қызметіңнің кейбір мәселелеріне көзқарасың жеңілдеу ме деп те ойлаймын. Институттың барлық кафедраларының ісі өз кафедраңның ісіндей болсын деп жедел революциялық өзгерістер кіргізем деп жүрме. Осы бір асқан белсенділік пен жігерліліктен, досым, сақ бол. «Император сәл еріншектеу болса, қандай тамаша болар еді...» — деп Талейранның Наполеон туралы айтқаны есінде болсын. Өйткені бір қате жасасаң, барлық жақсылық істерің жоққа шығады. Шынын айтсам, сенің қызметің жеңіл абырой әпере қоятын қызмет емес. Рақмет айтатын да кісілер аз болар. Сонда да жұмысты жақсы істеу керек, кешегіден артық істеу керек. Өйткені заман соны тілейді.

Николай Александровичті тыңдап отырып, осы ақылды ақсақалдың айтқанының бәрі шындық екенін сезініп, өз ісіме, қызбалықты қойып, салқынырақ қарауым керек екенін ұғына бастадым. Қазір алдыма келген жастарға ұқпайтын бір терең ой бар деп есептемеймін. Бірақ біреудің тәжірибесін бірден бойға сіңіріп ала қою оңайға да түспейді. Николай Александровичтің сол кездегі ақылдарын есіме түсіргенде, осы бір ілтипатты адамның айтқандарын мұқият тыңдап, өз тіршілігім мен қызметіме қолданғаным үшін өзіме-өзім ризамын. Мүмкін мен өзім қызметімде, өз істеген істерімде бұл кісінің ақылынсыз да дұрыс жолға түсер едім. Бірақ ол дұрыс жолды табу үшін көп қателерден өтер едім деп ойлаймын. Адам жас кезінде үлкеннің ақылы мен өнегесін қашанда дұрыс бағалап, қашанда шын жүрекпен қабыл етіп жатпайды. Николай Александровичті мен өте жақсы көруші едім. Бірақ сол кісінің менің қызметім мен адамгершілігіме жасаған әсерін жуырда ғана, дүние салды деп естігенде ғана, шын мән беріп бағаладым ба деп ойлаймын. Міне, тіршілік деген заттың, ардақты жазушы інім, осындай өзгешеліктері бар.

Сонда да мен Лев Моисеевичпен ара-кідік ақылдасуымды тоқтатпадым. Бірақ көбіне, күлгім келгенде, өз қара басыма бір мақтау естігім келгенде ақылдасатыным. Ол ол ма, мен Лев Моисеевичтің істері мен жетістіктері, көзіне қарап тұрып, мықтап мақтайтын болып

үйреніп алдым. Сөйте тұра, қызметтеріміз ресми талқыланған кезде, екеуіміз де бір-біріміздің ісіміз жөнінде үн қатпайтынбыз. Тіпті үндемеуге болмаса, іске байланыссыз аздау бірдеңені айтып құтылатынбыз. Оның өзіне Кемекен ренжіп те жүрді. Директор демалысқа, иә болмаса командировкаға кетіп, аз уақытқа орнына қалған кезімде, Лев Моисеевич мүлдем кішіпейілденіп, менің айтқанымды бұлжытпай тез орындайтындай бір кішілік білдіріп жүретін. Осының бәрін Лев Моисеевич әдейі істейтіні сезіліп-ақ тұратын. Қысқасы, екеуіміздің қарым-қатынасымызда сырластық пен жақындық орын таба алмады. Бірақ оның орнына, Лев Моисеевич, «Адамға тіл — сырын жысыру үшін берілген» деген мәтелдің шын мағынасын түсінерліктей өмірлік сабақ берді. Мен шамасы Лев Моисеевичке онша жаман шәкірт болғам жоқпын-ау деймін. Өйткені сырт қарағанда, дос, сыбайлас сияқты болып көрініп жүрдік.

Лев Моисеевич көп ізденіп, көксей армандаған ғылым докторы атағын алғаннан кейін бір-екі жыл ғана тұрып, жуықта қайтыс болды. Докторлық атақ алу үшін ол жиырма-жиырма бес жылдай қызмет істеген еді. Бұл ғылыми деректер ескіріп, ғылыми көзқарас өзгеріп те болатын уақыт қой. Ол кісінің кафедрасында істеген адамдар көп болса да, бірақ шын мәнінде шәкірті болмаған еді. Маңайындағы жастар тез өзгере беретін. Әйтеуір, бұл кісінің қол астында өсіп, маңайынан кетпеген жастардың аты есімде жоқ. Кафедрасындағы мұғалімдер Лев Моисеевичтің шәкірті емес те. Ал біздің кафедрамызда көпшілігі Дмитрий Викторовичтің шәкірттері еді де, басқалары да сол кісінің ғылыми ұмтылыстарының шеңберінде болатын. Лев Моисеевичтің шәкірттері болмауы, докторлық диссертациясын сондай ұзақ жасауы себептерін енді түсінгендеймін. Өзінің ғылыми ой-пікірлерін біреу ұрлап алатындай, бір де бір адамның білгенін ұнатпайтын. Жанында қызмет істеген адамға, егжей-тегжейін айтпай, тек істейтін ісінің тәртібін ғана айтып беретін. Сондықтан эксперименттің мағынасы да лаборанттық деңгейден аспайтын. Ондай жағдайда эксперимент жасаушы кісі тапсырылған істі егжей-тегжейіне жетпей, мұқият жасауға тырыспайды ғой. Ол ол ма, шәкірт ойы-пікірімен санаспайтын ұстаздың тек жұмсауында жүруге қай жас көне берсін, олар Лев Моисеевичтің маңынан кетіп қалуға тырысатын. Жиі ауысып отыратын әр түрлі қызметкерлердің қолымен ықтиятсыздау жасалған эксперименттер көбіне нәтижесіз

болып, босқа кетіп жататын шығар деп те ұйғаруға болатын еді. Едәуір уақыт бірге қызмет істегендіктен Лев Моисеевичтің доктор болу арманы ішін күйдіріп жүретінін білетінмін. Бірақ сол доктор болудағы алған жолы ең мардымсыз, ең нәтижесіз қиын жол екенін ол түсінбей өтті. Өзімен бірге ойласатын, деңгейлес, пікір алысуға жарамды адамнан ат тонын ала қашатын. Осының салдарынан ол бір де бір шәкірт өсіре алмай өтті, өзінің бастаған жап-жақсы ғылыми ісін аяқтай да алмады. Мұның өзі өкінішті еді. Кейін мақалаларын, докторлық диссертациясын оқығанда, оның алған тақырыбы ғылым мен техникаға керекті тақырып екеніне күмәндануға болмайтынын байқағанмын. Ғылыми тақырыбы жөнінде Лев Моисеевич қателеспепті. Жетпіске жақындағада менің бұрынғы әріптесім көкейкесті арманына жетіп, ғылым докторы, профессор болған-ды. Амал нешік, ол бастаған ғылыми проблеманы қазір ешкім әрі қарай дамытып жатқан жоқ. Осы кезде ойласам, Лев Моисеевичтің қайсарлығы мен қайраты таңданарлық екен. Оның ғылыми қызметтегі қолданған әдісіне қарағанда, экспериментті ғылымдарда докторлық диссертация болатындай ғылыми жұмыстармен шұғылданду тек сол Лев Моисеевичтің қолынан ғана келген шығар. Сонда да профессор Кальницкийдің творчестволық әдісіне тән жекешелік ойды тұсап, шабытты үзеңгілеп, мардымды қызмет істете алмайтыны ақиқат. Менің әріптесімнің ғылымдағы өмірі осыны дәлелдейді.

Ардақты жазушы інім, мен осы жазбаларымда сізді қызметімнің мамандық ерекшелігі жөніндегі егжей-тегжейлерімен зеріктіргім келмеп еді. Белгілі бір теориялық білімі бар адам мамандығының іс жүзіндегі егжей-тегжейіне, шынымен кіріссе, қашанда жете алады деп ойлаймын. Бірақ өз мамандығында алған тәжірибе мен білімінді тек өз қара басыңның мүдделері үшін емес, басқалардың да ісі мен қызметін жетілдіру үшін пайдалану қиыныраққа түсетін көрінеді. Ал бүкіл бір ғылыми коллективке пайда тигізу үшін жігер жұмсау — ең қиыны болар. Директордың оқу жөніндегі орынбасарлық қызметі маған бұл жөнінен еске сақтап, өнеге етерліктей сабақ берген еді. Адамдарды тани бастадым. Әр адамның бойында ырыққа көнбей сүріндіретін талай құпия ой-қырлар бар екенін сезіндім. Николай Александровичтің: «Сақ бол, сабырлы бол!» — деп үйреткені сондықтан екен.

Геология ғылымдарының теориялық негіздеріне арнал-

ған бір кафедраны атақты профессор Яницкий басқарушы еді. Ол кісіні студенттік кезімнен сыйлайтынмын. Писаревтің сақалы сияқты күреңдеу сақалы мен ескіше ұзынырақ қойған шашына ақ кірмеген, кең маңдайлы еді. Бір де бір артық еті жоқ аппақ бетіне жараса қонған қоңқақ мұрнының үстінен үлкен қара көздері тартымды сабырлылықпен қарайтын. Георгий Леоновичті біздің қыздар жақсы көретін. Тіпті кейбіреулері іштей ашына ма деп те ойлайтынмын. Лекцияларын Георгий Леонович әсерлі, әсем оқушы еді. Мен сізге, ардақты жазушы інім, жоғарғы оқу орнында сабақты лекция арқылы ұғындырудың мәні өте зор деп ұйғарғанымды айтып едім ғой. Сол лекцияларды оқудың сапасын жоғарылату ретінде мұғалімдерді бір-бірінің лекциясын тыңдауға жұмсайтынмын. Өзгелерге өнеге ретінде өзім де кейбір лекцияларға барып тыңдап жүрдім. Бір күні Георгий Леоновичтен оның кафедрасындағы мұғалімдердің қайсысының сабағына баруға болады деп сұрадым. Ол көп ойланбай, доцент Ормановтың лекциясына баруыңыз жөн болар деп жауап берді. Мен Ормановты білуші едім. Толықша келген кішкентай адам ет-жеңді бетін бұлтитып, аузын ашқан күйінде институт коридорларында асығып-үсігіп жүгіріп жүретінін көретінмін. Кездесе кеткен адамға небір өзіне қажетті істер, не қол қоюға тиісті бір қағаздар, не табылмай жатқан ғылыми қағаздар, аспаптар жөнінде, әйтпесе өзінің ғылыми жұмысында туған кедергілер туралы бірден айта бастайтын. Жұрттың бәрі тек доцент Омаровтың шаруасымен ғана айналысуға тиісті сияқты шұқшия, екілене сөйлей жөнелетін. Өзіне ілтипаты мол үлкен адамдар бар екенін айтып, олардың аттарын да атап үлгеретін. Доцент Ормановты осындай белсенділігі жағынан білсем де, оқытушылық қызметімен таныс емес едім. Георгий Леоновичтің ұсынысына қарсылығым болған жоқ.

Сонымен Георгий Леонович екеуіміз доцент Ормановтың лекциясында отырмыз. Лекцияның тақырыбы студенттік кезімнен таныс сияқты. Бірақ еміс-еміс есімде қалғандарды біріктіріп, қайталап түсінейін десем, лектордың ой-пікірінің шабысына ілесе алар түрім жоқ. Айтып тұрған ережелері мен қағидаларын жазып алу қиын. Жанымда отырған студенттің дәптеріне қарасам, ол да ештеңе жаза алмай отыр. Мұның себебі Орманов тақтаның жанында ерсілі-қарсылы жүгіріп, қайсыбір цифрлар мен формулаларды тез-тез жазады да, мағынасын жөндеп, түсіндіріп

үлгірмей жатып, өшіріп тастайды. Түкірігін шашыратып тез сөйлегенде, біресе трибунада тұрғандай айғайлап жібереді, біресе әзер естілетіндей сыбырға көшеді. Тыңдап отырып, оқып тұрған сабағын лектордың өзі жөндеп білмейтін шығар деген ойға келдім. Біресе дауыстап, біресе сыбырлап әуре-сарсаңға салынуы да білмегендікті бүркемелеу үшін бе деп те ойладым. Ренжи бастадым. Мына доценттен студенттер не үйренеді, профессор Яницкий бұған лекция оқуға неге рұқсат етеді деп, амалым жоқ тыңдап, қозғалмай отырмын. Доцент Ормановтың лекциясы деп аталатын екі сағаттық азапқа шыдау керек.

Лекциядан кейін Георгий Леоновичтің кішкентай кабинетіне кірдік. Диванға келіп, жаныма отыра кеткен Ормановтың тершіген жүзіне, бақырайған көздеріне қарасам, дәл қазір ғана жер үстіндегі ең жақсы лекцияны өзі оқығандай нұрлана қалыпты. Георгий Леоновичке өз ескертпелерін айтуға өтіндім. Ол кісі сақалын саусақтарымен тарап, Ормановқа бір, маған бір қарап алды. Сонан соң, өзінің барқыттай жұмсақ даусымен:

— Рахат Ахметович лекциясын жаман оқыған жоқ сияқты. Тек азырақ асығыстау оқыды ма деймін. Менде айтарлықтай ескертпелер жоқ, — деді.

Георгий Леоновичке қарап, көздерін кездестірейін десем, ол көз қарашықтарын менен әкете берді. Ормановтың жүзіне қарасам, бағанағыдан да мардамси түсіпті. Бұл сүреңсіз отырыстың өзі маған да, Георгий Леоновичке де ауырлау түсе бастағанын, профессордың сақалын саусақтарымен тарай бергенінен байқап отырмын. Амалым жоқ, былай дедім:

— Онда бұл әңгімені осымен тоқтатайық. Түстен кейін қолыңыз тие ме, Георгий Леонович, маған соғуға?

— Әлбетте! — деді Георгий Леонович бойына енді ғана жеңілдік ұялағандай күрсініп.

Георгий Леоновичтің басқа шаруалары болса керек, қызметтің аяқ кезінде бір-ақ келді. Осының өзі дұрыс та болды ма деймін, өйткені сабырлы, байсалды әңгіме болу үшін бағанағы ызаның басылғаны жөн еді. Мен сауалымды төтенше қойдым.

— Георгий Леонович, доцент Орманов бүгінгі лекцияны жақсы оқығаны рас па?

— Жоқ, Мәжит Мұқанович. Ол лекциясын жаман оқыды ғой. Мен сізді көрсін деп апардым ғой.

— Сонда оны лекциясын жақсы оқуға мәжбүр ететін

сіз емессіз бе? Доцент Орманов лекцияларын қашанда осылай оқитын болса (ал, меніңше, ол қашанда осылай оқыған), ол өзін де, студентті де, бүлдіріп жүр ғой.

— Осы айтқаныңыз рас. Бірақ ол шіркінге бір ескертпе жасауың-ақ мұң екен, әбден мазаңды алып болады. Менің айтқан ақылымды ол жақсылықпен айтты демейді, тек қызғанышпен айтты деп есептейді. Мені қуайын деп жатыр, құртып жатыр деп айғайлай бастайды. Сондықтан сіз өзіңіз көмектесесіз бе деп ойлап едім...

— Қалай көмектеспекпін?

— Жаман оқығанын көрген жоқсыз ба?

— Бұл не деген сөзіңіз? Жаман оқығанын көрдім, бірақ дәлелдеу үшін мен маман емеспін ғой. Жақсыны жақсы, жаманды жаман деп айтатын өз кафедраңызда сіз ғана ғой. Үлкен ғалым, беделді профессорсыз. Менің қолымдағы — сіздің айтқан пікіріңізді қолдау, не қолдамау. Сіз доценттің лекциясын жаман оқыған жоқ дедіңіз. Сонда мен сіздің қай айтқан сөзіңізге нануым керек. Бағана таңертең айтқаныңызға ма, қазір кешке айтқаныңызға ма? Жоқ, бұлай болмайды, Георгий Леонович. Бұлай қызмет істеуге болмайды!..

Осы ақырғы сөздерді айтуым-ақ мұң екен, тып-тыныш, сап-сабырлы отырған Георгий Леонович басын кекжите қалды да, маған ежірейе қарап:

— Мәжит Мұқанович, қалай қызмет істеуді маған үйрететін сіз емес. Сіз студент болған кезде, мен профессормын.

Георгий Леоновичтің лебінен бағанағы барқыттай жұмсақтық кетіп болыпты. Даусы жарықшақтанып, беті бозарып, сақалы мені шанышқыламай бет тұсымнан тікірейіп тұр. Мұндайды күтпеген мен де домбыт мінезіме салдым.

— Мен сізді оқытып, үйретіп отырғам жоқ, сіздің қызметтегі кемшіліктеріңізді айтып отырмын. Бұл — менің міндетім. Әрбір сөзге жабыспай, сол кемшіліктерді сабырлылықпен талқылап, өзіңіздің бедел-атақтарыңызды менің алдыма көлденеңдетпей тыңдап жөндеу, сіздің міндетіңіз.

Осы кейінгі сөздер ақсақалды тіпті қыздырып жіберді ме деймін. Георгий Леоновичтің әдеттегі байсалдылығы мүлдем қашып кетті. Ол атып түрегелді де мені көзімнен атып, кекештеніп:

— Жоқ, жігітім, сіз менімен бұлай сөйлесуді қойыңыз.

— Ал, сіз, ардақты профессор, менімен қызмет бабында сөйлескенде, айтқанды тыңдамауды қойыңыз!— деп атып түрегелдім де, көздерімді Георгий Леоновичтің ашудан дөңгеленіп кішірейе қалған қара көздерінен аудармай, тұрып алдым.

— Мұндай сөздерді мен сізден әрі қарай тыңдай алмаймын. Жиырма жылдай қызмет істегенімде, осы институттың бір де бір басшысы менімен бұлай сөйлесіп көрген жоқ!— деді де, ол есікке қарай жөнелді. Жалпақ байсалды иықтары құрысып, еңкектей шыққанын байқадым. Арқасының құрысқанын мол тігілген сұр шапаны да бүркей алмапты.

Георгий Леонович шығып кетті. Мен болсам, алдымда жатқан қағаздарды жайдан-жай бір орыннан екінші орынға қоя бердім. Қарасам, қолдарым дірілдеп тұр екен. Дұрыс жатқан кітаптарым мен қағаздарымды бекер ауыстырып жатыр екенмін. Кішкене десін есімді жинасам, ерсі, орынсыз іс істегенімді байқадым. Көп қызмет істеп қартайған, денсаулығы менен анағұрлым кем, үлкен адамның ыза-сына шыдамағаныма ренжідім. Ең әуелі ойым Георгий Леоновичті тауып алып, кешірім сұрау болды. Асықпа! Сабыр жина. Жұмыс күні бітті. Бүгінгі күн батып, ертеңгі күн туады. Кешкіліктен таңертенгілікте адамның ақылдылау болатын әдеті бар. Қайдағы бір есті дауыс осыны айтпаса, жүгіріп те кететін түрім бар еді. Кешке үйге келгенде, Георгий Леоновичтің кафедрасында қызмет істейтін досым Верба Иван Алексеевичке телефон соқтым. Екеуіміздің жақындығымыз жерлестік жөнінен басталып еді, өйткені оның әке-шешесі менің ата мекенімнің маңында туып, өскен екен. Осы бір толықтау мейірімді жігіт маған өзінің ақ жарқындылығымен, жақынға керегінде көмектесе қоюға дайын тұруымен, өз қызметін ешқашан ешкімге барып басына етпейтін әдетімен, қалжыңқой әңгімешілігімен ұнаушы еді. Осы досым есіме түскенде, онымен қанша бірге жүріп, есепсіз шынылардың мойнын бұрасақ та, кафедрасы, профессоры туралы бір де бір сұрамағаныма таң қалдым. Шынының мойнын бұраған кезде, шамасы бес жүз грамнан кейін, Иван иығыма сүйеніп тұрып, ар жағында, ішкі сарайында, жүрегі мен бауырында жатқан сырларын ақтарып айтып беріп, ертеңіне сол сырларынан ұялып, маған екі-үш күн бойы қарай алмай жүретін әдеті бар да. Сөйтсе де, досымнан Георгий Леонович туралы бір де бір мәлімет алмаппын

ғой, Иван екеуміз ішіп алғанда өз көңілімізді өзіміз Некрасовтың мына бір шумағымен көншітуші едік:

Жалаң аяқ елінде,  
Жалаң Яким тұрады.  
Өлгенінше жұмыс істеп,  
Өлімш болып ішеді.

Біз де кейде жалаңаш Якимнің жанында болып-ақ қалушы едік. Профессор Яницкиймен болған ренішті әңгімеден кейінгі қиын жағдайда осы досыммен ақылдасқым келсе Иван шын дос екен ғой деп, ішімнен күліп қойдым.

— Хохляндия елінің азаматы, сізге директордың орынбасары доцент Нұрбаевтан звондап тұр.

— Уа, мына Нұрбаевтың өзі, Нұрбаевтан звондағаны қызық екен. Тыңдап тұрмын сені, Мәжит Мұқанович!

— Көшеде біраз қыдырсақ қайтеді?

— Қазір шығамын, қарсы тұруға болмайды. Бұл тіршілікте бастықтардың кегінен сақтану керек.

Сөйтіп, ұзақ кенделіктен кейін, ашқарақ ауыздары мол асқа тиіп, жуандап кеткен екі ғылыми месқарын, көшеге шығып, пілге лайықты тұрпатымен көлденең жұрттың көңілін өздеріне аударып келе жатыр. Мен ол кезде осы тұрпат тек Хохолға тән бе деп ойлаушы едім. Кейініректе ол ондай тұрпат тек маған ғана тән деп түсіндірген-ді. Бізді, кірмей кетпе деп, тартып тұратын бір подвал болатын. Сол подвалдағы сауда орнының тұсынан өткенімізде, досым мені, кіріп шығайық деп шақырмады. Осыдан есейіңкіреп қалғанымыз ба, бір-бірімізді жол жөнекей қонақ етуді қойғанбыз ба деп ойлаймын. Оның үстіне досым менің бүгінгі көңіл күйімнің онша емес екенін байқаса керек. Иван Алексеевичке Ормановтың лекциясында болғанымды, содан кейін басшысымен ренжісіп қалғанымды айтып келе жаттым. Мені тыңдап алып, жуан досым ірк-ірк етіп, бүкіл денесімен солқылдап күлді келіп:

— Бұл сенің үлкен жетістігің екен. Өйткені Георгий Леоновичті бірден біліп алатын жағдай туыпты. Егер Георгий Леоновичтің мінездерін саған түгел айтып берсем, менің профессорымды мейлінше сыйлайтын сен маған сенбес те едің... Егер Рахаттан басқа мұғалімнің сабағына барсаң, онда да Георгий Леонович сол өзіңе ұнамды күйінде қалар еді... Ойпырмай, сәтті жағдай туған екен...

Ал, шынына келсек, бұл жайдың арғы тегін түсіндіру, бір

жағынан, оңай болса да, екінші жағынан, қиын да. Оңайлығы, Ормановтың лекцияларына дайындалмайтыны, нашар оқитыны ақиқат. Осыны кафедрадағылардың бәрі де біледі. Георгий Леонович те біледі. Ал енді Георгий Леонович мұны реніш түрінде ешқашан ашық айтпайды. Орманов та соны пайдаланып жүр. Өзінің ғылыми эксперименттерімен әуре болған оның лекцияға дайындалуға уақыты жоқ. Лекция өзінің ең негізгі қызметі екенін не қылсын... Георгий Леоновичті дамылсыз өтініш айтып, кафедрада жетіспейтін нәрселер жөнінде ызындай беріп, тынышсыз белсенділігімен ол әбден меңдеп болған. Ал Георгий Леонович кафедрада үйреншікті, ойлауды, тынышсыздандуды тілемейтін әдеттегі нәрселер болмаса, басқамен айналысуды жек көреді. Сондықтан ол осы мазасыз, тынышсыз Рахаттан аулақ болғысы келді. Сол Рахаттың көзіне көрінуінің өзінен сескенгендігі де жетіп жатқан сияқты.

— Уай, Иван, сабақты дұрыс беру керек емес пе?!

— Осы сен де әбден чиновник болып алыпсың. Сабақты өзге мұғалімдер жақсы береді, сондықтан орта есеппен алғанда, кафедрамыздың сабақ беруі ортадан жоғары болып та қалар. Георгий Леоновичке сол жетіп отыр. Әрбір кафедраның осындай сабақты нашар беретін Рахаты бар шығар...

— Осыны мен, Иван, түсінбеймін. Егер лекциямызды Рахат сияқты оқитын болсам, Дмитрий Викторович мені студенттердің маңына жолатпас еді...

— Ол Дмитрий Викторович қой!.. Георгий Леонович тіпті басқа адам. Тумысынан қабілеті мол бұл кісі жасынан-ақ ғылым докторы, профессор болды. Үлкен ғылыми атақ алып, өз тұрмысына жетерлік табыс деңгейіне шығып алған соң, оның өз алдына қойған мақсаты — тыныш, ұзақ өмір сүру. Осы бір мақсатты мықтап ұстаған ол, кіммен, немен кездесе де, тыныштығын ойлайды. Ол кісіге тыныштықтан қымбат еш нәрсе жоқ!

— Уай, Иван, онда ол менімен неге ұрысып қалды? Неге бұл жолы тыныштығын баға алмай қалды?

— Бұл жолы, шынында да, қапыда қаларлықтай жағдай болған екен. Ол өзін сыйлаушылыққа, ибалылыққа, жұмсақ сөздерге үйреніп қалған адам. Кемшіліктердің өзін боямалап, тәттілеп айтқанға әдеттенген адам. Осыдан кейін кешегі өзінің студенті — бала, оған: бұлай қызмет істеуге болмайды десе, қайтер едің? Мұндайға ол дайын болмаған ғой. Менмендігі шыдатпай күпсініп кеткен. Құдай біледі,

қазір үйінде өкініп отыр. Таңертең кешірім сұрап жетіп келеді. Оған сен сияқты жау тауып алудан үлкен қорқыныш жоқ. Өйткені сен жау болсаң, оған тыныштық болмайды. Бұған ол ешқашан да шыдамайды.

— Иваным-ау, менің де кешірім сұрағым келді ғой.

— Сенің ешқашанда кешірім сұрауына болмайды. Әсіресе, әділеттік сен жағында екенін ескерсең... Таңертең өзі келеді. Менің көрегендігіме сенсең, коньяғыңды қой...

— Аямаймын, қоямын, бірақ мынау айтқаныңның өзі ғаламат екен. Ал Орманов қайтеді, солай сабағын жаман бере бере ме? Оны тәрбиелеп жөндеуге болмай ма?

— Тәрбиелеп жөндеуге болатын шығар, бірақ оны сен істейсің, Георгий Леонович істемейді. Менің профессорым мұндайға әйтейір бұрау баспайды. Ал Ормановпен тыңғылықтап, зілділеу сөйлесу керек. Ол сонда лекциясына дайындала бастайды. Бірақ оның ойы қашанда өзінің сөзінен ілгері кетіп тұрады да, сол ойы мен сөзін тоқтатып, кідірте алмағандықтан, солардың соңынан ерем деп өзі де асығып, сүрініп-қабынып отырады. Сондықтан ол лекциясын қазіргіден жақсырақ оқыр... Ал жалпы, жақсы оқи алады деп айта алмаймын. Ол өз ойын ешқашан да өзі үшін болмаса, тыңдаушылар үшін нақыштап, ойланып, әрбір ұғымға арналған сөйлемдерін бөлектеп айтып бере де алмас деймін. Бірақ бірнеше жылдан кейін ғылым докторы болатыны анық. Георгий Леонович оған бұл жөнінде көмектесіп те оңдырмас, кедергі де жасамас. Ал лекцияларын жақсарту жағымен сен өзің ғана айналысасың. Тек студент байғұстарға обал. Ертең Георгий Леонович келеді саған. Қалай ұғынарыңды өзің білесің, бірақ күнделік уақ-түйек күйбең шаруалармен оның айналыспайтыны ақиқат...

Профессор Яницкий менің досымның айтуынан дәл шықты. Таңертең телефон соқты.

— Мәжит Мұқанович, кеше бекерге ыза болыппын. Жүйке деген пәле ғой. Мен сізге қазір келер едім...— Даусы тіпті елжіреп жұмсарып кетіпті, бірақ маған бұрынғыдай тартымды, бұрынғыдай жағымды естіліп тұрған жоқ.

— Келіңіз, келіңіз, қызмет бабында әр түрлі жағдай бола береді ғой. «Ер шекіспей, бекіспейді» деген біздің халықта сөз бар.

Георгий Леонович келді. Түрінде кінәлы кісінің әлпеті бар, бірақ өз тыныштығына нұқсан келтіретін жағдайдың бір де біріне жоламайтындығы білініп тұр. Мен мұны

көзінен көріп үлгердім. Кешегіден де ауырлау сөз айтсам да, қозғалар емес, байсалдылық құрсауын мықтап киген. Ормановтың лекциясына көшкенімізде, ол ешбір шімірікпестен:

— Сіз өзіңіз сөйлесіп көріңіз!— деп маған өтініш айта бастады. Өтініштің ар жағынан сол Ормановтың өзі менің кафедралықтан кетсе де дұрыс болар еді дегенді естіп-ақ тұрдым. Сөйлескеніміздің өзі қызмет бабындағы үлкен іс емес, жай бір уақ-түйек сияқты: профессордың бет әлпетінде, көз қарасында жауапкершіліктің бір де бір нышаны байқалмайды. Кешегідей ренжісуге де тұрмайтын қайдағы бір мәнсіз тақырыпта әңгімелескедейміз... Осы әңгімеден мен әлсіздігімді байқадым. Қызметтен ғылым докторы, профессорды алып тастау жөнінде тістен шығаруға да болмайтын, өйткені мұндай жоғары білімді ғалымдар институтта аз да. Тіпті ондай ұсыныстар қойсам, басқалар балалық деп түсінері айдан анық. Бірақ Георгий Леоновичке жөндеп қызмет істетуге де шамам келетін емес, өз ісіне немқұрайдылығы бұл кісінің әдеті болып алған. Сол әдеттен Георгий Леонович асар емес.

Иван досымның айтқаны келді. Өзім жауап беретін қызметтің жақсаруы үшін доцент Ормановпен өзім сөйлестім. Басқа кафедра басшылары мұндай жағдайды өз беделіне келген нұқсан деп түсініп, өкпелер еді. Георгий Леонович Ормановты өз қолыма алғанымды қуана қарсы алды. Жұмысты кім істесе, ол істесін, әйтеуір өзі істемесе болғаны. Бұл — Георгий Леоновичтің берік қолданған қағидасы екен. Орманов мен сөйлескеннен кейін мықты лектор болып кете алмаса да, лекцияларына жақсырақ дайындалып, бұрынғыдан гөрі жөндірек оқыды. Бірақ танысқан соң, ол мені өзінің керекті аспаптарын тауып алу үшін, керекті адамдарға дәнекерлікке жұмсау үшін, мейлінше пайдаланудың жолын тауып алды. Қысқасы, Орманов тіпті өз кемшіліктерін де өз пайдасына асыра білетін жігіт екен.

Содан бері жиырма жылдай өтті. Яницкиймен кейде кездескен кезімде, уақыт ол кісіге шынымен де, өзгерлерден кемірек әсер ететінін байқаймын. Ол әлі де сол кафедраны басқарады, әлі де әсем, сабырлы, байсалды күйінде. Бірақ кейінгі кездескенімде, өзіне көз тастап едім, шашы мен маңдайының арасында аппақ жұқа қаймыжықтай сызат пайда бола қалыпты. Құйқасының үстіне қаймақ құйып, күрең шашын сол қаймақтың үстіне қондырып қойған сияқты. Орманов қазір ғылым докторы,

профессор, Ғылым академиясының құрамына кіруге де ұмтылыс жасап жүр. Өз ісіне әлі де бұрынғыдай асығыс. Профессордың маңайында тыныштық жоқ сияқты. Шәкірттері оны, жобасы, сыйлайды, тек басшысының жылдан жылға ұлғая түскен дегбірсіздігіне кейде ренжитіндерін де естіп қалам.

Ардақты жазушы інім, мемлекеттің қамқорлығында болып, еш нәрсеге жауап бермеген кезімде, мен үшін жұрттың бәрінің жақсы көрінгенін байқадыңыз ба? Ал қызметім сәл жоғарылап, өз ісіммен қатар басқалардың да ісі мен әрекеті жөнінде ойлана бастаған кезде, өзгелердің жақсылығы мен кемшілігі анықтала түсіп, сол жақсылық пен кемшіліктер менің де жан дүниеме әсер етіп, сабырсыздыққа шалдықтыра бастағанын да байқаған шығарсыз... Мысалы, Верба Иванмен қанша жүріп, қанша сырлассам да, Яницкийдің кафедрасында ешбір шаруам болмаған еді. Сол сияқты, біз өз кафедрамызда бізден ересектеу әріптесіміз доцент Куцыйды ажуа етіп жүретінбіз. Осы бір қою шашы дударланған орта бойлы, үлкен көзді жігіт, қалың еріндерін жимай күлімсіреп, бір де бір адамға ренжірлік қатты сөз айта білмеуші еді. Табиғатынан жұмсақ адам да. Біреуді әлдеқалай ренжітсе, ауырып қалатын сияқтанатын. Студенттер мұғалімнің осы бір өзгешелігін мықтап пайдаланушы еді. Ғайнетдин екеуіміз де Куцыйды осы мінезіне байланысты талай ажуа ететінбіз. Бір күні Куцый, Ғайнетдин, мен үшеуіміз студенттердің курста жасаған проектілерін қабылдадық. Ішіміздегі үлкеніміз Куцый мәжілісті басқарды да, мен кіші болғандықтан, протокол жаздым. Проектісін қорғаған студент есік сыртына шыққаннан кейін, сол проектіге қандай баға қоятынымыз жөнінде пікір алыстық. Ғайнетдин екеуіміз көз қысысып алып, мәжіліс басшысын сынамақшы болдық. Ғайнетдин «бес» қояйық деді, мен «үш» қояйық дедім. Екеуіміз айтқан бағаларымыз үшін біраз таластық та, сасқалақтап, біресе маған, біресе Ғайнетденге қарап отырған басшымызға: «Сіздің пікіріңіз қалай?» — дегендей қарай қалдық. Сонда Куцый былай деді:

— Менің ойымша Ғайнетдин Нәдірович дұрыс айтып отыр. Бұл проектіде Ғайнетдин Нәдірович айтқан жетістіктер бар ғой, бір жағынан Мәжіт Мұқанович да дұрыс айтып отыр. — Біздің күткеніміз де осы еді. Ғайнетдин екеуіміз күлкімізді әзер тоқтатып, басшымыздың екеуіміздің бірдей әділетті екенімізді «дәлелдегенін» ұзақ тындап

отырдык. Ғайнетдин шыдамады-ау деймін: «Осы төрт қойсақ қайтеді?»— деп қалды. Ғайнетдин айтуы-ақ мұн екен, Куцый:

— Иә, иә, төрт қойғанымыз дұрыс,— деп, өзі айтқандай жабыса кетті. Алдында сол төрт қоюды айтуға жауапкершілікті өзіне алғысы келмей, әрі бесті, әрі үшті бірден қойғысы келгендей сөйлеп отырғанын ұмытып кетті-ау деймін. Ғайнетдин шек-сілесі қатып күле бастады. Мен де күлдім, бір кезде Куцый да қосылды, күліп отырып: «Шынында да сол төрт қойғанымыз дұрыс болды»,— деп айтып жатты. Профессор Яницкиймен болған оқиғадан кейін, менің ойлағаным, Дмитрий Викторовичтің орнында доцент Куцый басшымыз болса, не болар едік деп ойладым. Өйткені әлдеқалай жағдай болса, Дмитрий Викторовичтен соңғы басшылыққа дайын тұрған осы Куцый еді. Мұндай жағдай да болуы мүмкін еді ғой. Кейін, ешкімге тиіспейтін, ешкімді ренжітпейтін адамдардың бірі отырған жерінде, қанша отырса да, ұзақ отыра алатынын талай көріп жүрдім, әлі де көріп жүрем...

Лекцияны оқыту сапасын институтта көтеремін деп жүргенде, лекция оқудың, жақсы лектор болудың оңай емес екендігін, әрине, білетінмін. Аудиторияны соңынан ертіп отыратын жақсы лектор оқыған лекция тақырыбын түбегейлі білуі керек те, сол білгенін тыңдаушыға жан тәнімен түсіндіруге ұмтылуы қажет қой, бірақ та бойында табиғатынан келген қасиеттері болмаса, шабытты лектор болудың қиын екенін де сезінетінмін. Маған бұл жөнінде бізге жалпы химия сабағын бірінші, екінші курстарда оқыған доцент Василий Викторович Бугров көп әсер еткен еді. Ол лекцияларын ерекше бір әдемі, әсерлі көңілділікпен оқитын. Демек, Василий Викторович есіме түскен кезде, менің бойымда бір дегбірсіздік пайда бола қалады. Мен сізге, ардақты жазушы інім, бар шынымды айтам деп уәде берген едім ғой. Сондықтан, сол дегбірсіздік неден пайда болатынын айтып беруім керек шығар. Өйткені мен оны айтпасам, осы жазбаларды әрі қарай дұрыстап апара алатын түрім жоқ.

... Сол бір күн тамаша еді. Таңертеңнен бері кейде бірнеше күнде мұрша келмейтін істерді істеп үлгергенмін. Сондықтан шығар, түскі тамақ да дәмді болды, одан кейін қалғып та үлгердім. Түстіктен кейін қызмет кабинетіме келіп, мағыналы маңызды жұмыстармен айналысып жүргеніме мардымсып, сәтті аяқталып жатқан істерім

есіме түсіп, қуанып отырдым. Сәтсіз істерім сәтті істерімнен гөрі көп болса да, олар есіме түсер емес. Жалпы менің өміріме сол сәтсіздіктердің ешбір мәні болмаған сияқты. Сондай көтеріңкі күйде отырып, календарьда не жазылғанын, кешке дейін не істеп үлгеруім керек екенін байқап қарай бастап едім, есікті әзер ашқандай біреу ақырын кіре бастады.

— Кіріңіз, кіріңіз!— деген менің көңілді даусыма есік сәл ғана ақырын ашылды да, бүкшендеген кішкентай, басы аппақ, қылтиған қысқа көнетоз пальто киген біреу кірді. Есіктен алыстамай тоқтай қалды да:

— Мәжит Мұқанович, сәлеметсіз бе?— деп даусын әзер шығарып, әлдебір неге кінәлы болған жас баладай, қолындағы бас киімін уқалап, есік алдында тұрып қалды. Лепіріп отырған көңілім су сепкендей басыла қалды да, орнымнан ұшып тұрып, бар шамам келген ізетпен қонақты диванға отырғыздым.

— Рақмет, рақмет, Мәжит Мұқанович, кәрілік деген оңай емес екен, қит етсе тоңа бастаймын,— деді ақсақал, бас киімін жанына қойып, диванға отырып жатып. Жобасы, ол шынында да, тоңып отырса керек, үрпиіп қомданып, қолын қолына үйкей берді. Бұдан бір-екі минут қана бұрын октябрьдің нұрлы ашық күнінде біздің тамаша астанамызда бір де бір адам жағдайсыздықта болуы мүмкін деп ойлаған да жоқ едім. Ақсақал кішкентай аппақ шоқша сақалын дірілдетіп, шала көрінетін көздерін сығырайта маған қарады да, әзер-әзер батылы барып, кешірім сұрағандай дауыспен:

— Мәжит Мұқанович, мен пенсионер едім, осында доцент болып қызмет істегем. Сіздің тынышыңызды алғаным, күн суытып бара жатыр, кемпірім екеуміздің көміріміз таусылып қалды. Директорға барайын деп едім, ол кісінің қабылдайтын күні аптаның аяғында екен. Кешіріңіз мені, сіздің есігіңізді тақылдатқаным сол еді.

Ақсақал аңғырт екен. Аңғырт болмаса, өтініш айта басқаға келіп едім, ол болмаған соң, сізге соқтым деп айта ма? Мынасына қарағанда: «Менің аты-жөнімді, маған бір ұнайын деп біліп алған жоқ, тек өзінің әдептілігінің арқасында біліп алған ғой»,— деп ойлады. Бұл ой маған кейін келгенді, ал дәл сол сәтте мен мұндайды ойлағам да жоқ.

— Келгеніңіз жақсы болды, мен сіздің шәкіртіңізбін ғой. Сіздің есіңізде болуға тиістімін,— дей бердім, жал-

пылдап, дегбірсізденіп.

— Қартайдым, Мәжит Мұқанович, қартайдым, кешіріңіз, есімде жоқсыз.

— Лекцияны тамаша оқушы едіңіз ғой. «Химиялық поэмаңыздан» үзінділер оқығанда біз қуанып қалушы едік,— деп, мен де тоқтамай салдырлап жаттым. «Химиялық поэманы» айтқанда, ақсақал селк етіп, қолын сілкіп алды да:

— Мәжит Мұқанович, сол түкке тұрмайтын өлеңдерді еске алмаңызшы. Көресімді сол өлеңнен көрдім ғой, ақылсыз адам болдық та, жоқ нәрсеге елігіп, ұйқас құрастырдық қой.

Ардақты жазушы інім, күтпеген қонақтың келгеніне өзім сасқалақтап та қалдым-ау деймін, өйткені сол арада ақсақалдың «Химиялық поэмасын» атаудың өзі үлкен оғаштық екенін байқамаппын. Қонағымның мазасы кете бастаған соң, бірден директорға апарып, мән-жайын, өтінішін айтуды дұрыс деп таптым. Кемекең басқалардың қажет-мұқтажын жақсы түсінетін кісі еді. Ол бізді тыңдап алды да, шаруашылық жөніндегі орынбасарды шақырып, ақсақалға керегінше көмір беріп, оның үстіне барып үйін қарап, мықтап жөндеу жүргізіп беруді бұйрық етті. Ол кезде мұғалімдердің көбі осындай жайсыздау пәтерлерде тұратын-ды. Директор ондай пәтерлердің жай-жағдайын жақсы білегін-ді. Қуанышы қойнына сыймаған қарт алғысын қалай айтарын білмей жатты. Өтініш айтып, біреудің тынышын алып әдеттенбеген ол, біздің уақытымызды алғанына кешірім сұрап, даусы дірілдеп, сөздерін жұтып жіберіп, не дерін білмей қауқылдады.

Қарттың қарсылығына көнбей, мен ол кісіні тротуарға дейін шығарып салдым. Жерден тілегені көктен түскендей қуанған қарт, кіп-кішкентай доп-домалақ болып, томпаңдап бара жатты. Біздің ол кісіге, еңбегі сіңіп, демалыста жүрген адамға жасауға тиісті қамқорлықтан артық еш нәрсе істемегенімізді қайдан білсін. Кетіп бара жатқан ақсақалдың сыртынан қарап тұрып, жер үстінде қуануы да жеп-жеңіл, ауыр жаралануы да жеп-жеңіл пенделердің аз емес екенін ойлады. Осындай ешкімге қиянаты жоқ, адал еңбекке сенген адамдарды нәзіктігін пайдаланып, арамыздан шығарып тастап, кейін оп-оңай ұмытып та кететін жағдай бар екендігін сезініп, торығып қызметіме қайттым. Бір кезде ақылсыздығым мен көрсе қызарлығым жетелеп, ақ көңіл, жайдары, күлкілі сөзге тапқыр доцент

Василий Викторович Бугровты осындай суға малып алған торғайдай үрпиген, тіршіліктен мүлдем беті қайтқан, оңтүстіктің жып-жылы октябрь айында тоңып бүріскен, өзіне тиіс нәрсені бұйрық етіп алдыру түгіл өтінішін айтуға да бата алмай, есікті тақылдатқан аянышты пендеге айналдырған әділетсіздік оқиғаға менің де ат салысқаным есіме түсіп, жүрегім шаншып-шаншып кетті.

Енді мен, ардақты жазушы інім, Василий Викторовичтің «Химиялық поэмасын» еске түсіргенде, оның мазасызданып, менің ыңғайсызданып қалуымның себебін баяндайын. Осыны айтайын деп отырғанымды сезген де шығарсыз. Толстовка деп аталатын мол, ұзын тігілген қара куртканы киіп, куртканың матасынан жасалған жалпақ белбеуін бастау белбеуленген ол, аяғын жас жігіттей жинақы басып кіріп келгенде, ең көңілді тыңдайтын лекциямыздың басталғанына қуанған біз дүрліге түрегеліп, қол шапалақтап қабылдайтынбыз. Сонан соң, ол кафедраға сүйеніп, өткен лекцияда не айтқанын ойланып, есіне түсіріп, біраз тұратын да, басын көтеріп, жоғары қарап:

— Ұмытпасам, өткен жолы, достарым, мен мынаны айтқан сияқты едім-ау... Бұл сіздердің дәптерлеріңізде жазылған да болар. Тексеріңіздерші. Егер рұқсат етсеңіздер мен сол айтқан ойымды әрі қарай апарайын,— деп ғылыми ережелерді айта жөнелетін. Не айтса да тез айтушы еді. Жазу қиынға түссе де, біз машықтанып алғанбыз. Өйткені ол кісі ең керекті ережелерді әдемілеп, қайталап отырушы еді. Ол ешбір жазбалар, конспектілер, қағаздарды пайдаланбайтын. Тек кейде лаборант кафедраның үстіне көптеген шыныларды, пробиркаларды, химиялық реактивтерді қойып кететін. Сиқыршы фокусшыға ұқсап, кейбір химиялық реакциялардың, құбылыстардың қалай өтетінін бізге көрсетіп беретін Василий Викторовичтің лекцияларынан біз ғылыми маңызға толы жаратылыс ақиқаттарын да көркемдіктің әсерлі бояуын бере ұғындыруға болатынын түсінген едік. Ең жағымды жері, Василий Викторович өзі оқыған ғылымының әрбір ережесі, әрбір жаңалығы қай уақытта, қалай туғанын мұқият білуші еді. Көптеген химиктердің өмір тарихының егжей-тегжейін есінде сақтаған ол, әрбір ғылыми ережені айта келе, сол ережеге тиісті тарихи оқиғаларды ретімен қоса әсерлі айтып беретін. Сүйікті доцентіміздің химия ғылымына өз тарапынан қосқан үлесі бізге беймәлім болатын. Жобасы, ондай үлес онша болмаса да керек, әйтеуір Василий Вик-

торовичтің өзінің аузынан, не басқалардың аузынан сол үлес туралы естімедік. Бірақ сүйікті доцентіміз өз ғылымын жанындай жақсы көретінін білуші едік. Сол сүйіспеншілігін ол бізге де дарыта бастаған-ды. Әрқашан да біздің доцентіміздің оқыған лекциясының әр тарауының аяқталуын асыға күтетінбіз, өйткені ол ғылымның әрбір тарауын өзі жазған «Химиялық поэмадан» үзінділер айтып көмкеретін. Сол поэмасында Менделеев кестесіндегі әрбір элементтің қасиетін өлеңге салып жазған екен. Ғылыми терминдер мен сөздерді өлеңнің өлшемі мен ұйқасына сыйғызғанына таңданып, біз аса қуанышпен тыңдаушы едік. Поэзия жөнінен бұл өлеңдердің қандай екенін, ардақты жазушы інім, білмеймін. Бірақ, біздіңше, өте қызғылықты, тартымды сияқты еді. Амал нешік, менің ойымда сол химиялық өлеңдерден қайсыбір үзінділері ғана сақталыпты. Мысалы, күкірттің химиялық қасиеттерін сипаттай келе, Василий Викторович таяқшасымен Менделеев кестесінен күкірттің әрпін көрсетіп тұрып былай деп оқығаны есімде:

Элементтер кестесі, алтыншы топ,  
Күкірт тұр оттегінен екінші боп.  
Отыз екі атомдық салмақ болса,  
Бұл күкіртті құрапты төрт изотоп.  
Ақшыл сары күкіртті жұрт біледі,  
Ұлпа боп үйкесең-ақ үгіледі.  
Қыздырсаң судай сұйық болып кетіп,  
Суыса кесектеніп бірігеді.  
Ауада түтінденіп от алады,  
Сол түтін ангидрид деп аталады.  
Ангидрид-күкірт газы, ол да қызық,  
Сілтіге сіңіп алып жаңарады.  
Сілті, су, күкірт газы үшеуінен  
Құралар сол жаңа зат сульфит деген,  
Жер бетінде құбылар күкірт солай,  
Валенттігі тұра алса төрттен аумай.  
Валенттігі алтыға шықса егер,  
Бұл күкірттің құбылар одан бетер,  
Қиынына соқпай онша желейік,  
Күкірт қышқыл деген затқа келейік...

Осыдан кейін күкірт қықылының, оның сульфат деп аталатын тұздарының қасиеттерін айтатын. Василий Викторович бір лекцияға берілген аз уақытта оқыған

сабағының қиын жерін есте қалатындай етіп, әдемі қалжыңдар, салыстырмалар, ғылым тарихынан ұтымды мысалдар келтіріп үлгеруші еді.

Институт бітірерде әрқайсысымыз өз шаруамызбен айналысып, қарт доценттің лекцияларын ұмыта бастаған да едік. Василий Викторович алпыс жас мүшелге толады дегенді естідік. Сүйікті ұстаздың мерекесіне немқұрайды қараған студент болған жоқ. Юбилярды құрметтеуге арналған кішкентай залдың іші лық толы, президиумның столына гүл үйіліп қалыпты. Студенттер курс, группаның атынан өлең оқып, құттықтап жатты. Сөз айтар алдында, юбиляр әзер тоқтатқан көз жасын үлкен орамалмен сүртіп біраз тұрды. Сонан соң, кенет президиумның столының шетінде отырған жас әйелге түсін қатайтып, шұқшиып, бойын ыза кернеп тұрғандай қарады да, дүниеден үмітін мүлдем үзген адамдай даусын қалтыратып:

Уа, Ханым, сонау сейфтің түкпірінен,  
Шығарып ап қағазды бір шірген,  
Алпыс деген қарт жасын тақтың маған,  
Зұлым қыз, бұдан пайда бар ма саған?!—

деді.

Институттың кадр бөлімінде қызметкерлердің мүшелдік кезеңдерін байқап отыратын жас инспектор — әйел сасқалақтап, жан-жағына күлімсіреп қарай берді. Юбиляр шұқшиюын қойып, жадырап, сөзін әрі қарай жалғастырып жатты.

— Сіз, ханым, саспаңыз. Еркек деген ғасырлар бойы әйелдерге бұдан да асқан зұлымдықтарын кешірген болатын. Жылмандатып тұтқиылдан, бүйірден сұққан қанжар сияқты зұлымдығыңызды мен де кешірдім! Зал толы халық ду күліп, қол шапалақтап жатты. Юбиляр өзінің әдеттегі тапқыштығымен осы күнге дейін, жылма-жыл, күнбе-күн өз бойына жүйелеп жинаған білімдерін жастарға, студенттерге таратып беру мақсатына арнайтынын, сол студенттердің арасында отыз жылдан астам қызмет істесе де, әлі де жастардың ортасында болудың қызығына қанбайтынын ерекше бір тебіреніспен айтып берді. Жастарға осындай сый-құрмет білдіргені үшін айтқан алғысы бастапқыдан да қатты ду қол шапалақ арасында сіңіп кетті.

Василий Викторович Бугров осындай кісі еді. Лекция-

ларын мейлінше көңілді оқитын, оқушылар әбден түсініп, ұғынып болғанша лабораториядан кетпейтін қарт қызметінен босайды деп ойлаған жоқ едік. Бірақ Василий Викторович тіршіліктің шұғыл бұрылыстарына қарсы тұрарлықтай берік адам болмай шықты. Әлдеқалай өткен болмашы дауылға шыдай алмай, үйреншікті ортасынан айырылып, дүниеден беті қайтып, енді тіпті, өзіне тиісті нәрсені сұрап алуға батылы бармай, күйбеңдеген, осындай адам аяйтын шалға айналыпты. Оқиғаның мәні былай болған еді.

Еліміздегі басшы ережелерді кей жағдайда бұрмалай қолданған кезең болды ғой. Бугров — сол кезеңнің құрбанының бірі еді. Менен факультеті басқа болса да, бір курста қатар оқыған Поссум дейтін болатын. Басшылық қағидалардың шын мәніне өзін білгішпін деп есептейтін Поссум басқалардың бұл жөніндегі қателерін тауып, көзге түсуге құмар болатын Қателескендерді әсіресе мұғалімдер арасынан табу оның арманы еді. Василий Викторовичтің «Химиялық поэмасын» сабақты пысықтау үшін керек деп ұғынып, кей жерлерін қызығып, жаттап алып та жүретінбіз. Бірақ мына бір шумақтарда:

Бұл әлемде өлі-тірі теңескен  
Тек элемент жаратылған өлмеске...  
Мың құбылып, мың айналған атомдар  
Шыққан жерге қайта оралып келмес пе...  
Бәрінің де жүрісінде сұрлеу бар  
Шын айналып бас нүктеге оралар.

Басқа бір қауіпті мән бар екенін қайдан білейік. Ең ардақты доцентіміздің өлеңдерін тек химиялық элементтердің қасиеттерін баяндайтын ұйқасты әңгіме деп түсінетінбіз. «Химиялық поэмада», қазір есіме түседі, осы бел-алты жол болмаса, жалпы мәселелерге арналған толғаныстар тіпті жоқ сияқты еді. Поссум жоғарыдағы жолдарға жерден жеті қоян тапқандай жабысыпты.

Осы оқиғаның өзі, ардақты жазушы інім, тіпті қалай басталғанын да білмеймін. Поссумның өзі де басында өлеңдерге онша көңіл аудармаса керек. Бір күні ешқайда бармай, төсегінде есінеп жатыр екен, Василий Викторовичтің өлеңін жанындай жақсы көретін бір жолдасым даладан кешірек келіп, жоғарыдағы үзіндіні оқып беріпті. Поссум төсегінен атып тұрыпты да, көзі жайнап, не дерін білмегендей сасқалақтаған жолдасына:

— «Бас нүктеге оралар» дегені не? Атомдар жүрісі бір сүрлеуден шықпағаны ғой, ә? Шыр айналып, бас нүктеге қайтып келетін болғаны ғой, ә? Сонда айналған сайын, ілгерілеп, прогреске бастап отыратын спираль қайда? Әр нәрсе қайталағанда жаңалау, биіктеу сатыда қайталанбай ма екен? Мынау қайта-қайта келіп, түсе беретін, өзгермейтін бір сүрлеу деген не? Мынауыңыз тұйықтықты дәріптеу ғой! Прогрессіздікті дәріптеу ғой! Болашаққа: жаңалыққа сенбеушілікті дәріптеу ғой!— деп жолдасының аузын аштырмай қойыпты.

Поссум ертеңгі күні институттың осындай іске жіті мән беретін бір басшысына барып, өзінің қырағылығын дәріптеп айтып беріпті. Айтып беруі-ақ мұң екен, жел бірден көтеріліп, дауыл соға жөнелді. «Химиялық поэманың» зиянкесті жолдары жиналыстарда мысқылданып оқылды. Поссумды қолдаушылар көбейді. «Химиялық поэманың» авторы зиянды адам болып шықты. Қазіргі уақытта, біздің өмірімізде болған осы бір ұнамсыз, оғаш оқиғалар қайтып келмейтінін білеміз. Бірақ осындай бір болмашыдан тұтанып, адамның бойын есуастық билеп кететіні, сол есуастықтан өмір бойын ұялып жүретінін есіңе түседі. Шынын айтсам, ардақты жазушы інім, сол кезде мен де қарт доценттің қатесін түзетушілердің ішінде болып, Поссумның соңынан еріп, белсенділік білдіргенмін. Бір жиналыста, біздің директорымыз сөйлегеннен кейін (бұл да бір қырағы адам болатын; мен Кемекеңнен бұрынғы директорды айтып отырмын), бір күні кеште Василий Викторовичтің сабағында қалғанымыз есіме түсе қойды. Қарт ұстазымыз лабораторияда көп қызмет істеу керек, экспериментпен көп айналысу керек деп үгіттеп, мысал ретінде критик-публицист Писаревті келтірді. Писарев Тургеневтің Базаровы бейнесі арқылы бұдан жүз жыл бұрын осы пікірді дәріптегенін айтты.

— Бірақ мен Писаревті онша жақсы көрмеймін, өйткені ол Пушкинді жамандаған,— деп қосты Василий Викторович, беті тыжырыңқырап. Маған бұл да ұнамаған-ды. Писаревтің әдеби және ғылыми тақырыптарға жазған тамаша мақалаларын сүйсіне оқитынмын, сондықтан тіпті Писаревтің Пушкинді жамандауында да бір шындық бар ма деп те ойлайтынмын. Мен жас едім, өзгелерден ерекшелеу болып көрінуге ұмтылудан да тыс емеспін де, сондықтан оғаш пікірлерге әуестеу болатынмын. Директор

сөйлегеннен соң, Василий Викторовичтің маған сүйікті Писаревті жамандағаны есіме түсе қалды да, оң қолым өзінен-өзі жоғары қарай созылып, жиналысты басқарып отырған директордың көзіне шалынды. Сөз біреуі-ақ мұн екен, кафедраға жетіп бардым да, жүрегім лоблып, шамам келгенше әдемі, әсерлі сөздермен сөйлеуге тырысып, Писаревті әңгіме еткенде тыжырынғаны үшін эстеттілікке ұмтылған интеллигент деп атағаным ғой. Сол тыжырынуын доцент Бугровтың идеялық адасуларына байланыстырып, әдемі, әсерлі, ұғымды етіп сөйледім деп ойлаған мен, өзіме-өзім мейлінше риза болып, орныма келіп отыра бере оң жағыма көз тастап едім, кішкентай басын екі иығының арасына түсіріп, бұғып орындықтың биік арқалығына сүйеніп, бүрісіп, Василий Викторович отыр екен. Болып жатқан оқиғаларда, сөйленіп жатқан сөздерде ешбір жұмысы жоқтай көзін жұмып қатып қалыпты. Маған да, менің сөйлеген сөздеріме де ешбір көңіл аударған жоқ сияқты. Осындай талқылаулардан әбден дағдарып болған ол, бірде трибунаға көтеріліп: «Мына өлендерді миы шатасқан, қартайып алжыған шал жазды, сондықтан айтып жатқандарыңның бәрі дұрыс»,— деп, ақырын сыбырлап қана айтыпты да, осыдан кейін аузынан бір де бір сөз шығармай, тек пенсияға сұранып өтініш жазыпты деп естіген едім. Содан кейін ұстазымды көрген жоқпын да, жанымызда ескі үйде тұратынын білмейтінмін де.

Ардақты жазушы інім, біздің тарихымызда ғылымдағы ақиқаттың ашылу жолын алдын ала айтып беріп, сол айтылғаннан тыс жолмен ашылған ақиқат ешқашан ақиқат санына қосылуға тиісті емес екеніне сенген адамдар болғанына құлағыңыз шалса да, сенбейтін шығарсыз. Мысалы, биологияда өзінен басқа көреген жоқ деп таныған бір адам жаратылыспен ешбір байланысы жоқ, өзінің қиялды елесінен шыққан ережелерді айтып, жүздеген жылдар бойы бұрынды-соңды ашылған ақиқаттарды бекерге шығарып, зиянды деп тауып, өзінің үстемдігін жүргізген кезең де болды. Бізде химиялық ғылымда ең жемісті саласының бірі — кванттық химия екені белгілі. Бұл ғылым атом, электрон, атомдық ядроның бөлшектерін, яки микродүниені зерттеу үшін көзге көрінетін микродүниені зерттеген әдістерді қолдануға болмайтындығынан туса да, ғылымға үстемдік құрған надандарға ұнамаған еді. Осының кесепатынан біздің тұсымызда бұл ғылым оқылмайтынын сезінген мен, оны өз бетіммен оқып,

кейбір ережелер мен қағидаларына әзер жеткем. Әрине ғылыми мәселелерді талқылаудағы үстемділік пен шыдамсыздық біздің заманымызда қайтып келместей болып құрыды. Бірақ сондай кезеңнің болғанының өзінің бір пайдасы бар ма деп ойлаймын. Өйткені сол кездегі керексіз таршылықты көрген біз қазіргі уақыттағы ғылым мәселелерін талқылаудағы кеңшіліктің қандай бағалы екенін жан-тәнімізбен түсінеміз. Осының бәрін айтып отырғанда, ардақты жазушы інім, ғылымдағы творчестволық қызметте жауапсыздық — сезімталдық пен тебіреністілікті ұялатпай, қара жүректілікке соқтыратынын ескерткім келеді. Міне, сол кезде Василий Викторовичтің маңында көңілін көтеріп, уақтылы қолдайтын жолдастары болса, ол әлі де біраз жұмыс істеп, недәуір пайда келтірер еді. Өзінің жанында қатар қызмет істеген кейбір мұғалімдерден аспаса, кем болмас еді. Мысалы, сол кафедрада Василий Викторовичтің жанында, Бугровтан анағұрлым ересек қарт доцент өзінің түнерген түсімен, ұйқы шақыратын ырғақсыз даусымен студенттерді күңгірттікке шалықтырса да, қызмет істеп жүре берген-ді. Василий Викторович маған келгеннен кейін, бірнеше күн өткен соң, денесін әзер қозғап жүретін жуан қарт профессор келді. Ол жұмыс істеуін қойғалы көп болса да, кафедра басқаруын қойған жоқ та. Шамам келгенше ептеп, ересектігі мен денсаулығына байланысты кафедра басқару ісі қиынға түсер жорамалды білдіріп едім:

— Мәжит Мұқанович, кафедра басқару қиын емес, лекция оқу қиын болып тұр,— деп, төте жауап берді. Жобасы, құрметті профессор лекция оқу кафедра басшысының бірінші міндеті емес деп түсінсе керек.

Василий Викторович кейін өзінің бір шәкіртіне қызметтен өз «қателерін» түсінгеннен кетпегенін, тек өзі ұйқастырған химиялық өлең сөздерін ерсілі-қарсылы оқыған кезде, сондай жаман долбар тақпақпен ізгі ғылымның қасиетті ережелерін шатпақтап кірлеткені үшін ұялып кеткенін айтыпты. Өзіне-өзі осындай қатаң үкім еткен екен.

Қазір осыны жазып отырғанда, ардақты жазушы інім, сол Василий Викторовичтің алдындағы өзімнің кінәмды ойлап отырмын. Қарт доцент өтінішті пенсионер ретінде алдыма келгеннен бері, оның алдындағы кінәм мені ерттеп мініп алды ма деймін. Әрине, менің сондағы сөйлеген сөзім доцент Бугровка тағылған жазаларға еш нәрсені қосқан да жоқ, еш нәрсені кеміткен де жоқ.

Мені сондағы сөйлеуімнің арғы тегінің адалсыздығы ренжітеді. Егер сол кезде адамгершілігім ойдағыдай болса, Василий Викторовичтің Писаревке көзқарасының дұрыс еместігін сол лабораторияда айтып шықпаймын ба? Сол айтпай шыққанымның өзі, доцент Бугровтың пікірі қанша ұнамсыз болса да, дұрыс екенін мойындағанымнан емес пе екен. Ал жиналыста сөйлеп кетуім, сырттан шалып, жатқанды ұратын қордың ісі емес пе?

Жиналысқа келе жатқанда, сөйлеймін деп ойлағам да жоқ. Сол жиналыста өзімнің шешендігімді жұртқа көрсеткім келді-ау деймін. Шешендігімді сынга салып тұрғанда, біреудің ашылып тұрған жарасын тырнадым деп, ешбір ойлағам жоқ. Василий Викторовичке я болмаса басқаға алдын ала жамандық істейін деген ойымда жоқ та. Тек, реті келіп тұрған соң, өзімді-өзім жұртқа көрсеткім келді-ау деймін.

Мақтаншылық пен мардымшылық бойына сыймай тұрған жас адам әлдебіреудің сүйегін сыздатқан уайымы мен қиыншылығын, өзіне сол қиыншылық пен уайымдар жоламаған жерде, не қылсын... Осыдан қорытатыным: егер адамның сана-сезімі сақ болмаса, лезде келген тебіреністер адамгершілікке нұқсан келтірмей қоймайды. Адам мінезінің мұндай өзгешеліктері әсіресе жастық шақта қатерлі.

Есейе келе, жастық шақтың осындай қателіктері қанша бойынды сыздатса да ұмытыңқырай бастайсың, өкініші жылдан жылға жеңілдейтін сияқты. Бұдан біздер бастан кешкен қателіктерді жастар қайталай беруіне болады деген ұғым туса, дұрыс болмас еді. Жобасы, шын адамгершіліктің мақсаты тіршілік тәжірибесін бойда әкетпей, болашақ буындарға, жастарға аударып, солар біздің кемшіліктерімізді қайталамауының ізін табу ғой. Демек, өзінің жүріс-әрекеті, істеген істері, сөйлеген сөздерінің, алдын ала ойланып отырмаса, біреуге зиынды болуы мүмкіндігі жөнінде ешбір хабары жоқ әріптестерімнің бірнешеуін білемін. Бұларды енді ақыл айтып түзеуге де болмайтынын, амал нешік, сезінем. Осындай әріптестерім жөнінде мен кейінірек айтып та берермін.

Ардақты жазушы інім, мен институтта басшылық қызметтегі әрекеттерімді сізге баяндап жатырмын. Бірақ сондағы оқиғалар институттағы ғылыми қызметкерлер туралы, мұғалімдер, профессорлар туралы болса да, бұл оқу оқыту жөніндегі істер ғой. Сіз мені, осы кісі өзінің ғылыми жұмыстары туралы неге айтпайды, сол кезде,

отырған орынына әуейленіп, ғылыми жұмыстарын ұмытып кеткен бе деп те ойлап отырған шығарсыз.

Жоқ, мен ұмытқан жоқ едім. Менің ғылыми жұмыстарымның маңдымауы жанымды жегідей жеп, тынышымды ала беретін. Кандидаттық диссертацияны қорғағаннан кейін бес-алты жыл бойы бір де бір айтарлықтай ғылыми іс істемеген адам ғылыми қызметкер бола ала ма деген де ойыма келген еді. Мұғалім болғаннан кейінгі бірінші бір-екі жылды лекция оқуды, студенттермен лабораториялық, практикалық жұмысты жүргізуді, дипломдық курстың проекттерін басқаруды ойдағыдай игеріп машықтануға жұмсағанмын да.

Бірақ сол кездің өзінде, үздік-үздік ойланып, талай эксперименттер жасағанымда, бәрі дерлік сәтсіз болып шығатын. Келесі жылдары оқытушылық ісімді игеріңкіреп алған соң, ғылыми жұмысқа бөлетін уақытым ұлғая түскен еді. Бірақ аспиранттық кездегідей мүлдем беріліп, ұзақ үздіксіз эксперимент жасап, күні-түні ойлануға, әрине, жағдай болған жоқ. Сол кезде айналамды, мүмкін тіпті жер жүзін таңырқатарлықтай жаңалықтарды ашуды армандаудан да аулақ емес едім. Бірақ аспиранттық кездегідей жеделдігім мен белсенділігімнен айырылуыма қарағанда, тоғышар тіршіліктің күйбеңнен шыға алмай қалғаным ба деп уайымдайтынмын.

Енді, қазір топшыласам, ең жемісті кездерім сол кездер болды ма деп ойлаймын. Бұлай деуімнің себебі де бар. Адамның басы, барды-жоқты жинап, қосып, сақтай беретін қойма емес, білгеннің бәрін еске сақтаудың керегі жоқ, тек әр ғылымпаз қай білімді қай кітаптан алуға болатынын жақсы білсе болғаны — деген тұжырымдар кейінгі уақытта етек алған сияқты. Біреулер, түсінбеген сұрағымен келген студентке немесе аспирантқа, өзінің бай каталогын қопарыстырып, сығалап, оқитын кітабының, не мақаласының атын атап беріп, басқа бір де бір сөз айтпайтын профессордың консультациясын мадақтайды.

Жобасы, бұл ұйғарымда шындық та бар шығар. Бірақ мұндай шындықты ескертпесіз қабылдауға болмайды, өйткені басында нық орнаған, мықты ұялаған мол білім болмайынша, ешбір ғалымның ойына әрі деректі, әрі айқын, әрі жаңа идея келмейді. Неғұрлым ғалымның білімі мол болса, толық болса, нақтылы болса, ғылымның ең кейінгі жетістіктерін бойына жинап отырса, соғұрлым оның ойы

мен пікірі жемісті болмақ та, әрі арнаулы мақсатқа дәлірек жетпек.

Шынымды айтсам, мен өзімнің жеміссіз, құнарсыз кездерімді мейлінше ризашылықпен еске аламын. Өйткені, сол кезде, мазасыз ізденушіліктің арқасында, көп оқып, өз білгенімді қайта-қайта тексеріп нақтылап алғанмын. Ғылыми сәтсіздіктерімнің бәрін аз білгендіктен, дұрыс түсінбеушіліктен көретінмін. Енді осы кезде кейбір жас қызметкер, ғылыми ісінде уақытша сәтсіздікке ұшырап, содан мазасызданып, уайымдап, өз сәтсіздігінің себебін өзінің аз білгендігінен, аз оқығандығынан көріп, дамылсыз ізденіп жүргенін байқасам, сол жастың бастапқы қадамының «сәтсіздігіне» қуана бастаймыз. Өйткені меніңше, ғылымның үлкен жолы әуелі осындай «сәтсіздіктерден» басталуға тиісті.

Ардақты жазушы інім, әрненің басын шалып кеттім-ау деймін. Адам дегеннің болмысы қызық қой. Әркім өзіне қызғылықты нәрсені басқаға да қызғылықты деп ойлайды. Енді сізге кейбір ғылыми ізденістерімді айтуға көшейін.

Аспиранттық жұмысымда өсірген ғылыми терегім бұтағы мен жапырағы мол өскен үлкен ағаш бола алмады, бұл жөнінен Углевке ұқсамадым деп айтқан едім ғой. Сондықтан, ғылыми ізденістердің жаңа жолын іздеуге тура келгенін сізге ескерткенмін де. Мұғалімдік жұмыстың өзінің бір тамаша тиімді өзгешелігі бар екенін аңғардым. Қайдағы бір тұтқиылдан келетін сұрақтармен студенттер, адамды састырып, көп оқуға, көп ізденуге мәжбүр етеді екен. Тек студенттерге сабақ берген ғылыми қызметкерлер, шын мәнінде, көп білуге тиісті деген де ұғымға келдім мен.

Өйткені олардың сауалдарына нақтылы жауап беру үшін, ұғым мен ережені дәл түсіндіру үшін, білімді нақты біліп, әр қағиданы, әр ақиқатты нық түсіну керек екен. Өз білгеніне мейлінше түбегейлі үңіліп, әрбір ап-айқын көрініп тұрған деректің өзінен астар іздеуге машықтанған адамдарға мен қызыға қарайтынмын. Бұл жөнінде мені, Углевпен институтты бірге бітіріп, содан кейін өндірісте бірнеше жыл істеп келіп, біздің кафедраға аспирантураға түскен Артем Юрьевич Кузьмин таңырқатушы еді. Аспиранттық бөлмеге иемденіп кіріп алған Артем, бүкіл лабораториялық залды берсе де сыймайтын сияқты еді. Оның пайдаланатын аспаптары мен құралдары, шыны ыдыстары, химиялық реактивтері Сергей екеуімізден ана-

ғұрлым көп болатын. Соның бәрі оған бірден керек сияқты еді де, бәрінің аздығын уайым ететін. Қалың ернінің ар жағынан гүр-гүр етіп сөйлейтін кең маңдайлы Артем тереңірек біткен үлкен қара көздерімен бұлжытпай қарап, керегінде ішінен ешкім білмейтін ғылыми деректер мен қағидаларды шығара бастайтын.

Жобасы, көп білу үшін өндірісте цехтың смена бастығы болу керек қой деп күлетінбіз. Өйткені Артем осы білімді сол қызметте жүріп, оқып біліп алғанын аңғарғамыз. Оның үстіне Артем лабораторияда он алты-он сегіз сағат жұмыс істеп, бізден анағұрлым асып түскен-ді. Бір күні Сергей, Файнетдин үшеуіміз ғылыми ой-пікірдің өндірістен келген ардагер белсендісі, өз қара басының іс-әрекетімен кафедрадағы аспиранттардың бәрі барып тұрған ойсыз екенін, еріншек екенін, ғылымға берілудің, ғылымды шын сүюдің не екенін білмейтінің дәлелдеді деп күлістік. Қапсағай денесі шымыр біткен Артем әзіл, күлкінің тегін жақсы білетін де, жолдастарымен бата қалжыңдайтын. Ол былай деді:

— Әй, осыншама кісінейтін жылқымысыңдар? Осы арада мың жарым шақырым жерде қарт анаң, әйелің, екі балаң, ертең келіп бұрынғысынан да артық табыс тауып, асырап жеткізеді деп күтіп отырса, сендер де ғылымды менен кем сүймес едіңдер, ғылымға менен кем берілмес едіңдер...

Артем лабораторияда жұмыс істегенде, айналасында кір-қонды әдейілеп көбейтетін сияқты да. Бұл жөнінде оған ескертпе жасау да қиын еді, өйткені ол морт сынып, жұмыс істеуіме бөгет жасама деп айғайлап, айтқан адамның бетін қайтарып тастаған-ды. Біздің бәрімізді қол баласындай билеп алған Кондратьевнаның өзі Артемнің маңына жоламайтын. Ал Артем тілек етсе, біздің тілегімізден гөрі тез орындап беретін. Дмитрий Викторовичтен басқамызға, жанына барсақ, жұмысына бөгет жасау үшін келгендей зекіп сөйлейтін. Сонда да оны бәріміз жақсы көруші едік. Өйткені оның іштей жұмсақ, мейірімді екенін білетінбіз. Ол сол өзінің ішкі нәзіктілігін сыртқы айбатпен, гүрілдеген даусымен, жасанды қиястығымен бүркемелеуші еді. Артемнің істеп жатқан жұмысында алға қойған мақсаты — бір асыл шикі заттан сирек металдардың он шақтысын бірден ажыратып алу еді. Әрине, бұл қиын мақсат болатын. Қазіргі уақыттағы заводтарда ондай металдарды оп-оңай-ақ ажыратып алып жатады. Ал ол кезде қиыстау

іс болатын. Артемды тыңдағанда, процестің кейбір қиын жерлерін ойдағыдай түсінбеген едім. Оның тәжірибелерін қайталап, игеріп алғым келді. Процесті сонда ғана қадағалап түсінермін деп ойлады. Досымның ісінің барысын әуелі қағаздан оқып, түсінбеген жеріне сауалдар қойып көріп едім, сауалдарыма жауап берген сайын менің ақыл-ойым туралы тұрпайы сипаттамаларын ол аяған жоқ. Маған бейне бір менің ұстазымдай сұстанған Артемнің мұнысына, амал нешік, іштей күліп, көндім. Артемнің жанына күнде түстен кейін келіп, түнгі он бір-он екіге дейін үш жеті ме, төрт жеті ме жұмыс істедім. Сол үш-төрт жетіде мені лаборант ретінде жұмсап, үстемдігін әбден көрсетіп бақты. Мен осының бәріне шыдадым. Өйткені оның білгенін мен де біліп, қолыммен істеп көргім келген еді. Артемге істеген тәжірибелерімнің нәтижесі ұнауына қарағанда жаман шәкірт болмай шықтым-ау деймін.

— Мәжит Мұқанович, рақмет саған. Сен менің екі-үш жеті жұмысымды үнемдедің, істеп жатқан ісімді әрбір ақымақ істей алатынын көрсеттің... Әрине, сол ақымақ менен де асқан ақымақ болмайтын болса... Шынын айтсам, кішпейілділігіңді көрсетіп, мен сияқты аспирантқа менсінбеушілігің жоқ екендігін дәлелдеп, жанымда бір-екі күн қалжындап кетіп қалады ғой деп ойлаған едім. Қаншаға шыдар екен деп дәрекіленіп те бағып едім... Рақмет, мықты жігіт болып шықтың. Бірақ мен де мықтымын-ау деймін, өйткені сені балаша жұмсап, әр түрлі аттармен атағанда, іштей күліп жүрсем де, сырттай бір де білдірмедім ғой. Егер сен бір сәтте ашуланып қалсаң: кешірім сұрап, аяғыңа жығылмақпын да... Ал, сен болсаң: өгізше күйсеп жұмысыңды істей бердің... Сөйтіп, Мәжит, сен менің көп уақытымды үнемдедің. Сондықтан енді дем алып алуға да хақым бар-ау деймін. Кеттім, дем алам...

Бұл түстен былайғы сағат үштің кезі еді.

— Неше күн дем алмақсың, Артем?— деп сұрадым.

— Неше күн дегенің не? Ондай ұзақ демалу дегенді мен білмеймін. Қазір магазинге барып, жартылық сатып алам, сонансоң, өз комнатама келіп, бұйырған дәмді жеп, жартылықты бітіріп, «Рефераттық химия» журналын жаныма алып төсекке жатамын да, оқып жатып ұйықтап кетем. Шамасы он-он екі сағат ұйықтаймын. Ертең таңертең түк көрмегендей, құр атқа мінгендей боп, басым Эйнштейннің басынан кем болмай түрегелем. Көрерсің...

Анада мені аспирантураға қалуға үгіттеген досым

Сучков туралы жазып едім ғой. Қазір Артем сол Сучков пен бір институтта қызмет істейді. Артем сол институттың жетекші ғылыми қызметкерлерінің бірі, лабораториясына басшысы ретінде ерекше маңызы бар ғылыми мәселелермен айналысады. Ғылым докторының деңгейіне әлдеқашан жетсе де, қорғауға әлі күнге дейін қолы тимей жүр. Ғылыми тақырыптар бірінен соң бірі еліктіріп, бұрылтпайтын сияқты. Сол бұрынғы демалу әдісі өзгермеуі де кедергі бола ма деп те ойлап қоямын.

\* \* \*

... Дмитрий Викторович бір күні мені шақырды да (бұл, жобасы, мұғалімдікке көшкенімнің екінші жылында ғой деймін), былай деді:

— Мәжит Мұқанович, менің академияда бір қызметкерім бар еңбекқор, экспериментке шебер. Сол жолдас көп тәжірибелер жасап еді, тәжірибелерінен жақсы нәтижелер шыға ма деп те ойлаған едім. Бірақ эксперименттерін өз бетімен реттеп, ғылыми қорытынды шығара алатын түрі жоқ. Өресі жетіңкіремейді. Мүмкін, сол жігітпен бірге отырып, жұмысын талқылап көрер ме едіңіз, қайтер едіңіз...

Сол күні ме, ертеңіне ме, түрі тұрпайылау бір жасамыс адам сол жағына қарай сылти басып кіріп келді де, оң қолын анадайдан созып, егеудей күс саусақтарын маған ұсынды.

— Мәжит Мұқанович, мені сізге Дмитрий Викторович жіберді.

— Маған ол кісі сіз туралы айтқан-ды. Келгеніңізге қуаныштымын.

Бұл кісінде жасанды әдептілік жоқ екен. Айтқанын, не айтса да, тура айтатын түрі бар. Кафедрада отырған менен де, басқа кісілерден де рұқсат сұрамастан, папиросын аузына салып тұтатты да, түтінін кең танауынан будақтатып кеп жіберді. Сонан соң, ескі кір портфельдің ішінен қалың кір дәптерін шығарып алды да, былай деді:

— Мәжит Мұқанович, мына дәптердің ішіндегілер менің істеген тәжірибелерімнен туған цифрлар, бірақ осы цифрлармен не істерімді білмей қойдым. Ойланып, топшылап көріп, сол ойларымды, сол топшылауларымды Дмитрий Викторовичке барып айтып едім, ол кісінің жүзінен менің айтып отырғандарымның ұнамағанын байқап қалдым да, сөзімді дереу доғарып, зытып отырдым. Тағы ойладым, басқалармен де ақылдастым, бірақ әлі көңілге қонарлықтай

ештеңе тапқаным жоқ. Дмитрий Викторовичке енді не айтам деп жүргенімде, лаборанттың бірі келіп, дәптерлерімді алып сізге барсын деген бұйрық әкелді. Менің өз әлім жетпесін ұстазым түсінсе керек. Ай, бұл ғылымға кешірек келдім ғой және де бұл ғылым менің ісім де емес шығар. Ғылым үшін жөні түзу бас керек қой.

— Жоқ, Андрей Петрович, сіз бекерге олай деп ойлайсыз. Ғылымда өзімен-өзі болған адам, өз істеген ісі маңында шыр айналып, тұйықталып, өзінен-өзі шыға алмайды. Яғни өз жұмысына сырттан, ойлы салқын көзбен қарай алмайды. Істің негізгі мәні деректі жерін байқау үшін сырт қарайтын көз керек. Сондықтан, Дмитрий Викторович сіздің ісіңізге менің сырт көзімнің қарағаны дұрыс деп тапқан болар. Жарайды, олай болса, бірге отырып қарайық.

— Мәжит Мұқанович, мен сізді дұрыс түсінсем, басы түзу ғылыми қызметкердің екі көзі болмақ қой.— Кейінгі сөзді ол нақыштап айтқанына мырс етіп күліп жіберіп едім, ол кісі менің күлгенімді көрмеген кісідей өз сөзін жалғастыра берді.— Бірақ сол екі көз екі түрлі болу керек. Бір көзімен оның өзі қараса, екінші көзімен басқа біреу сырттан қарап тұрмақ. Мен бұны ешқашан түсіне алмаймын. Менің көзім бар, бірақ сол иттердің екеуі де бөлінбей, бірдей қарайды. Енді құдайдан сол екеуі бірдей қарағанның өзінде қисық көріп жүрмесе деп тілеймін.— Андрей Петрович жүзіне келіп қалған күлкісін бірден сөндіре қойды. Бұл кісінің қалжыңды әбден түсінетінін және де өзінің кемшіліктерін сол қалжыңға әдемілеп кірістіріп айта білетінін байқадым.

Андрей Петрович эксперимент жасағандағы мақсаты, сол эксперименттерінің әдісін, алған нәтижелерін, шамасы келгенше, мұқият айтып берді. Қосымша сұрақ қойып, әр жерін анықтап отырмаса, түсінікті етіп айтып шыға алмайтын түрі бар екен. Және де Андрей Петрович өзінің эксперименттік материалдарына онша риза емес те сияқты. Екеуміз екі жеті бойы, бір дәптердің беттерін ерсілі-қарсылы ашып, цифрларын әр түрлі саққа салып есептеп көрдік. Іс мазмұны мен үшін бейтаныстау екен, бірақ біраздан кейін жете түсініп алған соң, ойлар туа бастағанына қуандым. Бірде, сырттай біріне-бірі ешбір ұқсастығы жоқ тәуелсіздіктерден, жаңа бір қызғылықты заңдылық тууы мүмкін екенін Андрей Петровичке айтып қалып едім, ол тыңдап алды да, ұзын столды айнала, кәдімгі «Тынық

Дон» киносындағы Мелехов шалша қисандап, ерсілік-қарсылы жүре бастады. Айтылған заңдылықты, мен болмасам, байқалмай, сол бойында қалып қоюы мүмкін екеніне ыза болып, ренжіген екен. Андрей Петровичтің алдында беделім бірден өсіп, ол кісінің көзіне білгіш, алғыр болып көрінгенімді байқадым. Сол заңдылықты табу үшін, әрине, біраз ойланып, көптеген нәтижелерді салыстырып, мықтап топшылау керек еді. Дегенмен, әрбір азды-көпті тәжірибесі бар ғылыми қызметкер көрмей өтетіндей заңдылық емес-ті. Андрей Петрович менің ғұламалығымның арқасында болған жетістік екеніне сеніп алса керек. Өйткені бұдан былай ол мені бейне бір үлкен ұстазы ретінде сыйлайтын болды да, сол заңдылықты мықтап бекіту үшін қосымша эксперименттер жасау керек дегенімде, бірден көне кетті. Экспериментті әдісті жаңарту тиістілігінен жалғыз өзі жасауға шамасы келмеуі мүмкін екендігін айтып қалып едім. Андрей Петрович, өз ісіне көлденең адамның араласуын ұнатпай, үзілді-кесілді, ешкімнің көмегі керегі жоқ, өзім істеймін деді. Эксперименттерге бірден кірісті де, ықшамды, әдемі етіп тез істеп шықты.

Сөйтіп, үш-төрт айдың ішінде Дмитрий Викторовичтің алдына әр түрлі сызықтары бар, математикалық есептеулері бар, иллюстрациялық суреттері бар үлкен мақаланы көрсетіп, оқып шығуын тіледік. Андрей Петрович еңбегіміздің нәтижелі аяқталғанына мейлінше қуанған-ды. Кейін байқасам, үлкен ғылыми мақаланың авторы болғанына қуанған жоқ екен, тек өзінің эксперименттерінен ғылымға керекті деректер туып жатқанына қуаныпты. Егеудей қатты, қолапайсыз үлкен саусақтары арасынан осындай нәзік ойлар туғызып, әдемі әсем математикалық есептеулерге өзек болған сұлу ғылыми ұйғарынды шыққанына ол баладай масайраған-ды. Өз ісінен осындай көркемдіктер туғаны үшін экспериментті неше қайта болса да, ерінбей ітеуге дайын еді. Эксперименттің нәтижелерін өзі ойлап топшылауға өресі жетпейтінін білген соң ол, біреу топшылап анықтап берсе, соған түсінгенінің өзіне әбден риза болатын.

Андрей Петрович осындай қызық адам еді. Үш ай бойы бірге қызмет істегенімізде, оны ғылымда өз бетімен ойлап, топшылауға мүмкіншілігі де, дайындығы да бар деп үгіттеп көріп едім, ол үгітіме көнбеді. Жақсы орындалған эксперименттерден кейде мақсаттағыдан тыс мәліметтер алуға болатынын, ол үшін уақ құбылыстардың өзіне зер

салып отыру керек екенін, мазасыз, ұйқысыз, күлкісіз ұзақ ойлану керек екенін айтып едім:

— Менің табиғатым ұзақ ойлауды, сірә да, көтермейді, жаратылысыма ондай қасиет бітпесе не істеймін, деп қайырды.— Мен де ойлай аламын. Бірақ қолымда көріп тұрған нәрсені жөндеу, лайықтау, жөнінде ойлай алам. Ал қолыңда көрінбей тұрған нәрсені, қиялдағы нәрсені ұзақ топшылай алмаймын,— деп қорытты ол.— Ойламағандықтан шығар, ұйқым жақсы...— деп күліп қойды.

Шын әңгімені күлкіге бұрмалай білетін Андрей Петровичтің сөзінде аздап қулық болса да, осы айтқаны негізінен шындық еді. Ол істеген істерінің ғылымға керекті екенін, сол істерден ғылыми қорытындылар шығуы мүмкін екенін білсе-ақ болды, эксперимент жасауға ешбір ерінбей, шабыттана кірісуші еді. Сол істеген эксперименттерінің ғылымға пайдалылығын білуден басқа еш нәрсе тілемейтін. Егер эксперимент жасарда алға қойылған мақсат, болжаулы нәтижелер ол кісіге айтылмаса, іске ұяң, самарқау кірісетін. Андрей Петрович эксперименттің шебері еді, көңілі түссе, көл ететін шебер еді. Эксперименттік ғылымдардағы талай жетістіктерге жол ашқан есепсіз, атаксыз, даңқсыз ерлердің бірі еді.

Кафедра жыл сайын оқуын бітіруге жақындаған студенттерді дипломдық өндірістік практикаға жіберетін. Кафедраның басқа мұғалімдері сияқты мен де сол студенттермен бірге шығып, елдің әр түрлі өзіміздің ғылымымызға байланысты кәсіпорындарында болатынмын. Сол кәсіпорындардың технологиясымен, оны инженерлік жүйеге салудың әдістерімен, өндіріске жергілікті инженерлер енгізген жаңалықтармен тыңғылықтап танысатынбыз. Тұтқиылдан тынымсыз сұрақ қойып, мазаны алатын студенттер мұқият таныстырмай қоймайтын. Студенттерден сескеніп, өндіріспен алдын ала жіті танысуға тырысатынмын. Оралдың белгілі бір заводында өндірістің негізгі өнімі аралық заттарынан ажыратылатын металдардың цехымен танысып едім, технологиясы ескіріп қалған әдістерге негізделгенін, мықтап өзгертуді тілейтінін байқаған сияқты болдым.

Жергілікті инженерлер осы ескірген технологияға үйреніп әдеттеніп алса керек, жаңа әдіс қолдану туралы, ол үшін зерттеулер жүргізу туралы үш ұйықтаса түсіне кірер түрі жоқ. Кішкентай цехта ерсілі-қарсылы жүріп, инженерлер мен жұмыскерлердің мазасын алдым-ау деймін.

Әрбір операцияның, әрбір құралдың тұсында көп тұрып, егжей-тегжейін сұрастырып ойлап, байқасам, басымда әр түрлі қиялдар пайда болатын түрі бар. Сырт қараған кісіге, қолы бостықтан не істерін білмей жүрген дилетант болып та көрінген шығармын деймін. Жадыма қайдағы бір ойлар, қайдағы бір елестер келіп, тынышымды ала береді. Сол ойлар мен елестер орнығарма екен, анықталар ма деген мақсатпен ерсілі-қарсылы сенделуде болдым. Өндірістің жұқалаң қызметкерлері әр құралдың, әр операцияның тұсына келіп, тоқтап ойға шомған жуан бойымды келекелеп, жымыңдап күлгеніне де қарағам жоқ. Ар жағымдағы бір сезімім сол көргенімнің бәрі бүгінгі емес, кешегі, тіпті арғы күнгінің деңгейінде деп сыбырлап тұрғандай еді.

Цех технологиясын қазіргі химия жетістіктерінің деңгейіне шығарса, операциялар азаяр еді, еңбек жеңілденер еді, процестердің көбі автоматтандырылар еді деп те ойладым. Цехтың қазіргі үйі тар болғандықтан жаңа үй салынбақшы екен. Ең қиыны, сол жаңа үйде ескі қол еңбегін көп тілейтін, әр қызметкерден машықтануды керек ететін технология қазіргі қалпында қалмақ көрінеді. Менің мазамды алған да осы жағдай еді.

Ардақты жазушы інім, менің ғылыми тіршілігіме, барлық ғылыми болашағыма ықпал еткен бір үлкен бұрылыс жөнінде айта бастағанымды байқаған шығарсыз. Оралдың сол бір кішкентай қаласында қайта-қайта ойланып дегбірсізденіп жүргенімде туған елестер, алдымдағы ғылыми жұмыстарыма негізгі арқау болатынын қайдан білейін.

Дәл сол сәттегі болжауларым алысқа бастаған жоқ та, тек цех технологиясын өзгерту, жаңарту ісіне бірден кіріскім келіп тұрды. Осыған байланысты цехтағы бір ауыр операцияны жеңілдету әдісін ұсындым. Бұл операцияны жеңілдету жөнінде бұрын да ұсыныстар болған екен, бірақ химиялық негізі өзгермегендіктен, ол ұсыныстар пәрменді болмай шығыпты. Сол ұсынысымның химиялық мазмұнын айтамын деп сізді, ардақты жазушы інім, зеріктіргім келмейді, тек ескертейін дегенім, осы ұсыныс цехтағы істеген химиктердің қайсысына болса да түсінікті екені еді. Өндірісте қолданылып жатқан технологиялық әдістерді өзгерту қиын, жауапты іс екенін білетінмін.

Сондықтан ұсынысымның тек түсінікті болуы жеткілікті деп есептемей, оның цех жағдайында тез іске

асатынын дәлелдеуім керек еді. Сол үшін, заводтың орталық лабораториясында екі студент-дипломник үшеуіміз екі-үш жеті бойы зерттеу жүргізіп, сол зерттеудің нәтижелерін цехта көрсетпек болдық. Біздің сол ұсынысымыз цехта іске асырылуы жөнінде ешбір қарсылықсыз қабылданғанын айтсам, бірақ сонда да іске асырылмады десем, сіз таң қаларсыз. Таң қалмаңыз. Біздің өмірде мұндай болады. Менің болашақ ғылыми қызметімде мұндай жағдай тым-ақ жиі кездесіп отырды. Өндірісте іске асыруға ұсынылған бірінші еңбегімнің сәтсіздікке ұшырағаны мені, әрине, қатты ренжітті. Бірақ бір мақтанар жерім, бұл сәтсіздіктен бетім қайтып, босаңсып қалғам жоқ. Өйткені заводта жүргізілген сол зерттеуім, кафедрада кейбір жерлерін анықтағаннан кейін, баспада жарық көрді. Ол ол ма, жаңа әдіс ретінде кейін көптеген оқулықтарға да кірді. Енді бір жақсы жері, сол жүргізілген зерттеуім арқылы болашақтағы екі ғылыми әріптесіммен жақындастым. Солармен осы күнге дейін бірге қызмет істеймін. Бұл әріптестерім жөнінде айтып бергенім де дұрыс шығар.

Заводтың орталық лабораториясына келіп, орын сұрағанымда, лабораторияның басшысы, қиғаштау қонған кішкентай көк көзімен жан-жағына сеніңкіремей, сескеніңкірей қараған ақ сары инженерді шақырып алды да:

— Николай Алексеевич Полубричкинді, — инженердің аты осылай екен, — сізге басшы етіп тағайындаймын, бұл кісі сізге керек нәрсенің бәрін қамтамасыз етіп тұрады, — деді.

— О, не дегеніңіз, — деді Полубричкин жүзіндегі түнерген күйін өзгертпей, — ғылым кандидатына мен басшы болушы ма едім, көмекші бола алсам да жарап жатыр.

— Жоқ, жоқ. Сіз заводтың технологиясын, лабораториясының мүмкіншіліктерін жақсы білесіз ғой. Сондықтан сіз, әрі қожа, әрі басшы боласыз, — дедім мен. Қышқылдан ойылған шұрық-шұрық халаты қушиған денесінен салбырап, химиялық реактивтерден әбден күстенген саусақтары қап-қара болып жарылып, барлық тұрпаты болымсыз бишараны елестеткен Полубричкиннің түрі, шынында да, басшы болуға ешбір лайықты емес еді. Николай Алексеевич аз сөйлейтін адам екен. Ұсынысымның мәнін айтқанымда, ол бірден түсіне қалса да, ешбір тебіреніс білдірмей, көзінің қиығымен маған қарады да:

— Қолыңыз бос қой, уақыт өткізгіңіз келген екен, көмектесем. Қымсынбаңыз, керегіңізді сұрай беріңіз, —

деді. Менің істейтін ісімде ешбір шаруасы жоқтығын, өз міндеті тек реактив, аспап, ыдыс тауып беру екенін білдіре айтты. Маған бұл ұнамады.

— Менің бұл жұмысқа кірісуімді еріккендіктен деп ойлағаныңыз ба? Меніңше, бұл өндіріске керек жұмыс. Мен сізді түсініп тұрғаным жоқ, Николай Алексеевич...

— Өндіріске ненің керегі, ненің керек емес екенін анықтау менің міндетім емес. Бұл үшін басшылар бар. Шешетін солар.

Менің жаңа жолдасым онша әдепті жігіт емес екен, өзінің айтар сөзіне келгенде, онша сескене қоймайтынын да байқадым. Николай Алексеевич өз тіршілігіне онша риза емес, енжарлыққа берілгендей адам ба деп ойладым. Не істеп жүргенін білгім келіп сұрап едім, жүргізіп жатқан зерттеудің мәні мен маңызын көңілсіз дауыспен айтып берді. Алған тақырыбының онша керекті емес екені жөнінде ойымды айтып қалып едім. Полубричкин сол түнерген күйінде былай деді:

— Бұл зерттеудің нәтижесінен өндіріске келетін пайда аз болса да, қызмет істеуіме тыныш. Бұл тақырып жоспарға кірген, сондықтан өз міндетімді адал орындап, зерттеу жүргізіп жатырмын.

Полубричкиннің мұндай тоғышарға тән жауабы үшін жаңа жолдасыма ренжідім де, тек аса бір керек жағдайда болмаса, сөйлесуді қойдым. Николай Алексеевичке де бұл ұнаған сияқты еді. Сенбі күні кеште, жұмыстан шыққаннан кейін, Николай Алексеевич мені қонақ үйге дейін жеткізіп салып еді, үйге кіріп шай ішейік деген ұсынысыма ол көне кетті. Таныстығымызды белгілі бір әдіспен бекітіп едік, Николай Алексеевич бірден қызып қалды да, сөзшен болып кетті. Талай ғұламалардың сөздерін, талай атақты ақындардың өлеңдерін жатқа айтып, шабыттана сөйлеп, шешендігімен таңырқатты. Николай Алексеевичті тыңдаған сайын, адамның қателесуі оп-оңай екенін ойлап мен отырмын.

Бірнеше күн бірге жұмыс істегенде ғой, инженер Полубричкин менің жадымда өз ісінен басқа еш нәрседе жұмысы жоқ, ұяң, самарқау, ой-пікірі күңгірт адам болып көрінді. Бойында адам қызығатын қасиеттер көп екенін енді біліп отырмын. Менімен жасы шамалас екен. Қазақстанда туып-өсіп, сонда техникум бітіріпті. Анасы мен апасы сонда тұрады екен. Оралда институт бітіргеннен кейін, ол осы заводқа қызметке келіпті. Николай

Алексеевич екеуміз осы кештен бастап жақындасып алдық та, күнде әңгімелесіп жүрдік. Ол әлі бозбала екен. Лабораториядағы қыздар оның жалғыздығын әңгімелеп, дайын тұрған күйеуді бір де бірі қолына түсіре алмай жүргенін қалжың етіп күлетін. Кейбіреулерінің Николай Алексеевичте шынымен де көңілдері болған-ау деймін, бірақ жаңа жолдасымның олардың ешқайсысына бұрылу ойында жоғын байқадым.

— Жалғыздық құдайға ғана жарасатынын білмейсің бе, Николай Алексеевич, осы күнге дейін неге жалғыз жүрсің, мына лабораториядағы қыздардың біреуіне жылы қарасаң-ақ болды, мойынына асыла түсуге дайын ғой,— дедім бір күні. Ол маған кезінде бір қызды мықты сүйгенін, бірақ сол жары өзін жар ете алмай кеткенін (ол ақындардың жолдарын сөзіне кірістірмей сөйлей алмайтын) айтып берді. Содан кейін ашыналық, сүйіспеншілік дегенге, жалпы әйелдерге сенбейтінін, тіпті олар жөніндегі әңгімені де ұнатпайтынын айтты. Инженер Полубричкин өз ісін мықты білетін жақсы химик екен. Заводтағы сирек, асыл металлдарды аралық өнімдерден ажыратып, алудың әдістері артта қалғандығын, бұл істе ғылымның кейінгі жетістіктері мүлдем пайдаланылмауын көп ойланып, дегбірсізденіп жүргенімді айттым. Ойымдағыны біреуге дереу ақтарыла айтқым келіп тұратын әдетім бойынша тынышымды алып жүрген ой-пікірлерімді қайта-қайта егжей-тегжейлеп айттым. Жалпы, ардақты жазушы інім:

Арман, сезім, ойынды мықтап ұста,  
Күпияң шінде өссін, шашпа тысқа,—

деген ақынның сөздеріне ден қоя алмай өтемін ғой деймін. Жақын адамдарға өз ойымды айта алмай тұра алмаймын. Көкірегімдегі көкейкесті сезінгендерімді біреуге айта алмасам, шерім тарқамайтындай болады да тұрады.

Сол күндердегі шерімді Николай Алексеевич арқылы тарқатқан едім. Ол мені бар зейінін сала тыңдайтын. Кейбір мәселелерді талқылағанда, біраз таласып та қалатын болдық, бірақ жаңа жолдасымның ойлаған нәрсесін кеңінен қамтымайтынын, әңгіме еткен құбылыстардың арғы тегіне онша зер салмайтынын, оның көзге көрініп тұрған нәрсенің кемшілігін байқай қалуға, соны жөндеу жөніндегі пікірлерін айта қоюға машық екенін аңғардым. Оның үстіне ол лабораторияда істеген ісіне, уақ-түйегіне дейін түбегейлі қарап, мейлінше тыңғылықты екенін байқадым. Осыдан, алыстан

ғылыми болжау жағына онша бой ұруға шамасы келмесе де, лабораторияда қызмет істеуге мейлінше керек адам екен деп ұйғардым. Осы ойымды Николай Алексеевичке айтып та ұлгердім. Досым күрсініп қойды да, дипломдық жұмысын басқарған профессоры ғылыми жұмысқа бейім екенін байқап, кафедрада қал дегенін де тыңдамай, ақымақ болғанын айтты. Николай Алексеевичке істеп жүрген ісіне немқұрайлы қарай бастаған кезінде кездестім-ау деймін.

— Заводта жаңалық іздеу әдеті аз. Қызметкерлері көз алдындағыға әбден үйреніп алған, бір де бірі үйреншікті әдістерді өзгерткісі келмейді. Келген бетте, әр түрлі ұсыныстар айтып, жұрттың тынышын алып көріп едім, одан еш нәрсе шықпайтынын байқаған соң, тыныш жүруге ант беріп, тоқтағанмын. Уақытымен айлығын, оның үстіне кейде премиясын алып тұрсақ, дегбірсізденіп, тынышсызданып жүрудің не пайдасы бар? Мен ұсынған талай жаңалықтар техотделдің лапқаларында мәңгі тыныштықта жатыр. Асықпа, сенің ұсынысың да солардың үстіне барып жатады. Ұсынысыңа ешкім қарсы да болмас, бірақ ешкім іске де асырмас. Менің ұсыныстарымды да сөйткен. Бұл әдісің, әрине, тамаша тиімді әдіс. Бірақ мен жаңалыққа таң қалуды әлдеқашан қойғам. Іске аспайтын істерге несіне таң қалу керек...

... Николай Алексеевичтің бұлай күдер үзуіне түсінбедім де, сенбедім, бірақ техникалық советте менің ұсынысымды талқылағанда болған бір жағдай Полубричкиннің осы айтқандарын есіме түсірді. Бәрі ойдағыдай болған сияқты еді, қысқа баяндама жасап, ұсынысымды айтқанда, ешкім қарсы болмағанына қуанып лепіре бастап едім, ерте қуанып, ерте лепіре бастаған екенмін. Цехтың сұлуша келген жұмсақ сөйлейтін әйел басшысы түрегелді де, тартымды жүзімен күлімсіреп менің ішімді жылыта бір қарап, өзінің құлаққа жағымды даусымен цех кемінде екі айсыз бұл ұсынысты іске асыруға кірісе алмайтынын мықтап дәлелдеп берді. Айтып тұрған дәлелдері түкке тұрмайтын болса да, цехтың басшысымен бір-екі ай үшін таласуды дұрыс деп таппадым. Совет мүшелерінің я болмаса цех инженерлерінің бірі, цехтың басшысы айтқан ұйғарымдарға қарсы дәлел айта ма деп үміттеніп едім, ешбірі ештеңе деген жоқ. Осыны Николай Алексеевичке айтып едім, оның қиғаштау біткен көздері оттанып, ызаға тола қалды да:

— Мен саған айтып едім ғой, енді сенің ұсынысың жерге көмілді деп біл. Цехтың басшылық орнына мықтап отырған ол қатын сенің ұсынысың үшін өз тыныштығын бұзбайды. Ұсынысыңды енгізу үшін сен бұл арада ұзақ жүре алмайсың, жуықта кетесің. Одан кейін ол, тағы бір себептер табады да, әрі қарай ұзата береді. Сен шаршағанша ұзатады.

Николай Алексеевичтің сол айтқаны дәл келді. Менің ұсынысым да, Николай Алексеевичтің ұсыныстарының жанына барып, қозғалмай жатты. Ұсынысым өтпесе де, көңілімде тоқ ететінім инженер Полубричкинмен сұхбаттасуымның нәтижелі болуы. Біраз уақыт өткеннен кейін, Николай Алексеевич өзі сұранып, біздің институтқа қызметке келді. Біз заводтағы сәтсіздікті ұмытпаған едік. Сондықтан, цехтың технологиясын ғылыми тұрғыдан ұзақ қамауға алып, басшылығы әбден бұлтара алмастай жағдайға жеткіздік.

Завод біздің ұсынысымызға амалсыздан көнді. Қазір сол цех біз дайындап ұсынған технология бойынша қызмет істейді. Бірақ бұл жөнінде кейінірек айтам. Енді сол жерде жүріп, өзіме дидарлас екінші бір қызметкер тауып алғанымды айтайын. Лабораторияда меніменен қызметтес болған екі студентім екі түрлі адам еді. Бірі — кішкентай қара торы Айкен Хасенов, денесінің жеңілдігіне қарамай, істеген ісін асықпай байсалды істейтін. Әлдебір нәрсеге жұмсаған кезімде, қап-қара көздерін жоғары көтеріп, маған қарап біраз тұратын да, сонан соң, айтқанға әбден түсінгеніне сеніп болған соң, асықпай орындауға кірісетін. Ол ойланған кезде, оң қолының сұқ саусағын оң езуіне тіреп тұратын әдеті бар да. Айтқанды тыңдап, үндемей бірден түсінетін ол, мен жоқта тиісті тәжірибелерді менен кем орындамайтын: кейде тіпті менен тыңғылықтылау да орындады ма деп те ойлап қалатынымын. Оқуына да өзгелерден озық еді.

Аз сөйлейтінін қалжың етіп бір күні: «Бүгін неше сөз айтар екенсің, санап берші!»— деп күлдім. Ол маған: «Осы әдет маған әкемнен ауды ма деймін, өйткені әкем малшы еді. Мал баққан кісі кіммен сөйлесе алады»,— деп, әкесінің өзін де, қызметін де әбден құрмет ететінін білдіре жауап берді. Менің арқамда осындай өндіріске керекті қызмет істегеніне, оның қуанышы қойнына сыймай жүрді. Айкеннің маған бұрын да жақын болғысы келіп

жүретінін байқайтынмын, бірақ осы жолы, осы заводта болған бір жарым айда екеуміз мүлдем жақын болып алдық. Айкен, ардақты жазушы інім, маған бірден қызметкер бола қалған жоқ. Оның маған қызметке келуінің өз тарихы бар. Оны, мүмкін кейінірек айтып берермін.

Екінші көмекшім Еркін Тайыров еді. Ұзын бойлы, сұлу, сері жігіт-ті. Айтқанымның бәрін ешбір көңілсіздік білдірмей, жайдарлылықпен істесе де, сол ісінен қандай нәтиже шығатынында, мененеге керегінде ешбір жұмысы жоқ еді. Ішкі енжарлығын сыртқы жайдарылығымен бүркеген ол, лабораториядағы лаборант қыздардың әбден еркесі болып алды.

Бір күні бастаған тәжірибемді әрі қарай істей беруді тапсырып, біразға дейін кетіп қалып, қайтып келсем, жігітім қыздардың біреуімен қалжындасып тұр. Екінші қыз оның орнында тәжірибемді істеп жатыр. Мен күлдім, өйткені Еркіннің мұндай мінезі бізге зиянды емес те, лаборант қыздардың бәрі бір ауыздан бізге көмектесіп жатса зиянды бола ма... Еркін аман-есен институтты бітірген-ді. Өндірісте ол онша кідірген жоқ. Қазір республика басшыларының бірінің көмекшісі болып қызмет істейді. Бұрынғы жайдары, мейірімді күйінен айрылған жоқ. Маған көмегі әлі деп көп, керекті қағаздарымды жөнге салып береді, басшылармен уақытылы кездестіріп отырады.

Ардақты жазушы інім, менің басшылықтағы негізгі ғылыми тақырыбым көз алдыма елестей бастаған кезде, сол тақырыпта әріптес, сырлас, дидарлас болатын адамдардың да маған жақындай түскенінің өзі бір жақсылықтың басталғанының нышаны ма деп ойлаймын.

Мен Николай Алексеевич Полубричкин мен Айкен Хасеновты айтып отырмын. Бірақ болашақ қарым-қатынасымыздың осылай болатынын, ол кезде, қайдан болжап білейік. Орал зауытында болуым менің болашағыма ғылыми ұмтылыстарыма ойламаған жерден ықпал жасаса да, тек кейін ғана саралап, топшылай келе, әсіресе Дмитрий Викторовичпен ақылдаса келе, заводта туған пікірлер өз бетімен жеміс берерліктей үлкен тақырыпқа айналуы мүмкін екені байқалды. Бірден кідірмей іске кіріскім келіп, қанша асықсам да, қанша жүрегім лоблыса да, жанымда студенттен басқа қызмет істер адамым болмағандықтан жігерім құм болуға айналды. Кафедрадағы басқа мұғалімдер де осындай жағдайда еді.

Сондықтан менің істейтін ісіме ерекше жағдай туғызуды,

әрине, тілей алмадым. Студенттер, кейбіреуі болмаса, ғылыми тәжірибені ойдағыдай жетілте істей алмайтын. Сондықтан мені билеген ойлар мен армандар, сол ой-арман күйінде қалар деген де күндерім болды. Соған қарағанда, Маниловша қиялдауды қойған да дұрыс па деген де ойға келе бастадым. Эксперимент жұмыстарды тілемейтін, аспаптар мен лабораторияларды, өз қара бастарынан басқа адамдарды да онша керек етпейтін математика, лингвистика, әдебиет тану, тарих сияқты ғылымдарда жүрген ғылыми әріптестеріме қызықтым.

Директордың оқу жөніндегі орынбасарлық қызметі ғылыми жағдайымды жақсартқан жоқ, тіпті қиындатып та жіберді, өйткені лабораторияда бұрынғыдан да сирек болатын болдым. Сонда да арман еткен зерттеулерім ойымнан шықпады. Ойлаған сайын сол зерттеулердің бағыты дұрыс екендігіне көзім жете бастады. Студенттермен қосылып істеген біраз тәжірибелерім де осы ойларымды бекіткен сияқты еді. «Үмітсіз шайтан» емес пе. Кемелхан Айтбаевичпен сөйлесіп, Лев Моисеевичтің тобы сияқты, зерттеу тобын ұйымдастыруды өтініш етпекші болдым, бірақ қызметке келе сала, үлкен беделді ғалымдай, мұндай өтініш қоюды ретті деп таба алмай тайқақтап біраз жүрдім. Өз қызмет бабымды артық пайдалануды Дмитрий Викторовичтің алдында да ұят деп таптым.

Бірақ, ардақты жазушы інім, ғылымның ашылмаған жаңалығы енді ашылам деп, қиялыңда елестеп, мазанды алып, алдыңды орағытып тұрса, сол елесті қуа жөнелмей, күтіп отырудан ауыр, қиын нәрсе жоқ қой...

\* \* \*

Осы жазбаларымды сізге жазып отырғанда, ардақты жазушы інім, менің ғылыми тағдырым ерекше бір сәтті тағдыр болған ба, деп ойлап отырмын. Ең басты сәттілігі аспирантураға Дмитрий Викторовичтің қолына түсуім. Ол мені әрі ғылыми зерттеуші, әрі жоғары мектептің мұғалімі етіп өсірді. Профессор Дьячков пен оның маңындағы адамдардың маған көрсеткен жақсы әсері мен ибалы ықпалын енді ғана бағалай алатын түрім бар. Ендігі айтайын дегенім — өмірімде тағы бір аса сәтті бұрылысқа кезіккенім. Бұл бұрылыстың мәні анам оқуға жібергеннен кем түспес. Армандаған зерттеулерімді жүргізе алам ба, жүргізе алмаймын ба деп дел-сал

болып жүрген кезімде, жерден тілегенім көктен түскендей болды. Көктен түсті демей қайтейін, егер мені есіне алуы, үш ұйықтасам, түсіме бір кірмеген адам... Жок, мұның бәрін тәртібімен баяндап берейін...

... Жаңа жылдың бас кезі еді. Елден жақын жолдасым келіп, соны поезға шығарып салдым да, институтқа жұмыстың аяқ кезінде бір-ақ келдім. Кемекен мені дегбірсізденіп күтіп отыр екен. Өйткені академияның президенті өзі телефон соғып, менімен танысқысы келіпті. Президенттің көмекшісінен: «Біраз күтіп, келмеген соң кетіп қалды, ертең таңертең келсін»,— деп өтінді деген хабар алдық. Президентті мейлінше сыйлап, оның айтқанын дереу орындап әдеттенген директорым едәуір ренжіп қалды. Республикалық ғылымның басшысына менің неге керек болғанымды ойлап, түнімен тынышым кетіп ұйықтамай, таңертең түрегелдім де, Академияның үлкен үйіне келіп, президенттің қабылдау бөлмесінде болдым. Үлкен кабинетіне кіргенімде, алыстан президиумда ғана көретін бойшаң, денелі, келбетті ақсақал, салмақты денесін асықпай көтеріп, орнынан тұрды да, президенттің мен көрмеген үлкен столын айналып, маған қарсы жүрді. Қолын беріп жатып:

— Уай, Мәжеке, сіз мынадай жігіт екенсіз ғой. Дарынды, ойшыл, еңбекқор, көп оқитын, кішіпейіл Нұрбаев деген бір жас жігіт бар деп жұрттың бәрі айтады маған. Әсіресе, сіздің институтта қызмет істейтін академиктер қоймайды. Тіпті сізбен таныспағанымға ұяла да бастадым, бойыңыз, келбетіңіз қандай!.. Бәсе, біздің жігіттер осындай болуы керек! Сіздей жігіттерді көргенімізде, көңіліміз көтеріліп қалады. Ісімізді болашақта осындай жігіттерге берсек арман бар ма!..

Президент мені столының қарсысындағы жұмсақ креслоға отырғызды да, құдды ауылдың ақсақалындай, семьям, ауылдастарым, туыстарым, анам туралы егжей-тегжейлей сұрастыра бастады. Ақсақалдың мақтауынан ұялып, не дерімді білмей, дегбірсізденіп қалған маған осылай ұзақ сұрастырғаны да дұрыс болды. Үлкен кісінің жайдарлылығынан ұялып, қымсынуым да, түнімен ұйықтамай, шаршап келгенім де былай қалып, жайлана отырдым. Жүзі портретіндей салқын емес, тартымды жылы екен. Көз қиығы мен екі шықшыты тек жігерлі адамға тән бітіпті.

Президент әңгімесін біздің институтқа аударуы мұн екен, мен жалма-жан ақсақалмен көптен бері әңгімелесіп

жүргендей еркіндікпен, қызметімнің жай-жапсарын айтып бердім. Енді әңгімені біздің институттың кемшіліктеріне көшіріп, ғылыми қызметімізді әрі қарай апаруға президент көмек ете ме екен деген жобаға қарай ойыстырғым келіп еді, ақсақал өздігінен менің ғылыми ұмтылыстарым жөнінде сауал қойды. Істеген істерімді, ойлаған ойларымды қысқаша айтып едім, менің армандарымның ғылыми негіздеріне бірден түсіне қалды да, сол ғылыми ізденістерімді енді қалай әрі апаруымды білмей жүрмін деп айта бастағанымда, қуанғандай іліп алып, жүзі нұрлана түсіп, былай деді:

— Ғылыми келешегіңізді көп ойланып, арманыңызға жеткенше тоқтамасқа әбден бел буып алған екенсіз. Біздің ең бір жаман жеріміз, кейбір ғылым кандидаттары, тіпті кейде ғылым докторлары да, өзінің істейтін ісі үшін сырттан нұсқау күтіп жүреді ғой. Ал еш нәрсе ойламай, жайбарақат жүріп жатқандар да аз емес... Бұл тіпті жаман қасиет... Мұндай тоқыраушылық жақсылыққа апарып соқпайды ғой. Ойсыздықтан, тоқмейлідіктен сақ болу қажет. Сізді Академия жүйесінде қызмет істеуге шақырарлық ойымыз бар. Өз ойларыңызды мейлінше кеңшілікпен іске асыруға мүмкіншілік туатын түрі бар. Әрине, ғылыми ұйымдастыру қызметі де аз уақытыңызды алмас. Мәжеке, турасын айтайын, республикамыздың белгілі өндіріс орталығында жуықта химия институтын ашып едік, сізді соған директорлыққа ұсынбақшы болып отырмыз...

... Президент жаңа институт алдында тұрған міндеттерді естен шықпастай ұтымды сөздермен нанымды етіп суреттеді. Сонымен бірге, бастап жүрген ғылыми жұмыстарымның ешқандай бөгеліссіз сол өлкенің минаралдық байлықтарын игеру жөніндегі мәселелермен ұштастыра жүргізілетіндігі табиғи нәрсе деп, соны да еске сала кетті. Менің ғылыми өсуімнің қажеттігіне ол барынша салмақ сала сөйлеп, онсыз академиялық ғылыми мекеме жетекшісінің шынайы беделі болуы мүмкін емес екендігін өте ұнамды етіп айтты. Маған өз тарапынан сауал қойып, сөз таластырарлықтай, ешбір жер қалдырған жоқ.

Өйткені осы бір үлкен кісінің менің алдымда қойған мақсаттары мен міндеттерінің жанында басқалардың бәрі маған уақ-түйек болып көрінді. Жасанды кішіпейілділікке орын қалмады, өйткені ішіндегіні ар жағымнан көріп отырған адамның алдында небір бояма сөздер айтып

жатудың өзі ерсі екенін білдім. Егер президент мені сол жұмысқа жарамды деп жұмсайтын болса, сонда барып, шамам келгенше сенімін ақтауға тырысамын деп бір-ақ жауап қайырдым. Әңгімеміз аяқталған сияқты еді. Ақсақал креслосында шалқая түсіп отырды да, бір нәрсе есіне түсе қалғандай, былай деді:

— Мен сіз туралы Орталық Комитетте сөйлескен едім, олардың сөздерінен сіз туралы басқа бір ойлары бар ма деп те қалдым. Ойлары болса, әйтеуір ғылыми қызмет жобасындағы ойлар болмас, егер айтқаныңызда бұлжытпай тұратын болсаңыз, мен, сіздің берік ұйғарымыңызға сеніп, сөйлесе берер едім.

Ақсақал өзі жолды қалай деп сілтесе, соған көнетінімді айттым. Сол күні президенттен шыққандағы жайкүйімді сізге, ардақты жазушы інім, қалай баяндап берерімді де білмей отырмын. Қол жетпеу түгілі, арман етпейтін биікке шығып, бірден-бір асқақ дүниеге шомып кеткен адамдай сезіндім десем, өтірік айтпас едім. Менің де бойымда осындай дәрежеге жетерліктей қасиеттер болғаны-ау, олай болса, үлкен істер істеу үшін әр нәрсені терең түсінерліктей ойлылық, міндеттерді мұқият орындарлықтай табандылық керек қой деп лепірдім... Осындай асқақ қиялдар лепіртпеуі де мүмкін емес еді.

Өйткені жаңа ғана менімен: «Мәжеке»,— деп сөйлесіп, мені өзіне қатар ұстауға тырысқан ақсақал халқымыздың бірінші академигі, Үлкен академияның президиумы құрамының мүшесі, Отанымыздың ғылымын жер жүзінде алға ұстап, ілгері апарушылардың бірі емес пе?.. Менің қолымды сондай жылылықпен қысқан оның жұмсақ алақаны біздің заманымыз бен еліміздің ең атақты адамдарының қолдарының жылылығын сақтап, маған жеткізіп отырған жоқ па?

Президенттен шығып келе жатқанымда, аяғымды жерге тигізбей қуанта билеген осы ойлар еді. Сол күнгі қуанышымды кейін саралап байқасам, ұялатын еш нәрсесі жоқ екен. Бірақ үйге келгенде, сіздің ардақты жеңгеңіз: «Жасыл желеңге оранған тамаша сұлу астананы облыстық қалаға айырбастағаның нең? Мына жаңа ғана алған жақсы пәтерді, беделді қызметті тастап, қызметкері жоқ, ғылыми конторкаға ауыстырып («конторка» деп атағаны әлі есімде), көне салғандай саған не болды!»— деп қуанышымды су сепкендей басқаны ғой. Басқа жолдас-тарымның да көбі маған осыны айтты. Ақсақалдың

сөзінен қанаттанған бойымда жалғыз өзім қалатын болдым. Дегенмен Алжыған атам мен Жәкітай ағам намыстанып, бойымды бірден биледі-ау деймін, мен де қайсарлыққа салындым. Президент ақсақалға берген сөзімнен қайтпайтын өзіміздің ауылдың жігерлі, намысты, белді жігіті бола қалдым. Сөйтіп президент сілтеген жаққа жүріп кеттім.

Содан бері, ардақты жазушы інім, осы хаттарды жазып отырған жердемін. Бұл жерде қызметке кірісіп, істі игеруім жөнінде енді келесі хатта жазайын.

Buketov university

## Алтыншы хат

### АРДАҚТЫ ЖАЗУШЫ ІНІМ!

Сіз әрдайым қыдырыңыз басшы болып жүретін жігітсіз-ау деймін. Егер мен осы хатты емханада жазып отырсам, мұнда өткенді еске алып, қағазға түсіруден басқа шаруам болмаса, сізді тілегі орындалуға дайын тұратын жігіт демей, қалай атамақпын. Бұдан бір-екі жұма бұрын осы емханада емделіп жатқан бір жолдасыма келіп едім, екінші этажға көтеріле бергенімде, бойым ауырлап, жүрегім лоблып, кеудеме сыймай бара жатқанын байқадым. Денемнің аздап ауырлағанын таңертеңнен-ақ сезген едім, бірақ әлімді әкетіп бара жатпаған соң, биылғы жаздың артық ыстықтығынан көріп, жүректің аз ауырып басылатын әдетіне сеніп жүре бергенмін. Досымның палатасына кірдім де, жанындағы креслоға отыра кетіп едім, өз қара басымнан басқа еш нәрсе ойлауға шамам келмей, салқын тер бұрқ ете түскенін сездім. Бозарып кеткен бетімдегі жымысымның жасандылау екенін байқаған досым, дәрігерді шақырды да, қазір осы хатты жазып отырған палатаға жатқызуға мәжбүр етті. Науқасым туралы айтпай-ақ қояйын, өйткені бұл науқас — менің жасымдағы, мен сияқты қызмет істейтін адамдардың көбіне тән ауру. Бастапқы қорыққаным кетіп, қазір бойымды жайдарылық билей бастағанын, енді дәрігерлердің айтқанынан шықпау үшін жатқанымды айтайын.

Дегенмен, сол дәрігерлер менің ауруыма артық көңіл бөліп, маған деген тәртібін артығырақ қолдана ма деген де ойым бар. Сонда да, мені құрметтеп, сыйлап емдеген адамдарды ренжіткім келмей, айтқанына көніп жатырмын. Оның үстіне осы жатудың өзінің бір пайдасы бар ма деп те ойлаймын. Бірінен соң бірі күтіп тұрған жұмыстарды дереу орындаймын деп жанталаспай, әр нәрсені ойлап, оқып, топшылап алуға болатын көрінеді. Сізге де, осымен байланысты, бұрынғыдан гөрі жөндірек нәрсе жазам ба деп ойлаймын. Қыдырыңыз қосшы болып жүретін жігіт екенсіз деп, — қалжыңдап жатқаным да сол. Қысқасын айтқанда,

Бұл жүректің сырылы әдетті ауру,  
Жатып аздап дем алсаң оқасы жоқ.

Тыныштықтың өзі де мықты дәру  
Тіршіліктің шуынан мазасы жоқ,—

деп ақын айтқандай, тіршіліктің шуынан жасырынып, әр нәрсені еске түсіруге мүмкіншілік туып жатыр. Бірінші президент марқұм жіберген қызметте істегелі жиырма жыл болып қалыпты. Осы жиырма жылдың ішінде институттың тіршілігі мен өміріне мүлдем біте қайнасып алсам керек, қазір қаланың ең көгөрай жерінде шыны мен бетоннан салынған институттың үлкен үйінде менсіз жағдай онша емес шығар, институттың іші бос болып тұрған шығар деген ойдамын.

Шынына келсе, олай емес, қазіргі институттағылар менсіз де қызмет істей алатын түрі бар. Өйткені ұзақ командировкаға, иә болмаса, демалысқа кеткенімде, менсіз уақытта іс қалай жүргізілді екен деп мұқият зер салып байқасам, менің кіші әріптестерім, күнделікті қызметін істеуімен қатар, кейбір жаңалықтар енгізе бастағанын да байқап қаламын. Ойға келгенін тоқтатпай іске асыруға үйреткен өзім болсам да, бойымды қызғаныш та билеп қалатын сияқты. Сол жаңалықтарды көре сала, артық мадақтай бастайтын әдетім бар, мұның өзі іштегі қызғанышты бүркемелеген түрім болар деп ойлаймын. Өйткені бұған дейін институттағы бар жаңалықтар менен тарайтынына, іс басында тек дара болуыма, барлық жақсылық өзімнен басталуына үйреніп алсам керек, мен жоқ жерде институт бос болып, аңырап тұрған сияқтанғаны да содан ғой, сірә. Институттағы лабораторияларға, өзімнің кең тыныш кабинетіме, талай жақсы аспаптарға әбден әдеттеніп алғандықтан, істің бәріне өзім ғана діңгекпін деген ойдан шыға алмай жатырмын-дағы.

Адам, ардақты жазушы інім, пендешілік күйден мүлдем шығып кете алмайды екен. Айналамда өз бетімен ойлай алатын, өз бетімен ғылыми ұмтылыстарға құштар бола алатын жастардың өскенін армандаған өзім едім, енді сондай адамдар маңымда көбейген кезде, қуанышым қызғанышты жеңе алмай жатқан жоқ па?..

Міне, Валерий Петрович Иванов деген әрі шәкіртім, әрі әріптесім, аппақ тістерін ақситып, қара көздерін күле жылтыратып кіріп келді. Бұл жігіт армандаған қуанышымның бірі, әрі пендешілігіме тән қызғанышымның бірі. Күле сөйлеп қолын берді.

— Мәжит Мұқанович, бізді сізге бекер кіргізбей жүрген

ғой. Осының өзінде бір қате бар ғой деп ойлаймын. Түріңіз тамаша, біздің ұстазымызға ауру деген жолауға тиісті емес, демек жамандықсыз жақсылық жоқ, сіз осы шаңыраққа қарап жатып, тағы да бір біздің тыныштығымызды бұзатын ойға келіп жатуыңыз да мүмкін.

— Валерий Петрович, отыр. Осы сені мақтап жүруші едім, бірақ қазір, амал нешік, кешіксем де айтайын, сен менің шәкірттерімнің ең осалы екеніңе көзім жетіп отыр. Бұдан жеті жыл бұрын сені лабораторияға басшы етуім де дұрыс емес екен. Өзің ойлашы, саған ғой кіргенінде, меніменен жұмыс туралы сөйлеспе деді дәрігерлер. Сен ғой, не айтам деп ойлап келе жаттың да, кіре бере, мына шаңыраққа қарап, бізге бір жұмыс тауып бер деп соғып жатырсың. Мен сені осыған үйретіп пе едім? Ал, ойлау жөнінде болса, жетеді... Ерттеп мініп болдыңдар, енді мінген жерлеріңнен аспай түсесіңдер!..— осылай деп қалжындап жатып: «Өздерің де менсіз күн көретін түрлерің бар ғой»,— деп айтып қала жаздап, аузымды жұма қойдым, өйткені Валерий мұны көңіліне алып, ренжіп қалуы мүмкін еді.

— Мәжит Мұқанович, кешіріңіз. Кінәлымын. Өте кінәлымын. Ақылсыз ақымақ болған соң қайтесіз... Жылдан жылға осы менің ақымақтығым ұлғая түсе ме деймін. Лабораторияның басшылығынан бас тартып арыз берем бе деген де ойым бар...

— Уай, әйтсе де, жұмысыңда жүре тұр. Сені менсіз түсіре алмайды ғой. Бірақ өзінің ақымақтығын түсінген кісі, онша ақымақ болмайтыны да ақиқат. Сондықтан сен туралы қорытынды шығару үшін аялдай тұрамын.

Валериймен осылай қалжындасып сөйлесетін әдетіміз. Оны бірінші рет институттың ауласында, күрек ұстап, әлдебір нені қазып жатқанында көргенмін. Бірнеше жас мамандар кабель салу үшін траншея қазып жатыр екен. Ұзын бойлы, көрікті Валерий Петрович менің көңілімді бірден аударған-ды. Жай-жағдайын сұрастыра бастап едім. Оралдың үлкен қаласында жаңа ғана институт бітіріп келгенін, мұнда келгеніне ешбір өкінбейтінін айтқан. Маған мұнысы ұнап қалған-ды. Өйткені өзгелер сөйлескенде, бір де бір лабораториясы жоқ институтқа келгеніне ренжіп, ғылыми қызмет істеудің орнына жер қазғанын айтып, нали бастайтын.

— Оның үстіне менің топшылауымша,— деп қалжыңдады сол жолы Валерий,— дайын тұрғанға келгенді

жетістік деп есептеуге болмайды, өзіңнің болашақ ғылыми ізденістеріңнің материалдық негізін өзің жасағаның жөн емес пе?

— Болашақ ізденістер емес, болашақ жаңалықтар деп бастаңыз,— дедім қалжыңдап.

— Шынымды айтсам, сізге жасанды кішіпейілділігім ұстап айтқан түрім ғой. Ал менің ойлағаным жай ізденістер емес, ашылатын жаңалықтар еді,— деп күлген еді, қалжыңның жөнін мықтап білетінін байқатып, Валерий Петрович.

— Қалжыңдағанымыз дұрыс қой, әрине,— дегенмін сонда.— Бірақ осы қалжыңның ішінде болшаққа ұмтылыс, үлкен шындық бар сияқты. Үлкен ғылыми зерттеулер бізден басқа жерде жүргізіліп, үлкен ғылыми жетістіктерге басқалар жетпек деп ойлау бізге қажет пе? Ардақты ғалымдардың өмір тарихына үңіліңіздерші!.. Олардың көбі, біздің жағдайымыздан анағұрлым ауыр жағдайда бастағаны ақиқат емес пе?..

Осы әңгімемді бастағанымда, ғылым есігін траншея қазу арқылы ашпақшы Валерий Петрович пен оның он шақты жолдастары маған онша сенбей тыңдаған еді. Директорлық лауазымым да оларға ешбір әсер етпесе керек. Тіпті, ғылыми жетістіктеріме сай емес лауазымның өзі оларды күдіктендірген де шығар деймін. Сол жерде, аз уақытқа болса да, атақтарымен көпшілікке әйгілі болған, жуан кітаптарымен бедел алған үлкен оқымысты бола қалғым-ақ келді. Тым болмаса жасымды құрмет етерліктей ересек те еместігіме өкіндім.

Дегенмен, бұларға қарағанда, онша жас та емес едім. Оқығаным да, көргенім де көбірек еді. Сондықтан, мысқылшыл жастардың бірнеше шымшыма қулықтарын тойтарып тастап сөйлеп кетіп едім, тыңдаушыларымның маған қарап тына қалғанын байқадым. Бұл жақсы әңгіме болған-ды. Сол әңгіме үшін Валерий Петровичке әлі күнге ризамын, өйткені оның қалжыңқойлығының арқасында әңгіме басталып, сырласарлықтай дәрежеге жетіп қалған едік. Жастар кітапханада отырып, иә немесе лабораторияда тұрып ғылыми қызмет істеудің орнына жер қазуға тура келетіні жөнінде түсініскенімізге риза болдым. Жаңа ашылған жас институттың болашағы, соған жету жолында күтіп тұрған қиындықтар, алдымыздағы үлкен міндеттер туралы, бір де бір жасырмай айтып берген едім.

Менің жастармен өзара жақындасып түсінісуім сол әңгімеден бері басталған-ды. Сондықтан да кейін болған көп қиыншылықтарды біздің жеңуіміздің өзі өз ара осы түсінушілік арқылы жеңілдеген де шығар деп ойлаймын.

Қазір сол кездегі жеңілтек, мысқылшыл, қалжыңқой жастар ғылымның ақсақалдары болып алды. Олар талай ғылыми сайыстарға қатысып, өздерінің ой-пікірін өндірісте де, ғылымда да санасарлықтай етіп, мықтап шынықтырып, бекітіп алған ғылым қайраткерлері атанды. Болмашы ғылыми мәселені шешудің өзі қиынға түсетін, лабораториялық аспаптар, кітаптар, әсіресе білімді адамдар жоқтығы тұйыққа тірелетін заман әлдеқашан өтіп кеткен-ді. Қазір жаңа ғана құрыла бастаған лабораторияларда олақ қолымызбен бірінші тәжірибелер жасаған кездеріміздегі талай оқиғалар күлкілі болып еске түседі.

Дегенмен, біздің институттың өсу, даму, қалыптасу тарихы недәуір өнеге тұтарлықтай сияқты. Сондықтан, ғылыми мекемелеріміздің тарихын жаз деп Валерийге талай өтініш айтқанмын да. Өйткені одан басқа адам өзі араласқан істер мен оқиғаларды тартымды етіп, жүйелеп жаза алмайтынын білемін ғой. Бірақ күннен-күнге ұлғая түсетін творчестволық істерімен айналысқан Валерийдің осыны бастап жазуға қолы тимей қойды. Жуықта қолы тимес деп те ойлаймын, өйткені ондайды жазу үшін, мысалы, менің жасым мен жағдайыма жету керек сияқты.

Сізге осының бәрін айтып жатқан себебім, енді біздің институттың құралып, дамып, өсіп қалыптасқаны жөнінде жазғым келіп отыр. Бірақ есте қалғандардың өзі, құрақ көрпенің тысы сияқты, алапес болып шығатын түрі бар. Осындайда институтпен бірге өскен жас шәкірт, Валерий Петрович сияқтының жазғандары алдымда болса, қандай жақсы еді. Сұрастырып байқасам, жастардың әрқайсысының есінде институттың өсуі мен қалыптасуы жағдайында бастан кешкен қиын-қыстау жылдар ғылымда өсуі жолындағы бір қызғылықты көңілді бастама іспетті көрінеді екен. Мен үшін ғой сол жылдардың ауырпалығының даты әлі арқамнан кетпеген сияқты, себебі сол қиыншылықтардың үлесінің көбі менің жауапкершілігімде болды ма, қиыншылық тауқыметін көбіне мен тарттым. Міне, енді сол қиыншылықтарды игерген кездегі қолқабыс тигізген, әйтпесе тигізе алмаған адамдарды, осыған байланысты бастан кешкен оқиғаларды жазғым келіп отыр. Бірақ

бұл жазғаным бұрынғыдан да ала-құла бола ма деп ойлаймын, өйткені уақыты ұзамаған, бойдан әлі тебіренісі кетпеген кешегі ғана оқиғалар ғой. Сондықтан

«Сен өлеңді жазбайсың жұрт сияқты,  
Өлеңің жалба-жұлба бұлт сияқты»,—

деп бір ақын айтқандай, менің жазғандарым қазіргіге жақындаған сайын, бұлт сияқты жалба-жұлба бола бастайтын түрі бар. Осыны, ардақты жазушы інім, кешірерсіз.

Жаңа институтқа директор болып кірісуімді есіме түсірсем, сол құрметті ғылыми лауазымға менің ие болуымның өзінің бір көңіліме ұнамсыз себебі болды ма деп ойлаймын. Шамасы, жаңа құралған бір жүздей-ақ қызметкері бар, олардың өзі де әр жерден жиналған, кішкентай институтқа ғылымның үлкен мамандары келгісі келмеген-ау деймін.

Сондықтан, көп ұсыныстардың ішінде бірде-бірінің реті келмеген-ау деп топшылаймын. Неде болса келдім ғой... Келсем институт дегеніміз, жанындағы техникумнан сұрап алған екі қабат кішкене жатақханада орналасқан екен. Жатақхананың бөлмелері аңырайып тұр, әр жерде қойылған шкафтар мен столдар химиялық лаборатория деп атауға болатындай көрініс беріп тұрған жоқ. «Айдағаным бес ешкі, ысқырығым жер жарады» деген сияқты, институтқа қойылған аты мықты болса да, сол атқа лайықты ішінде әлі ештеңе жоқ екен. Президент жұмысқа жіберерде, осының бәрін айтып, алдымда көп қиыншылықтар күтіп тұрғанын ескерткен. Ол лабораториялық базаның жоқтығын, химиялық аспаптар қойыла бастаған кезде-ақ бірден тарыншылыққа душар болатынымызды айтқан еді. Ол кісі институттың бұрынғы директоры Жеделбаев Шәріп Уахитов пен оның орынбасары академик Хайлов Михаил Исакович екеуінің арасында болған келіспеушілікті жете түсінсін дегендей, толығырақ баяндаған-ды.

Институт ашылғалы бір жылдан жаңа ғана асса да сол аз уақыттың ішінде директор өзінің орынбасарымен ренжісіпті де, академиктің екпіні мен тегеурініне шыдай алмай, Академия президиумына қызметтен босатып, лаборатория басшысына аудар деп өтініш беріпті. Сол екі арада коллектив екіге бөлініп үлгеріпті, өйткені бөлінуді қыздыра түсетін адамдар да табыла қалса керек. Президент әсіресе осы жағдайға көңіл аударғанын мен енді ғана түсінгендеймін.

Бірақ ол кезде бұл жөніндегі пікірім басқаша болатын. Жаңа жұмысқа кіріскеннен кейін, екі-үш жеті өткен соң, астанаға келіп, өзім оқып қызмет еткен институтқа барып едім, ауласында өзара әңгімелесіп тұрған Верба, Файнетден, Сергей сияқты бір топ достарымды көрдім. Олар лап беріп менің қолымды ұстап, құшақтап, мені Мекеге барып келгендей қарсы алып жатты.

— Ұстаңдар қолымды, қысыңдар алақанымды, — дедім мен. — Академия институтының директоры қолын осылай еркін ұстап жатқандарың өмірлеріңде бірінші рет болар. Немене, осы аулада «творчестволық» әңгімелесу үшін бұрынғыдай кездесіп тұрасыңдар ма? Бұларың қызық екен. Кетсем-ақ болды, дүниенің бәрі құлап, сендер жан-жаққа тарап кететін шығарсыңдар деп ойлаушы едім. Орындарыңда не бар екенін көріп, қайғы-қасіретке шомып қайтайын деп келген едім...

Бұл, әрине, қалжың еді. Бірақ қалжың да болса, аздап шындығы бар еді. Өйткені коллективтегі өзімнің орным мен ықпалым туралы недәуір жоғары ойда болатынымын. Міне, осындай әр көкіректік пен мардамсушылықтың арқасында, президенттің айтқан ақылдарын тыңдағанымда, әрбір сөзін жадыма тоқып алудың орнына, ол кісінің жаңа құралған институттағы коллектив ішіндегі жағдай туралы нақыштап, баса көңіл аудара айтқанына онша еңсемді бермей, көбіне институттың шаруашылық жайының жетіспейтіндіктерін уайым еткенмін. Ол ол ма, ақсақал кішкентай институттың бір топ адамының ішіндегі ыжың-шыжыңын маған бекерге айтады, мыңдаған адамның ішінде көптеген профессор, ғылым докторлары, академия мүшелері бар үлкен институтты басқарып, әрбір адаммен сөйлесе алып, өз ара үйлестіре білген маған кішкентай институттың жүзге жетпейтін адамдарын жымдай ету қиынға түспес деп те ойлап отырғам. Кейін ойласам, институттың директорының коллективті үйлестіру жөніндегі қызметі, оның орынбасары маған өз қызметім сияқты көрінеді екен де, өмірдегі аз ғана ғылыми тәжірибем де, әрбір эксперимент жасау үшін соған керекті аспап, ыдыс, реактив іздеушілікке көп уақыт кеткендіктен, ғылыми қызметтегі жұмыс негізінен сол қызметтің материалдық базасын жасау деп топшылайды екем. Сондықтан, коллективтегі өзара қарым-қатынас жағдайын айтқанда немқұрайды тыңдауым да осыдан еді.

Әрбір ғылыми мекемелердің басшысы шамасы келгенше

шаруашыл болуы қажет екенін, бірақ ғылыми коллективті басқарудағы ең қажеттісі, ең қиыны ол емес екенін кейін түсіндім. Тіпті қызметтің жеңілі сол шаруашылық жағы деп ойлаймын, өйткені жаңадан салынған үйлер, сол үйлерге жиналған қымбат аспаптар, жаңа ғылыми зерттеу әдістері соның бәрі қазір қуана қарағанымда, бойда белгі, жаңда жара қалдырмаған жеңістер болып көрінеді. Бір қымбат аспапты алып қайту үшін жаныма жас инженерді ертіп әдейі Мәскеуге барғанмын. Сол аспапты жаңа туған балаша мәпелеп, жұмсақ вагоннан төрт орын алып, үстіңгі екі орынға өзіміз жатып, астыңғы екі орынға аспапты қойып, алып қайтқанымыз есімде. Қымбат жаңа құрал алғанымызға қуанып келсек, ғылыми қызметкерлердің тапқыштығы мен ептілігінің бірінші жауы — институт бас бухгалтері өзіміз келген екі орынның ақшасын төлеп, ана аспап мініп келген екі орынға төлемейміз дегені бар емес пе... Қазір лаборатория басқаратын үлкен ғалым Ғаниев Имаш сол кезде қалжыңқойлау жас инженер еді. Маған келіп:

— Аға, мынаның бір билетін мен төдеймін. Өйткені ғылым үшін өмірімізді құрбан етпекші болып жүргенде, бір айлық жалақымызды аяғанымыз ұят болар,— деп күлген-ді.

Кішкентай лабораториялық корпусы жабдықтау қиынға түскенін, шыны-ыдыс аспаптарды құйып үрлейтін шеберхананы бүкіл институт болып тұрғызғанымызды, облыс басшыларынан бір барак сұрап алып, сонда есеп машиналар станциясын құрғанымызды, құлатып тастайын деп отырған оттық үйді сұрап алып, содан жап-жақсы лаборатория жасағанымызды — осының бәрі қиынға түссе де, қуантуы аз емес еді. Қазіргі институттың үлкен үй-жайларын сала бастағанымыз коллектив үшін ең мықты қуаныш болды. Жас ғалымдар өздерінің лабораториясын құрған кезде «Өзім дегенде өгіз қара күшім бар» деген сияқты, Плюшкин мен Шықбермес Шығайбайдан кем түспейтін.

Сондықтан қазіргі лабораториялардың байлығы, әрине, сол жастардың еңбегі. Сіз, ардақты жазушы інім, осы шаруашылық жетістіктеріміз жөнінде қайта-қайта, егжей-тегжейіне дейін тіміскілеп айта бергім келіп отырғанын байқап та қалған шығарсыз. Ғылыми жұмыстың бұл жағы қызық хикаяларға толы болатын. Бірақ институтымыздың қазіргі жағдайы лабораториялық аспаптармен жабдықталуы мен үй-жайы жөнінен жап-жақсы-ақ сияқты.

Демек, ғылыми қызметкерлеріміз, жетіспейтін нәрселердің көптігін айтудан әлі де тоқырар емес. Мұны, бірақ жақсылық деп білу керек. Егер ғылыми лабораторияларда дүниенің бәрі жетісіп тұрса, ол ғылымның ілгері қарай өрбімегені болады, өйткені көп ойланған адам жаңа ғылыми зерттеуге кірісер болса, жаңа әдістер қолданады, соған байланысты жаңа аспаптар да керек, жаңа құралдар да керек болады. Институттағы адамдардың қызметіне лабораториялық аспаптар жетіспей жатқанының өзі, олардың ғылыми өрбуінен тоқырамағандығының бірден-бір белгісі.

Дегенмен академиялық ғылыми мекемелерде адам болжамаған жаңалық ашып, дамылсыз көп қызмет істегендей даурығып, бос жүретін адамдар да көп. Мұндай адамдармен бұрын онша кездескен жоқ едім. Осы институтқа келген соң, бірден-ақ түйісіп қалдым. Әрине, жаңа ғана құралған институттың адамдарынан бір үлкен ғылыми істі істеуді талап ету артық та, бірақ профессор Жеделбаев және академик Хайлов сияқты екі үлкен ғалым болғандықтан, жастар олардың ғылыми ұмтылыстарының ықпалына ілесіп, ой ойлап, іске кірісе бастаған шығар деп топшыладым. Өз ара олар келіспей-ақ қойсын, бірақ бұл келісушіліктің ғылыми қызметке не кедергісі бар деп те ойлаған едім. Мұндай ойдың өзі аңғырттық екенін институтқа келе сала-ақ білдім. Бірақ бұл жағдай уақытша ғана шығар, тез жөндеуге көнетін болар деген үміттен айрылған жоқпын да.

Амал нешік, олай болмай шықты. Осы арада, ардақты жазушы інім, бойыма мазасыздық әкелмей қоймайтын кейбір жағдайлар мен оқиғаларға тоқталмақшымын. Көп қателерге ұшырағанымды айтпақшымын. Сол кезде дұрыс деп істеген әрекеттерімді ойласам, қазір дұрыс болмай шыққанын байқаймын. Осының бәрін сізге дұрыстап баяндау да қиын. Тіпті қалай бастауымды да білмей отырмын. Профессор Жеделбаев лабораториядан кеткеннен кейін директордың міндетін уақытша академик Хайлов атқарыпты. Мен келген соң, ол кісі орынбасарлық міндетіне көшті. Институттың жағдайымен танысуды әрине, ең әуелі сол кісімен әңгемелесуден бастадым.

Ол кісі шоқалақтай жеңіл басып кіріп келді де, жүзін жайнаңдатып, саусақтары қысқалау қолын ұсынды. Қарсы түргенеліп сәлемін алдым. Орныма оралып отырып үлгергенімше, академиктің алдымдағы орындыққа менен бұрын мықтап отырып алғанын байқадым. Тек істен басқаны

білмейтін адамның пішінімен қалтасынан дереу көзілдірігін алып, оралдықтарша «о» әрпіне басыңқырай сөйлеп:

— Мәжит Мұқанович, ауа райын айтпаңыз, сізді онша жылы қарсы алып жатқан жоқ сияқты. Жұбайым аздап науқастанып қалып еді. Құдайға шүкір, оңалып келеді. Жартылай өндірістік тәжірибелер өткізу үшін мұнда бір үлкен іс бастап жатырмын. «Сен осы істі тастама!»— деп академик Ванин марқұм мені жанындай жақсы көре айтушы еді. Президент мені өте қолдайды. Ол ноян ақылды адам ғой. Мұнда тәжірибе қоярлықтай жағдай да болмады. Кабель болмады, эзер тауып алдық, әйтеуір... Жуырда обком секретарымен сөйлесіп едім, институтымыздың алдында көп міндеттер тұр, сізбен екеуміз көп жұмыс істеуіміз керек деді. Менің тәжірибем өте мол, пайдаланыңыз. Мен ғылымда отыз үш жыл жұмыс істеймін. Ай, қиын-ау, қиын. Мұнда жұмыс істеуге адамдар жетіспейді. Жуықта заводтың бас инженерімен кездесіп едім, оларға көмек керек көрінеді...

Осының бәрін ол кісі, ешбір тоқтамастан, балаша салдырлап, бір тақырыптан бір тақырыпқа көшіп, айтып жатты. Менің не жұмыспен шақырғанымда ешбір шаруасы жоқ сияқты.

— Михаил Исакович, кешіріңіз. Сөзіңіз аузыңызда болсын. Әрине, бұл арада жұмыс істеу қиын екенін біліп отырмын, бұдан былай да оңай бола қоймас. Бірақ мен институттың жалпы жағдайы, адамдары, алынған тақырыптары, жоспарлары жөнінде, қысқасы, сізден бәрін білгім келіп еді, біздің не істеуіміз керек екенің ақылдасқым келіп еді. Сол үшін шақырып едім...

— Иә, иә, Мәжит Мұқанович... Мұныңыз әбден дұрыс, әбден дұрыс. Мұнда менімен бірге, яки мен өзім шақырып, біраз ақылды жақсы адамдар келді,— деп ала жөнелді де, сол өзімен келген адамдардың неге ақылды екенін, солардың ішінде бір Федоров деген бар екенін, сол Федоровтың жоғары білімі болмаса да, қолынан келмейтіні жоқ екенін, сондықтан Федоровты не қылса да мәпелеп ұстауымыз керек екенін айта бастады.

Федоровқа ешбір қарсылығым жоқ еді. Бірақ академик атаған аттарға қарасам, ғылыми өсуіне, болашағына көңіл тоярлықтай аттар емес сияқты. Бір заманда академик өзімен бірге келген қартайыңқырай бастаған ғылым кандидаты Холод дегенге көшіп алды да, сол Холодты оң қолы болғанын айтып, қызметті көп істейтінін баяндап,

ұзақ мақтады. Бірақ «оң қолының» ғылыми жетістіктері қандай екенін түсіне алғам жоқ. Академиктен аспиранттарыңыз бар ма деп сұрап едім, ол ғылым тақырыбын атқару үшін уақыты жетпей жүргенін айтып, сонда да, өзіне шәкірттікке келетін адам болса, ешқашан қарсы болмайтынын ескертті.

Коллективтегі адамдар жөнінде академиктен мәлімет ала алмайтыныма көзім жеткен соң, институтта істеліп жатқан ғылыми тақырыптарды әңгімелей бастадым. Сөзімді бастауым мұң екен, Михаил Исакович жалғастырып ала жөнелді де, институттың бар ғылыми тақырыптарын өзінің істеп жүрген жұмысына, өзінің жартылай өндірістік тәжірибелерге дайындалып жүргеніне әкеліп тіреді. Директордың орынбасары институттағы басқа тақырыптардың барысына ой бөліп, көңіліне тоқу керек екенін, шамам келгенше, әдептілікпен ескерте отырып, Академиямызда болашақта осы институттың негізінде ғылыми орталық құрмақ екенін, осыған байланысты зерттеу тақырыптары да әр саланы қамту қажеттігін айтып өтіп едім, Михаил Исакович өзінің реңсіздеу көк көздерімен менің білместігіме налығандай қарады да, былай деді:

— Иә, иә, Мәжит Мұқанович, мен сізді түсінем. Менің ешкімге кедергі жасау әдетімде жоқ. Сіз өз істегіңіз келетін жұмысыңызды істей беріңіз. Осы институт екеуімізге жетеді...— Академиктің бұл сөздеріне мен әбден таң қалдым.

— Екеуімізден басқа профессор Жеделбаев сияқты үлкен мамандар бар ғой,— дедім де,— бізге осындай үлкен міндеттер жүктеліп отырғанда өзіміздің қара басымыздың мүдделері үшін институтты екіге бөліп алғанмыз қалай болады?— деп сөз бастап едім, Михаил Исакович жұлып алғандай:

— Шәріп Уахитович маған бекер қиғаштық жасады, менімен ақылдаспады, менің мол тәжірибеммен есептеспеді. Мен оған ешбір кедергі жасағам жоқ. Мені күштеп орынбасары болуға мәжбүр етті ғой.— Михаил Исакович бұны қорлық көрген адамдай айтты. Кейін білсем, Жеделбаевқа бұл кісінің өкпелеу себебі — ол Михаил Исаковичке керекті бір аспаптарды өз лабораториясына алып қойған екен, аламын деген бір кісіні қызметке алмапты.

Академиктің профессор Жеделбаевқа деген осынлайдан туған ызасы әлі қайтпаған сияқты. Бұл тұрғыдағы күйінішін ісіндіріп айта беретін түрі бар.

Дегенмен орынбасарыммен осы бірінші әңгімем сәтсіздеу болса да, алған әсерімді үміт үзерліктей деп бағалаған жоқ едім. Тіпті, керісінше, жасамыстығын тек томпақ біткен көк көздерінің астыңғы жағы күлтеленуі ғана білдіріп тұрған, денесі жеңіл, қасқа, сары кісіні шын ғалым ба деп ойлап қалдым. Өйткені өзі ғылыми жұмысынан басқада ешбір шаруасы жоқ адам сияқты көрінді.

Осы сияқты профессорлар мен академиктер, деп ойладым мен, балаша қалбалақтап, болмашыға күйгелектеніп жүреді де, бойына көп білім сақтап, асқан мырзалықпен сол білімін жастарға береді. Сол мырзалықты ғой кейде біз ретімен пайдаланбаймыз. Егер менің алдымда академик, лауреат, бірнеше ордендердің кавалері отырмаса, орынбасарымның өзімен бұрын орындыққа нық орнығып алғанына ренжіп те қалар едім. Ғылымда қанша ұзақ қызмет істесе де, менің тәжірибем мол деп қайта-қайта айтқанын да ұнатпас едім. Және де академиктің ешбір себепсіз бір тақырыптан бір тақырыпқа секіріп көше беретін, ғылымның маңындағы уақ-түйекті әңгімелеуге әуестік әдеті бар екен. Мен сөйлескен адамның мінез-құлқын ар жағынан білгім келіп отырған басшы едім. Сондықтан, академиктің бұл мінездерінің бәрін үлкен ғалымдарға тән аңғырттық пен диюаналыққа арттым. Сөйтіп, орынбасарым туралы тек жақсы пікірде болуға тырыстым. Тіптен академиктің бойындағы бірден байқалған өзгешеліктерінің өзі өмірде ғылымнан басқа арманы мен мақсаты болмай тіршілік еткен адамға тән емес пе деген ойда болдым.

Академиктің бойындағы осы бір ерекшеліктер бар өмірі мен тіршілігін ғылымға сарп еткен және сол ғылымның бір жеке саласынан басқа ешқайда болмаған адамға тән қасиеттер емес пе деп ойладым мен және де академиктің дәрежесіне жеткен кісі өз маңындағы ғылыми қызметкерлерді өз ісіне пайдалы, пайдасыздығы жөнінде осылай сараптап отыруына да хақы бар шығар деп те топшыладым.

Сондықтан, академиктің өз тақырыбы жөнінде, өткізуге дайындалып жатқан жартылай өндірістік тәжірибелер жөнінде тынышсыздануының өзі де маған ұнап қалды, себебі институтта үлкен ғалымының болуының өзі бір дәреже болса, ол ғалымның істеп жатқан қызметінің жемісті болуы да үлкен мирас қой. Сонда да, амал нешік. Михаил Исакович институттың директорының орынбасары

қызметінде онша лайықты адам емес екенін, ғылыми атағы арқасында осы қызметте әлдеқалай орын теуіп отырғанын ұқтым.

Бірақ бұл жағдайға мен онша ренжи қойғам жоқ. Өйткені академик менің қызметіме ешбір кедергі жасамауы ақиқат болса, орынбасарларының жүгін үлкен ғалым тек уақыт алатын артық ауыртпалық деп ұғуы сөзсіз ғой деп ұйғардым. Осы бір кейінгі пікірдің шет-жағасын академик маған білдіргендей де болды. Михаил Исаковичтің ғылыми ұмтылыстарының негіздеріне, шамам келгенше, түсінуім қажет болар, өйткені ол кісінің мол тәжірибесін пайдалану үшін, істеріне көмектесуіміз де керек қой деп түйдім.

Сөйтіп Михаил Исаковичпен қанша әңгімелесем де, институт жағдайы туралы айтарлықтай мәлімет ала алмадым. Істің жай-жапсарын жақсы білетін профессор Жеделбаев ұзақ ғылыми командировкаға кетіпті. Институттың парторгы Жантақ Бөкенович Бөкенов деген, қартайғанда ғылымға кіріскен өндірістен келген, қарт инженер екен. Ол кісі де ауырып жатты.

Тіпті осы кісілермен сөйлеспегенімнің өзі де жақсылық болар деп ойладым да, институттың бөлмелерін аралап жүре бастадым. Әрбір қызметкердің жанына барып, не істеп жатқаны, не ойлап жүргені туралы сөйлесе бастадым. Төменгі қабаттағы бір бөлмеге барсам, бұдан бір жыл бұрын қолымнан шыққан екі студентім тұр. Менің кіріп келгеніме қуанып қалған олар сәлемімді көңілдене қарсы алып, өз шаруасымен айналысып жатты. Қарасам, айналысқаны — кішкентай лабораториялық (электродтарынан танып тұрмын) электр доға пеші, халаттары кір, жұмысынан бас көтерер емес, бұл маған ұнады. Таза ақ халат киіп қызмет істеуге де болатын шығар деп ескертпе жасағым келіп еді, өзімді-өзім тежеп, не істеп жатқандарын сұрадым. Айтқандары — оқулықтардан белгілі нәрсе. Бұған таң қалдым, бірақ іштегі ойымды білдірмеуге тырысып, бұрыннан анық тәжірибені қайталау үшін осы пешті дайындауға бір-ақ кісі жеткілікті болмас па екен деген ойымды айттым.

Бұрынғы студенттерім бұл айтқанымды дұрыс деп тапты да, бірақ ұстаздары Порфирий Леонтьевич Холод осы тақырыпты екеуіне бергендіктен бірге істеп жатқандарын айтты. Бұл тақырыпта алдына қойған мақсатары қандай екен деп сұрап едім, кір халат киген зерттеушілер маған таңадана қарады. Бұлардың осы таңдануының

өзінен ұстаздың айтқанын онша ойланбай істеуге әдеттене бастағандарын байқадым.

— Жарайды, жігіттерім, істей беріңдер. «Қопара-қопара қоқысты, әтеш маржан тауыпты» деген аталарың Крыловтың сөзін білесіңдер ғой,— дедім, шығып бара жатып. Менің күдігімді сезіп, істеріне енжарланбасын деп, әдейі лепіріңкіреп айттым.

Енді бір бөлмеге кірсем, алдында жатқан дәптердің бетіне әлдебірденені сызып, стол басында Валерий Петрович отыр. Істеп отырған ісінің мазмұнын сұрадым.

— Өзім де сол не істеп отырғанымды білгім келіп, ойланып отыр едім,— деп күлді Валерий Петрович.

— Мұныңыз тіпті қызық екен...

— Әлбетте... Жантақ Бөкенович өзінің бір алдын ала айтқан пікірін дәлелдеп берерліктей тәжірибе жаса деп тапсырған еді. Сол тәжірибелерді қалай жасауға болатынын сұрап көріп едім, ол кісі жас инженерге осындай сұрақ қоюға бола ма екен, егер менің айтқанымды ғана істейтін болса, сол инженердің өзінің басы жоқ болғаны ғой деп, ұрысып тастады.

— Жантақ Бөкеновичтің ұрысқаны дұрыс па деп ойлап отырмын.

— Әрине дұрыс, мен бұған қарсылық білдіргем жоқ. Істің мәні мынада: Жантақ Бөкеновичтің жуырда орталық журналда бір мақаласы шыққан еді. Сол мақаласында бұл кісі оқулықтары бойынша оқыған үлкен профессордың бір қағидаларына қарсы шығып отыр. Ойлап, топшылап, салыстырып көріп едім, менің ұстазымның айтқандары дұрыс емес екендігін таптым. Ол маған эксперимент қой дейді, бірақ сол эксперименттердің ең оңайының өзі, бұл кісінің айтқанына қарсы дәлел болып отыр. Осыны, шамам келгенше, айтып көріп едім, басшым маған ұрсып, тағы да тәжірибелер жаса деп, жекіп тастады. Айтқаныңды басшың түсінгісі келмеген жағдайда, ойланып қызмет істеудің өзі қиын екен. Қазір не істеп отырғанымды түсінбей басым қатуының себебі де сол. Қағаздың бетіне салып отырғаным — тәжірибе жасауға арналған жеңіл аспаптың суреті. Жантақ Бөкенович мақаласы үлкен журналда шыққанына және де беделді адамдардың пікіріне қарсы тұрғанына мардымсып мақтануда.

— Осыны екеулеп талқылап көрсек қайтеді. Біз екеуіміз бір жобадағы маман емеспіз бе? Бірімізді-біріміз түсінерміз.

Валерий Петровичтің жанына отырдым да, екеулеп Жантақ Бөкеновичтің мақаласын оқып шығып, ол кісінің дәлелдері мен аргументтерін талдадық. Валерий Петрович ойындағы пікірлерін түсінікті етіп айта білетін жігіт екен және де мақаладағы мәселенің егжей-тегжейін әбден біліп алған екен. Мақалада ғылыми деректіліктен гөрі көпірме үстірт пікірлердің көп екенін маған бірден дәлелдеп берді. Осындай дерексіз қиялдардың мақала ретінде орталық журналда басылғанына таң қалдым.

— Қайтеміз, Валерий Петрович, кейде ешбір ақиқаттыққа ұштаспайтын бұрыс пікірлердің өзін талдаудың да пайдасы бар, өйткені бойындағы дұрыс пікірдің дұрыс екеніне бұрынғыдан да сенімнің күшейе түседі. Бастысы, білімнің нақтылы екеніне сенімді болғанның өзі де жақсылық емес пе?

— Мәжит Мұқанович, көңілімді көтергеніңізге рақмет,— деп күлді Валерий Петрович өзінің әдемі, қалжың ырғағына толы, ұнамды даусымен. Қарап тұрсам, Валерий құдды белгілі автопортретіндегі жас Тарас Григорьевич Шевченкоға ұқсайды екен. Кең жазық маңдай, славян халқына тән әдемі мұрын, тереңірек орнаған үлкен қара көз, қиылған қас. Тек іштегі жігер мен ойлылықты білдіріп тұрған беті ұлы украиндықтың бетінен гөрі сәл кішірек, сәл жұқарақ па деп қалдым.

— Олай болса, қайтеміз,— дедім мен.— Жантақ Бөкеновичпен сөйлесіп көреміз де, түсінетін бір жолды табармыз.

... Бізге деп салынып жатқан, бірақ аяқталмаған кішкентай лабораториялық корпусқа келдім. Бұл корпусның әлі де бітер еместігін, істелетін жұмысы әлі көптігін ойлап, ішім ауырыңқыраса да, келе жатырмын, өйткені соның бір бұрышында құрылысшылардың қарсы болуына қарамастан, өз қолымен металл қорытатын кішкене пеш жасап алып, Лапин деген инженер дамылсыз қызмет істеп жатқанын естігенмін.

Лапиннің фамилиясы әлдеқалай аталып қалғанда, Михаил Исакович оны бір әпербақан, менменшіл адам деп атағаны есімде де. Қарасам, биік үлкен бөлмеде шаңырағына ілулі зондтан труба, қиялап барып, шаңырақтың шетінен сыртқа шығыпты. Зондтың астындағы кәдімгі өзім талай көрген металл пешінде оты жарқырап бір қойыртпақ қайнап жатыр. Институт қабырғасында жұмыс істеп тұрған бірінші құралды көріп, қуандым. Денелі,

ұзын бойлы, орта жастағы жігіт қарсы тұрып, қолымды алып еді, үлкен алақаны уысыма сыймады. Жанындағы бала жігіт те алыстан басын изеп жатыр, үлкен кісінің жанына келуге ұялса керек.

— Василий Гаврилович, сізді келгеннен-ақ сырттан біліп едім, танысуға сәт енді түсті. Сіз бір де бір адам сенбеген ұсыныс айтып, сол ұсынысты ойдағыдай дәлелдеп жатыр дегенді естудемін.— Осыны айтып тұрып, бетіне қарасам, ақшыл сары қастарының астынан үңілген көкшіл көздерінен сенімсіздік пен қиястықтың оты жанып тұрған сияқты екен.

— Мәжит Мұқанович, менің дәлелдерім қанша мықты болса да, соған жұрт әлі сенбей жатыр. Тіпті, сол дәлелдеп жатқанымның өзі дәлелдеуді тілемейтін істер, керегі жоқ қоқыс деп есептелген заттарды, осы күнге дейін қолданылып жүрген аспаптарда күйдіріп, құнды зат шығаруға болады деп дәлелдеп отырмын. Процестің жағдайын өзгертсе болды... Міне, көз алдыңызда ағып жатқан қорытпа сол менің айтып жүргенім. Осының ағып жатқанына біздің металлургтер сенбей қойды.— Шыныда да, пештен аққан қорытпа жыланша ирелеңдеп барып, алдындағы ыдысқа ағып, құлап жатты.

Лапин менің әкемнің атын дұрыстап айтпағанын аңғартқанымда жұмысы болған жоқ, өз ғылыми қызметі жөнінде әрі қарай екіленіп айтып жатты. Бұл кісі сөйлесуде де, қарым-қатынаста да, әдептілік жағына онша көңіл бөлмейтін сияқты. Қатесі жөнінде кешірім сұраған да жоқ. Дегенмен «Мәжит Мұқанович»,— деп жөндеңкіреп атады. Ой-пікірлерін онша тәртіптеп, жүйелеп айта алмайды екен. Қалың еріндерінің ар жағынан үзік-үзік, ықшамдылығы жоқ, бірақ сенімге толы сөйлемдер шығып жатты. Василий Гаврилович ұсынған технологиясының негізгі мәнін бірден ұғып алдым да, тым-ақ оңай, тым-ақ жеңілдігіне байланысты өзімнің күдігімді айттым.

— Міне, сіз жұрттың айтқанын айтып тұрсыз,— деп қыза сөйледі Василий Гаврилович бұрынғыдан да нұрланыңқыраған көзімен мені тесе түсіп, мені де сол айтқанына сенбейтін, сенгісі де келмейтіндердің қатарына жатқызып үлгерсе керек. Жұрт тым-ақ көп біледі, тым-ақ терең біледі, сондықтан оңай, жеңіл түсетін нәрселерді тек ақымақтық пен мисыздықтан туады деп есептейді.

— Олай болса, данышпандықтан туған қағидалар мен пікірлердің бәрі ұғынуға оңай, түсінуге жеңіл болатынын

ескермегеніміз. Олай болса, оңай, жеңіл қағидалар мен әдістер дәл осы бөлмеде, дәл осы пештің маңында неге тумасқа!—деп қалжыңдап көріп едім, қалжыңымның онша қабылданбағанын байқадым. Василий Гаврилович өзінің тапқан әдісінің тарихын, сол үшін көптеп қойған тәжірибелерін, сол тәжірибелерден туған әдісті осында іске асырам деп келген үмітін, Михаил Исакович шақырғанда, бұл жерде өз әдісіне лайықты шикізаттардың көп екендігі есіне түсіп, көне кеткендігін — осының бәрін маған тоқтатпай салдырлап айтып жатты. Енді академик Василий Гавриловичті өз ісіне көмекші етіп алғысы келді. Бірақ ол кісі инженер Лапиннің өзінің де басы бар екенін, сол бас біреудің айтуымен, жұмсауымен қызмет істегісі келмейтінін ескермейді. Михаил Исакович оны елден ерек жек көруге айналыпты. Бұл жағдай әрі қарай бара берсе, әрине, амал жоқ, Василий Гаврилович кетіп қалады. Кейінгі сөздерді маған ескертіп айтып жатқанын байқадым. Өйткені Василий Гавриловичтің ойы бойынша, жаңа директор да бұған қарсы болуға тиісті.

— Бірінші мен бұл жұмысымызды енді тастамаймын, бар тіршілігімді осыған сарп етемін,— деп аяқтады ол сөзін. Маған өз жағдайын айтып болғанша, ызасы әбден бойын кернеп алған Лапинге:

— Василий Гаврилович, мен сізді түсініп тұрғам жоқ,— дедім мен.— Егер сізді басшы ит етінен жек көрсе, сіз мына бөлмені алар ма едіңіз... Сіздің ғылыми атағыңыз жоқ, тек инженерсіз. Ал мұнда кейбір ғылым кандидаттарының не қызмет істейтін орны жоқ, ал сіз әрі орын алып алыпсыз, әрі көмекшіңіз бар.

— Мұның бәрін әдейі өзім президентке барып сұрап алдым. Ол кісі мені мұқият тыңдады да, осы бөлмені беруді және көмекші беруді бұйырды. Михил Исакович амалсыздан сол бұйрықты орындады.

— Василий Гаврилович, президенттің өзі көмектесіп жатса, біз одан әрі көмектесуге тиістіміз ғой. Сол көмекті, шамамыз келгенше, көрсетеміз. Істеп жатқан ісіңіздің маңызы молдығына менің қазір көзім жеткен сияқты...

Василий Гавриловичтің көңілін көтеріп, қанағаттандыратын тағы бір сөздер айтқым келіп, ұсынысын егер іске асырып, халық шаруашылығына жарататын болсақ, пайдасы көп екенін ескерткім келіп еді, бірақ өзімді-өзім тоқтатып, айтпадым да, әлі ондайды айтатын уақыт барлығын ескеріп,

бірден ақтарылмағанымға қуанып та қалдым. Дегенмен, бар ойымдағымды айтып та үлгеріппін. Әлі де айтқым келген себебі, Лапиннің өз ісіне берілгендігіне, сол үшін дамылсыз еңбек етіп, бар жігер-қайратын жұмсағанына әрі таң қалып, әрі қуанғанымнан болса керек. Мұндай тебіреністерге ол кезде, ғылыми скепсис яки ғылыми сенімсіздік бойымды әлі билеп алмағандықтан, жеңіл беріле қоятынмын. Егер тебіренімпаз болмасам, сол жерде Лапинды тыңдап алып, үндемей-ақ қайта беруіме де болатын еді.

Бірден қорытынды жасау үшін менің білімім де ойдағыдай терең емес-ті. Кейінірек Лапиннің әдісі жөнінде көбірек оқып, ізденіңкіреп көргенімде, сол әдістің тиімділігі мен болашағына дүдәмалданған да кезім болған. Василий Гавриловичқа осы күнге дейін ризамын, өйткені оның өз ісіне нық берілгендігі бірден мені тебіренітіп әкетті де, сөзін сөйлетті, содан дәл осы күнге дейін бұлжығам жоқ.

Осының бәрін баяндап жатуымның себебі, ардақты жазушы інім, сол инженер Лапинның қазір ғылым кандидаты болғанын, бастаған ісі институттың келелі, маңызды істерінің бірі болғанын, сол іске менің де азды-көпті үлес қосқанымды айтқым келгені ғой.

Дегенмен, Лапинның ұсынысының жасқы екенін бірден сездім деп мақтануым ақиқат болмас деймін, себебі ол кезде мені білім мен ойдан гөрі тебіреніс билеген еді. Жастық кездегі тебіреністің құдіреті осындай болады екен. Лапинге тілектес болғанмен, мүддесін жақтау, онымен бірге қызмет істеудің өзі оңайға түскен жоқ. Творчестволық міндеттер орындау үшін адамдарды өз ара үйлестіру ісінің қиын екенін осы Лапин арқылы білген сияқтымын. Лапинның бойында адамды бірден тартып тұратын әдептілік пен кішіпейілділік аз екенін, аузынан жүрекке жылы тиіп, көңілді аулайтын сөздер сирек шығатынын байқаған да шығарсыз. Мейлінше қызба, менмен, өз қара басының үлесін асыра айтуға бейім, қалжыңды онша түсіне қоймайтын Лапинның қатарластарымен үйлесіп, бірігіп, қызмет істеуі қиын болатын.

Сондықтан, институтта әсіресе институттан сырт шыққанда, оның өзіне де, өз ісіне де келтіретін зияны аз емес еді. Бірақ әділеттікті ескеріп, идеяның авторын кірістіріп істеуге өз қызметкерлеріміз көнсе де, өндіріс қызметкерлері Лапинмен бірге қызмет істеуге бас тартатын. Осының өзі ертең Лапинның жұмысы өндіріске кіре

бастаған кезде тіпті зиянды бола ма деп, Василий Гавриловичті өндіріс инженерлерімен үйлестіруге көп жігер жұмсағанмын.

Командировкалар, шаруашылық жұмыстар уақытымды көп алса да, қызметкерлермен бірте-бірте әңгімелесіп, таныса беруімді тоқтатпадым. Сол әңгімелерден менің есімде қалғаны онша көп емес, бірақ кейін қызметтес болғанда, өз ара мейірімділігіміз бір де бір кемімеген тағы бір ғылыми қызметкерлермен танысқанымды айтқым келіп отыр. Ол кәдімгі өзіңізге белгілі біздің институттың басшы ғалымдарының бірі — Иванидис Владимир Иванович.

... Бірінші қабаттың бұрыштағы кішкене бөлмесіне кірсем, органикалық химия лабораторияларының бәріне әдетті шыны «үйрек» шайқалып тұр екен, бөлмені үлкен лабораториялық стол түгел дерлік алған, ұлтрақтай бос орында орта бойлы, жұқалаң, қасқа кісі тұрғанын көрдім. Кіріп келгенімде, кісі жалт бұрылды да, үлкен қара көздерімен маған кірпігін бір де бір қақпай қарап, бүкіл ойын ізеттілік пен сыйлаушылық билеп тұрғандай ишарат білдірді.

Мен күліп жібере жаздадым. Қоңқақтау мұрнының астынан тікелей мұрты мені шаншып тастағысы келгендей үрпіе қалыпты. Иегінің астынан бері қарай шығып тұрған кеңірдегі менің келгенімді ұнатпағандай лоблып тұр. Бірақ жүзі жылы, мейірімді екен, мұрты бекер тікелейіпті, кеңірдегі лоблығын қойып, әрі қарай кетті. «Үйректің» ішіндегі сұйыққа малынған таяқша электр тоғымен қосылған екен. Сол таяқшадан көбіктеніп газ бөлініп тұр. Үстелдің үстін алған өлшеуіш құралдар газ бөлінуінің жеделдігі мен қасиеттерін өлшеп тұрған көрінеді. Владимир Иванович екеуіміз таяқшаның басынан газ бөлінуі табиғатын әңгімелеуге кірістік. Ол өз ойын қызықты, көрікті, жүйелі, түсінікті етіп айтып бере алады екен. Газ көбіктері ауаға ұшып, өз бойында көп құпиялар әкеліп жатқанын, сол құпиялар сырын неғылса да ашу керек екенін түсіндірді маған. Владимир Иванович Шәріп Уахитович Жеделбаевтың аспиранты екен.

— Сіз институттың жалғыз аспирантысыз. Жалғыз болуыңыз жаман емес-ау деймін. «Жалғызым да өзің, жалмауызым да өзің» деген сияқты, жалғыздың өзі жасырақ та болмаған екенін айтып тұрғаным,— деп күлдім мен, өйткені Иванидис менен бір-ақ жас кіші. Вла-

димир Иванович та, сөзіне қалжың араластырып, ғылымға деген сүйіспеншілігі тым кеш оянғанын айтты. Педагогикалық институтты бітірген ол көптен бері техникумда мұғалім болып жүр. Біздің институт ашылған соң, Шәріп Уахитовичпен танысыпты. Профессормен бірнеше әңгімелескеннен кейін, сол әңгімелердің ықпалымен әдебиет оқып, ізденіп, ақыры қалған өмірін Шәкеңнің жанында өткізбекке бел буыпты. Институтқа аспирант болып келуінің себебі осы екен.

— Енді Свифтің көк қиярға көзін тігіп, жылдап отыратын лапұталықтары сияқты мына ақ көбіктерді қарап, қозғалмай стол басында отырсыз. Сүйіспеншілік жасқа қарамайды деген осы. Кеш туған сүйіспеншіліктің өзі жасырақ кезде туған сүйіспеншіліктен беріктеу, мықтылау бола ма деп те ойлаймын. Және де жас шақтағы жеңіл-желпі сүйіспеншіліктен жемісі молырақ та болар,— деп қалжыңдадым мен.

— Мына сөздеріңіз көңілді көтеретін сөздер екен. Рақмат. Шамам келгенше айтқаныңыз дәл болатындай етіп қызмет істеймін,— деді маған Владимир Иванович.

Аспирант Иванидис осы комнатаға не үшін келіп, не істеп отырғанын жақсы білетін кісі екен. Оның жақсы ғылыми жұмыс істеп, ғылым кандидаты болатынына күмәнданғам жоқ. Қалжыңқойлығына, жайдарлығына қарағанда, көп оқыған, мәдениетті адам екені көрініп-ақ тұрды. Сондықтан, әңгіме аяғында ғылыми қызметке байланысы жоқ бір әңгімеге көшкім келді. Бұл тұрғыда басқа бір де бір қызметкерге тіс жарып көргем жоқ та.

— Владимир Иванович, сізге бір оқшаулау сұрақ берсем қайтеді? Өзіңіздің ғылыми басшыңыз жайында не айтар едіңіз? Ол кісіні сырттан ғана білуші едім, командировкасынан жуырда келетін болар. Ол туралы көбірек білсем деймін...

— Шәріп Уахитовичті сыйлаймын деп айту маған аз. Мен оны жақсы көремін. Ол кісіге аспирант болуым менің өмірімдегі қуаныштың бірі. Қазір жол шегіп жүргенінің себебі — өзі ұсынған әдісті біздің жанымыздағы химиялық кәсіпорынға іске асырмақ. Бұл әдіс қазір заводтағы технологияда қолданған өте зиянды бір элементті шығарып тастамақ. Обалы нешік, сол зиянды элемент, біз шығарып тастағанша, айналамыздағы жаратылысты бүлдіріп бітеміз деп тұр ғой. Бұл — ұстазымның он жылдан бергі еңбегінің жемісі. Заводта институттың

бірнеше адамы менің басшымның осы әдісін іске асыру үшін қызмет істеп жатқанын білетін де шығарсыз. Сізден бұрынғы директор. Меніңше, ол кісі жаман директор болған жоқ. Төменнен біз бәрін де біліп, әңгімелеп те қоямыз. Бірақ қызба, тез, іске салқынырақ қарай алмайды. Холод сияқтылар ұстазымның осы мінездерін мықтап пайдаланады.

— Холодтың қандай қатысы бар?

— Кешіріңіз, Мәжит Мұқанович. Бұл аспиранттың ісі емес, бірақ сіз сұрап тұрған соң айтайын. Холод біздің академикті өз ықпалына алып алған... Мұны жұрттың бәрі біледі...

— Қайтеміз, Владимир Иванович, үлкен ғалымдардың үлкен ерекшеліктері де болады. Бірақ ғалымның да ғалымдығы одан кемімейді. Сізге де келешекте академик болуды тілейік. Әлдебіреудің ықпалына түсіп қалсаңыз, оны қоғам сізге кешіреді... Сіз, мүмкін, басшыңыз ұсынған әдіс туралы айтып берерсіз,— дедім, бірінші кездесу үшін онша қажет те емес өсек-аяңға қарай ойысып бара жатқанымызды байқаған мен, әңгімені басқа тақырыпқа аудару үшін.

— Мәжит Мұқанович, мен сияқты қарт аспирантқа ғылым кандидаты болудың өзі арманның шегі емес пе? Және де директорым тұрғанда академик болуды аңсайтын ақымақ емеспін ғой... Оның үстіне ғылыми басшым да әлі академик емес...— деп жауап берді сөзге тоқтамайтын Владимир Иванович миығынан күліп. Әңгімеміз үлкен кісілердің сын-сыйпаты маңында болуының ұнамсыздығын сезінген Владимир Иванович та профессор Жеделбаевтың ұсынған әдісінің мәнін айтуға қуана көшті. Владимир Ивановичтің айтқандарының түпкі негізін бірден ұға алмадым. Дегенмен, әдістің мәні зор екеніне сенсем де, егжей-тегжейін жетік білу үшін әдейілеп дайындалуым керек екенін түсіндім.

Институт коллективімен сөйлесіп, танысып алу үшін көп уақытым кетті. Бірақ бұған өкінгем жоқ, өйткені сол әңгімелерден ұғынғаным көп болды. Қызмет қолдан келетін, қызметтес бола алатын адамдардың аз емес екеніне, талантты жастардың көп екеніне көзім жетті.

Сондай-ақ, кездейсоқ адамдардың бірен-саран емес екенін, бұлардан тез құтылмаса, іске кедергі келетінін де байқадым. Ең өкініштісі, қызметкерлердің көбі не істеп, не қоярын білмейтін дел-сал күйде екен.

Институттың жоспардағы тақырыптарын тексеріп

қарасам, Жантақ Бөкенович пен оның маңындағы қызметкерлер өз тақырыбымен айналыспаған сияқты. Мысалы, Бөкеновтың тақырыбы әлемдік мәселелерді шешетіндей кең аталыпты, ал қызметкерлері ұсақ-түйек тәжірибелермен айналысып жүреді екен. Химиялық кәсіпорындардың технологиясында күнбе-күн туатын кемшіліктерді жөндеуге арналған тәжірибелер онша ғылыми дайындықты тілемей-тіні, сонымен қатар ойдағыдай ғылыми нәтижелер де бермейтіні ақиқат екенін Жәкең, жобасы, білмесе де керек.

Ал Холод қызметкерлері тіпті оқулықтағы белгілі нәрселерді қайталап жатқанын көрдім. Мұндай тапсырма ғылыми тәжірибеге машықтану үшін берілген болар деп ойлаған мен Холодтың қызметкерлерімен сөйлесем, олар өз эксперименттерін не үшін істеп жатқанын да білмейді.

Оның үстіне, партбюроның секретарының орынбасары қызметін атқаратын Холод, өз лабораториясында аз болып, қызметкерлермен тым сирек сөйлесетінін аңғардым. Академик Хайловтың да тақырыбындағы зерттеу әдістері мені таң қалдырды. Оның қызметкерлерінің көбі, академиктің өз тапсырмасы бойынша, инженерлік есептеулермен айналысады екен. Бірақ сол есептерге арқау болған деректердің қалай, қайдан алынғанын тек академик өзі ғана білетін көрінеді. Қызметкерлерімен әңгімелесе келе, үлкен ұсыныс деп жүрген жұмыстарында түсініксіз, дүдәмал жерлер көп екенін байқадым. Дүдәмал жерлерін нұсқап түсіндіруді өтінсем, академиктің қызметкерлерінің кейбірі иығын қозғап қана қояды да, екіншілері бұл сауалдарға жауап беру үшін зерттеу жүргізу керек дегенді айтады.

Енді біреулері, академик әдісінің осындай зерттелмеген жерлері көп болса да, ұсынысын өндірісте іске асыратынына сенімді екенін ескерте келіп, түбінде көп еңбек пен мол қаржыны босқа кетіріп, сәтсіздікке ұшырамасақ жарар еді деген де пікірді айтып қалды. Михаил Исаковичтің көп адамдары Оңтүстік Оралдың бір комбинатында жартылай өндірістік тәжірибелер өткізу үшін құрал орнатуға екенін, бірақ сол құрал өте баяу орнатылып жатқанын, сондықтан сол қызметкерлер жай босқа жүргенін де маған көздетіп жатты. Сөйтіп, Хайловтың маңайындағы қызметкерлерінің бойында үлкен іске байланысты шабыт пен ынтаны байқай алмадым.

Институтта, менің байқауымша, дәлелді жоспар мен ойлы бағытта қызмет істеп жатқан тек Жеделбаевтың лабораториясы ма деп топшылады. Сонан соң бар

жауапты өзінің мойнына алып, шабыт-жігерін жұмсап қызмет істеп жатқан Лапин ғана. Коллективті басқарып отырған Хайлов, Бөкенов, Холод деген үш бұрыш бар екен, бірақ, бұл үш бұрыш институтты неге бастап, қайда апармақшы екенін өздері білмейтінін сезіндім. Бұл сезім маған қуаныш әкелген жоқ.

Сонымен, ардақты жазушы інім, қызметкерлермен әңгімелесуімнен көңілге қонымды қорытынды тумады. Олай болса, мен әкімшілік хұқы мол жас директор, қызметке жауапкершіліксіз, немқұрайлы қараушылыққа шыдамсыз болып тәрбиеленіп өскен жас ғылыми қызметкер емеспін бе... Ғылыми мекемедегі өзім сияқты көпшілікті топтастырып, коллективті жинап жіберіп, істеп жатқан ісіміз бен алдымызға қойған міндеттерге дайын болуымыз керек екенін дәлелдеп, осыған түсінгендерді қолдап, түсінбегендерді қызметтен босатып, жаңылысқандарды жөнге салып, институт кемесін жеңістер бағытына салып кеп жібермей ме екем? Қиыншылықтарды осындай қиялдағы оңай әдістермен жеңіл жеңу менің ойыма келмеді деп ойламаңыз. Институттың қызметін бірден жөндеп, бірден жемісті жолға салғым келіп, ізденгенімде, ең әуелі осыны ойладым.

Бірақ мен мұны істегем жоқ, істей де алмайтын едім. Тіршілік қиялдан туған елестерден гөрі ауырлау, күрделілеу екенін білетінмін. Кейбір біздің жазғыштарымыз елестететін жолға түсіп, тез жеңіске жетем десем, маңдай түгіл басымды жарып алатынымды, тіршіліктен бетімді қайтарып, өмірі бітпейтін жараға шалдығатынымды сезінетінмін.

Бір күні институттың ғылыми советінің бірінде зерттеу тақырыптарын талқылаған кезде, тақырыптардың өзін, институтымыз академиялық институт екенін ескеріп, іргелі ғылымдар бағытында тереңдеу жүргеніміз дұрыс қой, осы тұрғыдан алға қойған ғылыми мақсаттарымызды тағы да бір ойлылықпен тексеріп өткеніміз жөн емес пе деген тұспал айттым.

Осы тұспалды айтуым-ақ мұң екен, Михаил Исакович түрегелді де, Мәжит Мұқановичтың біздің кейбір кемшіліктер жөніндегі мазасыздануын мен түсінемін, бірақ менің ғылыми тәжірибем бойынша («менің тәжірибем» дегенді ол нықтаңқырап айтты), жас институт деген мұндай кемшіліктерсіз өспейтінін білем, демек, өзінің, яки академик Хайловтың, арқасында металды кеннен тікелей алу жөніндегі үлкен тақырыпты көтеріп жатқанымыз белгілі емес пе, осының өзі институттың тез өсіп келе жатқанын сипат-

тамай ма деді. Академиктің бұл пікірін Бөкенов пен Холод бірден қолдай қалды. Мұның өзі ғылым кандидаты қанша директор болса да, институттың ғылыми саясатын, ғылыми бағытын жүйелей алмайды деп түсіндірген тойтарыс еді.

Мен мұны түсіндім. Хайлов айтып, Бөкенов пен Холод қолдаған пікірге ешбір деректі негіз болмаса да, сол арада олармен қарсыласып айтысуды ретті деп таппағам да, себебі мені істің барысын шын мәнінде түсіндіріп қолдайтын тәжірибелі мамандар советте жоқ та. Советтің өзі негізінен жаңа келген жас мамандардан тұратын.

Сонда да институттың тез өсіп қалыптасуына жағдай туғызарлықтай әрекеттер жасауға тиісті едік. Ендігі көкей кесті ойым осы болды. Жағдайды бірден өзгертерліктей талай қиялдар басымда еді. Бірақ салқынырақ ойлап келгенде, сол қиялдардың жастық пен қызбалыққа байланысты екеніне, шындап келсе, түкке тұрмайтынына көзім жететін. Дағдарып, не істерімді білмей де қалған кезім болды. Мұның өзін түсінуге де болатын. Атақты профессор, академик Дьячковтың кафедрасында, тамаша ұстаздың қанаты астында ешбір тартыс-айқас дегенді білмей өстім ғой. Ол кезде мен тек өзімнің еріншектігіммен ғана күрескенмін. Шартараптан қосылып, мінез-құлықтары өзара үйлесіп үлгермеген адамдарды коллектив етіп, іске жұмылдыру үшін жоғарғы жақтың мықты қолдануын пайдалана алмағанымын өзі, сірә, дайындығымның аздығынан болды. Іске ойланып, асықпай кірісудің орнына шыдамсыздық білдірдім. Бұл, шынын айтса, жауапты ғылыми лауазым алдындағы міндеттерді игерердей деңгейде болмауыма байланысты екен. Негізгі қиыншылық осы еді.

Ардақты жазушы інім, мен не істерімді білмей дағдарып, дел-сал болдым дедім ғой. Бірақ мен сізге шындықты әлі де толығынан айтып отырғам жоқ. Адам деген қызық қой. Жаңа ғана мен сізге қалжың-күлкі араластырып, институттың адамдарымен танысып, Хайловтың өз ғылыми ұмтылыстарына риза болғандықтан, кемшіліктерін уақ-түйек деп ұғып, кешіргенімді айтып, сонда да институттағы істің барысы онша емес екеніне көзім жеткенін баяндап едім ғой.

Осының бәрін айтқан сайын, әңгімемнің байсалды ырғағын бұзып, өзімді кінәлай бастағанымды да байқаған боларсыз. Өйткені сол кездегі қателерім есіме түссе, әлі күнге бетім қызарып, ызам келеді. Институтқа қызметке келгенде, нұсқаушы жоғары орындардың қолдауын әбден

сезініп, президенттің адамды қанаттандырулықтай жолдама ақылдарын тыңдап келдім ғой. Қызметке республикамыздың белгілі ғалымы, президиумның бас ғылыми секретары әкеліп орнықтырып, жергілікті басшы мекемелерге таныстырып кеткен-ді. Академияның президиумы мені жергілікті басшы орындарының ойдағыдай қарсы алуына бар жағдай жасаған-ды.

Осыған орай жергілікті орындар да мені өте жылы қабылдап еді. Келе сала, менің фамилиям жергілікті басшылық сайлау мекемелерінің тізімінде шыға келді. Мақамымды әсерлі етуге тырысқан даусым радиода естіліп, мардамсыған жүзім телевизорда да бірнеше рет көрініп қалды. Осылардан барып бәрі де жақсы, бәрі де тамаша деген елес туды.

Сол жалған елеске ерген күйімде, институттағы қызмет барысымен танысып болмай жатып, облыстық актив алдында, басқа жиналыстарда, радио мен теледидар арқылы институттың істеп жатқан істері мен болашағы туралы лепірме пікірлер айтып, қолдан келмейтін міндеттерді алып алдым. Хайловтың іс-әрекеттерін дәріптеп те үлгердім. Академияның президиумына барып, жұмыс ойдағыдай жүріп жатыр деп, бәсіңкірей сөйлеп, баяндап та қайттым. Президент осыларымның бәрін тыңдады да, мақтау күткен маған бір де бір сөз айтпады. Белін сәл тыржытыңқырап отырып тыңдады ма деп те қалдым. Әлде маған солай болып көрінді ме. Сонан соң сәл түнеріңкіреп отырды да, қызметімді әрі қарай істей беруімді, әр нәрсенің егжей-тегжейіне тереңірек үңіле түсуімді өтінді.

Жоғарыда, ардақты жазушы інім, институттың ісімен толық егжей-тегжейлі танысу үшін әрбір қызметкермен сөйлесуге, академик Хайлов іс жағдайы жөнінде көңілге қонымды мәлімет бере алмаған соң, мәжбүр болдым деп едім ғой. Институтта қызмет істей бастаған кезім есіме түскенде, ылғи осылай ойлайтынмын.

Бірақ қазір институт қызметкерлерінің бәрімен бір-бірлеп сөйлесуге тек Хайлов мәжбүр етті дегенге дүдәмалданыңқырап жүрмін. Осыған мені Президенттің түнере үнсіз тыңдағаны мәжбүр етті ме деп ойлаймын. Өйткені сол жолы менің елес жетістіктерімді ақсақал мақұлдамағанына риза болмай шықсам да, соның өзін қарт кісі, қызмет аяғында, шаршап отырғанда қабылдағанына артқым келген еді. Ал, Хайловпен бірінші әңгімем

менің қызмет істеудегі бағытыма ықпал жасады деуімнің өзі, сол Хайловтың кім екендігін, қандай адам екендігін бірден түсінгенбегендігім үшін өзіме-өзім ренжуімнен туған шығар деп те ойлаймын. Өйткені бірнеше ай өтіп, институт ісінің барысы нашар екеніне көзім жетіп, алдын ала лепіруімнің артық екенін білгенімде, Президенттің сол үндемеуінде терең астар жатқанын бір-ақ сезіндім. Кейін байқасам, жаңа құралған институт жөнінде Хайловтың менен бұрын айтқандарын қайталап қана жүр екем. Енді ғой, бұрынғы айтқан сөздерден қайтып, институттың шынайы жағдайын баяндауға көшетін болсам, жас директор, үлкен ғалымның беделі мен атағын көре алмай, қызғаныш білдіріп, айтқандарын жалғанға шығармақ деген лақапқа қалатын болдым...

Сонымен, шын жағдайдың өзі мені шабыттандырған елестерден алшақ жатқанын, алдымдағы міндеттер сол елестердегідей оңай шешілмейтінін, оларды атқару үшін жалған қиялдарға салынбай, әрбір адымымды ойланып басып, әрбір әрекетті істің егжей-тегжейіне жетпей жасамауым керектігін түсіне бастадым. Ол ол ма, ғылыми мекемені басқару үшін дайындығы менен әлдеқалай күшті адам керек екеніне, мұндай үлкен лауазымды арқалап қызмет істеуге әлім де келмейтініне, тіпті хақым да жоқтығына көзім жеткендей болды.

Сол кездегі күй-жайым есіме түскенде, күлкім де келеді. Демек, қазір күлкім келсе де, ол кезде күлерліктей жағдай жоқ та. Ақылсыздығым мен жеңілтектігіме көзім жеткені маған оңайға түскен жоқ та. Өз кемшіліктерімді сезініп, өзімді-өзім мейлінше кінәлап бақтым.

Бірақ бір қызығы, ардақты жазушы інім, сол кезде маған сенген жоғары орындар мен адамдардың сенімін ақтамадым деп кінәлап жүрмеппін (адалына келсе, ең әуелі өзімді өзім осы үшін кінәлауым керек еді ғой). Жоқ, менің ұялып ренжіп жүргенім, мақтанып, мардамсуға ойысымпаз қиялымдағыдай, ер жігіт болмай шыққаным екен. Сол кездегі жай-күйімді талдап байқасам, жұрттың көбінің қара басындағы драма әркімнің ісі мен әрекеті қиялындағыдай болып шықпағанынан туа ма деп ойлаймын.

Амал нешік, жадымыз бен қиялымызда, өзімізді өзіміз мәпелеп, ерке-шолжақай етіп, дүниеде сол еркеден басқа адам жоқтай күпсініп, бір алдамшы елеске еретін кезіміз де болатын түрі бар. Мен де сол есірік еркенің соңына ерем деп, директорлық қызметтен босануым керек деген

қорытындыға келдім. Бұл қорытындыға ойланбай, әлдеқалай кенеттен келдім дей алмаймын. Басымда істі шұғыл жөндеуге арналған шаралардың көптеген түрлері туып жатты. Бірақ лепірме көңіл саябырлап, салқын ақылмен саралап келгенімде, сол шаралардың түкке тұрмайтынын сезініп отырдым. Қиыншылықтарды бірте-бірте азайтатын, көп қызмет пен табандылық тілейтін шараларды ойласам да, оларды қорқақтап маңайыма жолатқым келмеді.

Өйткені ондай іске шамам келмейді деп, алдын ала үкімімді айтып қойғанмын да. Өз осалдығыма әбден сеніп алған мен, бір күні отырдым да, президенттің атына қызметтен босатуды өтініп хат жаздым. Ең қызығы, осы өтініш жазардан бұрын тұйықталып, ешкіммен сөйлеспей, арасында ішкілікке салынып та қойып, айналамдағы адамдармен бос нәрсеге ренжісіп қалуға айналғам. Соның бәрін Холод жиып теріп жүргенін білсем де, өзімді-өзім тоқтата алмай, қытымырлана, қазымырлана бергем. Бәрін бір күні өзі айтар деп сенген сіздің жеңгеңіз, еш нәрсені байқамағандай үндемейтін. Інімнің үйінде тұратын анам, біздің үйге келген сайын, не інімнің үйіне барғанымда, жүзімдегі ұнамсыз бір шалғайлықты байқап, мұңайып қалатын. Ал өтінішімді жазып берген соң-ақ, көңліме бір жеңілдік пайда болды да, өз міндеттеріме, тіпті ойымнан кетпейтін ғылыми қызметіме де, немқұрайлы қарап, дүниенің бәрі түкке тұрмайтындай, қамсыз жайдарылыққа көштім. Ғылымдағы жетістіктер жөнінде, даңқ жөнінде аңсаған армандарым қайда кеткенін де білмей қалдым. Институттағы жұмыстардың маған сәйкестігі жоқ сияқты күйге ұшырадым. Күнделікті қағаздарға қолды қоя салып, әңгімелесуге кісі таба алмай жүрген Бөкеновпен біраз уақыт мылжындасып, қыдырып кетіп қалатын болдым. Шалқақ маңдайының үстінен ақ шашын тікелейте қырыққан осы бір қапсағай денелі қарт, өзінің білімі молдығына сенімді болатын.

Сондықтан, дүниенің әр қилы құбылыстары жөнінде терең пікір айтам деп ойлайтын әдетімен, қалтасынан үлкен қол орамалын шығарып, зеңбірек атқандай, қатты сінбіру үшін жаратылған сияқты үлкен мұрнын ұстап, әңгіме бастайтын да, директордың алдында отыру институттың парторгы және лаборатория жетекшісінің негізгі міндеті болғандай, жоқтан өзгені езігілеп алдымда қозғалмай отырып алатын. Менің дегбірсізденгеніме ешбір көңіл аудармайтын. Ең қызығы, бұрынғыдай шыдамсыздық

білдірмей, өзі сияқты мылжындасып отыра бергеніме, ақсақал қуанатын болды. Жас неме, үлкеннің адамгершілігін танып, тәрбиеге көніп, ақыры дұрыс басшы бола бастады деп ойлады-ау деймін. Хайловқа да ұнай бастадым.

Өйткені орынбасарыма мазасын кетіретін сауалдар қоюдың орнына, қызмет машинасына мініп алып, ешбір мақсатсыз дала мен қала сыртын аралап кететін болдым. Ойымда тек өтінішіме жауап күту. Біздің елде жұмыссыз адам жоқтығын еске алып, болашақ қызметімді ойлауды да қойдым.

Бірақ өтінішіме жауап келмеді. Хатымның жағдайын білу үшін, президиумға болмашы бір мәселелерді сылтауратып телефон соқсам, ешқайсысы менің өтінішім туралы білмейтін сияқты. Президенттің өзіміздің елде ме, шет елде ме, әйтеуір бір алыстағы командировкада жүргенін білетінмін. Бірақ менің есебім бойынша, өтінішімді командировкаға кеткенше алып үлгеруге тиісті еді.

Амал нешік, күттім. Бір айдан асты-ау деймін, ақыры телеграмма келді. Қарасам, менің келуімді бұйрық етіп президент өзі қол қойыпты. Алдымда үлкен әңгіме күтіп тұрғанын сезіндім. Ғылыми мекеменің директорын орнына қою, алып тастау мәселесі оңай шешіле қояды деп ойлау ойсыздық екенін түсіндім. Ақсақалдың қалың қасы астынан шұқшия қараған үлкен көздерін елестеткен кезімде, әлдебірдемені ұрлап, қолға түскен баладай бүрістім; жайдарылығым мен көңілділігім бір жаққа қашып кетті. Жолда келе жатқанымда, президенттің қабылдауын күтіп тұрғанымда айтатын сөздерімді мың саққа салып ойлап көріп едім, ең дұрысы, шамамның бұл қызметке келмейтінін дәлелдеп, сондықтан президентті де, академияны да ұятқа қалдырмас үшін өтініш бердім деп, шынын айту деп тапқам. Сөздерімді ықшамдап қысқа сөйлеп, Президент не десе де пікірімді өзгертпей, отырып алам деп түйгем.

Президентке қалай қарарымды білмей, жүзімді жүзіне тоқтата алмай, едендегі кілемге сүзіле кірдім. Көздерімді сәл жоғарылатып едім, ақсақал ерніне жаңа ғана насыбай салса керек, алақанын сілкіп жатыр екен. Ұзын әсем саусақтары салаланып қайқия қалыпты. Отырысында ешбір ұнамсыз ерекшелік байқалмаған соң, көзімді көтердім. Бір қызығы не отырысында, не жүзінде маған деген ренішті таба алмадым. Ол орнынан қозғалып, ауырлау көтерілді де, жылы жүзбен күлімсірей қол берді.

Асықпай қайтадан отырып, бұрынғы әдетінше, үй іші, келін, анам, балалар туралы сұрастыра бастады. Бұл кісіге өтінішім жетпеген ғой деп ойладым. Алайда ойым бекер болып шықты.

— Ал, Мәжеке, мен сіздің өтінішіңізді алдым,— деді ол.— Алдым да, мына столға тығып қойдым. Өтінішіңіз мінекей. Шынын айтайын, өтінішіңіз мені ренжітті. Орныңызға жаңа директор іздеп мазасынданам деп сескенгем жоқ... Сіз сол арадағы жұмыстың берекесін кетіргендіктен, соны қайтадан тәртіпке келтіру қиын болады деп те ренжігем жоқ... Мені ренжіткен басқа... Қадрдың бірі келіп, бірі кетіп жатады, біреу дүние салады дегендей... Сіз менің ойымдағыдай болмай басқа адам болып шыққаныңызға, сіздің достарыңыздың, жақындарыңыздың мақтау сипаттамасын ақтамағаныңызға кейідім... Ұнатып қалған адамың ойдағыдай болмай шыққаны жаман екен... Адамның адамгершілігін бағалаудан қателесуден үлкен қате жоқ...— Ақсақал күрсініп қойып біраз отырды. «Өзімді бағалаудан, басқаларды да бағалаудан мен де қателестім. Бар қиыншылық осыдан болып отыр»,— деп айтқым келіп еді, ол кісі менің сөйлегенімді ұнатпағандай ишарат білдірді. Соған соң, үндегем жоқ.— Мен үшін ең ауыры, жастардың бірінші қиындық кездескенде мойып, беті қайтып қалатыны. Не боп қалды, кәне, айтып беріңізші?

Ақсақалға қарасам, жүзінен бағанағы жайдарылығы кетіп қалыпты. Алдымда, мен сияқты тек реніш пен өкініш әкелетін шала-жансар, нашар, ақылы аз немелерді адам етем деп шаршаған қарт кісі отыр. Шынын айтсам, менің тағдырым бұл кісіге осындай ауырпалық болатынын білмеген едім. Көптеген істер басында менің ісім де әлдеқалай шешіле салатын іс деп ойлағам да. Алдымда айтқан бұйрықтарын асықпай, саябыр сабырлықпен орындатып, үлкен ғылыми істерді бұрынғыдан да дұрыс, бұрынғыдан да жедел жүргізу жөнінде жөн сілтеп, болмашы тебіреністер бойын билейтін үлкен басшы емес, үлкен ұлы өзі арман еткеніндей болмай өсіп келе жатқанына ренжіген тап менің әкем отырған сияқты болды.

Сырттан дайындап келген сөздерімнің айтылар түрі жоқ. Мен сияқты жеңілтек, бассыздардың бар кемшіліктерін, бар қателерін өз мойнына алып, өзі көтеріп отырған ақсақалдың халін түсіне бастаған мен, ұялғаннан төмен қарап отыра бердім. Президент те үндемеді. Үнсіздік

ұзаққа созылды ма деймін, бір заманда (бойымды Алжыған атам мен Жәкітай ағам бірден билеп үлгерсе керек, солардың жебелеуімен) басымды көтердім де, Президентке қарап, шамам келгенше бар сабырлылығымды жинап:

— Сіз осы қағазды маған қайтарып берер ме едіңіз,— дедім.

— Әлбетте, алыңыз...

— Жыртып тастауға рұқсат етесіз бе?

— Жыртыңыз... Болды ма? Айтатыныңыз жоқ па?

— Айтатыным бар, көп... Бірақ ол айтатыным осы күнге дейін сізге де, басқаларға да айтқанымдай емес... Бұл жолы бұрынғымның бәрі жалған екенін айтқым келеді. Менің іс-әрекетімнің ең жаман жері де сол ғой...

— Айтыңыз онда...

Мен жоғарыда сізге жазғанымның бәрін, ардақты жазушы інім, Президентке айтып бердім. Ұзақ сөйледім-ау деймін, сонда да Президент бірде-бір сөзімді бөлген жоқ. Айтқанымды бітіре алмай, былай дедім:

— Осылардың бәрін маған сіз, мені қызметке жіберерде, мұқият ескерткен едіңіз. Сол ескертпенізді енді ғана түсініп отырмын ғой. Кейін келіп, лепіріп баяндама жасағанымда, сіз үндемеп едіңіз. Мен соны сол кезде түсінбеппін.— Ақсақал мені, жүзін өзгертпей, қабағын түсіріңкірей отырып, тыңдады. Көрегендігін атап өткенімде де түсін өзгертпеді. Мақтап өту үшін, жарамсақтану үшін айтпағанымды білді. Сөзімді аяқтадым. Үнсіз біраз ойланып отырды да, ақыры ол былай деді:

— Жігітім, іс-жағдайыңыз онша емес екен. Бірақ бұл арада ең қуанышты жай сол істеріңіздің онша еместігін мықтап түсінгеніңіз. Иә, қуаныштысы сол. Оның үстіне, маған ұнаған жері, сіздің өз кінәңізді өзіңіз арқалап, соны ешкімге артқыңыз келмегені. Бірақ мұндай жағдайда табанды, қайсар адамдар өз қатесін де өзі жөн-деуге тырысады. Шын ерліктің өзі де тек қатені мойынға алу емес, соны мұқит түзетуде ғой... Осал адамдардың, қатесін мойнына алса да, кемшілікті басқалар түзетсін деп, өзі жалт беретін әдеті болады. Бұл — қорқақ деп ойлап қалып едім. Сол өтінішіңіз бірден менің қолыма түскені дұрыс болды. Ешкімге көрсетпей сақтадым. Сіз маған шыдамсыздық туралы айттыңыз... Шыдамсыздық деген, әрине, дұрыс мінез, егер адамның бойына қайрат-жігер беріп тұратын болса... Егер шалағайлыққа жетектемейтін болса... Бірақ біздің жастардың бойында осыған байланысты

бір қолайсыз қасиетті байқаймын. Жігіттердің көбі ұзақ толғануды ұзын сонар қимылды тілейтін міндет-мақсаттардан аулақ болу деп түсінеді... Кейбір жастардың: көшпелі өмір өткенін, күнделікті тамағы тоқ болуын ғана ойлап, ертеңгіні алла тағаланың өзі береді деген заман қайтпасқа кеткенін, көптеген ғалымдар мен инженерлер тек бүгінгіні ғана емес, алыс болашақты болжап, есептейтін заман туғанын, бұл үшін шыдамды болу керек екенін, көп білу керек екенін ескермеуі ренжітеді. Егер кеше далада көшіп босып жүрген халықтың балалары, біз, бүгін бүкіл мемлекеттің болашағын ойлардай дәрежеге жетіп отырсақ, бұған мейлінше қуануымыз керек қой. Бойымыздағы тек күнделікті, тек бүгінгіні ойлап, ертеңгіні жаратушыға тапсыратын әдет-дәстүрлерді бірден құртуға кірісуге тиісті емеспіз бе? Шыдамсыздық дегенде мен осындайды еске алып, осыған ренжимін. Ал ғылымда тіпті дайын коллективтердің өзі үлкен мәселелерді бірден шеше алмайды. Әр ғылыми іс асықпай, сабыр жинап, ойлана, түбегейлі зер сала істеуді талап етеді. Сізге мен әбден белгілі нәрселерді айтып та отырған шығармын, алайда жастардың көбі, осы ақиқатты іс жүзінде дұрыс түсінбегендіктен қайталап ежіктей түсуге тура келеді. Міне, Мәжеке, сіздің де қателеріңіздің түбегейлі себебі осыдан ба деп топшылаймын...

Ақсақал менің айтқандарымның бәрін талдап, әрбір жағдайға байланысты ақыл айтты да, сөзін былай деп аяқтады:

— Біз сізді қашан да қолдап отырамыз. Бірақ қызметіңізді дұрыс істесеңіз ғана... Жергілікті жердің жағдайымен есептесіп отыра алсаңыз ғана қолдай аламыз. Бәрі де өзіңізге байланысты. Хайловтың даңғаза лепірме сөздеріне қосылып кеткеніңіз ренішті екен. Көп істеп, аз айтып, кішіпейіл болу керек. «Бетегеден биік, жусаннан аласа» демейміз бе... Істің біткеніне көз жеткенде ғана әңгіме ету керек. Бәрі істен басталады — деген қағида бар ғой.

...Михаил Исакович, директордың ғылым жөніндегі орынбасары қызметі өзінің негізгі ғылыми зерттеулерін ойдағыдай жедел жүргізуге кедергі болып жүр деп, қайта-қайта ескерткенін сізге, ардақты жазушы інім, айтқан сияқты едім. Бір күні мен ол кісіге өтініш жазыңыз, Президиумның алдына сізді басшылық қызметтен босат — деген ұсыныс жасайық дедім. Михаил Исакович бозара қалса да, қуанған сияқты ишарат білдірді. Бірақ қағазын

столым үстінде ертеңіне де, бүрсігүні де көре алмадым. Өтініш бермесе де, бір жақсы жері, орынбасарлық міндет ғылыми қызметіне кедергі келтіріп жүр деп айтуын қойды. Академиктің осы құбылысын айтқанымда Президент шын көңілімен күлгендегі әдетінше, маңдайына дейін қызарып бүкіл денесін солқылдатып шек-сілесі қатып күлді.

— Марқұм Петр Иванович Ванин тамаша кісі еді ғой. Елімізде ғылыми ұйымдастыру жұмысындағы ең үлкен қайраткердің бірі еді. Бізге көрсеткен көмегі қандай көп еді десеңізші... Бірақ маған осы Хайловты қалай ұсынып қалғанын білмедім...— Сонан соң, біраз отырды да, маған қарап, қабағын түйе қалды. Қабағын түйе қалған себебі, ақырғы сөздерді айта бастағанда, тым зер сала тыңдамақ болып, бетімді бұрдым-ау деймін. Ақсақал біздің академияда Хайловтың пайда болу тарихы жөніндегі мәліметтерді білгім келгенін ұнатпағанын осылай сездірді де, сөзін жалғастырды.— Иә, иә, академик Ванин ең мықты, ең ер адамдардың бірі еді. Бірақ жігітім, үлкен адамдардың осалдығы да үлкен болады... Сондықтан, мен ол кісіні кінәлап айтып отырғам жоқ, өзімді кінәлап айтып отырмын...— Осыдан кейін тағы да біраз үндемей отырды да, бұрынғы жайдарылығына қайтадан салынып, әрі сөйледі.— Қазіргі жағдайда сізге Хайловпен недәуір уақыт бірге қызмет істеуге тура келеді. Ісіңізді жалғыз академикті орнынан алудан бастағаныңыз ретті бола қоймас. Және де академиктің жүріс-тұрысы, істеген ісі дұрыс емес деп дәлелдеуге жігеріңіз бен уақытыңызды жұмсау қажет болмас. Ол кісіге ғылыми атақ пен лауазымдарды сіз берген жоқсыз ғой... Оның үстіне, өзі туралы біраз айғайлап алған оған жергіліктілер әлі сенетін де шығар. Егер коллективті үлкен істерге, айтарлықтай ғылыми жетістіктерге бастай алсаңыз, өз ғылыми қызметіңізді мықтап, терең жүргізе алатыныңызды көрсетсеңіз, уақытша жабысып іске кедергі келтіретіндер өзінен-өзі бір күндері кепкен қабыршақтай бөлініп, түсіп қалады. Біреулер өсек-аяң жүргізіп, қулық жасайтын болса, қарсы қулық, қарсы өсек-аяң жүргізуді іздестірмеу керек. Тек алға қойған мақсатты болжап, жұмыс істей беру қажет. Бірақ тағы да айтам, осының бәріне табандылық, қайсарлық, жігер, қайрат керек. Жүйріктерді алысқа бәйгеге салғанда бірден ышқынып, алға түсіп кететіндерге қоймай, әуелі кібіртіктеп алатындарға қоятынын білесіз бе? Бірден ыршып, шошаңдап көзге түсе қалудан сақ болу керек...

Күн кеш еді. Әңгімеміз созылып кетсе керек. Академияның үлкен үйінде президент, мен, президенттің секретары-ақ қалды-ау деймін. Ақсақалға үйінен телефон соғып жатты, қазір-қазір келем, дегеніне қанша уақыт өтіп кетті. «Сөз сүйектен өтеді» деген халықтың қағидасын осы президентпен отырған әрі ұзақ, әрі қысқа уақытта түсіндім. Әрбір сөзі сүйекке тиген сайын, ышқынып қалып отырып, осы жолдан кері қайту жоқ екенін, осындай тамаша кісінің, маған деген мейірімі мол, басқа адамдардың үмітін ақтау үшін бар жігерімді, бар қайратымды жұмсауым керек екенін, ендігәрі ешқашан осындай сүйектен өтетін сөздерді естімеу үшін, не істесем де, ойланып, ақылдасып істеуім керек екенін түсіндім. Президенттен осы оймен шықтым. Академияның үйінің тұсында бұрынғы ұзақ амандасу әдетін ұмытпаған бір ақсақалмен кездесе қалдым. Оның амандық, саулық жөніндегі қойған сауалдарына жауап беріп, біраз кідіріп қалсам керек, соңымды ала шыққан президентті көрдім. Кең жауырыны құныстанып, денесін ауыр қозғап, аяғын әзер басып, «Зим» машинасына келе жатыр екен. Күнге шағылыстыра жоғары ұстайтын жайдары жүзі, шалқайған сайын кеңейе түсетін жазық кеудесі, адам қызығарлықтай әсем жүрісі қайда кеткен деп ойладым. Ақсақалдың бүгінгі күні осылай әбден шаршап, жалыққан кәрі шал бола қоюына менің де үлесім қосылғанын сезіне қалдым. Президенттің бір сәтте осындай бүкеңдеген қартқа айнала қалғанын көргенімде, шынашағына тұрмайтын мен сияқты жұмыр басты пенделердің қамын жеудің нәтижесі осы екен ғой деген ойдан жүрегім тұсынан әлдебір нәрсе шаншып-шаншып кетті.

Ардақты жазушы інім, ұзақ іске бар шыдамым мен табандылығымды жинап, институттың ісіне жаңадан кіріскенімді сізге түгендеп айтып беруімнің қажеті бар ма? Соның қажеті жоқ сияқты. Бәрін айтатын болсам, бірде қуантып, бірде ренжіткен жағдайлар мен оқиғаларды тізбектей беретін түрім бар. Мен ғой әлі күнге өзімнің ғылыми ұмтылыстарым жөнінде сізге бір де бір әңгімелегем жоқ. «Алысам деп жауменен ақын бола алмадым, ақындық жолын қуам деп, күрескер бола алмадым»,— деп үлкен ақын айтқан сияқты, мен де институтқа басшы болам деп, бар жігер, қайратымды соған жұмсап жүрсем де, ішіме ұялаған ғылыми қызметке ойысушылық, ұрпаққа атың қалатын істер тек ғылым арқылы болмақ деген ой сыбырлап тұрды ма деп ойлаймын. Сондықтан, күнделікті

абыр-сабыр істер қанша уақыт алса да, сол анадағы Орал заводында туған ойлар ойымнан кетпей, тынышымды алуын қоймады. Дегенмен, негізгі міндетім, институттағы істердің жалпы барысын жөнге қою болды. Енді мен осы жөнінде аз да болса, әңгімелемей өте алмаймын-ау деймін.

«Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала» деп үйреткен ата-бабама ренжісем де, жақынырақ мақсаттар баурап, жетелеп алып кетіп отырды. Алыстағыны ойла, болашақты ойла деп Президенттің айтқанын қанша есіме алсам да, болашақтың асқақтығы мен үлкендігіне қанша сенсем де, жақсылықты ұзақ күту керектігіне ренжіп-ақ жүрдім. Мысалы, институттың жақсы үйі болуын арман еттік. Бұл үй болуы, әрине, ақиқат. Бірақ жуықта болар емес. Ол үйдің жобасын жасаудың өзі жаңа басталып жатыр. Жоба біткен соң, оны бекіту керек. Сонан кейін ғана құрылысқа ақша бөлінеді. Ал құрылыстың өзі бір жылда біте қоймайды. Олай болса, лаборатория болуға ешбір лайықсыз кішкентай үйшіктерде қызмет істеп, өсіп қалыптасуымыз керек. Адам өзін-өзі алдауға қандай бейім... Кең лаборатория залдары бар, техникалық бөлімдері бар, үлкен жаңа үй-жайға ғылымға да, экспериментке де машықтанып, мейлінше қалыптасқан ғылыми мекеме болып алып, кіргеніміз дұрыс қой деген ой келіп қалды... Ол үшін осы таршылықта біраз қызмет істеп бейнеттену керек.

Бірақ көңіл жұбанар себептер табылуы қиын жағдайлар да болады екен. Мысалы, кадрды аспирантура арқылы кеңінен дайындау керектігін алайық. Институтта тек академик Хайлов пен ғылым докторы Жеделбаевтың ғана аспирант ұстауға хақы бар. Ол екеуі дайындаған адамдар, әрине, жеткіліксіз болады.

Сондықтан, кадрларды сыртта дайындауға тура келеді. Мұның өзі жастардың ең қабілеттісін, ең қажырлысын басқа жаққа жіберіп, үш жылдан кейін өздерін дайындаған мекемелердің күйін күйлеп, сөзін сөйлейтін ғылыми қызметкерлерді қайтып алу болып табылады. Бұлай құралған ғылыми коллективте үйлесім болмайды. Олай болса, кадрларды негізінен өз мүмкіншілігімізді пайдаланып, өзімізде дайындау қажет. Тым құрығанда, үлкен ғалымдармен сөйлесіп, бізге керекті кадрларды біздің тақырыпқа бейімдеп дайындауды өтінуіміз қажет. Осы пікірлерімді Михаил Исаковичке айтып, одан ақыл сұрап көрдім.

— Мәжит Мұқанович, сіз не десеңіз мен соның бәрін

істеймін,— деді Хайлов, сол сәтте академик болудан гөрі менің орынбасарыма ұқсай қалып.

— Михаил Исакович, мен сізге не деуші едім, екеуміз ақылдасып бір түйінге келсек, соны айтам да. Сіз өз салаңызға кадрларды жеделдеп кеңінен дайындауыңыз қажет. Қабілеті бар жастардың біразын аспирантураға қазірден алыңыз. Президиум бұл жөнінен бізге шек қойып отырған жоқ қой. Сонан соң, өз салаңыздағы таныс-біліс ғалымдардың біразын ғылыми мүддемізден шықпайтын тақырыптарда аспирант дайындау жөнінде үгіттеп көріңіз,— дедім мен. Академиктің көзіне қарасам, ар жағында менің айтқаныма көңіл бөліп отырғанын байқай алмадым.— Сонымен, сіз не дейсіз, Михаил Исакович?— деп жалғастырдым мен, академик бір тынымды тыңғылықты пікір айтар деген үмітімді үзбей.

— Мәжит Мұқанович, шәкірт болам деген адамдарды мен қумаймын деп сізге айтып едім ғой. Өтініштерін берсін, келсін маған.

— Әлі атақ алмаған, ісімен әйгілі болмаған біздің институтқа сырттан ізденіп жастар келе қоймайтынын білесіз ғой,— дедім Михаил Исаковичке.— Сондықтан, өзіміздің жастардың ішінен қабілеттісін таңдап алып, босаған орынға жас мамандар алмай ма екенсіз? Мұның өзі бізге пайдалы ғой. Ертең сол жастардың қалай өскенін де байқамай қаламыз.

— Мәжит Мұқанович, мен сізді түсініп отырмын. Бірақ менің істеп жүрген ғылыми тақырыбымда, сонан соң жартылай өндірістік тәжірибелерімде мазасыздықтың көптігі сондай, сол қабілетті жастарды іріктеп жатуға уақытым жоқ.

— Жарайды, онда, бұл міндетті мен өзіме алайын. Ал мына қабілеті бар жастарды басқа мекемелерге жіберу жөнінде не ойлайсыз?

— Мәжит Мұқанович, бар адамымызды басқа мекемелерге таратып, істеліп жатқан тақырыбымыздың барысына қауіп туғызуына мен қарсымын.— Михаил Исаковичтің көздеріне қарасам, ойсыз күйінен айырыла қалыпты, даусы бастапқы жұмсақтықты қойып, қатая түскен көрінеді. Мұның өзі орынбасар болуын қоя тұрып, енді академиктікке көшкенін дәлелдеген сияқты.

— Михаил Исакович, болашақ істерге кадрлар дайындау керек қой.

— Сырттан шақыру керек.

— Қайдан шақырамыз. Қазір елімізде ғылыми мекемелердің өсуі сондай, қай жерде болса да, кадрлар жетпей жатыр ғой.

— Пәтер болса, жағдай жасалса, келеді...

Академиктің не айтып отырғанын мен түсіндім. Ғылыми мекемеге бірінші басшы болып қойылған ғылым кандидаты қызметкерлерге негізінен жағдай жасаумен айналысуы керек. Ғылыми мәселелер академиктің қолында болуға тиіс. Міне, Михаил Исакович осыны айтып отырды. Егер Михаил Исаковичтің іс-әрекетінен институттың ғылыми дамуын дұрыс басқарарлығына көзім жеткен болса, мен осыған көнер де едім. Ар жағымнан бірдеңе түрткілей бастағанын байқап отырмын, бірақ өзімді өзім тоқтатып, бар сабырлылығымды шақырдым.

— Біз өз адамдарымызды бағаламасақ, жөнді еш нәрсе істей алмаспыз.

— Мен оларды бағаламай отырмын ба? Бағалаймын. Сондықтан да, басқа жаққа таратуға қарсымын.

— Мен сізге таратып жіберем деп қашан айттым?

— Таратып жібергіңіз келіп отыр. Маған дауыс көтермеңіз!

— Мұны қайдан шығардыңыз? Сізге қашан дауыс көтердім!

— Жоқ мен кетем! Мен мұндайға әдеттенгем жоқ!.. Сіз столдың астында еңбектеп жүрген кезде, мен ғылыми қызметкермін де!— Ол менен өмірі естімеген қорлық сөз естігендей түрегелді де, желкесін жалтыратып, бүкеңдеп есікке қарай жөнелді. Кетіп бара жатқан академиктің желкесіне қарап едім, ашуым су сепкендей басыла қалды. Академиктің желкесі қиярдың ұшындай шошайып тұр екен. Осыны бүгін ғана байқағаным таң қалдым. Мынадай мойынға біткен бастан не күтуге болады деген күлкілі ой ызамды басыңқырағандай болып еді, сонда да академик, ұрыс-жанжалға төселгендігін білдіріп, менен асып түскенін сезгенімде, көңілім саябырлай алмады. Көпе-көрінеу жала жауып кетті. Бұл жаланы ол, ар жағымнан ызамның келе бастағанын сезіп, жапты. Олай болса, ішімдегіні бүркей алмағаным. Байсалдылық, сабырлылық тәсілін әлі игере алмағаным. Осалдығым. Енді не істеуім керек. Михаил Исаковичтің алдына барып кешірім сұрауым керек пе? Жоқ, ызам келгенін білдіріп қойсам да, дауыстамағаным ақиқат, ол кісінікі жала, сондықтан шыдамдылық білдіргенім дұрыс деп түйдім.

Академияға командировкаға келгенімде, бас ғылыми секретарьға бір жұмыстармен кірген едім, ол кісі бір қағазды ұсынды. Оқысам академикім, маған дауыс көтерді, кемітті деп, арыз жазыпты. «Бұларыңыз не?»— деген ағаның сауалына да жауап бере алғам жоқ. «Тек бұл болмаған іс»,— деп қайталай беріппін, академикті өтірікші деп дәлелдеудің ретін таппай. Бас ғылыми секретарь ақылды кісі еді, Хайловтың арызы туралы әңгімені созбай, менің келген ісіме көшті. Шығып бара жатып:

— Дегенмен айғайлаған жоқ едім, осыны мен Михаил Исаковичтің көзінше де айта алам, сонда да арыз түсуіне себепкер болғанымды мойныма аламын,— дедім.— Академикпен қарым-қатынасымда бір кемшілік болғаны ғой...— деп қостым.

— Дұрыс-ақ,— деп күлді секретарь,— Нұрбаев пен оның орынбасарын беттестіруден басқа менде қызмет жоқ шығар... Іс білетін басшы өзінің қолындағы жалғыз академикпен тіл табыса алмаса, не деуге болады. Күлкілі жағдай емес пе? Институтқа барған соң, қарттың айтқаны бекер деп дәлелдеймін деп, шу шығарып жүрмеңіз...

Бұл кісіден өзіме де, Хайловқа да ызам келіп шықты. Академиктен кешірім сұрамағаным өзіме-өзім риза болдым. Бұрынғы қызметімде жүргенде менімен жанжалдасып қалған профессор Яницкий мына академиктің жанында сабырлы, ардагер адам болып көрінді. Георгий Леонтьевичке шынымен дауыс көтерген едім. Кешірім сұрауымның реті де бар еді. Енді сондағы кешірім сұрамағанымды дұрыс деп таппадым. Әр нәрсенің шын мәні салыстырғанда ғана түсінікті болады екен.

Мысалы, ұстазым Дьячковтың, тағы сондай көптеген ғалымдардың ғалымдығы мен адамгершілігін, осы Хайловпен кездесіп, бірге қызмет істемесем, жөндеп бағалай алмас едім. Кафедрамызда академик Дьячковтың кабинетінің алды ғылыми мекемелерден, өндірістен келген жастардан босайтынын көретінмін. Аспирантураға түсуге, ғылыми қызмет істеуге ұмтылғандардың көбін Дмитрий Викторович, Куций, Гайнетден, Углев, мен сияқтыларға шәкірттікке жұмсап, ғылыми беделімізді көтере бастаған еді. Менің ұстазым мен академик екеуінің арасы жер мен көктей екендігін маңайындағы қызметкерлерімен сөйлескенде байқадым. Оларды академикке аспирант болып көшуге үгіттегем де. Институтты сол жылы үздік бітіріп келген қара торы өзбек Аққұловты шақырып алып, Хайлов-

тың қол астына аспирантураға түсу мүмкіншілігі барын айтып көріп едім, жас жігіт, көмірдей қара көзімен маған қарап қойды да:

— Құртқыңыз келгені ме? Бұл кісі химия теориясы жайында отызыншы жылдардың деңгейінде қалған кісі. Сол кезде атақты профессордың доценті болғанын мақтан етеді ғой. Сол деңгейден аспаған, кейін бұл оқып ізденіп көрмеген... — деді.

Осындай тұжырымды дәлелді жас маман айтып отырғанына сүйсіндім. «Өзбек халқының атынан бізге көмектесуге келдің», — дегенімді күле қабылдаған жігітім осыны айтты. Басқа жас мамандардың көбі академикке аспирантураға түсуден бас тартты, тек Никитин деген инженер ғана көнді.

Бірақ бұл жігітке аспирантура да, басқа қызмет те бәрібір ме деп ойлап қалдым. Қазір сол сөйлескен жастарымның көбі үлкен қызметкерлер, оның ішінде ең беделдісі — Аққұлов. Кездескен сайын Хайловтың шәкірттігіне бармағаны жөнінде қалжыңдасып күліп қоямыз. Аспиранттыққа баруға көне кеткен Никитин әлі кіші инженер күйінде. Академиктің шәкірттер іздеуге талпынбауы өзі маған пайдалы болды ма деймін. Сондықтан, мен көп жастармен жақынырақ үйлестім. Михаил Исаковичтің саласындағы мәскеулік көп ғалымдармен де танысып, олар біздің ғылыми ұмтылыстарымызды бағалап, әрдайым көмек көрсетіп отыр.

Ұстазым профессор Дьячков өзінің жетістіктері жөнінде ләм деп тіс жармайтын. Әсіресе, өз қара басына біреудің көңілін аударып, қамқоршылығын тілек студент аулақ болатын. Ұстазымның осы мінезін бағаламас та едім. Хайловтың өз қара басына байланысты болмашы нәрселерін жетістік деп атап мадақтап, өзін-өзі дабыралап жүретін әдетін көрмесем. Басшы орындарға Хайлов бір кіріп шықса, соңынан, сіздерде академиктің басқаруымен кереметтер болып жатқан көрінеді деп, телефон соғыла бастайтын. Академиктің атын қорғаштап, сөзін жалғанға шығармау үшін, шамам келгенше, әр түрлі тәсілдер қолдануыма тура келетін. Хайловтың жалпылдап, барлы-жоғын көпіртіп, өзін-өзі дәріптеу әдеті маған пайдалы болды. Академик орынбасарыма еріп, біраз лепіріп болғаннан кейін, үндемей жұмыс істейтін, момын жігітке айналғанмын да. Хайлов мені жергілікті орындарға үлкен ғалымның беделін қызғанатын нашарлау жас жігіт етіп көрсетіп те үлгерген,

сондықтан сайлау мекемелерінің көбінен тыс қалып қойғам. Менің орныма бұл мекемелерге Хайлов сайланған-ды. Іштей бұған ренжісем де, ғылыми жұмысқа көп уақытты жұмсап, пайдасының да көп болғанын енді түсініп жүрмін.

Академиктің беделі осылай жоғары өрбіп тұрған кезде, біздің қалада мәскеулік үлкен институттың филиалы ашылды. Бұл филиалдың тақырыбы Хайлов айналысқан ғылымдардың саласында еді. Жалпылдап, істеген істерін лепірте айтып тұратыны үшін Михаил Исаковичті әбден ұнататын облыс басшыларының бірі академикті филиалға директорлыққа ұсыныпты. Бұл ұсынысты Михаил Исакович қуана қарсы алса керек. Өйткені мендей директормен қызмет істеу оған да оңайға түспеген сияқты. Оның үстіне, дамылсыз айғай-шу етіп жүрген жартылай өндірістік тәжірибелері әбден сәтсіз аяқталған-ды. Оның сәтсіз аяқталатынын өзі алдын ала білді ме деп те ойлаймын. Өйткені сол тәжірибелер жүргізер алдында, бірнеше ай бұрын адамдар жетпейді, аспаптар жетпейді, деп мазасызданып жүргенін байқайтынмын. Сәтсіз аяқталса, бар кінәсін маған аударар деп, институттың бар мүмкіншілігін қолына бергем де. Оның үстіне, қулық тәсілдерге машықтана бастаған мен, Академияның бір жиналысына келгенде, Хайловты жетектеп президенттің алдына барып, бұл кісінің жартылай өндірістік тәжірибелеріне мейлінше дайындалып жатырмыз, бар мүмкіншілікті қолына беріп отырмын, деп көзінше айтқанымда, Михаил Исакович амалсыздан мақұлдап, басын изеген-ді.

Сөйтіп, Хайловтың үстімнен жазылмақ арыздарының біразынан құтылғанмын да. Жоғары жаққа үстімнен арыз жазу әдетіне үйреніп те алғам. Институттан кейбір қызметкерлердің кетуін менен көріп арыз жазатын.

Осы арыздар болмас үшін, әрбір қызметкер кетерінде, Хайловты шақырып алып, себебін айтып, бұйрыққа Хайлов пен институттың басшыларының көзінше қол қоятынмын.

Шынын айтсам, менің Михаил Исаковичке риза болмайтындай жерім жоқ. Өйткені тек осы кісінің арқасында әрбір болашақ жала мен кінәны алдын ала сезіп отыратын болдым. Филиалда Михаил Исакович бір-ақ жыл директор болып қызмет істей алды. Тікелей өндіріс мәселесін шешетін институтта күнделікті міндеттерді мезгілімен тиянақты орындауға орайы жоқтығы бірден анықталса керек.

Сөйтіп, Академияның толық мүшесін қайда жібермекпіз, қайтадан өзімізге аға ғылыми қызметкер болып келді,

ұлы майданға барып, жаудың бетін жалғыз қайтарып келгендей боп келді. Ғылымның тұңғық тереңіне ұмтылуға күшін жинап, жасанып алғандай, қомданып келді. Басшылық қызметті тек ғылыммен айналысу үшін, үр жаңа тақырыпқа кірісу үшін тастадым деп түсіндірді. Сол тақырыпта ғылымды өрбіту үшін жағдай керек екенін, сол жөнінде оны орталықтағы үлкен адамдар қолдап отырғанын айғайлап айтып жүрді. Кіріспекші ісі жоғарыдан келген тапсырма деп ұғындыруға да тырысты. Әлі есімде, бір күні маған кездесті де, Академияның хабаршысында шыққан бір мақаласын, ішінде тамаша мәліметтер бар, оқы деп ескертті. Күлмей, шімірікпей, шыныммен:

— Пайдалы мақала... Сізге тіпті пайдалы мақала... — деді маған академик, өз қолынан шыққан нәрсенің бәрін жоғары бағалайтын әдетімен. Мақаланы оқып шыққам да. Белгілі нәрселердің өзі нашар жазылғанын, мұндай мақаланы жас мамандар да жазатынын айтып, академиктің бұл жөніндегі білімі көпшілікке арналған кітаптардағы мәліметтерден аспағанын айтып қайтем... Бойдағы жоқты бар етіп тұратын шіркін сенім!.. Осы сенімге ие болған басшылар қаншама игі істі талқандап, қанша адамның тағдырын аянышты етті екен...

Академик Хайловтың мінезінде адам қызығатын өзгешеліктер бар да. Ол өзінің істеген ісінің дұрыстығына ешбір күмәнданбайтын. Ешбір жағдайда ол өзін кінәлымын деп есептемейтін. Бар кінәны өзінен басқа кісіге артуға әбден машықтанып алған шебер еді. Сондықтан да, ол адамның бойын босатып, жегідей жейтін ождан, өкініш, қайғы, қасірет дегендерді білмейтін.

Сондықтан да, оның қашанда жаны тыныш, сенімі берік, дені сау болатын. Академиктің аты мен атағына сеніп, бұның соңынан Оралдан еріп келген көп адамдар, нәтижелі ғылыми ізденіске Хайлов жетектей алмайтынына көздері жетіп, институттағы қызметіне риза болмай, не істерін білмей делсал болып, жан-жаққа тарай бастағаны есімде. Мұның өзі бала-шағалы, семьялы кейбіреулеріне, үміті кесілгендей ауыр, тіпті драмалық жағдай туғызған-ды. Хайлов осының бәріне өзі кінәлы екенін ешбір сезініп, ешбір шіміріккен жоқ. Бейтаныс адам сияқты жүрді. Дағдарған әріптестерінің тағдырына бір де бір көңіл бөлгенін байқамадым.

Михаил Исакович институттан кеткеннен кейін, бірде президентке кірдім де, іс жағдайын айтып болған соң,

Хайловтың орталық институттың филиалына кеткенін айттым.

— Білемін,— деді Президент,— Ол кісі рұқсат сұраған болатын. Қарсы болғам жоқ та. Ау, қиын адам-ау. Бұл жөнінде сіз де ренжіген жоқ шығарсыз деп ойлаймын.

Үлкен кісіге қалжың сөз айтуға бата алмайтынмын. Сонда да, осы жолы неде болса айтып салайын деп бекіндім.

— Жоқ, аға, ренжідім. Үш жыл бойы маған ол қулық-сұмдық үйрететін ұстаз болды ғой. Мен оның істегеніне керісінше істесем, нәтижесі жаман болып жүрмеді. Енді ғой, ол жоқ болған соң, жайбарақаттыққа салынып, сақтықтан айырылып, қателер жасаймын ба деп қорқам...

Президент қалжыңымды қабылдады. Ол кісі күлімсірей түсіп былай деді:

— Шынында да, осы айтқаныңыздың өзінде бір ақиқат бар ма деймін. «Бұра сөйлеген күлкіге жақсы» деп күлкі етеміз-ау, бірақ Хайлов сияқты адамдар әлі ойдағыдай азаймай да жатыр-ау. Мұндайдың көбін білемін. Біразға дейін дүп-дұрыс пайдалы қызмет істеп келеді де, бір мезет өзі де еш нәрсе істемей, өзгелердің ісін де ұнатпай, осы Хайлов сияқты болып шыға келеді. Сіз жассыз ғой. Мұндайлардың талайымен кездесесіз. Дегенмен, қайсыбір жағдайларда осылардың пайдалы болуы мүмкін. Осылардың кемшілігінің ар жағынан пайдалы жерлерін іздестіріп, тауып, соны іске асыруға тырысып отыру керек.

Бұл менің президентпен ақырғы әңгімем еді. Көп ұзамай ол кісі қатты науқастан қайтыс болды ғой. Айтқан қалжыңымды қабылдасам не болам деп қорқақтап айтып едім, бірақ сол қалжыңның өзін ол кісі тек қабылдап қана күліп қоймай, соған қосып, соны арқау етіп, ақыл айтқаны әлі есімде. Осы әңгімеден кейін Хайловтың бойында ешбір қабілет болмаса да, үлкен атақтарға жеткенінің арғы тегі жөнінде, сол атақтардың арқасында өзінің ешбір сүрініп кібіртіктеуді білмейтін дүлдүл екеніне сеніп алудың түбегейлі себебі жөнінде көп ойландым. Михаил Исаковичтің мықтап табынатын кісісі бар екені есіме түсті.

Ол — академик Ванин еді. Академик Ванин табынуға тұратын адам. Бірақ Михаил Исакович осы академик Ваниннен басқа бір де бір үлгі боларлықтай үлкен ғалымды атамайтын. Ол беделді адамдардың атын тек өз істері мен жетістіктерінің мәнін көтеру үшін арқау етіп қана атайтын.

Хайловтың ғылыми еңбектерін оқып қарасам, қара дүрсін ғана нәрселер екен. Ең жақсысы, Хайловтың фамилиясы Ванниннен кейін келеді екен. Докторлық диссертацияны ол Ваниннің басшылығымен қорғапты. «Ванин ғылыми еңбектерімді бағалап, диссертация қорға деп ұсынды, соның арқасында қорғадым»,— деп мақтанып та қоятын. «Мемлекеттік жоғары баға алған жұмысты істегенде Ванинның оң қолы болдым»,— деп те мардым-ситын. Михаил Исаковичтің, кезінде асқан сұлу болған, қазір де әдемілігінен айырылмаған жасамыс жұбайы кездескенде салдырлап, академик Ванин біздің үйдің әрі досы, әрі қамқоршысы еді ғой, Мишаны мейлінше бағалаушы еді деп қоятын. Үлкен ғалымның жас шәкіртімен жақын болуында оғаштық жоқ қой. Бірақ та ерлі-зайыпты Хайловтардың академик Ванинге білдіретін ризашылығының өзінде Островскийдің саудагерлері арасында болатын қарым-қатынас сипаты бар сияқты еді.

Осыған қарағанда, Михаил Исакович, Ваниннің қатаң қолында жүргенде, ғылымда шын мәнінде өсіп, пайдалы қызметтер істеген болар, бірақ Ванин дүние салғаннан кейін, енді Иван Петровичтің орнында ақыл айтып, жөн сілтейтін өзім ғана деп ұғынып, кәдімгі менімен бірге қызмет істеген Хайлов бола қалуының себебі осы ма деп топшылады.

Михаил Исакович үлкен ғалымның қол астында жүріп, үлкен істерге үйренген әдеті бойынша, бірден аумақты іске кірісті, бірақ сол істің сәтсіз аяқталуынан ешбір қорытынды шығарған жоқ, еш нәрсеге түсінген де жоқ. Михаил Исакович жүргізген жартылай өндіріс тәжірибелері, академик Ваниннің үлкен ғылыми болжауларының біріне негізделген еді де, егер әрбір тәжірибе жан-жақты дайындалып мұқият жүргізілсе, іске асуға тиісті еді. Өз ісіне сын көзбен қарамай, талдамай, тек академик Ваниннің айтқанын істеп үйренген, оның үстіне жалпы мәдениеті аз Михаил Исакович ұстазының арқасында үлкен атақтарға ие болып, ғылыми ортаның жоғарғы сағысына жетіп, сол сатыда, мұнда да даурықпалыққа мол, іске жоқ пенделер болады деп дәлелдеу үшін жүргендей еді. Хайловтың өзінен де бір пайдалы жерін тауып алу керек деген президенттік ақылын ескеріп, академиктің сол пайдалы жағын іздестіріп, шамам келгенше, бұрынғы өкпемді кешіріп, өзара қарым-қатынасымызды түзеуге тырысқанмын,

бірақ сол пайдалы жерлерін таба алмадым, іске жарата алмадым. Үлкен адамдардың осалдығы да үлкен болады деген осы екен.

Ендігі жерде, ардақты жазушы інім, Хайлов сияқты оқымыстыларды көрсем, сескене бастаймын, ат-тонымды ала қашқым келіп тұрады. Бүгін институттың аға ғылыми қызметкері Махимов Әлкей келді. Бұл жігіт, менің ұсынысым бойынша, аспирантураны Дьячков Дмитрий Викторовичтің қолында өткен еді. Әлкей маған өз тақырыбына жетекшілікті академиядағы қазіргі үлкен басшымыздың өзі алды, енді тақырыбым бірден көзге түсіп, іске асып кетейін деп тұр деп лепірді. Әлкейдің мұнысы жақсы екен деп ойладым.

Бірақ сол тақырыппен бірге көзге түсетін Әлкей болмаса дұрыс болар деп жалғастырдым ойымды. Өйткені істеп жатқан тақырыбының мән-жайын, ғылыми негіздерін сұрастырып көріп едім, ол белгілі нәрселерді тек өзі ғана істеген жетістіктер де дәлелдеп бергісі келді. Дүдәмалдана қарап едім, жүзімдегі құбылыстардан еш нәрсе ұғар емес. Пушкин мен Абайдың бір де бір бетін оқып, жаттап көрмеген Әлкей бет құбылысын қайдан аңғарсын... Қарасам құдды Хайловтың менмендігі. Хайловтың өзіне-өзі сенімділігі, Хайловтың өз қара басына сынсыздығы. Егер Хайловтың өсуіндей жағдай туғызылса, осы Әлкей Хайловтың мұрагері болып шыға келетіні сөзсіз-ақ.

Ардақты жазушы інім, ғылымда жаңаның ірге тасын қалау үшін, көбіне, әлдеқалай пайда болған бұрынғыны қиратып, құрту керек болады. Жаңа мен ескінің қатар өмір сүруі ұзаққа созылмайды. Басқаларды үлкен ғылыми істер істеуге үгіттеу үшін, сол істерге адамның өзі ұмтылуы керек, өз қызметімен үгітші болуы керек екенін мен түсінетінмін, оқитынмын, ізденетінмін. Таңертеңгі сағат алты мен тоғыз арасын ой қызметіне арнайтынмын. Басымда болашақ зерттеулердің жоспарлары әбден толысып болғанды. Бұл үшін лаборатория құруым керек еді.

Бірақ оны құрудан бұрын айтқанымды түсінетін пікірлес, бірге толғанатын қызметкер табуым керек. Ісім тек алға басатынын білетінмін. Бірден көздегенім — Валерий Петрович Ивановты өз жанымға тарту. Жоспарларымды айтып, керекті әдебиет оқуды ұсынып едім, Валерий Петрович ізденіп, оқып, болашақ эксперименттерге қандай аспап, құрал керек екенін, тәжірибеден қандай нәтижелер күтетінін біліп алды.

Ісімізді Жантақ Бөкеновичтің көзінен аулағырақ кезде, кешке таман, қызметтен кейін қалып талқылайтынбыз. Ендігі ойым Бөкеновтен Валерийді, ретін тауып, жаңа директор лабораториямды бұзып жатыр деп шу шығартпай, жаныма алу еді. Сөйтіп жүргенде, мәселе оп-оңай шешілді. Ивановсыз қызметті бастай алмайтынымды әбден білген кезімде, өз ойымды Бөкеновке тура айтпақшы болдым.

— Жәке,— дедім мен,— сонау Иванов деген жігітіңіздің өзі неғылған жігіт? Сөйлесіп көріп едім, ағып тұр...

— Уай, Мәжит Мұқанович, бірден байқаған екенсіз,— деп жауап берді Бөкенов. Үлкен орамалын қалтасынан шығарып, мұрнына басып, күн күркірегендей бір сіңбіріп алды да, асықпай мәмпаси кәмпитті аузына салды:— Ағып тұр... құр сөз... мен бір тапсырма беріп едім, қанша болды, жылдан асқан шығар, әлі күнге дейін бір де бір нәтиже жоқ. Бірақ ежіктеп, езгілеп сөйлей беруге жаны құмар. Осы жастардың өзі не болып бара жатыр... Меніңше, құр сөзге салынған жалқаудың да жалқауы ма деймін...

— Солай деп ойлайсыз ба? Сол шіркінмен мен айналысып көрсем қайтеді? Маған бермейсіз бе? Сізден жасырақпын ғой. Бұл баланың жалқаулық жынын қағып көрейін. Тіпті болмаса, қызметтен қуып та жібереміз...

— Сөйтiңiз. Алыңыз. Болмаса қуыңыз. Бірақ бір-екі жылсыз қуа алмайсыз ғой. Жас мамандар коллективте үш жыл бойы жатып ішер емес пе? Оларды қуа алмайсың... Амал нешік, заң солай.

— Сонда да маған беріп көріңізші...

— Ой, алыңыз. Қуана беремін. Бір жалқаудың лабораторияда кем болғаны қуаныш емес пе!..

Жәкең, Чичиков өлі жандарын ақшаға сатып алам дегендегі Плюшкиннің қуанғанындай, қуанды.

Сонымен Валерий Петрович, бір айдай айналысып, эксперименттік аспап жасады. Енді көмекші лаборант керек болды. Бөкеновтың лабораториясында өзіне ұнаған лаборантты сұрап алып бер деп өтінді. Ақсақал күрсініп қойды да, бұған да көнді. Жәкең бір күні партия жиналысынан кеш шығып, шамы жанып тұрған бір комнатаның есігін ашса, бұрынғы жалқауы Валерий Петровичтің отырғанын көріп, таң қалады. Ертеңіне лабораториясына келіп, баяғы өндірістегі әдеті бойынша, бір де бірі жөнді жұмыс істемейді, Нұрбаевқа барып еді, Ивановты көрдіңдер ме, дамылсыз жұмыс істейтін болыпты деп мықтап ұрсыпты.

Жәкеңнің өз адамдарын бұлай деп ұрсуы артығырақ болған ба деп ойлаймын, өйткені қазір аға ғылыми қызметкер болып алған, сол кездегі жас маман Семенова, жалпы адамның көзіне түсе қоюды ұнатпайтын кішіпейіл кісі еді, сонда да түрегеліпті де, Жәкеңе тура былай депті:

— Валерийдің дамылсыз жұмыс істеп жүргені Нұрбаев оған жақсы қызғылықты тапсырма берген... Біз несіне дамылсыз жұмыс істейік, не істеп жүргенімізді өзіміз де білмейтін болсақ. Егер бұл жағдай осы күйінде бола беретін болса, мен бірінші болып осы лабораториядан кетем...

Әдетте қатаң қызбалау Жәкең, бұған не дерін білмей, үндемей қалыпты. Үндемеген бойда қызметкерлері де отыра беріпті. Осындай үнсіз, қозғалыссыз отырыс бірнеше минутқа созылса керек. Сонан соң ақсақал, сол үнсіз күйінде түрегеліп шығып кетіпті де, қайтадан лабораторияға келмеді. Бұдан бұрын өзіне-өзі әбден сенімді ақсақал қызметіне көп қиыншылық келтіретін. Аңғырттау Жәкеңді Хайлов пен Холод, дүниені, қызметті, бәрін көрген сіз мына жас жігітке партбюроның секретары ретінде үйретпесеңіз болмайды деп, менің соңыма салып қоятын. Көрінген нәрсеге кірісіп, Хайлов пен Холодтың сөзін сөйлеп, дамыл бермейтін. Ақсақалдың өз ісіне дұдамалданарлықтай тағы бір жағдай болған-ды. Кабинеттің терезесінен аулаға қарасам, институттың жалғыз автобусына Холод пен екі келіншек отырып жатыр. Шақырып алып, қайда бармақшысыздар деп сұрадым. Холод, Жантақ Бөкеновичтің бұйрығы бойынша заводқа барып, Жеделбаевтың сондағы қызмет істеп жүрген тобынан арыз түскен соң, соны тексеруге бара жатырмыз деп түсіндірді. Не қылған арыз деп сұрасам, біреу қызмет тәртібі жоқ деп хабарлаған көрінеді.

— Сол қызмет істеген топта ғой барлығы бес кісі. Ал сендер үшеу болып барасындар, осыларың көп емес пе? Біреуің де жетпейсіңдер ме,— деп күлдім. Бірақ бұл да себепсіз болмай шықты. Холод партбюродан, екі келіншек бірі местком, бірі комсомол комитетінен бармақшы екен.

— Жантақ Бөкенович сіздерді маған айтпай неге жібереді, сол тәртіпті Шәріп Уахитовичтің өзіне жөнде деп неге айта салмайсыздар,— деп айтып көріп едім, ашуланған Бөкенов келіп маған біраз сөлекет сөздер айтты. Сонда да Холод пен екі келіншекті жібермедім. Жәкең екеуіміздің мықтап ұрысқанымызға қуанған Холодтың жүзі нұрланып кетіпті. Кейін сұрасам, Бөкенов пен Холод

аупарткомға барып, менің үстімнен шағым айтыпты. Бірақ қолдау таппаса керек. Жантақ Бөкенович, өндірісте, нақтылы қызметте өскен адам ғой. Лабораториясында болған үнсіз отырыстан кейін, ғылымдағы ұмтылыстарының жеміс бермейтініне көзі жетсе керек, пенсияға шығуға өтініш берді. Біз құрметтеп шығарып салдық. Пенсияға шығуына арналған салтанатты жиналысы өткен соң, маған кіріп келді де, бірінші рет «сіз» деудің орнына «сен» деп сөйлеп, былай деді:

— Уай, Мәжит, сен ақылды батыр болып шықтың. Директор болып ұзақ отырасың. Шіркін «алтынды — тастан, ақылды — жастан ізде»— деген халықтың сөзі ақиқат қой.

— Рақмет, Жәке, айтқаныңыз келсін, аузыңызға май, астыңызға тай...— деп күлдім мен.

\* \* \*

Порфирий Леонтьевич Холод та ерекшеліктері көп, қызық адам еді. Істеп жүрген ғылыми қызметтері жөнінде әңгімелескім келіп шақырғанымда, жанынан қалдырмайтын жуан папкасын ұстап, мейлінше әңгімелесуге дайындығын көрсетіп, ықшамдалып, кіріп келгенде, қарасам: бойы орта, дембелше, басы жылтыр, түсі реңсіз, құдды фантамас. Кішкентай түссіздеу көздері бірден бәрін біліп алғысы келгендей, жүгіріп тұрады екен.

— Порфирий Леонтьевич, сіздің зерттеп жүрген тақырыбыңыз бір керекті тақырып екен. Не істеп жатырсыздар, айтып бермейсіз бе?— Сөйлер алдында, ықшамдалыңқырап, қомданыңқырап отырып алды да, бір заманда, терең ойға кеткендей шалқая түсіп, көзін жұмды. Сонан соң, басын сіліккен сияқты изеп қалды да, көзін ұйқыдан ашқандай, маған қарап алып, майланбаған ағаш арбаның доңғалағындай сықырлаған даусымен зерттеу жүргізгендегі алдына қойған мақсаттарын айта бастады. Сықырлаған даусы ұнамсыз болса да, айтуын жүйелеп, ретімен жеткізе біледі екен. Порфирий Леонтьевич өзі істеп жатқан ісінің егжей-тегжейін жақсы айтса да, алдына қойған міндеттері күнгірттеу сияқты көрінді. Тыңдап алдым да:

— Порфирий Леонтьевич, сіздің лабораторияда Төребай Жанпейісов пен Қылыш Ахатов екеуі бірдей бір аспаптың басында... Ісін бастағалы недәуір болған көрінеді, бірақ тым болмаса істеп жатқан аспаптарының дұрыс істейтінін бағаларлықтай бір де бір сызық, бір де бір

тәуелділік алғанын байқай алмадым. Су ертінділерімен қызмет істеп жүрген қызбен әңгімелесіп едім, алдындағы сұйықтың құрамын да айтып бере алмады. Жасаған тәжірибе ойымызды анықтаумен қатар, білімге аз да болса бірдеме қосып отырмақшы емес пе? Сондықтан, сіздің қызметкерлеріңіз әрбір тәжірибеге мұқият дайындалып, не істеп жатқанын білуге тиісті ғой. Мұндайды менің сізге айтып жатуым да қажет емес шығар, өйткені еңбектеріңізге қарағанда, сіз өте тәжірибелі ғылыми зерттеуші көрінесіз, — дедім.

Порфирий Леонтьевич тағы да шалқая түсіп, тағы көзін жұмды. Қозғалақтап, басын сілкіп, көзін ашты да маған лабораториясында істеліп жатқан әрбір тәжірибенің не екенін, қандай мақсатпен істеліп жатқанын айтты.

Бұның бәрін мен алдын ала біліп те алғам. Менің сауалыма тура жауап беруден қашқалақтап, айнала сөйлеуге көшті. Мен өз сауалымды нақтылап, қайталап беріп отырсам да, тура жауап беруден тайқып шығып кетіп отырды. Нені білгім келіп отырғанымды түсіндіргім келіп, сұрағымды қайталап, анықтап, талдап, ұғындыруға тырыссам да, Порфирий Леонтьевич өзіне ғана тән беймәлім әдіспен, түлкіше бұлаңдап, сұрағыма тура жауап бермей бұлғақтай берді. Сықырлаған даусы, мен сөйлер алдында көзін ашып-жұмып алатын әдеті ызамды келтірді. Артық бірдеме айтып қалам ба деп сескене бастап едім, Порфирий Леонтьевич өзі құтқарды. Қалай көшкенін білмеймін, әйтеуір байқаусызда, лабораториясындағы бір қызметкері жанындағы лаборант қызбен танысып қалып, өз әйелімен айырылсайын деп жатыр деп, менімен сырласқысы келгендей, еңкейе түсіп, айта бастағанда:

— Айырылмақшы болып жатыр ма?— деппін мен, алдындағы кісінің бұлаң құйрыққа салынып ұстатпайтынын ойлап отырып.

— Жоқ, әлі айырылған жоқ. Бірақ егер дереу шара қолданбаса, айырылып кетуі де мүмкін. Мен сонымен айналысып жүрмін. Қызметкерлермен сөйлесіп, әйелінен жауап алып, өзімен сөйлесіп, лаборанткадан жауап алып, түгел реттеп жатырмын. Ай, мұндайда жамандық шығып қалуы оп-оңай. Комиссия құрып тексермесек болмайды...

Порфирий Леонтьевичтің мына әңгімесі бұрынғыдан гөрі әсерлілеу нақтылау шығып жатыр. Оның айтуы бойынша, осалдау жігітті мыстандау лаборантка қыз айналдырып алып, байғұс әйелінен айырылмақшы екен. Порфирий

Леонтьевич айтуға да, тыңдауға да қолайсыздау жағдайларды да біліп алған екен, бәрін бойының құрышын қандырғандай көзін жұмып, басын шайқап айтып отырды. Осыны айтқанда даусында суға жаңа ғана малып алған ағаш доңғалақтай, сықыры басылықырап, мысықтың бырылындай бір ырғақ пайда болды.

Бұл әңгімеден, Холодтың басшылығымен тексерсе, ана баланың семьясы бекімейтінін аңғардым. Тексерісті дереу тоқтатып, ешкім кіріспеуін үкім етіп едім, көп ұзамай айырылу-қосылу туралы әңгіме бәсеңдеп, өзінен-өзі доғарылыпты.

Бар уақытын осындай уақ-түйек, өсек-аяңға жұмсайтын Порфирий Леонтьевичтің өз лабораториясы қызметімен айналысуға дәрмені жетпейтінін байқадым. Жантақ Бөкенович мұның ұмтылыстарын қолдайды екен. Бір таң қалған жерім, кезінде осы Холод, доцент Куцый досымның айтуы бойынша, жап-жақсы ғылыми қызметкер болған. Атақты профессор Темпльдің басшылығымен жап-жақсы жұмыстар істеген. Біреудің бақылауымен ғана жұмыс істей алатын ғалымдар болатынын еститінмін. Холод — солардың біреуі екен. Біздің институтқа келіп, өзі істейтін жұмысына өзі басшы болып алған соң, ол іспен айналысуды қойып, құлқы сүйген ісі — өсек-аянды қуалаудан қолы босамай, лабораториясында не істеліп жатқанын білмейді екен. Сұрақтарыма жауап беруден қашқалақтауының себептері де сол екен. Институтта бір жерде бір реніш, бір жерде бір келіспеушілік туа қалса, Холод ұйқы-күлкі көрмей кіріседі екен. Бұрынғы директор мен орынбасарының өзара келіспеушілігі Холодқа майдай жақса керек. Хайловпен бір үйде тұрған ол, академикті әуелі Жеделбаевқа қарсы қойып, тілегіне жетіп, сосын маған қарсы қойып үлгерді...

Қайдағы-жайдағы уақ-түйекті тауып, соларды біріктіріп, қоздырып айта білетін Порфирий Леонтьевич, академикті қыздырып, өзіне керекті бағытта жұмсауға машықтанып алса керек. Ең қызығы, Холод осындайды өз қара басына пайда табам деп істемейтінін байқадым. Тіршіліктегі әуестігі мен құмарлығы осы екен. Бұны мен Холодтың қызметкерлері Жанпейісов пен Хохлованы аспирантураға жіберу жөнінде сөйлескенімде аңғардым. Қарсы болып, Хайлов пен Бөкеновты жұмсап, әңгімені ауырлатар деп сескенген едім, ондай ештеңе болған жоқ. Менің ұсынысымды тыңдап алып, көзін жұмды, сәлден кейін қайтадан ашып, басын сілкіп қалды да, былай деді:

— Мәжит Мұқанович, мен бұған не деймін, барсын, оқысын. Дмитрий Викторовичке баратын болса, тіпті жақсы, мен ол кісіні өте сыйлаймын.

Порфирий Леонтьевичтің дұрыстап ғылыми-зерттеу жүргізбейтініне көзім жеткен соң, оның қолындағы адамдарды бір-бірлеп басқа лабораторияларға көшіре бастадым. Бұған ол ешбір қарсылық білдірген жоқ.

Сөйтіп Холодтың қолында, бар іске татыр адамдары кетіп, тек не істеп жүргенінде жұмысы жоқ бірнеше қызметкер ғана қалды. Михаил Исакович, Холодтың жүргізіп жатқан зерттеулері өте керекті зерттеулер, оның адамдарын азайтқандарыңыз дұрыс емес деп, маған бірнеше рет сөз бастап еді, бірақ сол жұмыстың ғылыми егжей-тегжейі жөнінде сөз қозғай бастағанымнан сескенип, тоқтай қалған-ды.

Дегенмен, Академияның президиумына бұл жөнінде арыз жазып үлгеріпті. Лабораториясының кішірейгеніне бүйрегі бүлк етіп, сирағы сылқ етпеген Холод кішкентай үйіміздің коридорын бойлап, біреумен сөйлесіп, біреуді тыңдап, шамасы келгенше, жұртты бір-біріне атыстырып, өз қатысымен комиссиялар құрып, көрген-білгенін құрғатпай Хайловқа айтып, әсіресе мен жөніндегі мәліметтерді үзбей жинап шабатын да жүретін. Жұрт бірімен-бірі ренжіспей үйлесе қалса, Холодтың тіршіліктегі бар қызығы құритын сияқты еді. Кейін институтта өз ара келіспеушілік азая бастаған соң, өмірдегі бар қызығынан айырылғандай босаңсып қалған Холод Хайловтың мекемесіне қызметке ауысты. Үш жыл бойы лаборатория басқарғанда, бір де бір мақала шығармапты. Хайловтың филиалында ойдағыдай орныға алмады-ау деймін, еліміздің орталық жағында құрылған бір жаңа ғылыми мекемеге кетіп қалыпты деп естідім.

Кейін ол мекемеде де тұрақтамай басқа жаққа ауысты деген қауесет келді. Біреудің қайғысы мен қасіретін, бақытсыздығы мен сәтсіздігін сүйсіне қабылдайтын Холодтың қазір қайда жүргенін білмеймін. Тіпті білгім де келмейді.

Хайлов, Холод, Бөкенов сияқты мені түсінбеген, әлде түсінгісі келмеген адамдармен қызмет істеу оңайға түскен жоқ. Сонда да тіршіліктің аты тіршілік: күйінішімен қатар қуанышын әкеліп отырды.

Байсалды күйінен ешбір ауытқымайтын, істеген тәжірибелерін асықпай қайталап, дамылсыз тексеріп, әрбір деректің анықтығына көзі жеткенше аялдауды білмейтін,

ішіндегісін сыртқа шығаруға сараң жігіттің даусынан, эксперименттік нәтижелерін баяндағанда, ісінің сәтті-сәтсіз болып шыққанын айыру қиын еді. Кейбір тәжірибелердің нәтижесін талқылау үстінде аса бір ұнап кеткен жерінде қыза бастасам, салқындықты сақтау үшін отырғандай, ешбір тебіреніс білдірмейтін Валерийдің осындай ұстамдылығы мен сабырдылығы кейде тіпті ызамды келтіретін. Кейін, амал жоқ, көнуге тура келді. Шамасы жарты жыл өткен соң, бірінші деректі нәтижелер шыққанын көріп, осы сияқты «жалқауды» берген алла тағалаға шүкіршілік айттым.

— Уай, батырым,— дейтінмін мен Ивановқа қалжыңдап,— сенің дударланған шашың қайда, нұрланған көзің қайда, қызара бөрткен жүзің қайда? Бүкіл бойыңды шабыт билеген болмысың қайда? Балық сияқты сұп-суық болып, сұрланып, бір тебіренісіңді білдірмейсің. Мен ғой, осы жігіт ойшылдықтың асқағына жетеді деп үміттеніп жүрмін!..

— Сіздің бұл үмітіңіз дұрыс емес,— деп күліп жауап беретін Валерий.— «Муза қызметшісіне дегбірсіздік ұнамас!»— деп ұлы Пушкиннің өзі айтқан жоқ па? Шашты дұрдиту, көзді жалтылдату, қызара бөрту бәрінің тегі делқұлылық пен сабырсыздық емес пе? Ал муза мен ғылым ағайындас перзенттер. Кейінгіні ғылым жөнінде аздап түсінігі бар Эйнштейн деген шал айтты-ау деймін.

Валерий Петрович жадымнан шықпай, мазамды кетіріп жүрген бір ойымды зерттеп, тәжірибе жасап тексерген еді. Сол ойым сенімді қолға тигеніне қуандым. Кандидаттық диссертация қорғағаннан кейін, Дмитрий Викторович шығарған деңгейде тоқырап қалып қоям ба деп сескеніп, шамам келгенше, ізденіп, оқып, ойлануда болғанмын. Сол ойланып ізденудің арқасында, басымда ұялап алған басқа да ғылыми армандарым болатын. Сол ойларымды Удольский Иосиф Маркович тексерген еді. Удольский менің басшылығыммен диплом жасаған студентім де. Кетерде, Иосифке мен барған жерге бармайсың ба деп те айтып қалған едім. Осы бір студенттен тыңғылықты ғылыми қызметкер шығуына сенімім мол болатын. Лабораторияда зерттеу жүргізуге баулу үшін сөйлескенімде, ұсынып отырған тақырыбымның іс жүзінде мәні болуы мүмкін деп қалғанымда, үлкен ақылды қара көздері нұрланып, қуана қалған-ды.

Бірнеше күннен кейін оқып, болашақ зерттеу әдістерінің егжей-тегжейіне үңіліп үлгеріп, өзінің әріптесі студент

Руденко екеуі бірден экспериментке кіріскен-ді. Удольский мен Руденко біздің жартылай подвалда, доцент Куцый аспирант кезінде жұмыс істеген жерде эксперименттерін жүргізген еді. Кешке қарай директордың орынбасарының кабинетінен шығатынмын да, студенттерімнің жанына келіп, олардың істеп жатқан эксперименттерін көріп, нәтижелерін талқылайтынмын. Дьячковтың кафедрасындағы жас мұғалімдер Куцый, Файнетден, Углев, мен, бәріміз де қалжыңшыл едік. Оны студенттерден жасырмайтынбыз. Қуақылығымыз әсерлі болған-ау деймін, өйткені біздің кафедрадан шыққан инженерлер, қазір ірі өндірістің басшылары болып алса да, сол кездегі күлкілі сөздерімізді кездескен сайын еске түсіріп қояды.

Бір күні жартылай подвалдан кетіп бара жатып, Удольский мен Руденкоға былай деп қалжыңдадым:

— Дамылдамай істеңдер, жігіттер, жұмыстарыңды... Естеріңде болсын, осы жартылай подвалдан атақты доцент Куцый шықты... Ол кісінің қазіргі жайы үлкен ғылыми келешектің бастамасы ғана деп біліңдер. Ертең Куцый қызмет істеген жерде эксперимент жасағандарыңды мақтан ететін күндерің туады...

Осы сөздерді айтуым-ақ мұң екен, Удольский менің қалжыңмен айтқанымды бірден түсінбеді-ау деймін, өзінің қара көздерімен маған қарай қалғанда, сол көздерінен айтқанымға сене қалғандықтан туған от жарқ еткенін байқадым. Ол ғылымдағы ұлы істерді жағдайына ешбір көңіл бөлмеген адамдардың атқарғанын, атақтылардың көбі біздің жартылай подвал сияқты жерде бастағанын жақсы біледі екен. Көз қарасындағы үміт отын байқап, ойланып қалғанымды сезе қойған ақылды Иосиф, есін жиып алды да:

— Жанындағы жартылай подвалдан сол доцент Куцыйды басып оза бастаған доцент Нұрбаев шыққан жоқ па?— деп қарсы қалжың айтты.

Бұл қалжыңым сәтті болып шықты. Иосифтің бойын билеген сезімді тауып алдым. Үлкен іс істеп, атақты болғысы келетінін біліп қойдым. Іштей Иосифті осы арманы үшін жазғырғам жоқ. Тек, Иосифтің алдына жақсы нәтижелер күтетін дұрыс міндет қойса, ол қызметті мейлінше жақсы істейтінін аңғардым. Иосифтің институтты бітірісімен маған қызметке келгеніне қуанғаным осыдан еді.

Бұл жігіт болашақ қызметі жөнінде де көп ойланып келіпті. Бұ да мені қуантты. Студенттік тәжірибелері негізінде болашақ зерттеулерінің барысы анықталмаға-

нын сезсе керек. Ойланғаны да сол екен. Оқуды бітіре сала, қызметіне осылай ойланып келген жас маман кемдекем болар. Қуанғаным да сол еді. Екеуіміз бірден, көптен қызметтес болып жүрген адамдай, болашақ эксперименттер туралы әңгімелесе бастадық. Иосиф өзінің әлді, әдемі сау-сақтарымен бұйралау қалың шашының астындағы кең жазық маңдайын үйкеп, маған қарай берді. Ол, менің нұсқауым бойынша, Ивановтың істеп жатқан эксперименттерімен танысып, сәтті шығып жатқанын да ұғып үлгерген екен. Валерийге сол үшін қызығуын да, қызғанышын да білдіргендей түрі бар. Иосиф дамыл таппай қаланы аралап, аспаптар іздеп, сол үшін командировкаларға барып қайтып келген сайын: «Мәскеуде, мысалы, ғылыми қызметкерлердің бәрі қолының астында, ал біз қит етсек, тұйыққа тірелеміз де қаламыз», — деп ренішін білдіріңкіреп жүрді.

Дегенмен табандылығынан таймай, өзіне керекті аспап, құралдарды жинап, тәжірибеге арнаған әдісін дайындап бітірді. Бірақ тәжірибелерден бірден ойдағыдай нәтижелер шыға қойсын ба? Иосиф маңдайын үйкеп, лабораториядан шықпай отырып, бір тәжірибені қайта-қайта жаңартып істеуден жалықпады. Бірінші нәтижелер шығып, енді тәжірибелерді ойдағыдай ілгері жүргізуге болатынына көзі жеткенде, Иосиф онша қуанбаған сияқты еді. Сол нәтижеге әбден шаршап жеткен оның тіпті қуануға да әл-дәрмені қалмаған ба деп ойлаймын.

— Мәжит Мұқанович, білмеймін, осының өзі шын ба, өтірік пе деп сенбей де отырмын...

— Құдай маған бір қызық шәкірттерді берген екен... Дүниенің қуанышына да, ренішіне де әбден тойып болып, бар тебіреністен айырылған бір шалдар... Иванов та сен сияқты... Шығып тұрған жақсылыққа қуанып, секірудің орнына, отырған жерінен қозғалмай, басын шайқай берді... — деп өкпелегендей болдым мен, Иосифтің өз ісіне өзі сенбеушілігі ұнап тұрса да.

Иосифпен бірлесіп ғылыми қызмет істей бастаған кезімізден бір күлкілі оқиға есте қалды. Ол оқиғаға негізінен мен кінәлы едім. Зерттемекші болған химиялық реакциялардың өтуінің мүмкіншілігін есептеп шығуды Иосифке тапсырғам да. Иосифтің есептерін үйге апарып, ұзақ отырып, мұқият тексеріп шығып, ақыры сол есептің негізінде жазылған мақаланы екеуіміз академиялық ғылыми журналға жібергенбіз.

Үш-төрт айдан кейін Иосиф менің алдыма келіп ма-

қала басылған журналды қойды. Өзінің бірінші мақаласы шыққанына ол әбден қуанған екен. Біраздан соң астанаға барып, Академия үйінің вестюбилінде, бар тіршілігін ғылымға сарп еткен, сондықтан бойында сүйек пен шандырдан басқа түк қалмаған, бір ғалым апайды кездестірдім. Бұл кісіні Пеннердің ең жақсы шәкірттерінің бірі деп сырттан естуші едім. Сыйлы профессордың шәкірті бас изеп амандасқанымды жеткіліксіз деп тапты-ау деймін, бүкәндеп тура маған қарай беттеді. Алдыма келіп тоқтады да, бүкіл бетін жапқан үлкен көк көзілдірігінің астынан шошайған ісік мұрнын жоғары көтеріп, ойындағысын айтуға батылы бармай тұрған кісідей, сүріне сөйлеп:

— Мәжит Мұқанович, кешіріңіз, қызметкеріңізбен бірге жазған мақалаңызды оқып едім... сол мақалада келтірілген есепті сіз мұқият тексермегенсіз бе деп те ойлап қалдым... Тағы да бір қарай түскеніңіз жөн болмас па екен, тағы да бір қараңызшы... Бұл есептің жетіспейтін жері бар сияқты... Уақытыңыздың да аз екенін білемін... Кешіріңіз... Мен сізді құрметтеуім сондай, Владимир Фридриховичтің сізге деген ілтипаты мол екенін білем ғой... — деді.

Айтқанына әбден ризашылығымды білдіріп, Академияның алдына шығарып салдым да, мақаланы тағы да мұқият қарайтынымды, тек қана қарап қоймай, сол қарағаннан не тапқанымды хабарлайтынымды айттым. Қайта-қайта кешірім сұрап, уақытыңызды алып, маған хат жазбай-ақ қойыңыз деп өтініш айтып жатты. Алдымда тұрған апайдың бар түрі сол мақаланы әлдеқалай оқып қалғаны үшін кешірім сұрағандай еді. Осы кісінің мені аяғандай дегбірсізденуінде қолайсыз бір сыр бар екенін сезіп, үйге келе сала мақаланы оқып едім, ешбір кемшілік таба алмадым.

Бұдан жаным жай тапқан жоқ, өйткені апайдың бекерге әңгіме бастамайтынына сенімдімін де. Ең жеңілі, ғалым апайдың ескертпесін не хат жазып, не телефон арқылы біліп алу еді. Бірақ намысқойлығым салынып, сол қатемді не болса да өзім таппақшы болдым. Бірнеше күн бойы ізденіп, оқып ойланғаннан кейін, қатемді таптым. Таптым да, ұялғанымнан қайда барарымды білмедім. Өз мисыздығымды талай мықты сөздермен шенеп көріп едім, сонда да қатемді өзім таптым ғой деп, әдегімше өзімді ақтап та алдым. Қате жіберуіміздің себебі, Иосиф те, мен де есептеудің арқауы болған негізгі ережені түсінбеппіз.

Сондықтан да, біздің есебіміз өз көңілімізге тоқ болса да, бұрыс жол сілтеп отыр екен. Иосифті шақырып алып, біздің масқарашылыққа жолыққанымызды айтқанымда, әуелі ол сенбеді. Ұстазы әдеттегідей қалжыңдап отыр деп ойласа керек. Қатенің анық екенін дәлелдеп бергенімде, кейін жыпылықтатып, дегбірсізденіп, маңдайын үйкей бастады. Баспаға осындай сауатсыз мақаламен шығудың ұятын арқалау оңай емес екен. Бұл қатеге, әрине, мен кінәлы едім. Менің Иосифтен көп терең білуім керек еді ғой.

Обалы не керек, шәкіртім маған деген іштегі ренішін бірде бір білдірген жоқ. Мен оған сол үшін риза болдым. Ең дұрысы журналға мақалада қате жібергенімізді дәлелді етіп, хат жазып, оқырмандардан кешірім сұрау деп таптық. Біз соны істедік. Кейін Валерий, Иосифтен қу жас маман көргем жоқ деп қалжындайтын болды. Ол баспа бетінде бір мақаламен екі рет шықты ғой, әуелі сол мақаланы бұрыс жазып шығарды да, екіншіде сол бұрыс жазғанын дәлелдеп шықты. Валерийдің бұл қалжыңы, әрине, негізінен мені шымшылап жатты.

Амал нешік, шыдадым. Осының өзі бізге үлкен сабақ та болды-ау деймін. Әрбір ғылыми нәтижені, қандай анық көрініп тұрса да, қайта-қайта талқылау, қайта-қайта тексеру, қайта-қайта әріптестердің ақылына салу керек екенін біз сол жолы мықтап түсіндік.

Жариялаған еңбектерімізде азды-көпті қателікті кейін де тауып жүрдік, бірақ тап осы бірінші реттегідей ауыр қатеге жолыққамыз жоқ. «Енді Иосифтің еңбектерінде қателер болуға тиісті емес. Ол бар қателерін жиып-теріп, бірінші ғылыми еңбегіне төгіп берген де. Бар сауатсыздығын сол бірінші мақаласына сыйғызғандықтан бойында енді тек сауаттылық қалған-ды»,— деп күліп жүрдік біразға дейін. Тез өсуін армандаған мансапқойлау Иосиф кандидаттық диссертациясын тез бітіруге тырысып жүрді. Оның үстіне, менімен Хайлов екеуіміздің арамызда келіспеушілік бар екенін біліп алған екен. Қаншама директор болса да, ғылым кандидаты академикпен сайысуда жеңілуге тиісті деп сескенген ол, басшысынан айырылып қалам ба деп, қорқақтайды екен.

Сондықтан мазасызданып, ғылыми тәжірибелерінің кейбір нәтижелерінен қорытынды шығаруда жеңілдік те білдіріп қалып жүрді. Еш нәрсені байқамаған кісідей, Иосифті жұмсақ сөздермен, асықпауға, аптықпауға шақырып бақ-

тым. Қандай жағдай болса да, сабырлылығы мен байсалдылығынан бірде-бір таймайтын жігіт Валерий ғана еді.

Валерийдің осы мінезін басында онша ұға алмаған Иосиф әріптесінің ұстамдылығын басқаға артты. Валерийдің зерттеулері көп ұзамай жақсы нәтиже берген-ді. Көп ғылыми ойлар туғызған сол бір Орал заводының асыл металдар цехындағы технологиясының басты операциясын өзгертерлік жол таптық.

Бұл жаңалыққа біз авторлық куәлік алдық. Осы жаңалығымыз тек сол Орал заводында емес, басқа да химиялық өнеркәсіп орындарында іске асуы мүмкіншілігіне көзіміз жетті. Валерий Петрович менімен бірге де, менсіз де сол химиялық кәсіпорындарға барып, біз шығарған жаңалықты дәріптеп, инженерлермен танысып, өз ісін кеңейтіп, маңындағы ғылыми тобын өсіре бастады.

Ал, Иосифтің істеп жатқан ісі алыстан болжауға арналған еді. Бірден іске аса қоймайтынын білетінбіз. Бұл жөніндегі іздестірулер біраз ұзаққа созылуға тиісті. Сондықтан ғылыми тұрғыдан қарағанда, Иосифтің жұмысы Валерийдің жұмысынан гөрі тереңірек болатын-ды. Осыған қарамастан, Иосиф ауыр күрсініп, өмірдегі өкініші барлығын білдіріп жүрді. Онымен қоймай, кейде. «Академия институтының қызметкерлері заводтарға шаба бермей, іргелі ғылымның қағидалары мен ережелерін іздестіруі керек қой», — деген пікірін де айтып жүргенін естідім. Иосифтің бұл әңгімелері маған ұнамады. Мен оны шақырып алдым да, былай дедім:

— Иосиф, біз ғылыми-техникалық революция кезеңінде өмір сүріп отырғанымызды сен білесің ғой. Бұл кезеңде қазір теориялық іргелі проблема деп іздестіргенің, ертең таңертең іске асатынын да білесің ғой. Жаратылыс ғылымдарының қазіргі жағдайы солай. Олай болса, ғылыми ізденістерімізден іске асатын бірдеңе шығып тұрғанын көрсек, біз академиялық институттанбыз деп, қолымызды қусырып, отыра беруімізге болмайды. Сен осы ақиқатқа қарсы шалғай пікір айтады деседі, соныңды Иванов қызғаныштан айтып жүр деп те түсінуі мүмкін емес пе? — Иосиф бірдеме дегісі келді де, қызарақтап үндемей қалды. Мен әңгімені дереу басқа тақырыпқа көшірдім. Кейін ғылым кандидаты Удольскийдің де жұмыстары іске аса бастаған кезде, Иосиф дамылсыз өндіріске барып, өзімен бірге қызметкерлерін де сонда сүйреп, мықты белсенділік

көрсөттү. Бирде Иосифті жақсы билетін жолдасы Иванидис:

— Уай, Иосиф Маркович, сенің осы өндіріске шаба беретінің не? Іргелі академиялық мәселелерді зерттеп, лабораторияда отырудың орнына шапқылайсың да жүресің?— деп күлді. Иосиф бұған жауап бере алмай, тез бұрылып кетті. Бұл қалжыңды қайталаудың қажет емес екендігін білдік. Қазіргі уақытта Иосиф Маркович Удольский ғылым докторы, лаборатория басшысы, жастарға ағалығы мол, мейірімді жолдас. Валерий Петровичпен, тағы бірнеше шәкірттеріммен қатар бұл да менің үлкен мақтанышымның бірі.

\* \* \*

Ардақты жазушы інім, өсіп, ұлғайып алған институтта басқа жақсы жастар жоқтай, осы бір-екі жігіттің маңайынан шықпай әңгімелеп бергенімді сіз оғаш та көріп отырған шығарсыз. Әрине, басқа жігіттер де бар, мен оларды да әңгімелер едім, бірақ ертеден келе жатқан: «Келіннің бетін кім ашса сол ыстық» дейтін мақаламыз бар емес пе? Бірінші ғылыми әріптестерім, творчестволық ізденістерімдегі мықты тіреніштерім осы екеуі болды.

Бұлар кандидаттық диссертацияларын жазған кезде, әрбір сөзіне дейін шұқшиып, тексеріп, жетілгеніне әбден сенгенде ғана қорғауға рұқсат беріп едім. Жақсы қорғап шыққанда, қуанышым қойныма сыймай көңілденгем. Ғылыми ырыс осы екеуінен басталады. Ғылыми сырлас, мұңдас жолдастар көбейді.

Мысалы, практика басқаруға барғанымда заводта танысқан Николай Алексеевич Полубричкин сонда басталған жақындықты ұмытпай, бізге қызметке келді. Көп ұзамай Қырғызстан кәсіпорындарының бірінде қызмет істеген Айкен де менің жанымнан бір-ақ шықты. Олар екеуі де Валерий мен Иосиф бастаған жұмысқа кірісіп кетті.

Айкен қазір ғылым кандидаты, лаборатория басшысы, сол асықпайтын ойшыл күйінде, түрі жап-жас, бала күнгіден өзгерген жоқ; жуырда ғылым докторы болуға ұмтылып жүр. Айкеннің өндіріспен байланыстары ылғи сәтті шығады, бірнеше жаңалықтарын іске асырып үлгерді.

Николай Алексеевич Полубричкин аға ғылыми қызметкер, ғылым кандидаты, әйелдерді бұрынғыдай жек көреді, көңіл көтеру әдістері бұрынғы қалпында, біз қанша кірісек те, сол демалу әдісінен мықтап айыра алмай жүрміз.

Қазір институттың үштен бірі дерлік Валерий мен Иосиф бастаған жұмыстармен айналысуда. Сол іс осылай ұлғайып, зерттеген сайын өндіріске кіргізерліктей сан алуан жаңалықтар ашылып, көптеген адамдарға ғылыми шөлін қандыраарлықтай болады деп ойламағанмын да. Тіпті кейін докторлық диссертация жазып, істелген істерді жүйелеп, мұқият ойлағанның өзінде де осы мүмкіншіліктерді толығынан аңғара алмаппын. Істелген ісің үздіксіз жаңалық туғызып, өткенді қайталапмай, өзінен-өзі туындап білімінді тереңдете түсіріп отырса, өмірде, тіршілікте бұдан артық қуаныш тілеуге бола ма...

Ертеректе, көрінгеннен көз ақы алғандай, көрсе қызарланып, әр нәрсенің соңынан ұмтылып шашыла бергендіктен бір ойға тоқтап, терең үңіле алмадым деп ұғынып, өзіме-өзі ренжитін де әдетім болушы еді. Енді ойласам, бойымдағы сол өзгешеліктің өзінің бір жақсылығы болды ма деймін, өйткені жас әріптестерім сол шашылған ойларымды айтып, еліктіріп, мұндас ету жолында көбейген сияқты. Бір ойлаған ойдың өзі кейін тармақтанып, жапырақтанып, бұтақтанып алады екен де, білмеген, бірақ білуге тиісті көп құпияларды аңдата түседі екен.

Кейбір шәкірттерім, сол тармақтар мен бұтақтарды бойлап, ілгері кеткені сондай, олардың соңынан ере алатын да емеспін. Мысалы, бүгін көңілімді сұрауға түсінен әсем жымыысы кетпейтін, қара торы жас жігіт, ғылым докторы Нұрахметов келді. Бұл бұрын физика-математика ғылымдарының кандидаты болатын. Сонда да, бұл жігітті өзімнің шәкіртім деп есептеймін, өйткені осы бір физик менің ықпалыммен химикке айналды.

Бұл мынадан басталған еді. Өзіміз құрастырып шығарып, қасиеттерін зерттеп жүрген бір химиялық қосылыстың молекулалық табиғатын тексеріп бер деп тапсырған едім бұл жігітке. Сол қосылыспен айналыса келе, Нұрахметов қосылыстағы бөлшектердің өз ара қатысын энергетикалық тұрғыдан зерттеуге мүмкіншілік беретін өте қымбат аспапты сатып алуды тілек етті.

Тілегін орындадым. Нұрахметов сол аспаптың ішіне, зерттеуге арналған химиялық қосылысты қыстырып қойып, аспап жазған сызықтарға қарап отырып, математикалық теңдеулер шығарып берді. Теңдеулердің қалай шыққанын түсінбесем де, нәтижесі маған әбден ұнады. Математикаға жетік емес әріптестері, Нұрахметов ғылыми мақалаларын қытай әдісімен жазады деп күлетін.

Сонда да, осы бұрынғы физик өзінің шығарған математикалық теңдеулерін Мәскеуге апарып көрсеткенде, ондағы үлкен ғалымдар бұл теңдеулердің авторына докторлық атақ беруге тұрады деп тауыпты. Нұрахметов ғылым докторы болғалы, оның істерімен айналысатын жастар көбейіп кетті.

Сондықтан, қазіргі уақытта институтымыз, бір жағынан табиғи заттардың ішкі, атомнан кіші бөлшектеріне дейін үңілсе, екінші жағынан тікелей іске асыратын зерттеулермен айналысады. Біздің зерттеулеріміздің диапазонының кендігі осындай. Зерттеулерімізде іске асарлық жаңалықтар шыға қалғанын байқаған кезімізде, сол жаңалықтарды бірден өндіріске іске жаратуға тырысамыз.

Өндіріс басындағы инженерлердің көбінде адамды қынжылтарлық әдет бар. Олар айтқан ұсынысқа қарсы келмейді, бірақ дереу соны іске асыруға да көмек етпейді. Міне, осындай немқұрайлылықты жеңіп өту үшін, біздің жігіттер талай тәсілдер қолданатын. Сонда да, жаңалықты іске асыру көп қиыншылыққа түсуші еді. Дегенмен, уақыт өткен сайын, бұл жөнінде де тәжірибе көбейіп, жеңілдіктер келе бастады.

Мысалы, кейбір ұсыныстарды сол кәсіпорынның өзінде, завод инженерлерін іске шұғылдандырып, зерттейтін әдіске көштік; мұндайда завод инженерлері бізбен мұңдас бола бастайды да кейбірі ғылым кандидаты атағын аларлықтай жемісті зерттеу жүргізе алады екен. Өндірісте мұндай шәкірттеріміз недәуір, бұлар біздің мақтанышымыз болып есептеледі. Ғылымның дәмін татқан бұлар біз әкелген жаңалықтарды дереу іске асыруға көмек етеді. Кезінде кандидаттық диссертациямды баяндайтын үлкен комбинаттың инженерлерімен қарым-қатынасымыз осындай болып алды.

Сол комбинаттың бас инженері, әр нәрсені алыстан болжайтын ақылды Викторов комбинат инженерлері мен институттың ғылыми қызметкерлерінің өз ара жақын болуын қолдап отырып, көптеген ғылыми жұмыстарды өндірістің пайдасына асырды.

Мысалы, осындай жетістіктердің арқасында комбинаттың қызметкерлерімен қатар, мен де кәсіпорында технологияны шұғыл жаңартып өзгерткеніміз үшін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағын алдым. Кандидаттық диссертациямды баяндауға дайындалып, комбинаттың цехтарын аралап жүргенімде еске келген ойларымның біразының

тез іске асқанын мақтан етемін. Бірақ сонау Орал заводында туған ойларымды өндіріс тым-ақ ұзатып барып пайдаланды. Ештен кеш дегендей, бұл да біздің жеңісіміз еді.

Өндіріспен байланыс ісінде Иванов маған ешбір сәтсіздік дегеннен мұқалмайтын көмекші болды. Ол жаңалықтарды өндірісте іске асырудағы өзінің тамаша табандылығын, қалжыңын шынымен араластырып, теориялық тұрғыдан дәлелдеп те қоятын. Кейде мен әрбір ғылыми зерттеуде, сондай-ақ істің басқа түрлерінде де, жұмысты алдын ала жеңіл деп ұғынып тастамау керек, керісінше, үлкен қиыншылықтар болуын ескеру керек, осылай болса, кездескен кедергілерді жеңу жеңілірекке түседі деп, өсиет айтатынмын.

Әр нәрсенің күлкілі жағын тауып ала қоятын Валерий бір күні қабырға газетінде мақала жазыпты. Ол мақала былай деп басталыпты: «Біздің ғылыми басшымыз бәрімізге белгілі постулат шығарғанын білесіздер. Сол постулат бойынша, қойды көтерер алдында, оны піл деп ұғыну қажет. Сонда ғана қой, көтергенде шыбықтан жеңіл болмақ. Біз ғой кейде, жоқ елеске ойысып, қойдың өзін шыбықтай көргіміз келеді де, сол қой көтерген кезде пілге айналып кетеді. Пілдің алдында адам абдырамай, саспай тұра алмайды ғой».

Осыдан кейін Валерий, қалжың араластырып, өздерінің жаңалықтарын, өндіріс қызметкерлерінің қарсылығын сылтау етіп, іске асыруға ұмтылмайтын адамдарды мысқылдапты. Бір ғылыми советте бұл жөнінде шығарған «қағидасын» да қалжың етіпті: жаңа идея адамның ойын қарсылықсыз, тартыссыз билемейтіні белгілі. Бірақ сол идея жеңіп алғаннан кейін, өмірде өз орнына мықтап орнығатыны ақиқат. Мұндай жағдайда жаңа идея кең өріс алды деседі.

Бұл ғылыми тартыстың әдеттегі нормасы. Біздің жағдайда ғылыми тартыстың осы әдеттегі нормасынан ауытқуын байқаймыз. Идеямыз, айтқан жаңалығымыз түсінікті, оған қарсы ешкім жоқ, бірақ іске аспайды. Біздің қиыншылығымыз осы кейінгі іске аспауынан басталады. Сондықтан, біз іс жүзінде ғылыми тартыстың ана әдеттегі нормасының болуын қанша көксесек те, осы бір ауытқушылықтың бар екенін есімізге алып, тапқан жаңалықтарымызды қайсарлықпен, табандылықпен өндіріске енгізе беруіміз қажет.

Осының бәрін жазып отыру себебім, ардақты жазушы

інім, Валерий екеуіміз тапқан жаңалықты бізге белгілі Орал заводында қалай іске асырғанымызды айтқым келіп отыр. Жылдан соң жыл өтіп жатты, сол жылдардың әрбірінде завод енді кері дәлел таба алмас, ұсынысымызды енді іске асырар деген үмітте болдық.

Заводтың жанындағы ғылыми жобалық институт та бізді қолдаған-ды: ол ол ма, осы институт министрлікті мақұлдатқан; өзінің тәжірибелік заводында біздің жасап берген агрегатымыз арқылы ұсыныстың іске асыруға мүмкін екендігін мейлінше дәлелдеу үшін бірнеше ай бойы тәжірибе де өткізіп берген-ді. Сол ғылыми-жобалау институтының директорымен екеуіміз заводтың директорынан, енді тоқтатпай іске асырамыз деген бірнеше уәде алған болатынбыз. Сонда да, жыл сайын завод тамаша бір дәлелдер тауып, іске асырмады. Әбден жалыққанша созатынын түсінген біз, шынында да, үмітімізді үзе бастадық. Бір күні таңертең қызметіме осы жағдайды ойлап келе жаттым. Қызметке келе салып, Ивановты шақырдым да, былай дедім.

— Валерий Петрович, сен жас ғалымсың. Шамамыз келгенше біз мазасын сирек алатын басшы мекемемізге сен өз атыңнан хат жазбайсың ба? Ондай хат басқа жолдар таусылғанда жазылатынын білесің ғой. Жаңалығымызды іске асыру жөніндегі басқа амалдарымыз таусылғанға ұқсайды...

Валерий ертеңіне таңертең жазған хатын әкеліп оқыты. Әдемі жазылған хатты оқып отырып, күле бастадым. Ақыры, шек-сілем қатып күлдім. «Осы ұсынысымыз,— деп жазыпты Валерий,— заводтың үлкен цехының технологиясын мүлдем тиімді жағына өзгертпекші. Сол пайдаланылатын агрегаттың көлемі мына әңгімелесіп тұрған үш директордың аумағынан аспайтындай ықшамды»,— деп қосыпты ол қалжыңын. Хатты жібергеннен кейін, көп ұзамай, бізді Мәскеуге шақыртып алды. Шақырған жауапты қызметкер, есіктен кіріп келе жатқан үш директорды көріп, күліп жіберді. Ғылыми-жобалау институты мен заводтың директорлары бойы менен кіші болса да, аумағы жөнінен кем түспейтін еді.

Осы күлгіден кейін біздің ұсынысымыз зымырап іске аса бастады. Жарты жыл өтпей, сол ұсынысымыз бойынша цехтың технологиясы өзгерді де, осының өзі кейін тағы бірнеше жаңалықтарды енгізуге арқау болып, қазір цехтың бар технологиясы біздің ұсыныстарымыз бойынша қайта

құралып, ықшамдалды. Бізден осынша жігер мен қайрат тілеген осы технология да өткеннің ісі болып қалды. Енді кейінірек ашқан жаңалықтарымыз алдымыздан жаңа мақсат, жаңа арман ашып елегізуде. Сол жаңалықтардың ішінде химиялық элементтердің өз ара байланысуындағы бір жаңа заңдылықты тапқанымызды да айтқым келіп отыр.

Менің ойлау жүйемнің құрылысында, тікелей алдыма қойған мақсат бағытында топшылауға мүмкіншілік бермей, арындатып тұратын бір ұнамсыз тетік бар. Сол арындаудың арқасында, басыма ешбір керегі жоқ, көлденең уақ-түйектер келіп, негізгі ойланам деген тақырыптың шырқын бұзады да тұрады. Осыған кейде ыза болам да, тіпті ойлауды тоқтатып, мүлдем басқамен айналысатын әдетім де бар.

Осындай бір керектіні топшылай алмай, ыза болған кезеңде (бұл докторлық диссертациямды жазып жүрген кезім де), көлденеңнен елеңдеген уақ-түйектің бірін ойлауға тұратындай ма деп қалдым. Мұның ойлауға тұрар-тұрмауын топшылау үшін Валерий Петровичпен әңгімелесу керек болды, өйткені ол осы жағымен көп айналысып жүретінін білетінмін. Әңгімелей, талқылай келе, пікірімізді анықтау үшін біраз есептеу керек екенін байқадық. Есепті, әрине, Валерий жүргізбекші болды. Тапсырма алып жатып, ол әдетіндегі қалжыңын да айтып үлгерді.

— Мәжит Мұқанович, жұрт қызметтесімен кешкілікте кездесе, күндізгі ауыр жүктен босап, кешін ойын-сауықпен, кеңілді әңгімемен өткізу үшін кездеседі, бізге ғой, құдай кешке таман кездескеннің өзінде қызметтің ауыр жүгін арқалап, сол түнде ұйықтай алмайтындай болып қайтатын ғылыми басшыны беріпті...

— Уай, Валерий Петрович, кеш туған жігіт болдың, бұрынғы заман болса ғой, осындай адамды елжіретіп қуантатын сөздеріңмен сен тіпті патшаның уәзіріне дейін барар едің. Сенің ондай дәрежеге жетуіңе, қайтейін, мүмкіншілік жоқ... Соның орнына бір рюмка коньяк беремін-дағы,— деп күлдім, мен, коньяқтың бутылкасын шығарып жатып.

— Сөзге қанша епті болғанмен, бұрынғы заман болса, қайда барар дейсіз, мойныма қамыт іліп, мал бағып жүрер едім де, мына коньяк дегенді естімес те едім ғой...— деп күлді Валерий. Біздің ғылыми саламыздағы теориялық бір қызметіміз осылай басталған еді. Бұл қызметке бізден басқа да бірнеше адамдар араласты. Біздің тапқан заңдылығымыз, енді, жобасы, оқулықтарға да кіріп, өзіне

тиісті орын алатын түрі бар. Бұрынғы хаттарымның бірінде жаңалық деп атағаным, ардақты жазушы інім, осы еді.

Академик Хайлов қызмет істеудегі тек өзіне ғана тән әдісі арқылы маған институттың адамдарыменен жақынырақ танысуға мүмкіншілік туғызды деп айтып едім ғой. Ол менің ғылыми ой-өрісімнің де кеңеюіне өзінше көмектесті. Михаил Исакович ғылымның өзіне тиісті саласында мықты басшы болса, мен оның маңындағы қызметкерлердің ісімен егжей-тегжейлі таныспас едім ғой. Сол ғылым саласындағы зерттеулерді күшейту қажеттігін Академияның президиумы қайта-қайта айта берген соң, мен мұқият ізденіп кіріскен болатынмын. Өйткені Михаил Исаковичтен құтылғанына қуанған жас ғылыми қызметкерлер ойдағыдай жеміс беретін ғылыми-зерттеу институтын құру мәселесін қойып отырмыз. Жобасы, бұл институт көп ұзамай ашылып та үлгерді.

Ғылыми ұйымдастыру жұмысындағы көмекшілерім жөнінде менің кейбір сәтсіздіктерім де болды. Сол сәтсіздіктің бірін айтқым келіп отыр.

Жұмыс ұлғая түскендіктен Академияның президиумы директорының тағы бір орынбасары болуға тиісті деп ұйғарды. Сол қызметке сізге белгілі Иванидисті ұсындым. Ол бұл уақытқа дейін кандидаттығын қорғап, белгілі ғалым, лабораторияның басшысы болып алған еді. Владимир Иванович, шамасы келгенше, жақсы орынбасар болғысы келіп, айтқандарымды мықтап жазып алып, тапжылтпай орындауға ұмтылатын да, сондай-ақ қағаздарға мейлінше ұқыпты болуға тырысатын.

Бірақ қанша күтсем де, бір де бір рет өз бетімен мәселе шешіп, не бір іске керекті соны ұсыныс жасап көрген жоқ. Менің талабымды ақтағысы келіп, өз бетімен іс істеп, ұсыныс айтып, басшылық етуге талпынса, ойдағыдай үлесімді болмай шығатын. Осыны дереу өзі де мойындайтын. Командировкаға барғанында, табандылығы мен ептілігі жоқ Иванидистің шешпекке алып барған мәселелерінің көбі шешілмей қайтып келетін.

Мен, әрине, бұған ызам келіп, ренжитінмін де, ертеден дос болғандықтан «сен» деп сөйлесетін әдетімді пайдаланып, ауыр сөзді аямай, сыбап алатынмын. Мұндай жағдайда өз кінәсін білген ол не қылсаң, о қыл дегендей маған қара көздерімен мөліп қарап отырып алатын. Біраздан соң, досымды тіпті аяй да бастайтынмын.

Осындай бір қатты, ауыр әңгімеден кейін, сөз барысын

әдейілеп оның істеп жүрген ғылыми жұмысына аударар қойдым. Жаңа ғана мөліп отырған көздерінің жанары оттанып, менен естіген ауыр сөздерді бірден ұмытып, өзінің істеп жүрген және істемек болып ойлаған эксперименттерін айтып, әсерлене талқылай жөнелді.

— Бір жақты солақай, нашар адамсың сен, Владимир Иванович,— дедім мен оған, сөзін бөліп, күліп.— Сен өзіңе бағынышты лабораторияларда болып жатқан жұмыстарды осындай әсерленіп айтып неге бермейсің? Олардың ғылыми жұмыстарының егжей-тегжейін білуге неге тырыспайсың? Бұл сенің қызметтегі міндетің емес пе? Ол ол ма, сен соны біліп отырсаң, ой-өрісің өсе түспей ме... Сен осы ақиқатты жақсы білесің ғой. Біле тұра ғой, өзіңе бағынышты лабораториялардың істеп жатқан жұмыстары жөнінде бюрократ, формалист сияқты баяндап жатасың. Сенің мына бадырақ көздерің өз жұмысыңды айтарға келгенде ғана нұрланады. Сен өзіңнен басқаны білмейтін эгоист байғұссың...

— Мәжит Мұқанович, мені балаша осықпай берме-сеңші! Мен өз міндетімді, шамам келгенше, адал атқаруға тырысып жүрмін. Бірақ, саған ұнау қиын-ақ екен.

Бұған не дерсің... Владимир Иванович өз қызметінде істеліп жатқан жұмыстарды тек қағазға тіркеп отыратын хатшы емес екенін түсіндіре алмай қойдым. Барынша мейірімділікпен айтқан ақылдарымды ол бар көңілімен тыңдап алатын да, енді сол ақылдар орындалмаған кезде ұрысам, балаша өкпелей бастайтын. Мен оған ешкім ұнамайтын басшы болып көрінетін болдым. Ақыры барып, Иванидис бірнеше жұмыспен бірден айналыса алмайтын адамдардың тегіне жататынын ұқтым. Қандай ықпал жасасаң да, Иванидис өз ғылыми тақырыбын ойлаудан шықпайтынын ұғындым. Бір күні қалжың араластырып:

— Біраз отырдың ғой, рақмет, енді орныңды босатсаң болмай ма екен,— деп едім, Иванидис бойындағы қулық-шылдығы ояна қалғандай қалжыңмен жауап берді.

— Саған да рақмет, жаратушыға да рақмет, мүлдем жан-тәнімді жеп, кеміріп болмай, өзіне жақындықтан айыр-мақшы болғаныңа да рақмет. Сенімен алыстан сыйласу қандай артық!

— Өз қара басыңнан басқаны ойлауды білмейтін бейшара, байғұс, әйтеуір дегеніне жетті ғой. Өз ауласынан, яки өз лабораториясынан басқа түкті көрмейтін атаңнан бергі можықтық бойынан кетпеген адамсың ғой...— дедім

мен, күлейін десем де, ішімнен ызам келіп тұрып.

...Иванидистің қызметті ойдағыдай атқармағанына ренжіп жүріп, оның ісін академик Дьячковтың қолында аспирантураны жуырда ғана бітіріп, ғалым атағын алған Төребай Жанпейісовтың игеріп алғанын байқап жүрдім.

Бұл жігіт институттың ғылыми секретары қызметін атқаратын. Аласа бойлы, жұқалаң, қараторы Төребай, қалың қастарының астындағы көздерінің үлкен қарашықтары қозғалмай, үндемей, езуімен ғана жымып қойып жүріп, қызметтес адамдармен үйлесе кететінін, әр жағдайда байсалды, сабырлықпен өз пікірін айта алатынын әр істі қолға алғанда, ойлана бастайтынын сездіріп үлгерген еді.

Иванидисті өзіне бағынышты лабораторияларының ісіне тыңғылықты етіп, үңілте алмай жүргенімде, Төребай өз бетімен бәрін біліп алып, әрбір ғылыми қызметкер не істеп жатқанын, оған не керек екенін дәлелдеп айтып беретін. Иванидис Төребайды ғылыми секретардың қызметіне ұсынғанда, мен: «Бұл қызметке тек Төребайды қоюымыз керек, өйткені, ардақты әкесінің тілегі де осы», — деп күлген едім.

Бұлай деуіме де себеп бар да. Бір күні таңертең қызметке келсем, қабылдау бөлмесінде таяғына сүйеніп отырған ақсақалды көрдім. Үстінде кең шапан, аяғында сыртынан киген резина калаш, елтірі бөрік — барынша ескіше киінген ақсақал екен.

Бұлай киінетін ақсақалдардың өзі қазір ауылда да азайып бара жатқаны есіме түсті. Ескіше сәлем бердім де, кабинетіме шақырдым. Ақсақал аспирант Төребайдың әкесі екен. Ерекше бір байсалдылықпен асықпай, сақалын сипап қойып, менің алдыма отырды да, балаларымның, әйелімнің, шешемнің, өзімнің — бәріміздің саулығымызды түгел біліп алды. Сонан соң, біраз үндемей отырды да:

— Шырағым, осы сені өте оқымысты, өте үлкен адам деседі. Бұдан әрі де, шырағым, әрбір қадамың сәтті болсын. Сенің де мен сияқты бір шалың бар шығар-ау, ә? Бір аяғымыз жерде, бір аяғымыз көрде тұр ғой. Сонда да бұл дүниенің харакеті бізді таяқ ұстатып жүргізіп қояды. Таяғыма сүйеніп, саған келіп отырғам жоқ па... — деді. — Осында мені асырып, мені жеткізеді деп, өлсем басымда құран оқи ма деп үміт еткен Төребай деген жаман балам бар. Бір-екі рет қызметіне кіріп едім, алдында быламықтай бірдеме қайнатқан шыны ыдыстар, таңертеңнен кешке дейін ыдыс-аяқ жуған қатындардай,

кір-кір болып жүргені... өз тамағымды өзім асыраумен тырбалаңдап өткенім ғой... құлқын-тамағымды ойламай, балама асыратып рақаттанатын күнім болмағаны ғой деп қоям... Қарасам, осы Төребаймен бірге өскен бала совхоздың директоры, екіншісі бас агроном, жылына екі жылқы сояды, мен ғой қыстың күні жинап-теріп не жарты, не бір сирақ ет алам. Ренжитінім, Төребай солардан жақсы оқыған еді. Жаным-ау, мұның не деп Төребайдан сұрасам, тек жымия береді. Сөйтіп, жалғыз балам маған бұл дүниеде рақат көрсетер түрі жоқ... Басыма құран оқымайтынын тағы білем... Сонда менің осы баладан көргенім не? Көп білетін адамсыз ғой, айтыңызшы?

Ақсақалға іштей күлкім келіп, жымиып қарап отырдым. Бірақ ақсақалдың әжім-әжім болған беті мен сирек сақалы бір де қозғалар емес, байсалды, сабырлы күйінде.

— Ақсақал,— дедім мен,— сіздің айтқаныңыздың бәрі дұрыс. Бірақ сіз осыған ренжімеуіңіз керек. Тіпті, ренжу емес, мүлдем қуануыңыз керек. Мейлінше қуануыңыз керек. Сіз ұлы Абайды білесіз ғой?..

— Шырағым, Абайды қай қазақ білмейді. Білмеген қазақ жаман қазақ болғаны ғой. Оның руы Тобықты, біздің Қаракесектермен құдандалы. Біз Қаракесектермен жекжат құдандалы келеміз.— Ақсақал қозғалып қойды да, әжімі тараңқырағандай, ашылып, Абайдың ата тегін айта бастады. Абайдың өлеңдерін нақышымен айтып шұбыртты. Шалдың ақын өлеңдерін сонша білгеніне қызығып та отырдым.

— Ақсақал, сіз Абайды менен артық білмесеңіз, кем білмейтін көрінесіз, сол Абайдың кітаптары ғой қазір әрбір үйде бар. Бірақ сіз білмейтін шығарсыз, Абайдың бірінші кітабы, ол кісі дүние салғаннан кейін бес жыл өткен соң шыққан-ды. Ал мына сіздің балаңыз ғылымға жаңа кірісіп жатса да, қалың кітапта мақаласын шығарып отыр. Орыс әріптерін білесіз бе? Білсеңіз, міне, қараңызшы; «Жанпейісов Төребай Нұртаевич»,— депті. Жанпейіс сіздің әкеңіздің аты, Нұртай сіздің атыңыз, Төребай балаңыздың аты. Осы үш есім мына кітаптың ішінде таспен басылған, енді бұлар өлмейді. Бұл кітаптан ондаған, жүздеген жыл өткеннен кейін сізден өрбіген үшінші, төртінші буындағы бір ұрпағыңыз балаңыздың ойлаған ойы мен пікірін оқиды. Біздің ата тегіміздің ғой, еміс-еміс аттары ғана есімізде қалған. Олардың не ойлап, не істеп, қандай адам болғанын біз жөндеп білмейміз ғой.

Біздің қазақтың бұрынғыдан аңсайтын ұрпағын өрбітетін, атын атайтын ұлы болуы еді ғой. Ал, бірақ сол ұлы өмірден кеткеннен кейін, басқа ұрпақтарда сіздің атыңыз аталатын-аталмайтыны белгісіз еді. Мына жазылып қойған аттарыңызды ұрпағыңыз анық оқып отырады. Көрдіңіз бе, біздің айтқанымызды таспен баса ма? Ал бұның өзі сіздің балаңыздың үлкен істегі бастамасы ғана ғой. Осы үшін сіздің шақырған қонағыңыз аз кемірек болса, қыста екі жылқы, бір жылқының орнына тек бір сирақ, әлде жарты жылқының етін жеп отырсаңыз көштен қаласыз ба? Ойланыңызшы? Демек, соятын жылқыңыз да молаятын уақыты болар. Тағы да ойланыңызшы? Осы балаңыз істеп жатқан істі сіз жасыңызда істей алатын ба едіңіз? Істей алмайтын едіңіз. Сондықтан қуаныңыз. Дастарқаныңыздың кемдігін айтқанда, аштықты айтып отырған жоқсыз, молшылыққа молшылық болса екен деп айтып отырсыз. Сіздің осы әңгімеңізде аздап астамшылық та бар ма деп ойлаймын. Бірақ менің ойымша, осы Төребай сияқты еңбекқор баланы тәрбиелеп, өсірген сіз де осал адам емессіз...

Мен осы сөздерімді айтып отырғанымда, ақсақал қалың журналдан баласының мақаласы басылған бетіне үңіліп, жуан сұқ қолымен әрбір әріпті нұқып, ежіктеп, өзінің атын, әкесінің атын, баласының атын шығарып алды. Қуанышы қойнына сыймағандай жүзі жылып, сыбырлап оқып жатты. Басын көтеріп, салбыраған ұзын қасының астынан кішкене көздерімен қарады да:

— Қарағым, көп жаса, қараңғы надан екенмін ғой, осының бәрін маған ұқтырғаныңа рақмет. Сендердің өмірлерің қызық өмір ғой. Парасатты тіршілікті, әдемі тіршілікті басқарып отырсыңдар. Осыны ғой, қараңғы біз кейде түсінбейміз. Рақмет, айналайын, енді уақытыңды алмайын, бақытты бол, қарғам, алла тағала шүкіршілік берсін, — деп, елпілдеп менімен қоштасып жатты.

Маған басқа да ақсақалдар келетін. Мысалы, бір күні Ақылтай Игембаевтың әкесі келді. Бұл Ақылтай Төребаймен, Холодтың лабораториясында, бір қызмет істейтін Ақылтай да. Кабинетімде қағаздар қарап отыр едім, есік ашылды да, ескіше киінген бір адам, үлкен тымағымен есікке әзер сыйғандай болып, кіріп келе жатты. Қарт кісі кіріп келе жатқанын байқап, орнымнан түрегеліп, қарсы жүрдім. Бұл кісі, менің берген сәлеміме бірден жауап бермей, асықпай, тымағын шешті де, менің үлкен

столым алдында, көлденең қойылатын кішкентай столдың үстіне тастады: үлкен тымақ столды түгел алды, сонан соң, мол матадан жасаған жуан белбеуін босатты. Сол белбеуге кемінде бес метр мата кеткен шығар деп ойладым. Сонан соң барып:

— Оғалайкәм ұссалам, балам!— деді.— Үлкендерге ибалылығың алладан қайтсын! Сонан соң, менің асыққан-асықпағанымда жұмысы жоқ, баяғыша, үй іші аمانдығының егжей-тегжейін, ата-тегімді, бала-шағамды сұрап алды.

— Балам,— деді ақсақал біраздан соң отырып.— Сенің осы мекемеңде менің Ақылтай деген бір жаман балам істейді. Бұдан бұрын бес ұлым болған еді, бірақ алла тағаланың маған қалдырғаны осы кішісі ғана болды. Үлкендері Отан үшін жанын пида етті. Сізден осы Ақылтайдың жөнін сұрайын деп едім... Бұдан екі жыл бұрын үйге мені секретарь етті деп келді, жай секретарь емес, ғылыми секретарь деп мақтанды.

Маған сол ұнаған еді. Баламның ғылыми лауазымға ие болғаны, жетіле бастағаны ғой деп ойлағам да. Бәрі жақсы сияқты еді, бірақ осы кейінгі кезде ойға түсіп, дегбірсізденіп жүргенім... кәріліктің белгісі ғой, сірә. Ақылтай бұдан бұрын, кешке таман үйге келгенде, бірдемесін жазып, оқып ойлағанының белгісі болса керек, басын қасып отыратын әдеті болатын. Қазір соны қойған сияқты. Келін екеуі, кеш болса, кино дегеніне, әйтпесе қонаққа кетеді... Әлгі бір жаман немерем бар, ол ит менімен оңаша қалғысы кеп тұрады. Әй, директор балам, сен шынын айтшы: осы Ақылтай мүлдем жеткенінен оқып-жазуын қойып жүр ме? Әйтпесе тоқмейілсіп, сүйегі майланып, бейберекеттікке салынып жүр ме? «Семіздікті қой ғана көтереді» деген бір сөз болушы еді... Сені осы кабинетке таң атпай жұрттан бұрын келіп, кітабын оқып отырады деседі, сенің інің Ақылтай қорылдап жатады да, атып түрегеліп, қызметтен кешігіп қалам деп, жүгіре жөнеледі. Осы заманның өзінде дүние бәрі ақыл-оймен шешілетінін білемін. Әр нәрсені көп ойлану керек екенін де білемін. Ол үшін көп оқу керек қой. Бұл дүние тұлқи болса, тазы болып бір шал демей ме...

Менің қазіргі тәртіппен жабдықталған әдемі кабинетіме шабына жетерліктей етіп тігілген саптама етігімен, мол матамен белбеуленген кең тонымен, артқы етегі бүкіл арқасын жапқан сеңсең жайма тымағымен, өткен

көшпелі заманнан тігіліп келгендей, отырған ақсақалға қарап, ақылы мен көрегендігіне таң қалдым. Егер әлі де нұры кетпеген мына көздері біздің көрмегенімізді байқайтын болса, бетін терең әжімдер бекерге ойдым-ойдым етпеген екен деп ойладым мен. Айтқанын бұлжытпай орындайтын Ақылтайды, сол тәртіптілігіне қызығып ғылыми секретарь етіп белгілеген едік. Ғылыми секретарь бола тұра, өзінің ғылыми жұмысын ұмытпауды, оны шама келгенше, әрі қарай жүргізе беруді ескерткенбіз де.

Бірақ, Ақылтай, ғылыми секретары қызметін мейлінше мұқият, тиянақтылықпен атқарғанмен, өз ғылыми жұмысына бірте-бірте салқындай бастаған еді. Ақылтай да, Иванидис сияқты, бірден екі жұмыспен айналыса алмайтын адам тегіне жатады екен.

Бойында менмендік пен мансапқойлығы жоқ, кішіпейіл Ақылтай істеп жүрген қызметін дұрыс атқарғанын өзіне жеткілікті деп есептеді ме, қайтты, әйтеуір, ғылыми қызметпен айналыспағанына реніш білдірген жоқ-та. Ақсақалмен әңгімелескеннен кейін, Ақылтайды ұйымдастырушылық қызметтен ауыстыруды дұрыс деп таптық. Біктіяттылығынан айрылған Ақылтай, ғылыми жұмысқа көшкен соң, бірте-бірте ілгерілей отырып, кандидаттық диссертация қорғап алды да, қазір лаборатория басшысы болып қызмет істейді. Жобасы, көп ұзамай ғылым докторы да болар. Енді ойлайтыным, сол ақсақал уақытылы келіп маған ескертпесе ғой, Ақылтайдың ғылыми келешегі өзгеше болуы да ғажап емес еді.

Ардақты жазушы інім, әңгіменің барысында бұрыс кетіп жатқан жоқ па? Жоғарыда Төребай Жанпейісов жөнінде айтқым келіп еді ғой. Түріне қарағанда самарқаулау, асықпайтын сол Төребай директордың орынбасарлық қызметіне ең лайықты кандидатура болды. Оны Иванидис те, Комовнин де, басқалары да қолдады. Академия президиумына да ғылыми секретарлық қызметінде жүргенде ұнап қалыпты. Енді Төребай мен Комовнин менің ғылым жөніндегі бұлжымас орынбасарларым.

Бір күні кешке қарай оңаша қалғанымызды көрген Төребай, менің жаныма келіп отырды да, өзінің өзгермейтін сабырлы даусымен көптен бері бір табиғи минералдың қыздырғанда ыдырауы жайын ойлап жүргенін, сол арқылы минералды химия-металлургиялық табиғи шикізаттардан жеңіл ажыратып алуы мүмкін екенін айтты

да, сол үшін тапқан әдісін баяндап берді.

Осы айтқанын тыңдап болғанда, орнымда отыра алмадым. Төребай көктен түсіп, періштенің сөзін айтып отырғандай әсер етті. Ең беделді ғалымдар шешілмейді деп есептеп жүрген мәселені шешу жолын ұсынып отырып, мына жігіттің ғой не қуану да, не тебірену де ойы жоқ! Дереву сұрақтар қойып, сол сұрақтарыма тез жауап күтіп, дегбірсізденіп отырғанымда ешбір жұмысы жоқ, асықпай өзінің ойлаған ойларын әрі қарай баяндап жатыр...

Ойпырмай, маған алла тағала ылғи бір іштегі отын сөндіріп отыратын сөндіргіштері бар шәкірттерді берген екен деп ызаландым...

Қазіргі уақытта Төребайдың басшылығымен істеліп жатқан үлкен іс, міне, осыдан басталған еді. Бұл іске Төребай маңайындағы топпен қатар Алматы, Мәскеудегі бірнеше ғалымдарды кірістіре бастады. Жұмыс өндірісте іске де асырылды, бірақ бұның бәрі әлі бастама ғана.

Жуықта Төребай Мәскеудегі достарымен шет елге де барып қайтты. Жасаған баяндамасы тыңдаушыларды мықтап әсерлендіріпті. Кейде, ғылыми ұйымдастыру жұмысты тапсырарлықтай қабілеті бар әріптес жолдастарыма қарасам, дүние құбылыстарының сырт, кішкентай, әлсіз белгілерінен солардың өз ара қатысын, өз ара байланыстылығын табатын адамдар, яки терең ойлы адамдар кемде-кем болса, сол ойымен маңындағыларды да еліктіріп, коллектив құрастырып, сол коллективті ғылыми мақсатқа ұмтылтатын адамдар одан да аз бола ма деп ойлаймын.

Ол ол ма, керегінде ғылыми ұмтылыстары мен әуестіктерінен сәл жоғары тұрып, басқалардың ғылыми армандарымен есептесіп, солардың ғылыми ұмтылыстарын өз ұмтылыстарымен қатар, бірдей жүргізе алатын адамдар аздың азы ма деп ойлаймын. Меніңше, осы аздың азының бірі — Төребай. Күндердің күні өз орныма тек Төребайды ғана ұсынар едім деп топшылаймын. Бұл уақытың өзі де алыс емес шығар.

\* \* \*

...Ардақты жазушы, інім, палатада жатырмын. Бұл палатаға әдеттеніп те алдым. Докторлардың айтқанын тыңдап орнымнан қозғалмай, аз жазып, аз оқып жатудың

өзі тіршіліктің ең қызғылықты түрі сияқты, ішімнен күліп қоямын. Ендігі күліп жатқаным, жаңа ғана досым Иванидис келіп кетті. Күлкілі сөзге жаны құмар Владимир Иванович менің орнымда директор қызметін атқарып жүрген Төрөбайдың жаңа келген жас маманды қалай қабылдағанын айтып берді. Әуелі Төрөбай жас жігітпен асықпай әңгімелесіп, дипломдық жұмыстары, бітірген кафедрасы, лабораториясы туралы сұрастырып алып, сәл үндемей отырыпты. Сонан соң, столға қарай еңкейіп, сырласқысы келген адамдай жымып, даусын менің даусыма салып, жұмсартыңқырап:

— Жігітім, сізге бір ерсілеу сияқты сұрақ қоюға бола ма? Жұбайыңыз бар ма? Қашаннан? Жұбайыңыз жақсы адам ба? Сізді сүйе ме? Сіздің үй-жайыңыздың құпиясын білгісі келіп отырғаным үшін мені тоғышар деп есептемеңіз... Сіз ғылыми қызметкер боласыз, жұбайыңыз сізге көмекші болуы керек, әйтпесе ісіңіз жемісті болмайды, олай болмаса тіпті қиын да болады. Бізде семья жағдайында келіспеушіліктен азап шеккен адамдар аз емес...

Қалжың-қулықсыз отыра алмайтын Төрөбай Иванидис-тің алдында әдейі мені келекелесе керек. Жас мамандармен әңгімелесуіме талай қатысқан Төрөбай мені соншама дәл бейнелесе керек, ештемені сезбеген жас маман кеткенде, әзер шыдап отырған Иванидис шекшілесі қатып күліпті.

Семьяда бақытты адамның еңбегі де жемісті болатынын ескеріп, маңайымдағы қызметкерлердің жеке қара басы жөнінде мәліметті біліп отыруды ертеден әдет-теніп алғам да. Осы жайды ойлағанымда, ұлы Сократтың бір де бір жазба еңбек қалдырмағанының себебі, жұбайы Ксантиппа қазымыр, долы қиас болғандықтан емес пе екен деп те қоятынмын. Маған біреу, ұлы адамдардың жазғанының бәрін даналық деп есептеуге болмайтын көрінеді, өйткені Толстойдың өзі «Анна Каренинасын», «Бақытты семьялар біріне-бірі ұқсас келеді, әр бақытсыз семья өзінше бақытсыз»,— деп бастағаны онша дұрыс емес, өйткенмен бақытты семьяның да өз құпиясы, өз өзгешелігі бар шығар деген еді. Бірақ Толстойдың бұл айтуы дұрыс па деп топшылаймын. Адам семьясында бақытты болса, сол бақыттылыққа шомып, неден, қалай бақытты екенінде жұмысы болмайды. Бақытсыз семьядағы адамның жан азабын айтпаңыз, сол азап-қасірет әр

түрлі болмақ та, әр түрлі дақ қалдырмақ.

Профессор Жеделбаев жөнінде бірнеше атап өтсем, институтқа тигізген шарапаты аса мол болған үлкен ғалымның бейнесі мен істеріне тоқтамай өтіп отырғанымды байқап та қалған шығарсыз. Шынын айтсам, бұл кісінің институт тіршілігіне онша қатысқысы келмей, сыртта жүріңкіреп, өз лабораториясынан басқаға көңіл аудармағанына ренжіңкіреп те қоятынмын.

— Жау аяғыңыздан бір шалғанына шыдамай, құлап түскеніңіз не?— деп сауал қойғанымда, ол кісі:

— Жобасы, менің бойымда коллектив басқарарлықтай қабілет жоқ-ау деймін, қызумын, шыдамсызбын және де институт жұмысымен айналысып дамылым болмай жүргенде, Хайлов, Холод, Бөкенов үшеуі әрбір қадамымды жамандыққа балап, өсек-аянды жинай беріпті ғой... Қарсыласып, болмашыдан өзімді ақтап жатайын ба, сондықтан лабораторияға сұрандым...

Кейде қиын кездерде сырласарлық адам таба алмай, көңіл көншітерлік бірдеме айта ма деп әңгімелесе бастағанымда, ол кісі мені енжар тыңдайтын. Іштей өкпелеп те қалатынмын. Бірақ әркімнің өз үлесіне тиген бақыттылық-бақытсыздығы болатынын сезбеппін ғой... Бірде бейтаныс бір адам телефон соқты да, үлкен трестің басшысы екенін айтып, қабылдауымды өтінді. Шаруашылық басшыларымен әлдеқандай түйісіп қалғанымда, институтқа не пайдасы тиер екен деп ойлайтын әдетім бойынша ол кісінің келуіне қуанып та қалдым. Трестің басшысы ұнамсыздау оқиғаны айтып берді.

— Қызметке басқа қаладан жуықта ғана келіп едім. Пәтер алып, соның ішін тәртіптеп жатырмыз,— деп бастады ол әңгімесін көңілсіздеу ырғақпен.— Бірақ бір қолайсыздау жайға куә болып тұрмын. Түн ауа сағат екі-үш кезінде қабырғаның ар жағынан әлде жылау ма, әлде ұлу ма, сондай бір дауыс естіп оянатын болдым. Сол қабырғаның ар жағында кім тұрады екен деп сұрастырсам, профессор Жеделбаев дегенді естідім.

Ондай үлкен адамға, оның сұлу, сұңғақ бойлы, жүзі мейірімді, жас әйеліне ұйқы бермейсіндер деп кездесуді ретсіз деп таптым. Сонда да, кеше таңертең алты мен жетінің арасы кезінде тағы сол ұлуға ұқсас жылаудың естілгенін байқадым да, не болса да кіріп шығуға бел будым.

Олардың подъезіне барып, өзіміздің этажға көтеріл-

дім де, есік тықылдаттым. Еркек даусы «кіріңіз» деді.

Есік жабық емес екен, кіріп қарасам, көршім коридорда еден үстінде отыр. Сәлем беріп: «Мен қонақпын ғой, неге орныңыздан тұрмайсыз?»— дедім. Көршім, кешірім сұрап: «Жайым қонақ қабылдарлықтай емес, ешкімді керек етіп отырғам жоқ, мына қабырғаға басымды ұрғым келіп отыр»,— деді.

Жатар бөлмесі ашық екен, түнгі көйлегін киген бойында, шашы дудар-дудар көршімнің жұбайы шықты. «Көрші ханым, түнімен ұлып маған неге ұйқы бермейсіз?»— дедім. «Күйеуіңіз сізге менің күйеуім сияқты қараса, сіз де ұлырсыз?»— деді. «Ханым-ау, мен әйел емеспін ғой. Сонан соң, мен бөтен адаммын, еркекпін. Есікті неге жаппайсыз, түнгі көйлегіңізбен менің алдыма қалайша келіп тұрсыз?»

«Маған қазір бәрібір»,— деп жауап берді, жылауын бірден тоқтатып. Үй иесі сол еденде отырған күйінен қозғалған жоқ. Мен бұл көрініске шыдамадым да: «Сіздің жағдайыңызды маған құдай бермесін!»— деп шығып кеттім. Бар оқиға осы.

Жеделбаевтың семьясы жағдайсыздыққа душар болып жатқанын естіген жоқ едім. Ол үймен араласуымыз бар болатын, дастарқанын жая, көңілді қарсы алатын. Әкесінің жанындай жақсы көретінін сезетін бір ұлы, бір қызы профессордың маңынан шықпайтын.

Бірақ үй ішіне қарағанда, Жеміс онша ұқыпты әйел емес екені байқалатын. Жеделбаевтың көршісі адамгершілік тұрғыдан тынышсызданып келгенін еске алдым да, тікелей Шәріп Уахитовичтің өзімен сөйлескім келді. Профессормен қызмет кабинетімде әңгімелескім келмеді. Өйткені кабинетте шын сырластық жағдай тұмайтыны белгілі.

Бір екі-үш күннен соң терезеден қарасам, профессор қисықтау аяқтарымен шойнадап институт ауласындағы шыны құятын ұстаханаға бара жатыр екен. Профессордың мол денесіне, үлкен басынан жоғары қарай ұмтылған қалың шашына, жалпы тұрпатына қисықтау аяқтарымен шойнадауы келмейтініне күлкім келіп, қарап тұрдым. Аяқтарының қисықтығын өзі күлкі етіп, қалжындайтыны есіме түсті.

«Сендер ғой машина заманының ұлысындар, мен сендерден бақыттымын, атқа мініп жүріп үлгердім... Жеті жасымнан біздің манда әйгілі қарақшының көмек-

ші досы, қосшысы болдым. Байлардың жылқысын талай айдадық қой. Бірақ осы қисық аяқ аттың бүйіріне жабысқанда, мені ешкім үстінен жұлып ала алмайтын. Мына өлең сол кездегі өлең емес пе:

Мінгенім астымдағы шайтан қара,  
Алыстан жылқы айдадым өңшең ала.  
Осыдан осынау жылқы бойға сіңсе,  
Тағысын тағы айдармыз-ау, қосшы бала...»

Аулаға шықтым да сәлем бердім. Мені көргенде, профессор, сәл буылдықтау біткен беттері жылып, жасылдау көздері нұрланып, қуанып қалды. Қулана сөйлеп жатыр, қолын берді:

— Уай, директор, уағалейкум салам! Шыны құятын жігітке барып аяғына жығылып жүрмін. Тышқанға мысықтан күшті хайуан жоқ емес пе... Осы шыны құюшы жігіт қазір маған директордан да, президенттен де үлкен бе деп ойлаймын. Бұл мәселені, әрине, сіз арқылы да шешуге болар еді. Бірақ уақытты бағалау керек қой...

— Сіз, профессор, сол баяғы директор күйіңізде бұйрық беріп жатасыз да. Әдеттеніп қалған қызметкерлер де сізді тыңдайтын болар. Мәселелеріңіз өзінен-өзі шешіліп жатқан соң, маған келіп қайтейін деп едіңіз,— деп жауап беріп жаттым.— Шәріп Уахитович, біраз қыдырып қайтсақ қайтеді, сондай қыдырысты ғылыми қызметкерлерге керек дегенді естиміз...— деп қостым, өз қулығыма жауапты күтпестен. Екеуіміз институттың жанындағы паркке қарай жүрдік.

Көршісінің келіп кеткенін айтып қалып едім, Шәкеңнің түсі бұзылып кетті. Бекер айтқанымды бірден сездім. Жана ғана нұрланып, жайнап тұрған көздері түнеріп, жылтырап тұрған толық беті сұрланып, босап, салбырай қалған сияқты көрінді. Үндемей келе жатты. Үнсіздігін бөлгем жоқ. Сонан соң, барып сөйлей бастап еді, әңгімесін, сөз қоспай, бөлмей, тыңдадым.

Ол қырыққа жақындап қалғанында үйленген екен. Оны осы жасқа дейін, әйелдің жан ашырлығына күдер үздіріп, бойына көп қайғы-қасірет әкеліп, дат қалдырған бір сәтсіз сүйіспеншілік жеткізіпті. Қазіргі жұбайы өз ілтипатын сонынан қалмай білдірген соң, оның үстіне анасы мен туыстары да өздерінің қуанышын мейлінше сездірген соң, осы Жеміс өзі сияқты ашыналық сәтсіздіктен отырып қалған жас әйел екенін ескеріп, жүрегі жаралы

екі жарты бір бүтін бола алармыз деген оймен қосылған екен. Дереу той өткізіліпті, ол тойды Жемістің туыстары профессордың мүмкіншілігін пайдаланып, шамасы келгенше, кең думан етіпті.

Тойдан кейін мейірімді, айтқанға көнгіш Жеміс бірден өзгере қалыпты. Бірде Шәріп Уахитович жұмыстан кейін, кәсіподақтар жиналысында кідіріп қалып, күндегіден үйге екі-үш сағат кеш келген екен, Жеміс долыланып айғай салғанда, байғұс профессор қайда барарын біле алмапты. Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығып, көрінген әйелге таңып, күйеуіне айтпаған сөзі болмапты. Өзін-өзі ақтау үшін дәлелдер айтып көрсе, өз жадындағы елестерге әбден сеніп алған Жеміс тыңдар емес. Әбден сасқан Шәріп Уахитович біраздан соң есін жинап, райынан қайтар деп әңгімелескісі келсе, бұрынғыдан долдана түсіпті. Шыдамаған Шәріп Уахитович өзі де айғайлай бастапты. Ұрыс жаман болыпты.

Әйтеуір, бір жақсы жері, үйде тек өздері ғана екен. Шәріп Уахитовичтің жанынан шықпайтын жалғыз анасы сүйікті ұлы үйленгеніне көз жеткен соң, балаларын уататын ешкім жоқ деп, сылтау тауып, қызына кетіп қалыпты.

Ол сылтауы болмашы болса керек, өйткені қызының үйінде қайын енесі де тұрады екен.

Жұбайы айқай-шуын, долылығын бір де бір толастатпаса да, ерсі істеріне бір де өкінбесе де, Шәкең кешірімді болуға тырысыпты. Әйелінің жүкті болғанына қуанған профессор, оның мазасыздығын сол бала жаралуына байланысты науқастылыққа артса керек.

Ұл туғанына қуанған Шәріп Уахитович баланы өзі шомылдырып, өзі жаялығына орап, таң атпай тұрып таза ауаға шығарып, ана емшегі тойындырарлықтай болмағандықтан, күнде таңертең бала тамағын беретін мекемеге жүгіріп, тыным көрмепті. Бірақ бұдан жұбайының ешбір себепсіз ұрыса бастайтыны тоқталмапты. «Тіршілікте кім жақын, бажа жақын» деген әдетпен Шәріп Уахитович семьясында болып жатқан қиыншылықтарды сыр қылып бажасына айтыпты. Бажасы, елжірей тыңдап, көмектескісі келгендей тілек білдіріпті. Бірнеше күннен кейін жұбайы әдеттегі долылығын қайталап, ұрыс бастағанда, бажасына айтқан әңгімесі өсіңкірей, жаман жағына қарай өзгеріңкірей түсіп, Жемістің аузынан қайтып келіпті. Бажасы бұл жағдайды, үйіне бара сала, Шәріп

Уахитовичтің қайын бикесіне айтса керек... Қайын бикесі енесіне жеткізіп, олар естігенін өздерінше талқыласа керек... Қайын бикесі мен қайын енесі семьясына қожалықты жітілеу құрғандықтан Шәкеңнің бұрынғы дос-жарандары, туыстары алыстай да бастапты.

Ең қиыны, Жеміс түн ішінде оянып алып, айғайлап, тіпті кейде ұлып жылайтын болыпты. Шошып оянған Шәріп Уахитович сасқалақтап, не істерін білмей қалады екен. Сол ұлып жылауды бәсеңдету жолын таба алмапты. Бір күні басшылар шақырып алып, жаңа ашылған институтқа директор болып баруды ұсынғанда, Жемістің оғаш істерін анасы мен апасының зиянды ықпал жасауынан деп ұғынып жүрген Шәріп Уахитович, қуана көніпті. Бірақ Жемістің долылығы мұнда да тоқтамапты. Күйеуін көрінген әйелден қызғанудан тоқырамапты. Шәкең долылығынан сескеніп, жұбайының көзінше сәлемдескен әйелдерге жауап беруді қойыпты. Екі жылдан кейін қыз бала туыпты. Бірақ үйдегі келісімсіздік жұмсармапты. Жабысқан науқас сияқты қызғаншақтық пен долылықтан шыдамы құрып, Шәкең жұбайын ұрып тастаймын ба деп, өзінен-өзі сескене бастапты. Бір күні ол Шәкеңнің қызметіне келіп, директордың кабинетінен шығып келе жатқан жас ғалым әйелді көреді де, бірден долыланып, кабинетке кіре, столда тұрған ауыр сия сауытты алып, Шәкеңе қарай лақтырыпты. Сия сауыт Шәкеңнің беті мен костюмына қотарылса да, құдай сақтап, басына тимей, қабырғаға ұрылыпты. Долылықтан есі айырылғаны сондай, кабинетке директордың әйелінің ашулы келгеніне қуанып отырған Холодты да көрмепті ғой. Анда-санда келіп кетіп жүретін Шәкеңнің қайын енесі, қызының мұндай істерін ешбір кінәлы деп таппапты. Қызынан жоқтан өзгені естіп алып, үлкен қызына барып айтатын болыпты. Ақыры бір күні басшы мекемеде институт ісімен айналысатын жауапты қызметкер Шәкеңді шақырып алып, бір хатты оқытыпты. Шәкең, оқып алып, таң қалыпты. Жазған Жеміс дейді, бірақ жазуы жұбайының жазуына ұқсамайды. Қорғансыз, нәзік, осал әйелін ұрып-соғып ұстайды деп Жемістің атынан жазған Жемістің апасы екен. Обалы не керек, Жемісті шақырып алып, бұл хатты сен жаздың ба дегенде, бұл хатты мен жазғам жоқ, апам аяғандықтан жазғаны ғой депті.

— Менің тіршіліктерімнің қиыншылықтары осындай, Мәжит Мұқанович... Мен еш нәрсені түсінуді қойдым.

Жеңген университетті жап-жақсы-ақ бітірген еді. Қазір институтта мұғалімдік қызметке орналасты. Қызметі жақсы. Бірақ бойын билеп алған қызғаншақтық, оны еш нәрсеге бұрылтпайды,— деп аяқтады әңгімесін Шәріп Уахитович.

— Шәке, шынын айтыңызшы? Жұбайыңызды сүйесіз бе?

— Шынын айтсам, қосылған кезде сүйетін сияқты едім. Сонан соң, науқас деп ойлап, аяй бастадым. Бәрине шыдап бақтым. Қазір тіпті бары да, жоғы да бір сияқты, тек ашуынан қорқам. Мұның жанында мені ұстап тұрған балалар ғана. Жек көріп кеткім келмейді. Өйткені істеген ісінде ешбір есі бар адамға ұқсаған жоба жоқ. Лас істері үшін бір де бір шын көңілімен кінәсын мойнына алып, кешірім сұрап көрген жоқ. Оның орнына әлі ақылы жетіспеген балаша, мен сүйем ғой, сүйгендіктен қызғанамдағы дей береді. Сүйген адам ұрысқақ, қызғаншақ болатындай...

— Шәке, тек болашақты ойлап, өткеннің бәрін кешіретін ақылды, еркек мінезді әйелдер болады ғой. Бірақ әйелдердің бәрі де олай емес. Кейбіреулері тіпті өткенге де қызғаныш жасайды. Жобасы, қосылар алдында бар сырыңызды айтып баққансыз ғой...

— Солай-ау деймін. Бірақ ол өзі маған өткендегі сырларының бір де бірін айтқан жоқ. Ол жөнінде тіпті тұйық болды. Бірақ маған өткендегі неменеге керек, еш нәрсесіне ренжіп көргем жоқ.

— Мұныңыз бекер, сіз де қызғаншақтық білдірсеңіз, оны ұнатуы да мүмкін шығар. Сіздің шыдамдылығыңызды жеңгеміз ұнатпаушылық, сүймеушілік деп те түсінуі мүмкін ғой...

— Уай, директорым, ақылгөйшілігінді тоқтата тұршы... Талай әдіс қолдандым... Бәрінен шаршағаным сондай, тек бір жаққа үшті-күйлі кетіп қалуым ғана қалды. Өзі де жұмысын істемейді, мен де жұмыс істеуді қойдым. Бір монография бастағаным бес жыл болды, әлі тіпті аяқтай алатын түрім жоқ. Маңайымдағы ғылыми шәкірттеріме де көмегім аз... Жоқ, дереу, тез кетуім керек. Балаларды аяғаннан ғана жүрмін.

— Әлі де ойлануыңыз керек. Күндердің соңынан күндер өтер, бәрі де қалыптасатын жағдай да туар... Жеңгеміз, шынын айтса, ақ көңіл кісі ғой. Тек әлі біріңізге-біріңіз әдеттеніп, қалыптасып болған жоқ шығарсыздар. Жасынан алған тәрбиесі де аз шығар... Тәрбиелейтін міндеті енді

у сізге қалып отыр.

— Ай, Мәжеке, мұндай ақылды талайдан естіп те болдым, өзіме-өзім осы ақылды талай айтып та көрдім. Менің семья жағдайыма тіпті кіріспеген де адам жоқ. Жұрттың бәрі біліп, ешбір құпиясы қалмаған семьяның көркі де қалмайды екен...

Бұл жазғанымда Шәкеңнің айтқанының оннан бірін де келтірген жоқ шығармын. Шәкеңнің айтқаны, ардақты жазушы інім, тыңдауға ауыр хикая екен. Әріптес профессорым төгіле айтты, сенбеуге болмайтын етіп айтты. Бойымды Шәкеңе, оның жұбайына, балаларына деген аяныш билеп кетті. Жеңгеңіздің арқасында семьяда ешбір келіспеушілік дегенді білмеген маған осының бәрі әлдеқалай Шәкеңе жолыққан ауру сияқты көрінді.

Біраз уақыт өтті. Ғылыми басшысына жақын Иванидис, ренішін жасыра алмай, Шәкең үйінде жағдай онша емес, жобасы ол кісі астанаға кетіп қалатын түрі бар дегенді айтты. Бізге Шәкең сияқты ғалым өте қажет еді. Осы Жеміс жеңгеймен бір де бір адам сырласа, жанашырлығын білдіре сөйлескен жоқ шығар деген ойға келдім. Әйел әйелмен сырлас болуы дұрыс па деп жұбайыма өтініш айтып көріп едім, бұл жеңгеңіз кілт: «Жеміс сияқты ақымақ әйелмен сөйлесе алмаймын»,— деп үзілді-кесілді бас тартты. Ол кезде сөйлескен адамыма арбаушылық қасиетім бар деп сенуші едім, сондықтан Жеделбаевтың жұбайымен, университетті бітірген адам мүлдем ойсыз болмас деген сеніммен, өзім сөйлескім келді. Телефон соғып, телефонды Жеміс жеңгей көтерді де, менің келем дегеніме қуаныш білдірді. Машинаға міндім де, бес-он минут ішінде профессордың үйінде болдым.

— Мәжит Мұқанович, жалғыз келгенің не, келінді шақыр,— деп шұқшиды маған Шәріп Уахитович.

— Шәке, осы үйден, аз да болса, ішсін десеңіз, сол келініңізсіз бермейсіз бе?— деп қалжындадым мен.— Бір қарағанда рюмка қолымнан түсіп кететін әдеті бар...

— Онда мен магазинге кеттім,— деді Шәкең. Ұл баласы әкесінің етегінен ұстап бірге кетті. Қыз баласы, тіпті тыныш бала екен, ойыншықтарынан басқада жұмысы жоқ, бесігінде отыр. Кухняда айналыса бастаған жеңгейге бірекі ауыз сөз айтуды ретті деп таптым.

— Жеміс жеңгей, кешіріңіз, еш нәрсе керегі жоқ. Мен жаңа ғана тамақ ішіп келдім. Оның үстіне сізге бір оғаштау сауал қойғым келіп отыр. Осы үй іштеріңізде келіспеу-

шілік бары рас па? Мен осыған түсіне алмай жүрмін. Екеуіңіз де көп оқыған парасатты адамсыздар. Мына балаларыңыз қандай...

Осыны айтуым-ақ мұң екен, жеңгеміздің беті сазарып, кішірек біткен көкшілдеу көздері мүлдем жасылданып, кішкентай аузының айналасындағы қалың еріндері дірілдеп, бүрісіп, әжімделіп; жаңа ғана күлімсіреп жайнап тұрған жеңгем, бетінде бір қайырымы жоқ, айуанға айнала қалды. Бажылдай сөйлеп айтқандарын тыңдау да, тоқтату да мүмкін болмады. Аузымды ашырар да емес, тыңдар да емес. Жөн жоқ, жосық жоқ, балпылдаған ақ қайыс... Қалай құтыларымды білмедім... Шәкең қайтып кіріп келгенде әйелі бажылдап жатса не болғаным деп састым. Бірақ жол таптым.

— Жеңгей, кешіріңіз, қазір келемін,— деген сияқты бірдемені айттым да, долыланып алған жеңгемнің бажылдағанына қарамастан, шыға жөнелдім. Сөйтіп Шәкенді далада күттім.

— Өй, директорым, неғып жүрсің? Жеңгең қуып шыққан жоқ па өзінді?— деп күлді профессор, менің аулада қыдырып жүргенімді көріп.

— Шоферды үйіне қайтарайын деп шыққан едім, сонан соң, сізді күттім...— Үйге кіргім де келмеп еді, бірақ Шәкеңнен ұялып қайта кірдім. Жеміс жеңгеміз түк болмағандай, жайраң-жайраң етеді. Мен аң-таңмын. Бағанағы айуандығы мен долылығын түсімде көргендей болдым. Болмашыны әңгіме қылып бір сағаттай отырдым да, бұл дүниеде ешбір ой мен миға сыймайтын қиыншылықтар көп екен ғой деген ойда үйге қайттым.

Профессор Жеделбаев, амалы нешік, кетіп қалды. Кетерінде маған келді де, жылап жіберді. Үлкен, әлді, қайратты адамның жылағанын көруден қиын нәрсе жоқ екен. Есімнен кетер емес. Кетер алдында балаларын көруге өзі тұрған үйінің тұсына барған екен, жүгіріп жүрген ұлы әкесіне қарай жүгіріп ұмтылғанда, екінші этаждың терезесінен анасы баж ете түсіпті. Қорқып кеткен бала, артына қарамай, үйіне қаша жөнеліпті.

— Ай, өмір-ай, осалдық білдірдім-ау деймін. Кешіріңіз, Мәжит Мұқанович,— деді профессор, кішкене десін есін жинап.— Сол балаларды қозғамай-ақ қоюым керек, өсер, өскенсін мені табар.

Бірнеше күн өткен соң, Шәкеңнің мүлдем кеткеніне әбден көзі жеткен Жеміс менің кабинетіме келіп, күйеуімді

қайтарып бер деп өтініп, долыланып бақырып жылай бастады.

— Осының бәріне өзіңіз кінәлы емессіз бе,— деп айтып көріп едім, ол тек өз сөзін сөйлеп, өзінен басқаның бәрін кінәлап жылай берді. Сонда да кетіп бара жатып:

— Өмір бойы күтем, қайтып келер!— дегені маған ұнап қалды.

Шәріп Уахитович балалары өсіп, әкесін іздейтін кезге жете алмады. Ол астанадағы жоғарғы оқу орынның біріне кафедраның басшысы болып орнықты да, қайтадан қарт анасын қолына алып, коллективінде сыйға бөленіп, қызмет істеді.

Бір күні біз ардақты профессорымыздың жүрек ауруынан қайтыс болғанын естірткен хабар алдық. Семья жөніндегі ұзақ қасірет, балаларынан бөлек тұруы ол кісіге жеңілге түспесе керек.

Осы кезде Жеделбаевтың ұлы өзінен аумаған дембелше сұлу жігіт болды. Оқуда, студент. Қызы да өзінен аумайды. Біз олармен бір кварталда тұрғандықтан анда-санда көріп жүреміз. Жеміс жеңгей өзі айтқанында тұрған жоқ. Шәкең кеткенсін-ақ бір көмбістеу, жас, момын жігітке шығып алды. Кездескенде анадайдан маған бас изеп өтетін сұлу, жас әйелді уақыт өзгертер емес. Шәкеңнің балаларымен, бұрынғы әйелімен осылай кездескенде өте дарынды профессордың өмірі адамгершілікке сыймайтын себептерден қысқарғаны есіме түседі.

Жеделбаевтың семья драмасы есімнен кетер емес. Өз маңымдағы ғылыми қызметкерлердің бір де бірінде осындай жағдайсыздық болып қала ма деп сескеніп жүреміз.

Институтымызда Аққағаз Жәкенова деген еңбекқор аға ғылыми қызметкер бар. Маған аспирант болуға өтініп келген қуыршақтай нәзік жұқа жас келіншектің ғылыми болашағына сенгем жоқ та. Басқа ешкім болмағандықтан, амал жоқ, көнгенмін де. Аққағаз еркек мінезді қайратты адам болып шықты. Эксперимент жөнінде уәделесіп алғаннан кейін аспирант қыз үндемей кететін де, тапсырманы бітірмей қайтып келмейтін. Аспиранттың бұл мінезін бағаламауға болмайтын еді, маған бұл ұнайтын.

Бір ретте ол қорқақтанып қалды-ау деймін. Орталық үлкен журналға жіберген мақаласына бір академик түкке жарамайды деген пікірін айтып, жазып жіберіпті. Бірақ мұқият талқылап, істеген тәжірибелерін қайталап ойланғанымызда, әділет жағы бізде екенін байқадық. Академик-

ке осының бәрін дәлелдеп жазып жіберіп едік, жобасы, біздің айтқанымызды дұрыс деп тапса керек, мақаламыз журналға шыға келді.

Кішкентай бойы қайратқа толы Аққағаз диссертациясын бітіріп, қорғауға жақындаған кезде, осынша жігері мен еңбегін жұмсаған ісіне қуанбаған сияқты ишарат білдірді. Бір күні келіп маған: «Осы диссертациямды қорғамаймын ба деген ойым бар», — деді.

Бұл мен үшін жаңалық еді, қызыма қарасам, қиғаштау біткен әдемі қара көздері ар жағынан келген жасқа мөлтілдей қалыпты. Еркек мінезді Аққағазда мұндай осалдық қасиет жоқ сияқты еді. Сұрастыра түсіп, себебін білсем, ғылыми атақ алған соң семьясында әйелі жоғары болып, өзінің беделі түседі деп күйеуі күнде ұрыс, талас шығаратынын білдім. «Не болса да бар жігерді жұмсап, істеген істі аяқтаған жөн, деп ақыл айттым мен. Өйткені ғылыми атақ алу әркімнің өзінің қара басының ісі емес, ғылыми қызметкерлер семьяға емес, мемлекет пен ғылымға керек», — деп қостым.

Бұл сөздерді тек аспирант қызды жігерлендіру үшін айтпағам да. Ғылымдағы дарынды адамдардың көбі өзінің қоғам алдындағы міндетін түсінбейтіндігі есімде болып айтқанмын да. Ғылыми жетістіктеріне күйеуі қанша қарсы болса да, Аққағаз диссертациясын жақсы қорғады да, қазір қызмет істеп жүр. Бірақ семьялық жағдайы бұдан гөрі жақсырақ болса, істеген істері де жемістірек болар ма еді, қайтер еді деген ой басымнан кетпейді.

Ардақты жазушы інім, маңайымдағы ғылыми қызметкерлердің үй-ішіндегі, басқа қарым-қатынасындағы осындай түкке тұрмайтын келіспеушіліктерге менің көп уақытым кетіп жүреді. Бұл әрі міндетім, әрі шыдамсыздығым. Бойымды аяныш билеп, жетелеп тұрады. Кейбір жағдайларды еске түсіріп, жазып жатуымның да себебі сол. Семьядағы келіспеушілікке көлденеңнен кірісудің пайдалы бола бермейтінін де, ондайда кіріскеннен гөрі кіріспеудің шипалы болатынын да білетінмін. Сонда да, амал нешік, уақыт бөлмеуге де болмайды. Басқалардың басындағы осындай қиыншылықтарын ойлап, есіме түскенде, жеңгеніз сияқты адамға қосқан тағдыра мен мың да бір рақмет айтамын. Мен өзім мінезім жөнінен бір қалыпты байсалды адамдардың қатарына жатпаймын. Кейде жоқ нәрсеге ренжіген кезімде, бар ызамды жанымдағы жақыннан ала бастайтын әдетім бар. Таз ызасын тырнаудан аладының кебі...

Ондай кезде жеңгеніз, естімегендей, меңіреу кісі құсап, үндемей қалатын. Сол үндемеудің шипалы қасиетін кейінгі кездерде біле бастадым. Келінін жанындай жақсы көретін менің анам бірде, әуелі сықылықтап күліп алып, былай деген еді:

— Уай, Мәжит, сенің тұқымың әйелдер жөнінен құдай берген тұқым ғой...— Ол кісінің құдай берді деп отырғаны менің әкем мен мен едім. Мен былай деп жауап бергем:

— Мақтаншақ кемпірсің-ау, Ұмсын, сенің мақтаншақтығың маған да ауған. Кейде мақтанғым келгенде, өзімді өзім әзер тоқтатам.

Қазір менің сол ардақты анам жоқ. Ол кісі дүние салғалы он шақты жыл болды. Келінінің бойында өзіне тән, ең жақсы қасиеттер тауып, мақтаныш еткенін ұмытар емеспін. «Қайын ененің топырағынан» деген сияқты, баяғы даладағы әдеті бойынша, әйелінің жағдайына қарамай, мезгілсіз қонақ шақыратын, мінезі ауытқып кетсе, дүрсе қоя беретін әдеті бар профессордың әйелі болу да оңай емес. Оның үстіне өсіп келе жатқан екі ұл, екі қыз қамқорлықтың ұлғая түсуін тілейтін болса, кафедраның доценті болып жүріп, бәрін үлгеру менің анамның келінінің қолынан ғана келеді деп те ойлайтын да уақытым болды.

Балалардың жағдайына келсек, біз сияқтыны көрмеген, көргенімізді айтқан кезде тек сыпайыгершілік үшін тыңдайтын, бойы көлдегі қамыстай сорайған бір адамдар өсіп келе жатыр. Бәрі де жақсы сияқты, мәдениетті, сыпайы, анасының тәрбиесі ғой. Оқуы да жаман емес. Үлкен қыз институтты бітіруге жақын.

Бірақ осылардың жүзінен, оқығаннан жаңалықты бір түсінгенде, иә болмаса білімнің жаңа бір түрін игергенде, бойы билейтін қуанышты байқамаймын. Сол білімнің соңынан еріп, сол білімді қуалай түсу әдеттері де жоқ. Бәрі бұларға оп-оңай, жеп-жеңіл сияқты. Алдына қиындау мақсат қойып, сол мақсатты игерген кезде қуанатын әдеті болмаушылықтан қорқамын да. Мұндай әдет болмаса, адамға ойшылдық, творчестволық қасиет ұяламайды ғой. Дүние салар алдында ауыр науқаста жатқан Кемпірбай ақынның, Әсет ақын көңілін сұрап келгенде, айтқан сөздері есіме түседі.

Қасымнан көк ала үйрек қош деп ұшты,  
Осы өлең Серкебайға қонбас білем.

Кейде осындай адамды ренжітетін ойлардан қашқалақ-

тап бойымнан қуалағым да келетін уақыттарым болады. Өз бала кезімде, қазіргі балалардың жағдайындай жағдай берсе, мен де бұлардан артық болмас едім. Осылардың алдына қойғым келген міндеттерімнің өзі менің жас кезімдегі ақымақтығым мен олқылықтарымнан туған өкініштің әсері емес пе деп те ойлаймын. Жас кезімдегі жаңа білімді игеріп ұққандағы бойыма келетін қуаныштардың өзі тіпті сирек болған да шығар, сол сиректігінен ғана жадымда қалып, бүкіл жастығым сол жаңаны түсінгендегі қуаныштан тұратындай болып, еске түсетін шығар деп те топшылаймын. Солай да болуы мүмкін. Ақиқаттың өзі екі шеткері пікірдің ортасында болатын да әдеті бар. Сондықтан, балаларға өкпелеуімнің дұрыстығына күмәндымын.

Бұл тіршілік, ардақты жазушы інім, оңай емес көрінеді. Кейде тіпті ұнамды ма, ұнамсыз ба, не екенін де түсіне алмайтын оқиғаларға жолықтыратын түрі бар. Адамның жан дүниесінің құбылыстарын талдап ұғынуға машық інім, сіз осы палатада жуырда ғана болған мына бір оқиға туралы не айтар едіңіз. Есіктен жастығы мен сұлулығы тасып, кемеліне келіп, көрік пен әдемілікті бойына мейлінше жинап алғандай толықсыған қара торы әйел кіріп келе жатқанын көрдім. Жанымдағы орындыққа отыра беріп, жамбасымда жатқан қолымның үстіне кішкентай алақанын салды да, еңкейіп менің қолым мен өз қолының үстіне маңдайын басты.

— Аmandық жоқ, саулық жоқ, мұныңыз не? — деп қалжыңдамақшы болып, жымындап аузымды аша беріп тоқтадым. Саусақтарыма сырғыған тамшыны сезініп, жылап отырғанын біліп тоқтадым. Бұндайды күтпеген едім. Не дерімді білмей, тілім байланып қалғандай, біраз үнсіз жатып алдым. Содан кейін есімді жинап:

— Жыламаңыз, қойыңыз, есенсіз бе? Келгеніңіз қандай жақсы болды. Рақмет. Қашан келдіңіз? Үй ішіңіз аманшылық па? Қызметіңіз дұрыс па? Жылап керегі жоқ... дей беріппін.

Қанша жылағанын білмеймін, бірақ сол жылаудан менің бойыма бір қуаныш, жылылық пайда болғаны анық. Бір заманда басын көтерді, орамалмен бояуы жоқ ұзын кірпіктерін түтетіп, сүртіп жасаураған үлкен көздерін ашқанда, көмір қарашықтары бұрынғысынан да үлкейе, бұрынғысынан да қарая түскен бе, деп ойладым. Қуанышты сынғыры бар даусымен, күліп:

— Кешіріңіз, Мәжит Мұқанович, әйелдерден не шық-

пайды, халықтың «Жаман айтпай, жақсы жоқ» дегені дұрыс-ау деймін. Сіздің науқастанғаныңызды естігенде, зәремнің ұшқаны сондай, не болғанымды да білгем жоқ, күйеуімді, жұмысымды, балаларымды ұмытып, есіл-дертім сізді бір көру болды. Қайта-қайта телефон соғып, сізге келуге болады деп рұқсат алған соң, дереу ұшып келіп қалғаным ғой. Аман-сау, бұрынғы күйіңізде екеніңізді, тіпті күліп жатқаныңызды көрген соң, шыдамай жылап жіберіппін. Келерде ғой, тек болмашы бірдемені айтып, көңіліңізді көтеріп қайтам деп, бекініп келе жатқам. Жылап қоя бергенімді айтам-ау. Қуанғанымнан жыладым. Науқасыңызды жұрт жаман атаған еді. Кешіріңіз мені...— Көздері тағы мөлтілдеп бара жатты. Халқымыздың бар әдемілігін жинап алғанымен қоймай, батыс жақтың қыр мұрынын да қондырып алған жүзі салқындығынан таймаушы еді...

— Қарғажаным-ау, ауырғаным жақсы болды ғой, әйтпесе сіздің де әйел екеніңізді білмес едім...— деп қалжындадым. Іштегі тебіренісімді білдірмеу үшін қалжындап едім, қалжыңым тұрпайылау шыққанын сезіндім. Күлімсіреп қалжыңымның тұрпайылығын жөндеңкіреп жаттым.

— Әйел емес, осал, бос, жылауық қатын емеспіз бе?.. Қатын дегеннің бәрін тек жүрек пен сезім ғана билейді ғой...

— Жоқ, келгеніңіз тамаша болды, қандай қуаныш. Рақмет... Ерсіз ғой,— дедім мен. Менің де бойымды кешеуілдеген тебіреніс билеп, көзім жасаурай бастады-ау деймін, содан ұялып жаттым. Осалдығымды білгізгім келмей, ересек адамның бар байсалдылығын бойыма жинадым. Мұндай жағдайға жиырма жыл бұрын жолықсам ғой, сабырлы, байсалды болуды өзіме бір намыс көрер едім. Жас әйелді менің жанымға сезім мен жүрегі айдап келгенін, сол үшін қызметін де, күйеуін де, балаларын да ұмытқанын мақтан етіп лепірудің орнына, жанымда отырған келіншекті аяй бастадым. Келгеніне әбден қуансам да, жүрек пен сезімнің мұндай ұмтылысына қазіргі жағдайымда қандай жауап беруім керек екенін білмей:

— Сіздің бұл келуіңіз мен үшін үлкен қуаныш, өте үлкен қуаныш, бірақ мен үшін сіз бекерге өзіңізді, күйеуіңізді, балаларыңызды ұмытасыз, бұл қажет емес. Өкпелесеңіз де айтайын, бір күні сіздің жеңгеңіз мені, балаларды, қызметін ұмыта бастаса, мен не дер едім. Менің тарапымнан осындай сөз айтылуының өзі сіздің жүрегіңізге қатты болып та тиер, бірақ «Қас күлдіре, дос күйдіре» айтпай ма?

Сонда да, айналайын, сіздің келуіңіз мені қуантып жатқанын жасыра алмай жатырмын ғой.

— Мәжит Мұқанович, мен мұндайды сізге айтамын деп келгем жоқ та. Жай салдырлап соға беріппін ғой. Тіпті мұндай жағдай ойымда болған да жоқ шығар. Бәрі, бәрі жақсы ғой, тіпті жақсы...— деді ол маған, жүзі нұрланып, қуана күліп:— Бәрі жақсы болады, адал, ақылды, мейірімді, өзім дегенге елжіреп тұратын Мәжит аға... Тек сауығыңызшы, аға жан... Аман болып қызметіңізді істеңіз. Маған басқа еш нәрсенің керегі жоқ.


— Рақмет, айналайын. Бәрі де жақсы болады. Жаудың қолына оңайлықпен түсе қоятын ағаң мен емес,— дедім мен, кеңірдегіме лоблып, бірдеме тығыла қалғандықтан бұзылған даусыммен. Сөзімнің эзер шыққанын байқасам да, үндемей жатуыма да болмайтын еді, өйткені ол ақырғы сөздерінен кейін түрегелді де, менің қолымды құдды марқұм анам құсап, ернін эзер тигізіп қана сүйіп, тағы да бір қарап, қуана күліп шығып кетті.

Енді маған айтыңызшы, ардақты жазушы інім, осы оқиға ұнамды, қуанышты оқиға ма, әлде көңілге кір келтіретін оқиға ма? Сіз бұл келіншекті білетін де шығарсыз. Бұл кісі ғылымның тұңғығына жедел, ұшқыр жеткен үлкен ғалымдардың бірі. Еркекке тән ойшылдығы мен мақсатына ұмтылуындағы табандылығына қарағанда, бұл кісінің болашағы әлі де алда ма деп ойлаймын. Бұл кісіні, докторлық диссертациясын жазып жүргенде, маған кейбір мәселелермен ақыл сұрап келгеннен бері білемін. Біздің айналысқан ғылыми тақырыптарымыздың өз ара жақындасатын жерлері көп болғандықтан, кейбір мәселелерді талқылап, ұзақ сөйлесетінбіз. Астанаға бір келгенімде, үйіне барып, күйеуі, екі ұл баласымен танысып, бақытты семьяның мейірімді ілтипатына шомып едім. Менің науқастанғаным бұл кісіге осыншама әсер етеді деп ойлаған да жоқпын. Егер, байсалдылығым мен сабырлылығым азырақ, жастау кезім болса, жас келіншектің менің науқасыма тебіренуі қайда апаратынын кім білсін. Бұл кісінің жүрек пен сезіміндегі осындай ауытқушылықтың өзі жеке қара басының тағдырына ризашылығынан болмас деп топшылаймын. Осылай топшылай келе, өз көңілім үшін қолайлы болмаса да, сол өз қара басындағы тағдырына риза болмаушылықтың өзі мен арқылы білініп отыр ма деп, олай болса, несіне қуанбақпын деп те ойлап қалам. Адамды мейлінше толқытып, жан жалынын қозғайтын тебіреніс

әрекеттерінің, салқын сабырлықпен байланыссыз кимылдарға жетелейтін сезім серпіндерінің бәрінен айырылып, қақталған қартқа айналғаным ба, тек ер әйелдің ғана шамасы келетін ұлы жүрек ұмтылысына жауап бере алмағанымды ақтағым келіп, себептер тауып жатқаным ба деп те ойлап қалам. Қайтеміз, бұлай да болуы мүмкін.

Сонымен, ардақты жазушы інім, осы ақырғы хатымды аяқтайын деп отырмын. Ғалым жөніндегі сіздің біліміңізге онша көп қоса алмадым ба деп те сескенем. Жазбаларымда ғылыми ойланыстарымдағыдай әдетімнен аса алғаным жоқ. Сізге керектінің ең өзекті жерлерінен басып жазам ба деп, стол басына отырсам, қағаздың бетіне қайдағы бір негізгінің, өзектінің маңайындағы уақ-түйектер түсіп жатты. Өзімді өзім жеңе алмадым. Осымды кешіресіз...

Осыдан бірнеше жыл бұрын ағаңыздың Данте жасына келгендігі аталып өтті. Менің ғылыми жетістіктерімді тым-ақ артық бағалаған жиналыс болды. Сол жиналыстан, қартай бастаған оқымыстыны, әсіресе талай атақтарға ие болған ғалымды тек мақтау, мадақтау арқылы қозғап, жұмыс істетуге болатын шығар деп отырдым. Осы ойымды сол жерде айттым да. Сондықтан да, профессор Нұрбаевтың ғылыми жетістіктері көтеріңкілеу әңгіме болатын болса, нені жете істей алмадым екен, нені жіті ойлай алмадым екен, нені жетілте алмадым екен деп қобалжи бастаймын. Осылай ойланып, қобалжудың өзі, ардақты жазушы інім, тіршілік, өмір деп аталатын шығар.



*Әдеби-көркем басылым*

**Евней Арыстанұлы Букетов**

**АЛТЫ ХАТ**

(повесть)

Сарашы — *К. Құдабаева*

Суретші — *О. Қайсанов*

Көркемдеуші сарашысы — *Ө Тілеулиев*

Техникалық сарашысы — *Н Кушнарєва*

XV 4393

Теруге 22. 07. 91. жіберілді. Басуға 4. 09.93. қол қойылды. Пешіні 84x108/32 Қағазы офсет. Қаріп түрі „Тип таймс.“ Шартты бояу көлемі 15.54 Офсеттік басылыс Шартты баспа табағы 14.28. Есептік басылу табағы 15. 08. Ұзын саны 1500 дана Тапсырыс 3517. Келісімді баға.

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің „Жалын“ баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі агенттігіне қарасты „Кітап“ фабрикасы, 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.